

А 2016

4867к

БЕЙБИТ ҚОЙШЫБАЕВ

**ТҮНЕКТЕН
ОРАЛҒАН
ЕСІМДЕР**

II

112016/48672

БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ

**ТҮНЕКТЕН
ОРАЛҒАН
ЕСІМДЕР**

Тұлға және тарих

**II
ІРГЕТАС**



**Алматы
2016**

ӘОЖ 94 (574),
КБЖ 63.3 (5 қаз)
Қ 60,

Қойшыбаев Б.

Қ 60 Түнектен оралған есімдер: тұлға және тарих / Бейбіт Қойшыбаев.–

Алматы: «Рух БГ» баспасы, 2016.


ISBN 978-601-80519-4-4

2-кітап: Іргетас. – 192 бет + 4 жапсырма бет. Қазақ және орыс тілдерінде.

ISBN 978-601-80519-6-8

Жазушы Бейбіт Қойшыбаев өткен ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында билік басындағы коммунистік партияның жариялылық және қайта құру саясаты өріс алған шақтан бастап тарихтағы «ақтаңдақтар» жайында қалам тербей бастаған болатын. Осы ретте ол саяси жазаға ұшыраған тарихи тұлғалар тағдырын зерттеп, жаңғыртуға ерекше көңіл бөлді. Зерттеулерін тереңдете келе, жекелеген қайраткерлер жайында дербес кітаптар шығарды. Қаламгердің Әлихан Бөкейханов, Бакытжан Қарағашев, Мұстафа Шоқайев, Жанша Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төреқұлов, Смағұл Садұқасов, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Темірбек Жүргенов сынды ондаған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі жайында әр жылдары жазған жұмыстары 4 кітапқа жүйеленіп, тұлғалармен түзілген тарих іспеттенген «Түнектен оралған есімдер» топтамасына жинақталып беріліп отыр. Жинақтың «Іргетас» атты екінші кітабы қолдарыңызда.

Алаш қозғалысының 100 жылдығына, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына, тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай бүткіл азаттық күрескерлерінің аруақтарына арналып шығарылып отырған бұл кітап Отан тарихымен әуестенетіндерге, зерттеушілерге, студенттерге, оқушыларға, қалың көпшілікке арналған.



ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-80519-6-8 (2-кітап)
ISBN 978-601-80519-4-4

© Қойшыбаев Б., 2016
© «Рух БГ» баспасы, 2016

БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВ

*Көзқарас физиологиясы ⇨ Бірегей тұлға ⇨ Өмірдерек ⇨
Өркениетті күрес ізашары ⇨ Қазақ жер-суы үшін күрескен
қайраткер ⇨ Чужой среди своих*

1. Көтеріліс физиологиясы

Тарихқа сіңірілген еңбектер тарихи қайраткерлердің қазіргі талаптармен салыстырғанда *не бермегеніне* қарай емес, өздерінен бұрынғылармен салыстырғанда *жаңа не бергеніне* қарай бағаланады.

В.И. Ленин

*(Шығармаларының толық жинағы.
5-басылым. 2-том. 178-бет).*

Бұл кездесу 1916 жылы, қыркүйек айының бас кезінде, Петроградта, Таврия сарайында болған еді...

Самарқау кейіпті Родзянко:

– Киргиздардың жасаған бұзақылықтарын бүкпесіз айттыңыз білем, – деді сәл көтеріңкі үнмен. – Сол болып өткен эксцестер де, сіздің қазіргі өтінішіңіз де соғысушы елдің мүддесіне кереғар екенін ойларсыз деп сенемін?

Қаратаев тосылған жоқ.

– Мен сізге, Михаил Владимирович, үкіметтің бұл істе асығыстық жасап отырғанын түсіндірсем деп ем. Сонда сіз менің өтішімнің қаншалықты орынды екенін көрер едіңіз...

Родзянконьың көзі дөңгеленіп, семіз, шикіл сары жүзіне таңырқау сезімі ұялады.

– Қазіргі сәтте Дала өлкесінде жоғары дәрежелі хукімді орындаудың орнына, – иегін қолымен тіреп, оған тесіле қа-

рады, – адам айтқысыз бүлік жасалып жатқанын үкіметтің асығыс шешімінің салдары демексіз бе?

– Ағаттықтар заңды әзірлегендер тарапынан да, оны орындауды жүзеге асырушылар тарапынан да жіберіліп жатыр.

– Мәселен?

Қаратаев тартынбастан:

– Жарлықтың кемшілігінен бастайық, – деді де, бір жөткірініп алып, өзінің кемшілік деп білгенін таратып баян етуге кірісті.

– Халық арасында бұл заңды жоғарғы өкімет емес, жергілікті өкімет шығарды деген қауесет тарағанын білемісіз, Михаил Владимирович? Оны негізсіз өсек дей алмайды ешкім де.

Сіз өзіңіз куәсіз, бұратаналарды тыл жұмыстарына алу мәселесі заң шығаратын мекемелерде талқыланған жоқ, жарлыққа қол қойылған кезде Дума каникулда жүрген.

Оны ешкім Негізгі Мемлекеттік Заңдардың 87-статьясында көзделген ретпен тасқа баса қоймады. Өз тарапынан Правительствующий сенат еғлан етпеді.

Демек, халықтың аспаннан түскендей болған осынау жарлыққа құрмет көрсете қоймауында елеулі себеп бар, келісесіз бе, Михаил Владимирович?

Өзіне өзі сөйлегендей ақырын үнмен, Михаил Владимирович:

– Бүгінде үкімет қарарына күдікпен қарау әдеттегі құбылысқа айналып кетті, – деді. Сосын Қаратаевқа көзінің астымен қарап: – Айта беріңіз, – деп иек қақты, – ескертпеңіздің жаны бар...

– Бұл заңның маскара қарадүрсіндігі мынада...

Қаратаев тағы бір жөткірініп, алға қарай әнтек ұмсынды.

– Халықты жасына қарай біртіндеп, белгілі бір мөлшерде, дүркін-дүркін, кесімді уақытқа шақыру тәртібі мұнда мүлдем ескерілмеген.

Сөзін түйдек-түйдек төкті. Сұқ саусағын сілкілей, салмақпен сөйледі. Ойын қисынды өрбітті.

– Соның салдарынан халықтың 19 бен 43 жас аралығындағы орасан көп бөлігі – жалпы саны жарты миллиондай болатын барлық ер-жігіттері – әскери жұмысқа бір мезгілде шақырылды.

Мұндай шара империяда бұрын-соңды қолданылған емес, оны сіз жақсы білесіз. Ең арғысы, әскери қызметтің міндеттілігіне әбден көндіккен, азаматтық сезімі әлдеқашан қалыптасып, дамыған халық арасында да осынша сұмдық алапат мобилизация ешқашан жүргізілген емес.

Әдетте, әскерге бірте-бірте, жас мөлшеріне қарай алу бар. Ал, туземдіктерге келгенде заңды белінен басып қарабайыр жасай салу, шамасы, оларды малдан төмен көріп менсінбегендіктен шығар... Әйтсе де, олай деу – аз, ол – мемлекеттің жекелеген қайраткерлерінің ойы тоқырап, алжи бастағанының белгісі...

«Құрығын қайда сілтейді, ей, мынау? Мәссаған, частная адвокатурамен айналысып жүрген бұратана юрист... – Қаратаев туралы ішкі істер министрлігі берген мінездемені Родзянко кекете есіне алды. – Үкіметті жайлаған мерез патшадан гөрі айдалада қаңғып жүрген туземдікке мәлім. Тфу!»

Алдында отырған қарт юристің азиялық қысыңқы көзіне, аппақ қудай сақал-мұртына, жақ жүні дода-дода кәрі арыстан іспетті тұлғасына көз тастай келе, оның ертеде өзі Дума мінбесінен көрген бейнесін елестетуге тырысты.

«Онда қаба сақалы қазіргісінен қысқалау, қап-қара, бұйра, қайратты еді, – деп ойлады ол. – Бүткіл тұлға-бітімімен, уытты сөзімен бұратаналар қаһарын сездіргендей-тін. Иә... – Жүзін оған елеусіздеу бұрып, тағы тарады. – Әйтсе де айбары әлі де қалпында. Жасы ұлғайғанмен, жаны мұқалмаған екен бұл дала ақсүйегінің...»

Үшінші, Төртінші Думаға сайланбаса да, Қаратаев бұлармен байланысын үзген емес-тін. Мемлекеттік Думаның Атқару комитетіне, аграрлық комиссиясының, әсіресе мұсылман фракциясының мәжілістеріне жиі келіп, жұмысына араласып жүретіні Родзянкоға мәлім еді.

Иә, бұл дала сұлтаны – ақылды адам. Монархияға қызмет ету жолын таңдап алуы да, сөз жоқ, сол парасат күшінің әсері. Қыңыр сұлтандар мақсаттарына жеткен емес, бекерге қырылып қалған.

Родзянко біледі, Екатеринослав губерниясында уездік дворяндар жетекшісі болып жүрген кезінен біледі. Сонда, Старосербск қаласына бағзы заманда жер аударылып, айдап әкелінген дала сұлтандары мен олардан өрбіген ұрпақтың азып-тозған соңғы тұяқтарын өз көзімен көрген.

Ал мына сұлтан терең де тегеуірінді...

Родзянко көзін жұмып, кеше кешкісін өзінің әдетте мемлекеттік мәселелер төңірегінде пікірлесіп, тынығып қайтатын жері – Лазарева ханымның салонында Қаратаев жөнінде естігенін есіне алды.

Екінші Мемлекеттік думаның мүшесі, юрист, сұлтан Бақытжан Бисәлиевич Қаратаев мырза парламенттік прогрессивті блок мүшелерінің көзқарасын қолдайтын көрінеді. Ал блоктың лидеріне үлкен үміт артатын болса керек. Болашақ үкімет басы ретінде...

Родзянконың жан-дүниесіндегі бір құпия, нәзік шекті дың еткізетін қолпаш сөз...

Бірақ Мемлекеттік думаның председателі өзін қоршағандарға ашық та айық көзбен қараса жарар еді. Айталық, Дума председателінің жолдасы Протопопов мырза империя бәйтерегінің тамырын кеміріп жеп келе жатқан сарай маңындағы залалды топпен байланысып жүр. Алайда мұндай жымысқы әрекет халық қалаулысы атағына еш сыйыспайды ғой...

Мұның бәріні өзі жастық шағынан бері аса жылы ілтипатпен құрметтейтін «дала принці» үшін оны салонына шақырып отырған үй иесі әйел айтты. Ал осынау қырау бас «дала принцінің» өзі сөздің орайы келгенде сыпайы ғана тіл қатып, өте маңызды мемлекеттік мәселе бойынша өзін Дума председателі мырза қабылдаса деген отініш білдірді.

Родзянко сәл ойланған. Содан соң, көпшік қоюдың балқытқыш буынан суынып үлгеретін мерзімді, әрі, ең

бастысы, бұл бұрынғы депутаттың жеке басы мен қойғалы отырған мәселесіне қатысты кейбір мекемелерге мәлім деректермен алдын ала танысып алуға жететіндей уақытты ескеріп барып, кездесуге белгілеген сағатын атаған.

Міне, ол бүгін аудиенцияға келді де:

«Михаил Владимирович, мен сізге, халық қалаулысына, империядағы бұратана халықтардың ең бір іргелісінің мұңын шаққалы отырмын, – деді. – Ұлы орыстармен бауырлас қазақ халқы Мемлекеттік думадан өз мүддесін қорғауды өтінеді».

Қолына қомақты документ ұстатты. Бұл осы бір қалың материалға еріне көз жүгіртіп, олай-бұлай төңкерістірді, ал ол сол екі арада келісінің мән-жайын әңгімелей отырды.

Әуелде Родзянко оны селқос тыңдаған еді, көп кешікпей, әңгіменің басқа орайында, ықыласы шындап оянды...

«Қарай гөр, ұлы мәртебелінің маңындағыларды кәрілік дерт жайлағанын дөп басуын қарай гөр», – деп, әлде ызалана, әлде тандана ой түйді де, асықпай сөйлей бастады:

– Полиция департаментінің киргиз бүлігі туралы хабарын сіз нақты фактілермен растадыңыз. Дегенмен, егер мен сізді дұрыс ұққан болсам, осынша сорақы бүліншіліктің – пәленің басы патша пәрменінің қателігінде демексіз...

Қаратаев басын шұлғыды.

Родзянко орнынан тұрды. Көкшіл тартқан көздері күлімсірегендей болды.

– Сұлтан, – деді, – кеңесімізді мына бөлмеде жалғастырайық. Мен де сізге сыр айтсам деймін... Өтінем!

Төртпақ, семіз денесін жеңіл көтеріп, бүйірдегі есікке бастады.

...Маңғаз қызметші сырбаз қимылмен күлгін өрнекті биік ақ құманнан сыңғырлаған екі шыныаяққа шай құйып, екеуінің алдына қойып берді де, жұмсақ басып шығып кетті.

– Мен сізге тісімді қайраған адаммын, Бақытжан Бисәлиевич, – деді Родзянко қасықпен шайының қантын араластыра бере. Үні жылылау шықты. – Өте-мөте. Білемісіз мұны?

Қаратаев үн-түнсіз, шыныаяқты ерніне апарды. Аз-аздан екі-үш ұрттады. Ұзамай Родзянко:

– Екатеринослав губерниясында менің эп-әжептәуір мақтануға тұрарлық имением бар, – деп бастады айтпақ «сырын». – Мен, Бақытжан Бисәлиевич, сіз Екінші Дума мінбесінен қаһарыңызды төккен помещиктің бірімін. Сеніңіз, менің санамда дөңгелек сақалды азиаттың «переселендерге орын босату үшін киргиз біткен жылы қонысынан қуылуда, жүз отыз мың помещиктің мүддесіне бола он миллион бұратана азап шегуде» деп таусыла шағынған сөзі жатталып қалды. Содан бері, Қаратаев мырза, мен сізді аса қауіпті адам деп білдім. Жасырмаймын, мен сізді большевик шығар деп ойлағанмын... Өйткені сіз сондағы сөзіңізде жер-су дауына ұрынған киргиздардың бүйрегі помещик жерін күшпен тартып алуды талап етуші оппозициялық фракцияларға бұрады деп, социал-демократтар жағына ашықтан ашық жығылғаныңыз. Кейін бір емес, екі таңырқауыма тура келді. Әуелгісі – Думаға кадет партиясынан сайланғаныңыз, кейінгісі – Дума мәжілісіне келгенде кадеттерге қосылмай, мұсылман фракциясына тіркелгеніңіз...

Дөнес мұрны салбырап, қайтадан суи қалған тұздай жанарын Қаратаевқа қабағының астынан ойлана қадады.

– Михаил Владимирович, мен сізді «17 октябрь одағы» партиясының қайраткері деп арызданып отырған жоқпын, – деді бұл мәймөңкелемей, тұрасына көшіп. – Сіз дәл қазір мен үшін Мемлекеттік думаның председателі ғанасыз. Ал менің партиялығым келер болсақ, мен шынында, идеялық иланым іздестіру жолында кадет партиясы қатарына кіріп көрген адаммын. Аз ғана уақыт...

Родзянко үлпілдеген саусақтарымен маңдайын сипады.

– Қызық екен? – Қабағы жылы қоймағанмен, үнінен тағы да әуестік табы ескендей. – Иә? Қалай?

– Тоғыз жүз бесінші жылы жаңбырдан кейінгі қозықұйрықша көбейген саяси партиялардың ішіндегі ең солшылы конституционалист-демократтар ұйымы болды да, біз, қазақ

қайраткерлері, соған ұмтылды. Кадет партиясының қазақ филиалы болып жеке отау тікті. Бірақ менің бұл партиядан жеруіме бес-алты-ақ ай керек болды.

Октябрист ретінде Родзянко кадеттерден іргесін аулақ салып жүретін. Алайда, монархия мүддесін көздегендіктен, кейінгі жылдары олармен жалпы тіл табысуға тырысты. Прогрессивті блок негізінде, көздеген мақсатын жүзеге асыра алды да. Сол себепті Қаратаевтың сыры оны әрі таңырқата, әрі ынтықтыра түсті.

– Неліктен? – деп сұрады.

Жауабы ізінше қайтарылды.

– Біздің филиалдың басшысы Бірінші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды да, біз оған қазақ халқының жер-су жөніндегі аманатын тапсырдық.

Онымыз немен тынды дейсіз ғой?

Аграрлық мәселе бойынша Дума мәжілісіне ұсынылмақ қазақ программасының жобасын кадет партиясының орталық комитеті іске алғысыз етіп, біздің қайраткерлеріміздің жер-жебіріне жетті. Яғни бұратаналар үшін кадеттердің қабырғасы қайыспайтыны аян болды. Сондықтан мен олармен байланысымды азайттым да, Екінші Дума сайлауы өткен соң, іс жүзінде үздім.

– Содан кейін? – Родзянко Қаратаевқа сынап көз тікті. – Арада он шақты жыл етті ғой, сіз одан бері қай партияны жылыұшыратып келесіз?

Қаратаев терең дем алды.

– Ашық әңгіме-дүкен өріс алғандықтан, ағымнан жарыла берейін, Михаил Владимирович.

Михаил Владимирович үнсіз тыңдап отыр. Анау сәл тыныстады да, сөзін былай сабақтады:

– Ертеде, социал-демократиялық бағыттағы газеттерде, қазақ халқының атынан орыс халқына ашық хат жариялағанмын. Онда менің жіктеп айтқаным мыналар еді...

Қазақ өзінің ата-бабасынан мұра еткен жер-суын заңды түрде иеленгісі келеді, алайда ол орыс халқымен жауласпак

емес. Орыс пен қазақтың мұны бір, дұшпаны да ортақ, ол – халықтың қамын ойламайтын самодержавиелік қатыгез үкімет...

Жастықтың қызуымен жазған осы пышақ кесті пікірім, бәлкім, менің көзқарасымды большевиктердің ұстанымымен жақындастырар, бірақ мен олармен ұйымдық тұрғыдан байланысты болған жоқпын.

Қазақ зиялыларына өздері құрған кәсіпшілер ұйымы жақын-тұғын, мен соған мүшелікке ендім.

Біз мұнда алдымызға ұстамды, орташа, орынды талап қойдық деп есептеймін. Ол – реалды мемлекеттік құрылыс ауқымында, оны бірен-саран түзетіп, жетілдіру арқылы, құла түзді жайлаған байғұс номадтарға иненің жасуындай болса да бақыт әперу.

– Мұныңыз тәуір екен. – Родзянко одан көзін алмады. – Әйтсе де, сұлтан, ішкі істер министрлігі сіз жайында сүйсінерліктей хабар айтпайды...

– Таңғалмаймын, Михаил Владимирович, алайда мен әрдайым жүрек әмірімен жүріп келем.

Михаил Владимирович қасын керді. Сұлтанға жүрек әмірімен қалай жүргенін бірер мысалмен баян ету жөн...

– Шама-шарқымша халқыма қызмет етуді мұрат тұтқанмын. Сол мақсат жолындағы кейбір белес мынандай...

Тоғыз жүз оныншы жылы переселен басқармасымен өте қиын келіссөз жүргізу нәтижесінде біршама жер кестіріп алып, мың жарымнан астам түтін иесі бар сегіз ауыл көшпендіні қоныстандырдым. Ондағы ойым – отырықшы тұрмыстың артықшылықтарын іс жүзінде көрсетіп, көшпенді ел-жұртыма үлгі ету еді.

Жабылып поселке салдық. Тұрғын үй, мектеп, басқа да қоғамдық ғимараттар іргетасын қалаумен қатар жер жырттып, егін ектік. Мал да өсірдік. Еңбекке ақы төлеу, қоғам өмірін әділ құру жөнінде халыққа пайдалы тәжірибе көрсеттік.

Жұртшылықтың көңілінен шықсақ керек, поселкені ел менің атыммен атады. Алайда мен оған басқа есімді лайық

көрдім – Романовтар үйінің патшалық құрғанына 300 жыл толуына орай, бұл жаңа мекен-жайдың билеуші әулет құрметіне Романовка поселкесі атануы әбден дұрыс болатын...

– Қусыз, Қаратаев мырза! – Родзянко шыныаяқты сарқа ұрттап, тәрелке үстіне қойды да, кенет, орындығынан асығыс-үсігіс көтерілді. – Қусыз, – деді тағы да.

Жылдам адыммен терезе алдына барды.

– Тындаңыз, сұлтан. Білетіндердің айтуына карағанда, он үшінші жылы сіздің төбеңізге жандармерияның қара бұлты төніп-ақ қалған көрінеді. Рас па? Содан осыншалықты ебін тауып, әдемі айламен жалт берген екенсіз, а? – Мол денесін стол жаққа кілт бұрды. – Енді қалай, өзінің поселкесіне ұлы мәртебелі императордың есімін беріп жатқан кісіге билік те, жандармдар да қалай күдік артсын, ә?

Бақытжан Бисәліұлы асқан сабырмен шайын тауысты. Сосын орнынан баяу тұрып, қапсағай денесіне кеңдеу қонған костюмін түзеді. Сөйтті де асықпай, Родзянкоға қарай жүрді. Қарама-қарсы келіп тоқтады.

Бір сәт екеуі біріне бірі арбасқандай тесіле қарасты. Михаил Владимирович нығыз тұр, құдды монархияның мүжілмес қара жартасы.

Ал бұл бейне бір қалтылдаған желқайық, асау толқынның астында қалмас үшін жартастан өзіне мықты арқан тасталуын тосқандай.

Бірақ жалынғанға ұстата қояр арқан қане? Арқанды логикалы пайыммен тартып алу керек...

– Мен туралы, байқаймын, өзімнен кем білмейсіз, құрметті Дума төрағасы. Ал менің Сізге келген шаруам...

– Маған әр мағлұматты сіздің өз аузыңыздан естіген пайдалы. Бұл сізге де ұтымды...

Терезенің ашық көзінен ескен қоңыр самал Қаратаевтын албыраған жүзін жуып, ақбурыл сақал-шашын желбіретіп өтті. Қария салқын ауаны кеудесін кере жұтты. Сол жел мына сәулетті тас шаһардың, қала берді, сарай алдындағы ағашы биік үлкен бақтың үстінен әлдебір кереметтің күшімен қол

созымдағы, бірақ бөтен теңіздің емес, пәлен көш жердегі, бірақ ыстық, жанға жайлы даланың хош иісін әкелгендей. Кәрі тарланның бойына нәрлі қуат құйғандай...

Қаратаев жас қыранша команданды.

– Жандармерия халық үшін істелген істі былай қойғанда, айтылған әрбір пікірден оппозиция белгісін көреді, – деді сосын мейлінше жайбарақат үнмен.

Родзянко одан сұраулы жүзін алмайды.

– Ал мен көпшенділерді ұлы империяның дәулеті мен қуатына терезесі тең халықша үлес қосатын дәрежеге жеткізуді армандадым. Ол үшін қазақты оқу-білімге, отырықшылыққа үндеу керек еді, сол себепті ағартушылық қызметке ден қойдым. Осы бағытта еңбек етуге бейіл жастарға қолдан келген көмегімді көрсеттім.

Енді бүгетін дәнеңесі де қалған жоқ, Михаил Владимирович, менің түрлі жәрдемім мен кеңесімнің жемісі сол – сіздің партияның теңдессіз шешені, тегі номад марқұм Плевако туған жерде – журнал, өзімнің мекенімде газет ашылды.

Сосын, әрине, газет-журнал арқылы елге қажет ой-пікір таратыстым. Тоғыз жүз он үшінші жылы, жергілікті өкімет газетке қырын кеп, мәселе жан-жақты қиындаған шақта, әлгі өзіңіз біліп отырған әрекетке бардым. Өз басым күдіктен біршама арашаланғандай едім, амал не, газетті бәрібір жауып қойды. Ал былтыр журналға да тыйым салынды.

Қазір қазақ қайраткерлерінің бірқатары қолында бар баспасөз құралынан қайткенде айрылып қалмау мақсатымен үкіметке жағымды сөздерді көбірек жазуда.

Айтпақшы, қазақ арасына кең тарайтын орынборлық газет бетінде туземдіктерді әскери қызметке шақыру жобасына байланысты былтырдан бері үкімет пайдасын көздеген пікір алысу басылып келе жатқан. Тап сондай мақсатты сөз таратуға өзге басылымдар да атсалысар еді ғой, қайтерсіз, кейбір көрсоқыр службистер дала өлкесін ұлттық насихат құралдарынан зорлықпен айырып, іс жүзінде үкіметке зиянын тигізіп отыр.

– Службистерді жайына қоя тұрайық, сұлтан. – Родзянко Қаратаевтың сөзін үзіп жіберді. – Сіз маған мынаны түсіндіріңіз, Бақытжан Бисәлиевич. – Оны шынтағынан демеп, бөлме ішімен ақырын жүре бастады. – Айтыңызшы, егер тузем интеллигенциясы міндетін айқын ұққан болса, онда бұқараны неге парасатқа шақырмайды? Қалайша бүлікке жол беріп қояды?

– Өте күрделі мәселе бұл, Михаил Владимирович. Мұны әуелі тарихи тұрғыдан ұғуға тырысу керек. Сіздің мағат арнайы уақыт бөлгеніңізді пайдаланып, өз пайымымды ірікпей айтып көрейін...

Олар диванға отырды.

– Қазақ ордасының Россияға қосылғанына биыл 185 жыл толады. Осы мерзім бойы самодержавиелік үкімет қазақты елдігінен айырудың неше тәсілін жүзеге асырды.

Ең алдымен хандықты жойды. Одан әскерімен жан-жағынан қаумалай қусырып, ішіне бойлай еніп, жерін алды. Зорлап шоқындыруға кірісті. Қарсы болғандарды қарулы казактардың күшімен харап қылып отырды.

Бүгінде империядағы он бір казачество әскерінің төртеуі дала өлкесінің төрт бұрышында қылышын үйіріп отыр. Ол аздай, қараңғы халықтың ұсақ тайпалық сезімін қытықтап, біріне бірін айдап салу арқылы басқару әдісін де кереметтей меңгеріп алды...

– Сұлтан, – деді Михаил Владимирович сабырмен, – өткен ғасырда айдалып өлген бабаларыңыздың қаны сіздің бойыңызда тіріліп, қоза бастаған сияқты ма, немене?

– Жоқ, председатель мырза. – Сұлтан аптығын басып, сәл күрсінді. – Біліп қойыңыз, менің бағытым мен бабаларым жүрген жолда принципті айырмашылық бар...

– Қалайша? – Председатель мырза таңырқаған түр көрсетті. – Олар монархияға қарсы шықты, міне, сіз де наразы болып отырсыз...

Қаратаев оған қарап, ақырын бас шайқады.

– Мен мұнда монархиямен тайталасқалы келген жоқпын...

Үндемей қалды. Сосын сөзін баяу ғана:

– Мен, Председатель мырза, күні ертең монархияға қатер төндіруі мүмкін алапат өрттің алдын алу жолын айтқалы келдім, – деп жалғады. Сөйдеді де, Председатель мырзаның жүзіне тік қарады. – Қазіргі мақсатым – Сізге дала жағдаятының шын сырын түсіндіру. Менің бишара халқым туралы өзіңізге ұсынған естелік жазбам, осы сұхбатымызбен қосыла келе, өтінішімнің орындылығына көзіңізді жеткізер деген үміттемін.

– Шынымды айтайын, сіз менің ықыласымды оятып алдыңыз, Қаратаев мырза. Мемлекеттік құрылысқа ашықтан ашық жаулық көрсетіп отырсаңыз да...

– Рақмет, – деп, Қаратаев мырза шапшаң жауап қатты. – Дегенмен, мені жау деуіңіздің қателескендік екенін ескертуге тиіспін. Мен бар болғаны ашы шындықты айтудамын, Сізге де, Председатель мырза, керегі сол болуға керек. Өйткені бүліншілік тамыры сонда ғана жалаңаштанбақ...

Председатель мырза үндемеді.

– Сонымен, барша бәленің көзі, Михаил Владимирович, қазақтарға қатысты заңымыздың нашарлығында жатыр. Күні бүгін күшінде тұрған III Александр патшаның Дала ережесін жасап, талқылау менің көз алдымда өтті, мен өзім де қатыстым соған. Ереженің ең негізгі кемшілігін сол кезде-ақ ашып берген едім, бірақ оны басқалар пайдалы тұсы деп санайды екен – ден қоймады. Ал уақыт менің қателеспегенімді көрсетіп отыр...

– Сонда айтпағыңыз не? Дала ережесі де жетілдірілмеген документ деймісіз?

– Иә. Мен басқарушы сенатта солай дегем...

– Сізді онда шақырған ба еді?

– Мен сонда істейтінмін, Міне, жиырма жетінші жылға аяқ басты, императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіргенімде, оқу-білім игерудегі қарапайым табысым атым ойып жазылған алтын медальмен бағаланды да, өзіме правительствующий сенаттың екінші департа-

ментінің чиновнигі болуға жолдама берілді. Бұл түз өкіліне көрсетілген зор құрмет-тін.

Алайда ұзамай-ақ, бір жылға жетер-жетпес мезгілде, ол құрметтің шартты екеніне көзім жетті. 1891 жылғы 25 март менің санамда біржола қара әріптермен жазылып қалды. Сенатта істейтін қазақ өкілінің қазақ тағдырын шешер заң туралы айтқан пікірі ешкімге керексіз екен.

– Түсінікті. Тек соның трагедиясын қоюлатып тұрсыз-ау. Қара күн деуіңіз артық шығар?

– Ешқандай да. Жалғыз мен үшін емес – халық үшін, қазақ үшін ғана емес – орыс үшін де...

– Мұныңыз қызық екен?

– Өзге халықты табанына басып отырған халық өзін өзі қанша алдаса да, еркін, азат, бақытты халық бола алмайды. Демек, халықты осындай бақытсыздыққа итеретін заңды шығарушы үкіметтің әділетті аталуы ешқашан мүмкін емес.

Бұратана өкілінің империя үкіметін бұлайша шетін бағалауы тіксінткенмен, сабыр сақтап, Михаил Владимирович тісінің арасынан сыздықтата, жәй ғана:

– Жалпылама байлам, жалпы лозунг... – деді.

– Юрист нақтылықты сүйеді. – Бұратана өкілі бығар емес. – Ұлы мәртебелі императордың жоғары оқу орны бұл төңіректе шәкірттерді тәуір-ақ баптаиды әдетте. Низамды жалпылап сынап бермей, негізгі жерін шұқып айтуыма болады: жүз жиырмамыншы статья, Михаил Владимирович. Қазақ даласында тоқсан екінші жылдан бері өрістеп келе жатқан өрескелдіктер мен алуан былықтың бастауы, түрлі қылмысты құнарландырып отырған қара тамыр – сол статья. 120-шы статья және оның бірінші ескертпесі...

Заң қызметкерінің дағдысымен Қаратаев Дала низамының баптарын, олардың билікке тиімді астарлы мән-мазмұнын тәптіштей таратып кетті.

Родзянко оның сөзін бөлмеді. Отырып тыңдады. Тұрып тыңдады. Көп сұрақ қойып, ойда жоқта алдына келіп қалған бұратана жоқшысымен ұзақ әңгімелесті. Оның ой-пікірімен

түп-түгел келіскендіктен емес, қазіргі іріп-шіріп тұрған үкімет басшыларына қарсы қояр салмақты дәйектеме ұстарына көзі жеткендіктен. Үкіметтің ақылсыз әрекетін патша алдында әшкере етуге жарайтын қосымша дерек көзін көргендіктен.

– Сонымен, қазіргі таңдағы киргиз бүлігінің тамыры әріге кетті ғой?

– Он алтыншы жылғы 25 июнь жарлығы шүп толы шараны кемерінен асыра тасытқан тамшы ғана, Михаил Владимирович. – Қаратаев көсіле сөйледі. – Есіңізге дала өлкесінде болған тоғыз жүз үшінші жылғы аграрлық толқуды да сала кетейін. Көп бұратана қырғынға ұшырады, көзі ашықтары жер аударылды.

Сондағы себеп – осы 120-шы статья бойынша оларды жерден айыруда, казактардың әскери-феодалдық экспансиясына жел беруде, оны аз десеңіз, туземдіктердің дінін қудалап, шетінен күштеп, алдап-арбап шоқындыруға кіріскенінде болатын. Оқудан мақұрым етіп, сол кездегі жалғыз ресми газеттің өзін жауып тастауында, казак мектептерін таратып, казакша сауат ашуға тыйым салуында-тұғын.

Толқудың соңы тоғыз жүз бесінші жылғы революцияға ұласты. Патша ағзамның 1905 жылдың 17 октябріндегі манифесі, әйтеуір, көтерілісшілердің аптығын басып, оқыған азшылыққа шамалы тыншу әкелген...

– Келмеске кеткенді ұмытайық, бізді толғандыратын – бүгінгі...

– Ұмытуға шақырып отырғаныңыз – ұзын шынжырдың бір буыны. Ал бір буыны жойылған шынжыр үзіледі ғой...

– Ал, ұмытпайық, ал, бәрін сабақтастыра қарайық...

Родзянко қысқа аяқтарын айқастырып, диван арқалығына бір қырынан жантайды.

– Сол кезде Мемлекеттік советтегі кей мырзалар бұратаналардың Россиядан бөлінбек пиғылы бар дегенді айтушы еді... – Кеудесін сәл көтеріп, Қаратаевқа бағжия қарады. – Киргиздардың қазіргі бүлінуінің шын төркіні де сонда деседі

білетіндер. Бұған не дейсіз, сұлтан? Халқыңызды Россиядан бөліп қайда әкетпексіз? Бәлкім жапондарға қосылғыңыз келер? Әлде түріктерге ме?

Бір қолымен тізесін таянып, диванның шетіне таман, тіптік боп сөз ыңғайын тосып отырған қарт әлсін-әлсін тамағын кенегенмен, бұл әлде сұрақ қойған, әлде айып таққан сарымен бастырмалата сөйлей берді.

– Айтпақшы, сіздің жақта панисламизм тамырланған дейді ғой? Соның негізінде құпия сепараттық келісім жасауға әрекеттену бар дей ме? Полиция департаментіндегі мырзалар киргиз сепаратизмі жайында талай дерек жиған секілді. Әлде сіз бұларды жоққа шығарасыз ба?

– Мен былай дер ем, Михаил Владимирович,– ондай өсекке көңіл аудармаңыз. Нығарлап айтам, қазақтарды Россиядан бөлінбекші екен деу – жәй ғана жел сөз. Жала жабу қиын емес. – Қаратаев сенімді кескінмен, жігерлене сөйледі. – Сеніңіз, Михаил Владимирович, қазақты осылайша нақақтан күйдіретіндердің, ең әуелі, ниеті бұзық. Екіншіден, олар не қазақтың қазіргі өмірін, не өткен жолын – Россиямен бұрынғы қарым-қатынасының тарихын білмейді. Оны білуді қажетсінбейді де. Бірақ билік айтуға, тағдыр шешуші болып көрінуге құмар. Содан, таным жетімсіздік қылғандықтан да, орынсыз сәуегөйлікке жол береді...

Орыс-қазақ қатынастары тарихының кей кезеңдерін империя азаматтарының әрқайсысы біліп жүргені жөн болар еді деген ойда Қаратаев. Қазақтар Россияға бодандыққа XVIII ғасырда кірді. Өз еркімен. Кантөгіссіз. Жәй кіріп қойған жоқ, Россия шекарасын сыртқы жаудан қорғап тұруға міндеттенді. Содан бері тарихта қазақтардың уәдесіне әмәнда берік тұратынын көрсететін талай сын кездесті.

Айталық, міндеттемесіне адал қазақтар Россияның қол астына қарасымен башқұрт бүлігін басып берді. Ал Бірінші Наполеонның басқыншылық жорығына қазақтардың қалай наразы болғанын білсе ғой, Михаил Владимирович. Олар, мәселен, ерікті жасақ құрып, аттарын Сенаға суарып қайтты:

Россия дұшпанын сонау Парижге дейін түре қуысты. Қазақ қолын бастаған коллежский асессор Байжазық Күшікбаевтың Қаратаев танитын ұрпағы бүгінде потомственный дворянин, үкіметтің сенімді қызметшісі...

Председатель мырзаның өзі-ақ төреші болсын, айтсыншы: империяның шекарасын кеңейтіп, шетке ықпалын арттыруға белсене кіріскен тағы қандай бұратана бар екен жалпақ Россияда? Білмей ме? Әрине, жоқ!

Азиядағы орыс саясаты қазақтардың тікелей қатысуымен әрі материалдық жәрдем беруімен жүзеге асты.

Мәселен, Черняевтің Түркістан өлкесін, Бірінші Кауфманның Хиуа мен Бұхараны, Скобелевтің Каспий сыртындағы түрікмендерді жаулап алуы қазақтардың арқасында мүмкін болды. Михаил Владимирович біліп қойсын, Черняев пен Скобелев қазақтың халық батырындай қабылданды, осы екі генерал үшін басын бәске тігуді қазақ жігіттері асқан зор абыройға санаған...

Қазақтың орыс туы астында жан қиғанына келтірер мысал Қаратаевтың басында үйір-үйірімен сайрап тұр. Бірақ, соза бермей, доғарсын. Өйткені қазақ сепаратизмі деген негізсіз жаланы жоққа шығаруға ниеттенер болса, парасатты мемлекет қайраткері көп нәрсені осыдан-ақ аңғарады...

– Дегенмен, сіздің тайпаластарыңыздың осы жолғы бұзақылығы Россияға қарсылық екенін бар ресми документ куәландыруда. Оны шетелдік дұшпандардың қоздыруы да әбден ықтимал. – Родзянко терең тыныс алды. – Үкіметте қазір осындай ой бар.

– Егер қазақ бүліншілігі шетелдіктерден келсе, – деді Қаратаев тосылмай, – онда олар көтерілген жігіттерді бастайтын жетекшіні сатып алса да тауып бермес пе еді? Оқ-дәрілі қарумен, басқа да ұрысқа қажет соғыс жабдықтарымен қамтамасыз етпес пе еді?

Бірақ ондайдың иісі де сезілмейді, Мемдума председатели мырза. Мен сізге мынаны айтайын: соғыс басталғалы, ерікті түрде құрбандық шалу желеуімен, дала Ресейдің батыс ше-

карасына қарай бес миллиондай қой айдады. Майдан үшін жүздеген мың жарамды ат берді. Яғни орыс әскерінің жейтін етін де, мінетін көлігін де көтеруде...

– Олай болса, неге енді тыл жұмысын атқарып, орыс солдатаның жеңуіне тікелей үлес қоспайды?

– Мұндай салдардың елеулі себептері бар.

Қаратаев төбеге қарап, сәл ойланды.

– Алғашқы себеп – күні бүгінге дейін жастарды әскери қара жұмысқа алудың егжей-тегжейлі реті баяндалған дәйекті ереженің жоқтығы. Ал оны жасау, Михаил Владимирович, 25 июнь жарлығы бойынша ішкі істер және соғыс министрлеріне тапсырылған болатын. Сонау екі министр мырзаның жүктелген міндетке ықтиятпен қарай алмауы түрлі ретсіздік туғызып, түземдік өкіметтің өзінше әрекет етуіне, пайда табу мақсатымен халыққа алуан қиянат жасауына жол беріп қойды...

Родзянко қасын керіп, таңырқаған дауыс шығарды.

– Иә, иә, түземдіктерді басқаратын орыс чиновниктері мен Дала ережесіне сай түрлі лауазымға ие болған түзем атқамінерлері аса жоғары хүкімді әп-сәтте пайдакүнемдік құралына айналдырып алды...

– Қайтіп?

– Мынандай ақиқат бар, Михаил Владимирович. Қазақтарда тууы туралы метрикалық кітап болған емес. Ретке келтірілген семьялық тізім де жоқтың қасы. Осы науқанға орай шатып-бұтып құрастырылған ондай тізімдерден азаматтардың жас шамасын дәл анықтау жайында сөз қозғаудың өзі артық. Өйткені тізімнің нақтылығы оны жазғандардың құлқындарының тығындалу дәрежесіне тәуелді.

Сізді бұл таңғалта ма? Таңғалтып қана қоймас, зығырда-ныңызды да қайнатар?

Бірақ, кайтерсіз, шындық сондай. Шақырушылар тізіміне жігіттердің жергілікті өкімет берген жасы түсірілуде.

Өзіңіз ойлаңызшы, ашу-ыза, кек, өшпенділік дегендеріңіз осындайда бой көрсетпей ме?

– Сонау алып территория бойы бар себеп сол ғана ма? – Родзянко оған сұраулы жүзбен, көзін сығырайта қарады. – Күллі губерния, облыс, уезде бұрмалаушылықтың біркелкі болуы қалай?

– Себебі сол күллі губерния, облыс, уездеріңізде біркелкі ауыр жағдай орнаған... – Қаратаев ауыр күрсінді. – Себебі, Михаил Владимирович, киргиз-қайсақтың жалпақ даласын надандық пен қараңғылық жайлаған. Со бір нашар қасиеттер мүмкін етіп отырған арамзалықтан аяқ алып жүре алмайсыз. Дала құйтырқы саясаткерлерге, сауатын шала ашқан айлакер алаяқтарға тұнып тұр.

– Нактырақ айтыңызшы.

– Мархабат. Шаруа бастықтарының тілмаштары 25 июнь жарлығын халыққа өз мағынасында жеткізе алмады. Орысша шала-шарпы ғана хат танитын бұл дүмбілез «оқығандар» хүкім сөзін бұлдыратып, жобамен, тіпті теріс аударды. Жылы орнын қазақ арасынан тапқан чиновниктердің қолтығын паналаушы бұратана тілмаштың кез-келгенімен сөйлесіп көріңізші, «реквизиция», «оборонительные сооружения на театре военных действий», «военные сообщения» сықылды сөздерді өмірінде естіп көрді ме екен?

Не керек, солардың түсіндіруінше, жігіттер соғыс өнеріне ешқандай да баулынбастан, бірден позицияларға, алғы шепке алынатын болып шықты. Бықсып жатқан шаланы үрлегенмен бірдей еді бұл. Осындай ресми таратылған хабардан соң, бойын үрей мен күдік билеген қазақты ақиқатқа иландыру қиын боп кетті.

– Соншалықты орайлы сылтау емес бұл. Олар ғой – патша әміріне қарсы шығуда...

– Тобырдың бұзақылығы, зерттеп қарасақ, үкіметке емес, болыс басқарушыларына, ауыл старшындарына, олардың пестірлеріне, ақсақалдарға қарсы бағыттталып отыр.

– Жұмсартпақсыз... Мейлі. Себеп?

– Себебі шақырылушылардың тізімі солардың қолында ғой. Лауазымды туземдіктер жасап, семьялық тізім деп

аталып жүрген сол биресми жазбалар болатын, шындап келгенде, тобырдың қуып жүргені. Қай оқиғаны тексерсеңіз де, бүткіл тәртіпсіздіктің түбі тізімді жоюға тірелетінін көресіз. Сол мақсаттарына жету жолында олар болыс басқарушыларын өлтіруге дейін барып жүр. Сазайларын да тартып жатыр. Қазірдің өзінде жазалаушы отряд қозғалысты қару күшімен басып, жетекшілерін әскери-дала соттарының үкімімен дарға асуда.

Бірақ бұл, Михаил Владимирович, тәртіп орнатуға апаратын жол емес. Қазақ өлімнен қорықпайды. Қазақта: «Жанымнан малым садаға, арымнан жаным садаға» деген қанатты сөз бар. Намысы жолында көзсіз ерлікке барады...

Дәйектемесі жеткілікті айтылды-ау деген шақта Қаратаев ойын былай түйді:

– Дала өлкесіндегі қатерлі қозғалыстың қанат жаюын тоқтатудың жалғыз ғана жолы бар. Ол – аса жоғары дәрежелі пәрменнің күшін жою. Тыл жұмысына қазақтан адам алуды мүлдем қойғызу керек. Кемі – кейінге қалдырылсын. Егер де жарлық сөзсіз жүзеге асырылу керек дейтін болса – апаттан бұлтару мүмкін емес. Жақында, сентябрьдің он бесінен бастап, әскери қара жұмысқа адам алудың екінші кезегі жүргізіледі. Айтпады деменіз, егер соны тоқтатпаса, ол сөз жоқ, жана да зор тәртіп бұзушылықпен, қатты қантөгіспен астасатын болады. Алғышартын естідіңіз. Бұратаналарға да, үкіметке де тиімсіз қақтығыстарды болғызбайық, Михаил Владимирович.

«Қоғамдық күштердің басым көпшілігі ғой – бір жақта, – деп ойлады Родзянко, – біздің жақта. Мақсатымыз – соғысты жеңіспен аяқтау. Сол күштерді – большевиктерден өзге оппозицияның баршасын – прогрессивті блок біріктіріп отыр.

Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ. Большевиктер ғана сиырша қисайып, соғыста ұлы Россияның жеңілуін тілеуде. Ол – ол ма, большевиктердің арманы – соғысты революцияға ұластыру. Ал революцияны резолюциямен алмастыру – біздің мұрат. Енді мына азиат сұлтанға не керек?

Оның соғыста шаруасы жоқ. Оған бұралқы бұратаналары соғыстың қара жұмысына алынбаса болғаны, сонда оның есебі түгел...

Токта, дегенмен осының өзі – өз адамымыз ғой? Оның көксегені революция емес, оған керегі де – резолюция...»

– Мен сізді түсіндім, сұлтан. Патшаға бұл жөнінде міндетті түрде арнайы баяндамамен барамын...

«Ал патшаның парасатқа құлақ аса қоюы екіталай», – деген ой жүгіріп өтті оның миының бір қатпарынан. – Бәрібір сөйлеседі. Тағайындап отырған үкіметінің елді творчестволықпен басқаруға мүлдем қабілетсіз екеніне тағы бір дәлел келтіреді. Үкіметі... Премьері...

Родзянко іштей жирене тыржиды.

Мықты үкіметтің басына мықты адам отырмай ма. Берік кемені басқаруға кәнігі капитан келмей ме. Ал мұнда...

Патшаның соғыс жағдайында қойған алғашқы премьері баяғы Горемыкин болды. Рас, ол мемлекет делбесін бұдан бұрын да ұстаған тәжірибелі қайраткер еді. Тек оны енді әбден қартайып, ақылынан адаса бастаған шақта министрлер советінің председателі етудің патшаға не қажеті болғанын бір құдайым білсін.

Қазіргі премьер Штюрмер де оның ар жақ, бер жағында – ұмытшақ, өзінің тұрақты пікірі жоқ, басқа бір алаяқтың қолындағы қуыршақ.

Ех, Столыпиннен кейін министрлер советінің берекесі кетті ғой. Шын мәніндегі басқарушы, жарлықшы да атқарушы үкімет болудан қалды. Алжыған, қауқарсыз адамдар премьер болған соң патшаның қолынан қайбір оңған пәрмен шықпақшы...

Мұны, эне, айдаладағы бұратана адвокат та аңғарыпты. О, білмейтіні жер астында шығар оның... ол Распутинді де мегзеді емес пе. Иә, талай сұмдық осы бір сібір ұрысының, сауатсыз, лас, азғын мұжықтың патшаға ересен ықпалы болуында, патшаханымның жан-тәнін жаулап алған тылсым күшінде жатыр.

Распутиннің үкімет ісіне тигізіп отырған кесірі жөнінде Родзянко патшаға қанша айтты. Пысқырмады. Нәтижесінде, қасиеттен жұрдай сол «қасиетті қария» ел басындағыларды карта араластырғандай сапырылыстырып келеді.

Шамасы, Қаратаевтың кешегі емеуірініне караганда, Распутинге сұйық ойлы Протопопов та жол тапқан. Демек, ертең үкімет ісіне бел шеше кірісетін де, Дума председателінің жолдасы бола тұра, Думамен, парламенттік прогрессивті блокпен жан сала күресетін де, яғни, мемлекетті шын мәнінде күйретуге айтып жеткісіз үлес қосатын да сол болмақ...

Родзянко тістенді, ширықтырып, шарықтап кеткен ойын Қаратаевтың қоштасуға ыңғайланғанын байқап барып үзді.

Ақ күмістей сақал-шашы мен елеусіздеу әжім сызғылаған қоңыр өңінен қанағат буы бұрқырағандай болған Бақытжан Бисәліұлы дала абызы секілденіп, орнынан кербез де сесті көтерілді.

Аңқау абыз өтінішінің дұрыс шешім табарына шәк келтірер емес. Дума председателіне өзін қабылдағаны үшін, өтінішін жан-жақты дәйектеп тұжырымдауына мүмкіндік бергені үшін алғысын айтты.

Ол қазір Таврия бағының көлеңкелі бір қалтарысында өзін тосып отырған жас серігіне жолығады. Соны ертіп, әскери-соғыс және ішкі істер министрліктеріне жол тартады. Сондай әрекеттерімен, Мемлекеттік Дума председателінің тілектестігі арқасында, ол бақытсыз халқын абыройсыз қырғыннан қорғап қалуға тиіс.

Бәлкім, қорғап қала алар...

Дума председателі Михаил Родзянко оны кабинеттің есігіне дейін шығарып салды. Жылы жүзбен басын иіп, жұмсақ қолын берді.

Ал тарих доңғалағы бұл кезде бұлтартпас бағытпен алға қарай үдей айналып бара жатқан...

Қазақ әдебиеті. 7 қараша 1986 ж.

2. Бірегей тұлға

Белсенді қызметі жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде өткен көрнекті қоғам қайраткері Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев 1918 жылы Орал қаласындағы ақ казактар түрмесінде жатып жүргізген күнделігінде: «Большевизм өкімет басында қала ала ма? Ол, меніңше, өздерін өздері өкімет еткендердің тіршілігі тоқтағанға дейін билікте тұра алады. Большевизм сахнадан ауыспалы кезең міндетін өтеп барып, орнын бейбіт, жасампаз және, атап айту керек, социалистік тұрпаттағы өкіметтерге беріп кетеді. Әзірге большевизм күллі ескі әрі іріп-шіріген дүниені күйретуші мәніне ие. Ал жасампаздар – басқа адамдар болады...», – деп жазған екен.

Большевиктер партиясы арада жетпіс жылдан астам уақыт өткеннен кейін ғана биліктен тайған. Төңкеріспен бастаған әкімшілік ғұмырын төңкеріспен, абыройсыз доғарған. Сондай өзгерістен кейінгі қазіргі дәуір биігінен қарағанда, Қаратаевтың 18-ші жылы абақтыда әлгі жазғандары небір ойға жетелейтін қызық пайым екеніне дау болмас.

Сол сөздерді жазып отырған Бақытжан Қаратаевтың өзі де большевик болатын. Ол, ірі демократ, қоғам қайраткері, халық мұңын жоқтаған ел ағасы, абзал азамат ретінде өлкеге әйгілі ақбас қарт, – большевиктік совдептің мүшесі ретінде тұтқындалған болатын.

1918 жылғы наурыздың 28-інен 29-ына қараған түні Орал казактарының Әскерлік үкіметі (Войсковое правительство) қалада контрреволюциялық төңкеріс жасағаны тарихтан белгілі. Соның алдында ғана Мәскеуде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Төтенше IV Бүкілресейлік съезі жұмыс істеп, Брест бітімі туралы келісімді мақұлдаған-тын. Съезге делегат болып қатысып қайтқан Орал совдепі атқару комитетінің төрағасы Петр Иосифович Дмитриев облыстық съезде арнайы баяндама жасаған еді.

Орал Советтерінің съезі Брест бітіміне қолдау көрсеткен қарар қабылдады. Сондай-ақ, тап сол тұста өтіп жатқан Орал казактарының съезіне өкілдер жіберіп, Совет өкіметін мойындауға шақырды. Совдеп құрамына өз араларынан белгілі мөлшерде мүшелер сайлауды ұсынды.

Алайда Әскерлік үкімет Совдеп ұсынысын ерсі көріп, қабыл алудан бас тартты. Бақайшағына дейін қаруланған казактар Орал қаласындағы көне шіркеуге жиылып, большевиктерге қарсы қасық қаны қалғанша күресуге ант ішісті...

Әскерлік үкімет Совдеп мүшелерінің көпшілігін ұстап үлгерді. Большевиктердің аз ғана бөлігі қаладан қашып шыға алды. Сол азшылық ішінде Юстиция комиссары Қаратаев та бар еді. Бірақ, көп ұзамай, ақ казактар оны өз поселкесіндегі үйінде жатқан жерінен тұтқынға алды да, Оралға әкеп абақтыға жапты. Содан ол түрмеден 1919 жылғы қаңтардың 24-інде, Орал қаласын ақтардан Қызыл Армияның кавалерия бригадасы азат еткенде бір-ақ босанды.

Тұтқындалған күні-ақ Әскерлік үкімет тергеушісіне Бақытжан Бисәліұлы казактар төңкерісінің заңсыздығын әшкерелей жауап берген-ді. Содан жылға жақын жеке камерада қамаулы жатса да, сағын сындырмай: «...Мен Әскерлік үкіметке Қазан революциясы мен Кеңес үкіметін казактар мүддесі үшін, өзара қырқыс қантөгісті болдырмау үшін мойындауды ұсынамын», – деп жазды күнделігіне.

Ол жаңа үкіметті жұмысшылар ғана емес, сан миллион шаруа құлшына қолдағанын, казачествоның бұл нөпір күшке қарсы тұруға шамасы жетпейтінін айтты. Өзін абақтыда ұстап отырғандарды сонау қалың бұқара қаһарын көріп-тани білуге шақырды.

«Егер өзіміздің туған Кеңес өкіметіміз бар болса – Екінші Николай немесе Керенский, немесе тіпті Ұйысу құрылтайы қай сайтаныма керек!» – деп ағынан жарыла жазыпты осынау қарт тұтқын кеңестің жауларының түрмесінде жатып, дәптерінің беттерінде.

Бұнысы, әрине, жәй тебіреніс емес-ті. Кеңес өкіметін тұтқынға түсуден көп бұрын насихаттап жүрген Қаратаев

түрмеден шығысымен оны сөзбен де, қарумен де қорғауға білек сыбана кірісті.

Орал облыстық кеңесінің қазақ бөлімін басқарды, қазақ жігіттерінен ерікті атты әскер бригадасын ұйымдастырды. Шығыс майданы құрамындағы төртінші армияның қазақ бригадасында саяси бөлім бастығы болды. Қоршауда қалған Орал қаласын азат етуге қатысты.

«Қаратаев жолдас алғашқы қазақ қызыл гвардияшылары мен қызыл партизандарының бірі еді», – деп жазды ол қайтыс болғанда, 1934 жылғы 27 тамызда, «Актюбинская правда» газеті.

Қызыл партизан азамат соғысының от-жалынын кеше жүріп, болашақ қазақ автономиясының мәселелерін көтерген ұйтқы топ құрамында біраз елеулі іс тындырды. 1919 жылғы 24 шілдеде Ресей Федерациясының Халық комиссарлары кеңесі Каратаевты Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитетінің мүшелігіне тағайындады.

Бір қарағанда текті тұқым өкілінің жарлы-жақыбайлар жағына ойланбастан шығып, жаңа өкімет үшін жан аямай күресуі таң қалдырады. Алайда оның бұл әрекетінде еш оғаштық жоқ. Қаратаев дүниетанымы осы жолға оны саналы түрде алып келді...

Бақытжан Бисәліұлы Әбілқайыр ханнан тікелей тараған бұтаққа жатады. 1860 жылы Орал облысындағы Дәулетжан сұлтанның шаңырағында дүниеге келген кішкене Бақытжанды үлкен әкесі Бисәлі Қаратайұлы бауырына басқан көрінеді.

Жас сұлтан әуелі ауыл мектебінде, сосын Орынбор гимназиясында оқиды. 1886 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1890 жылы, бетіне «ИСПУ. 1890. Қаратаев» деп аты жазылған алтын медальмен аяқтап шығады.

Қаратаевтың азаматтық көзқарасы шәкірт шақтарында, жас кезінде, сол тұстардағы оқиғалар сырын зерек түсіну орайында қалыптасты. Оның мектеп пен гимназияда оқып

жүрген жылдарында патша әкімдері өмірге енгізген, казак тұрмысына қолайсыз тиген, халық қаламаған реформаларға орай туған үлкенді-кішілі толқулар болып өткен-ді. Басқару лауазымдарынан аластатылған төре тұқымдарының жайкүйі, ондай шараның себеп-салдары, отарлық езгіден күйзелген ел тіршілігі, т.с.с. көз алдында көлбеңдеген сан алуан сүреңсіз жәйт – оқу-білімге талпынған жас сұлтанды ойға батырмай қоймағаны хақ.

Университет қабырғасында жүрген шағында Санкт-Петербургтегі студенттік жиындар мен толқуларға қатысып тұруы да көп нәрсені аңғартса керек. Оған инспектор әлденеше мәрте ескерту жасап, бұдан былай ондай рұқсат етілмеген жиналыстарға қатысуға тыйым салып отырған. Зерттеуші Мұстафа Ысмағұлов Қаратаевтың студенттік іс-қағазында сондай екі қолхат сақталғанын айтады.

Жастайынан аңғарымпаз, сыншыл болғанына оның қолжазбаларының біріндегі мына жолдар куә: «...киргиз-қазақтар неліктен орыс чиновниктері мен мекемелеріне келгенде жалған сөйлеуге және алдауға бейім деген сұраққа Арғын руындағы кішкене Шекті бұтағының беделді қазағы, Шеген батырдың немересі Қорғанбек Бірімжанов 1886 жылы, менің Петербург университетінің студенті кезімде, Торғай облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Барабашқа менің көз алдымда былай деді: «Қазақ халқының даналығы айтады – егер сен орыс чиновнигіне шын көңілден, жүрегіңмен актарылып шындықты айтсаң – ол саған сенбейді, ал егер сен оған қиыстырып тұрып, шебер тілмен өтірік айтсаң – құлай сенеді». Қорғанбек Бірімжановтың бұл сөздері ақиқат болғандықтан да, царизм чиновнигінің бетіне түкірілген терең де ащы әжуаға толы қакырық еді...»

ИСПУ-ді тамамдаған соң Бақытжан Қаратаев Правительствующий (билік айтушы) сенаттың екінші департаментіне қызметке орналастырылады. Бұл оқиғаны қазақтар үшін үлкен жетістік ретінде «Дала уәлаяты газеті» куана жариялап жатты. Алайда сенат Қаратаевты өзінің айбарлы қа-

бырғасында ұзақ ұстамай, Қутаиси қаласына тергеуші етіп жіберді. Бұл жәйт 1891 жылғы Дала ережесінің қабылдануымен тұстас келді. Содан Бақытжан Бисәліұлы көшпелі қазақ тұрмысына жаңа ылаң әкелген Ереже күшіне еніп болған соң ғана елге қайтуға мүмкіндік алды. 1897 жылы грузиндер ортасымен қоштасып, туған жеріне оралды.

Еліндегі қызметін ол халыққа заң тұрғысынан жәрдемдесуден бастайды. Одан біртіндеп ағарту ісіне араласа келе, қоғамдық-саяси жұмыспен кең көлемде шұғылдануға бет бұрады. Империяның жоғарғы кеңсесінде, сондай-ақ өзге де отар өлкесінде қызмет атқару арқылы көзі ашылып, ысыла түскен қоғам қайраткерін патша үкіметі жоспарлы түрде жүзеге асырып келе жатқан отарлау жұмыстарының қазақ халқы үшін қайғылы салдарлары (жердің тарылуы, дінге, оқуға, күнкөріске айтулы қысым көрсетілуі) қатты толғандырады.

Ол 1905 жылғы шілдеде бір топ ұлт депутациясын бастап барып, Екінші Николай патшаның қабылдауында болды. Сол жылдың соңына қарай конституционалист-демократтар партиясының бағдарламасын талқылап, оның жер жөніндегі тараушасын қазақ мұңына лайықтап қайта тұжырымдаған «бес облыс делегаттары съезін» өткізуге атсалысты. 1907 жылы екінші мәрте шақырылған Мемлекеттік Думаға Орал облысы қазақтарының атынан депутат болып сайланды.

II Мемлекеттік Дума жұмысына қатысу үшін Петербургке жүрер қарсаңында Бақытжан Бисәліұлы «Орыс халқына ашық хат» деген тақырыппен өзінің болашақ депутаттық және қоғамдық-саяси қызметіне бағдарлама іспетті болған мақаласын жариялады. Мақала Орынбор қаласында татар социал-демократтары шығарып тұрған «Орал» газетінің бетінде 1907 жылғы 7 ақпанда шықты. Мұнда ол орыс шаруаларының қазақ жеріне көшірілуі орайында кеңінен жол беріліп келе жатқан заңсыздықтарды ашып көрсетті.

Қазақтардың ата-баба қонысынан, тіпті, тұрғын үйінен зорлықпен қуылуын, кейде жеке меншіктеріндегі малдарын

да күштеп тартып алудың орын алып отырғанын, сондай өрескел қылықтар салдарынан қантөгіске ұласқан қақтығыстар жиі байқалып жүргенін айтты. Бейбіт қазақ халқының заңды ашу-ызасын туғызып жүрген әлгіндей жәйттерді байыппен саралай келіп: «Біз бұларды орыс халқына жаулық қарым-қатынаста болғандықтан емес, достық көңілден айтып отырмыз, – деп жазды орыс парламентіне мүше ретінде аттанғалы отырған осынау қазақ уәкілі. – Орыс халқы бізге дұшпан емес, біздің онымен ортақ дұшпанымыз бар, ол – патшалық самодержавие-дүр... біз былай ойлаймыз: ең алдымен Ресейдің өз ішінде жеке адамдарға, кабинетке, монастырьларға бөлінген және басқа да жерлер – жерсіз шаруалар қолына берілуге керек, ал күллі ел бойынша – жер біткен халық меншігі ретінде танылуға тиіс. Бұл үшін елдің барша жоғарғы өкіметі халықтың өз қолына өтсін. Самодержавие құламайынша – жер мәселесі оң шешілмейді, сондықтан да біз жер үшін күресті Ресейдің барлық халқымен бірлесіп жүргізу ниетіндеміз».

Осы сөздерінен Бақытжан Бисәліұлының революцияға дейінгі де, одан кейінгі де іс-әрекеттерін айқындаған мақсатын айқын аңғаруға болады.

Көпшілікке мәлім, ол II Мемлекеттік Думаның пленарлық мәжілістерінде де, өзі мүше болған аграрлық және басқа комиссияларда, одан тысқары, үкімет мекемелерінде де зор қажыр-қайратпен қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтады. Ол өзінің 1907 жылғы 16 мамырда Мемдума мінбесінен сөйлеген атақты сөзінде қазақ депутаттарының орыс шаруалары жағдайын түсінетіндіктерін, жандары ашитынын, шаруалар ахуалын олардың тұрған жерлеріндегі иеліктерін, жерді пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту арқылы шешуге ықылас білдірмейтін Думадағы оңшылдарға өздерінің ұксағылары келмейтіндіктерін айта келіп: «Мемлекеттік Дума мынаны есте ұстасын – Ресейдің өз ішіндегі... 130 000 помещик мүддесін қорғау үшін шаруаларды киргиз-қайсақтардың жеріне көшіріп, оларды ренжітуде... – деді. – Мемлекеттік

Думаның есінде болсын, киргиз-қайсақтар шаруалардың жер мұқтажын қанағаттандыру мақсатында жеке иеліктердегі жерлерді күштеп бөліп алуды қалайтын барлық оппозициялық фракцияларға әрдайым бүйрегі бұра қарайды. Бірақ мынаны ойлаңыздар – қазіргі таңда осынау помещиктерді құтқару үшін киргиздарды жерінен емес, үйінен, баспанасынан шығарып жіберіп жатыр».

Екінші Думаның жұмысына қатысуға келген бетте ол мұсылмандар фракциясына тіркелген-ді. Кейін, III және IV Мемлекеттік Думаларға депутаттыққа сайланбаса да, олардағы мұсылмандар фракциясы арқылы қазақ істерін заң жолымен шешуге тырысқан белсенді әрекеттер жасап тұрды.

Әйгілі Столыпин реакциясы тұсында қазақ даласына келіп қоныстанушылар саны күрт артып, шұрайлы жерлерінен айрылған жергілікті халық ахуалы нашарлай түсті. Қазақтардың отырықшы өмірге көшуін, тек қана жер тістеп аман қалуға болатынын Қаратаев сол шақта қатты насихаттады. Ол иеліктегі жерді қауымдасып пайдалану орынды деп білді. Игерген жерлерінен жаппай қуып жіберуді көздеген үкімет саясатына жем болмай, төтеп беру, тіпті қарсы тұру жолы, оның ойынша – егістік жерді қауым болып пайдалануда жатыр. Өйткені бұл – белгілі бір ауылдар тобына егін егуге қолайлы жер мөлшерін кесіп, бекітіп беруге заң тұрғысынан негіз береді.

Патша үкіметінің әріден ойластырылған жоспармен жүргізілуі қатыгез отарлау саясатының құрбаны болудан сақтарлық тәжірибені Қаратаев өзі көрсетті. Ол 1910 жылы Орал облысындағы Жымпиты уезінің Шідерті болысында сегіз көшпенді ауыл адамдары үшін жер кестіріп алып, әрі диқан, әрі малшы тірлігін үйлестіре жолға қойған отырықшылар поселкесін салды.

Бұл қыстақтың экономикалық тыныс-тіршілігі туралы, сондай-ақ жалпы қазақ халқын өз жерінде орнықтырып қалуға жерді қауымдасып пайдалану кепіл болады деп есепте-

ген Бақытжан Бисәліұлының саяси-әлеуметтік көзқарастары жөнінде зерттеуші-ғалым Мұхамбетқали Жақсалиев жинаған мол материал мен қорытқан тұжырымдар аса қызықты. Шынында, халықты көшпенділік өмір салтын өзгертуге, мал басын азайтып, оның өнімділігін арттыруға, егіншілікпен, саудамен айналысуға, білім алып, ғылымның қыр-сырын игеруге үндегені («Айқап» журналы. 1911 жыл. № 11. 8-бет) сұлтан Қаратаевтың бірінші кезекте бұқара камын ойлаған кайраткер екенін дәлелдей түседі.

Халықты пайдалы іске жұмылдыруда дүркіндік басылым насихатының айрықша пәрменді боларын қазақ зиялылары анық ұққандықтан, ұлттық газет-журналдар ашуды қолға алған еді.

Бақытжан Қаратаев әуелі Ордада, ұзамай Оралда шығып тұрған «Қазақстан» газетінің ұйымдастырушысы әрі қамқоршысы болды. Арада аз уақыт өткен соң Троицкіде «Айқап» журналы шыға бастағанда, қуанышын білдіріп, шығарушыларға телеграмма жіберді. Сондағы Қаратаев сұлтанның жеделхаты көшірме түрінде республиканың Орталық архивінде сақтаулы тұр. Ол осы аталған екі басылымда және бұлардан кейін шаңырақ көтерген «Қазақ» газетінде өзінің қоғамдық-саяси және экономикалық ой-пікірлерін жиі білдіріп тұрды. «Пікір», «Кұяш» («Күн»), «Уақыт» секілді татар тілінде жарық көрген баспасөз құралдары беттерінде де өзін толғандырған мәселелерді үзбей ортаға салатын.

Патша үкіметі Бақытжан Бисәліұлын сенімсіз адам деп білді. Құпия полиция тыңшылары арқылы оның әр басқан ізін аңдып жүретін болды. Юрист ретінде Қаратаев өзін аңдушыларға, әрине, ілік бермеуге тырысты. Серіктеріне де сондай ақыл айтып жүрді. Он үшінші, он төртінші жылдары казактың жігерлі жас зиялылары ел тағдырын әңгіме естерлік құрылтай шақыру қажеттігін жиі көтерген. Белгілі демократ, ел сыйлайтын аға ретінде Бәкеңнен кеңес сұраған. Сонда Бақытжан Қаратаев құрылтай өткізу үшін жергілікті үкімет рұқсатын алу қажеттігін, яғни заңдылықты қадағалап барып

халық мұнын ортаға салғанның дұрыс болмағын шегелей айтқан екен, мұны «Айқап» беттеріндегі мақалалардан жақсы түсінуге болады.

Жаманды-жақсылы заңдары бола тұра, соларының өзін дұрыс сақтамау, қажет етсе – мақсаттарына қарай бұрып алу, әлде мүлдем белінен басу, өкінішке қарай, империядағы үйреншікті шаруа-тын. Қаратаев әділеттілік жолындағы күресінде үкіметтің осы кемшілігін нысанаға алып отырды. Әсіресе, 1916 жылғы 25 маусымдағы майданның қара жұмыстарына бұратаналарды шақырған белгілі патша жарлығына жауап ретінде туған толқулар себебін ол жоғарғы орындардың заңсыздыққа жол беруінен көрді. IV Мемлекеттік Дума төрағасына, соғыс және ішкі істер министрлеріне тапсырған «Естелік жазбасында» ол заңның бұзылған жерлері мен олардың салдарларын талдай келіп, қазақ жігіттерін соғыс құрылыстарына алуды мүлдем тоқтатуды, немесе шақыру мерзімін кейінге қалдыруды талап етті.

Шешімтал, батыл мінезін ол 1917 жылғы сәуірде Мәскеуде өткен мұсылмандар съезінде де көрсетті. Ресей мұсылмандарының Ақпан революциясынан кейін туған жаңа саяси ахуалда өткен бұл съезі Уақытша Үкіметті қолдап, орыс-герман соғысында жеңіске жетуді көздейтін шараларды қуаттаған еді. Көпшілік пікіріне Бақытжан Бисәліұлы қосылмады. Ол өз сөзінде елді күйзеліске ұшыратқан соғысты, биліктен кеткен патша әкімшілігі бастаған соғысты бұдан былай жалғастырудың қажетсіз екенін айтты. Және жеңіске жеткенше соғысуды қоштаған съезд шешіміне қарамастан, өз ойында қала беретінінің белгісі ретінде, 1917 жылғы мамырда большевиктер партиясы қатарына кірді.

Жиһангершілік соғысты тоқтату қажеттігін бұрыннан көтеріп жүрген партияның қалың көпшілік мүддесін әрдайым ойлайтынына сенген Қаратаев он шақты жыл бойы оның қатарында жаңа өмір орнату ісіне атсалысты.

Қарт қайраткердің азамат соғысында сіңірген еңбектері мен Қазақ революциялық комитетінің мүшесі ретіндегі

қызметін академик Салық Зиманов өз кітаптарында тиянақты саралап талдаған.

Қаратаев халқына пайдалы болу орайында адал еңбек еткен партия мүшесі болды, тек кейінірек, 1927 жылы, әлде большевиктер ісіне көңілі толмағанынан ба, әлде некрологында көрсетілгендей, жасы ұлғайып, белсенді жұмысқа араласа алмаймын деп есептегенінен бе, партия қатарынан шығып кетті.

Өмірінің соңғы жылдары ол ғылыми жұмыспен шұғылданды. Артына мол мұра қалдырды. Қазақ Республикасының Мемлекеттік Орталық архивіндегі «Қаратаев қоры» зерттеген кісіге революция тарихынан мол мағлұмат берері сөзсіз.

Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев – қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Алайда оның есімі мен қызметі әлі де үкімет тарапынан лайықты бағасын ала қойған жоқ.

Ұзақ жылдарға созылған тарих ғылымындағы бұрмалаулар тек кейінгі кездері ғана түзетіле бастады.

Әкесінің революциялық қызметін жұртшылыққа бұрынғы партия тарихы институтының ғалымдары қате түсіндіріп жүргені жайында кезінде Зейнеп Бақытжанқызы Қаратаева әлденеше мәрте мәселе көтерген болатын.

Зейнеп апайдың сондай өтініштерінің бірі республикамыздың ең жоғарғы санаттағы өкімет органында қалай қаралғанына осы жолдар авторы куә болған еді. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының тапсыруына орай хатты тексеріп, 1986 жылғы 16 сәуірде қайтарған № 86 жауабында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты былай дейді:

«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тапсыруымен Партия тарихы институты Б.Б. Қаратаевтың қызының арыздарын талдаумен әлденеше рет шұғылданды.

Қаратаев Б.Б. Қазақстанның Октябрь кезеңіне дейінгі феодал-бай интеллигенттері лидерінің бірі, кадет партиясының мүшесі болған. 1905 жылғы шілдеде қазақ бай-феодалдары

мен кадеттерінің делегациясын басқарып, II Николай патшаның мұрагерінің тууымен құттықтауға барды. Қабылдау кезінде патшамен бірге суретке түсті.

Аграрлық мәселеде царизмнің отарлау саясатын қостады.

1918 жылғы 29 наурыздағы ақ казактар төңкерісі кезінде атқару комитетінің басқа мүшелерімен бірге тұтқындалып, 1919 жылғы қаңтарға дейін түрмеде болды. Тұтқынға алынғандардың көпшілігі атылып кетті, бірақ ол тірі қалды.

Қаратаев Б.Б. совет құрылысына қатысса да, Коммунистік партияның мүшесі болса да, оның идеялық позициясына бұрынғы өткен жолы елеулі әсер етті. Мәселен, ол өз маңына күдікті, Совет өкіметіне жағынып, жабылып жүрген феодал-бай элементтерін топтастырды.

Архивте бар құжаттар Б.Б. Қаратаевтың күрделі де қайшылығы мол өмір жолынан өткенін куәландырады. Совет өкіметін мойындап, РКП(б) қатарына өте тұрып, ол Коммунистік партия саясатының дұрыстығына шүбә келтірумен болды, екіжүзді позиция ұстағаны да сирек емес.

Оның совет құрылысына қатысуы екі жылдай ғана уақытқа созылды. Сосын ол мемлекет мекемелерінде жұмыс істеуден қол үзіп, жеке адвокатурамен шұғылданды, бұрынғы өктем тап өкілдерімен байланыс жасап тұрды, топтық күрестер мен өсектерге қатысты.

Ақыры Б.Б. Қаратаевтың өзі Коммунистік партиямен байланысын толық үзді.

Институт директоры, ССРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Б. Төлепбаев».

Лауазымы биік кейбір ғалымдарымыздың Қаратаевқа қатысты көзқарасы, міне, осындай. Дегенмен уақыт, дәуір өзгерістері оларды сілкіңтер, ғылымды әділдік пен шындыққа сүйеніп жасауға бейімдер деп сенім білдіру – парызымыз. Шыншыл тарих ғылымы Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев сынды ірі тарихи тұлғаны танып-білсе, болашақ ұрпақ тәрбиесіне зор пайдасы тиерін мұқият ескеруге тиіс.

1990 жс.

3. Өмірдерек

ҚАРАТАЕВ Бақытжан Бейсәліұлы (10.5.1860, қазіргі Орал обл., Қаратөбе ауд., Акбақай а. – 26.8.1934, Ақтөбе қ.) – көрнекті заңгер, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, демократ.

Орынбор гимназиясын үздік бітіріп, Императорлық Санкт-Петербург ун-нің заң ф-тін кіші алтын медальмен тамамдаған (1890). Оқу бітірген соң Әділет мин-нің құзырына кіргізіліп, басқарушы сенаттың екінші департаменті ше-неунігі қызметіне қалдырылды. 1891 ж. сот тергеушісі лауазымына тағайындалып, Кутаисиге жіберілді.

Грузиядан еліне 1897 ж. оралды. Орал обл-нда адвокат болып істеді. 1907–16 жж. ағартушылық жұмыстармен айналысты. «Қазақстан» газетін, «Айқап» журналын шығаруға атсалысқан.

1917 ж. Кеңес өкіметін орнатуға қатысқан. 1918 ж. наурыз айында Орал обл. депутаттар кеңесіне мүше, әділет комиссары болды. 1919 ж. қаңтар айының аяғынан бастап В.И. Чапаев басқарған 25-атқыштар дивизиясында атты әскер бригадасы саяси бөлімінің меңгерушісі және командирі болды. 1919 ж. 10 шілдеде Қазақ өлкесін басқару жөніндегі рев. к-ттің мүшелігіне енді. Қазақстан Кеңестерінің 1–2-съездеріне делегат болды. Орал губ. адвокаттар алқасын басқарды.

1927 ж. партиядан шығып, өмірінің соңына дейін ғыл.-зерт. жұмыстармен шұғылданды.

Ресей патшасының 1905 ж. пұрсат еткен ұжымдық тілек жолдау хақы мен діни иланым еркіндігін пайдаланып, үкіметке Қазақстанның батыс аймағының белгілі адамдары мен дінбасылары қол қойған петиция жолдады.

Санкт-Петербургке арнайы делегацияны бастап барып, генерал Ғұбайдолла Жәңгіровтің жәрдемімен 1905 ж. шілдеде патшаның қабылдауында болды. Одан оң нәтиже сезіне алмай, империядағы солшыл қозғалыстарға бой ұсынды.

17 қазан манифесіне орай қаулап дүниеге келіп жатқан саяси партиялар ішінен конституцияшыл-демократтар ұйымын оң көрген. Земство және қала қайраткерлерінің Мәскеу съезіне (қараша, 1905) қатысқан. 1905 ж. 11 желтоқсанда Мемл. Думаға депутаттар сайлауын өткізу жөніндегі заң шығуына байланысты, кадет партиясының қазақ бөлімшесін құруға жетекшілік етті.

Қ-тың сол тұстағы көзқарасы алғашқы қазақ саяси партиясын ұйыстыру жиналысында кадеттер бағдарламасын қазақ мүддесіне орайластырып, ішінара түзетіп қабылдауынан көрініс тапты. Қазақ кадеттері бағдарламасында дала өлкесіндегі «жер-су қазақ халқының меншігі болып табылады» деп тұжырымдалды. Алайда қазақтардың мұндай дербестікке жетуді саяси мақсат етіп қоюы кадеттердің орт. к-тіне ұнай қоймады.

Елдегі нақты саяси ахуалды талдай отырып қорытқан ойын 1907 ж. ақпан айының алғашқы күндері баспасөз бетінде тұжырымдады. «Орал» газетінде «Россия халқына ашық хат», «Оренбургский край» газетінде «Орыс азаматтарына» деп аталған үндеу-мақалаларында жұртшылыққа отаршыл патшалықтың үкіметінен зәбір, қорлық көріп отырған қазақ халқының мұң-мұқтажын жария етті.

Қазақ халқының өз жер-суына өзі ие болу құқын қорғауда Қ. 2-Мемл. Дума мүшесі ретінде айрықша белсенділікпен күресті. Ішкі Ресейден ағылған көші-қонның шұғыл тоқтатылуын талап етті. Думаның 1907 ж. 16 мамырда өткен мәжілісінде қазақ халқының мүддесін қорғап, қайта қоныстандыру саясатының «шаруалардың өздерін де, қазақтарды да қатты қинау» жолымен жүзеге асырылатынын ескертті.

Қ. «Қазақстан» газетінің (1911–13) рухани желеп-жебеушісі болып, оның идеол. бағыт-бағдарын айқындауына тікелей жәрдемдесті. «Айқап» журналының (1911–15) беделді авторларының бірі ретінде, оның заман талабына сай жанару, даму, өркендеу шарттарын уағыздаған демокр.

мазмұнын аша түсуге атсалысты. Қ. – империя қазақтардың психикасын аздырды, олардың бойында патшалық билік күллі жүйелі әрекетімен құлдық психол., тәуелділік, кіріп-тарлық сезім қалыптастырды деген ойды тұңғыш қорытқан ойшыл-қайраткер болды.

Ресей патшасының 1916 ж. 25 маусымдағы бұратаналарды майданның қара жұмысына алуға пәрмен еткен жарлығынан кейін Қ. «Қазақтар жайындағы естелік жазба» атты құжат әзірлеп (Жанша Сейдалинмен бірге), Петроградқа сапар шекті.

4-Мемл. Дума төрағасы мен Соғыс министріне тапсырылған бұл хатта жарлық шығару мен оны жариялауда заң тәртібінің бұзылуына жол берілгені, сондай-ақ, жергілікті әкімдердің оның мәнісін халыққа өз мағынасында дұрыс жеткізе алмағаны әшкереленді. Солардың салдарынан бой көрсеткен қайғылы оқиғалар, сотсыз жазалаулар деректері келтірілді.

Монархия құлағаннан кейін Қ. большевиктер партиясына кіреді (мамыр, 1917), Орал обл-нда Кеңес өкіметін орнатуға атсалысты. Орал обл. атқару к-тінің заң істері комиссары болып сайланды. 1918 жылдың көктемінде ақ казактар Орал қ-нда төңкеріс жасап, облкеңес атқару к-тінің өзге мүшелерімен қатар оны да тұтқынға алды. Тоғыз айдан соң қызылдар Оралды азат еткенде, өлім жазасынан құтқарылып, түрмеден босатылды. Абақтыда жатқанда жазған күнделігінде ол өзіне: «Большевизм өкімет басында қала ала ма?» – деген сұрақ қойып, «Большевизм өтпелі кезең қызметін атқарып тастайды да, орнын бейбітшіл ...биліктерге беріп, сахнадан кетеді», – деген болжам айтқан.

Ақтөбеде халық алдында БК(б)П Қазөлкекомының 1-хатшысы Ф.И. Голощекинге қарсы шығып, халықты қырғын аштыққа ұрындырған қылмысын бетіне басты. Сол нәубеттен, ұзамай, өзі де дүние салды.

Әдеб.: Қойшыбаев Б. Бақытжан Қаратаев. А., 1993; Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. А., 1998.

4. *Өркениетті күрес ізашары*

**Көрнекті қоғам қайраткері Бақытжан Бисәліұлы
Қаратаевтың туғанына 150 жыл толуына орай**

Ақтар түрмесінің жалғыз кісілік камерасында сарылып жатқан қарт Қаратаев өзіне өзі: «Большевизм өкімет басында қала ала ма?» – деген сауал қойды. Артынша: «Ол, меніңше, өздерін өздері өкімет еткендердің тіршілігі тоқтағанға дейін билікте тұра алады!» – деп, өз сұрағына өзі енсе көтере жауап берді.

«Өздерін өздері өкімет еткендер» дегені – өзін абақтысына жауып тастаған казак әскери үкіметі... Қапаста қажып, бостандықты аңсап зарыққаннан бері серігі етіп келе жатқан күнделігі беттеріне ол одан әрі: «Большевизм сахнадан ауыспалы кезеңнің міндетін өтеп барып кетеді, ол өз орнын бейбіт, жасампаз және, атап айту керек, социалистік тұрпаттағы өкіметтерге береді. Әзірге большевизм күллі ескі әрі іріп-шіріген дүниені күйретуші мәнінде әрекет етуде. Ал жасампаздар – басқа адамдар болады...» – деп жазды. 1918 жылы жазып қалдырылған бұл сөздерде, қазіргі дәуір биігінен қарағанда, небір ойға жетелейтін қызық пайым-болжам бар екені дау тудырмайды.

Ал большевизмнің күні түптің-түбінде өткінші болатындығы хақында ой толғаған тұтқын Бақытжан Қаратаевтың өзі де большевик болатын. Ол өлкеге ірі демократ, қоғам қайраткері, халық мұңын жоқтаған ел ағасы, абзал азамат ретінде әйгілі еді. Осынау акбас қарт тұтқындалған шағында Оралдағы большевиктік совдептің – Жұмысшы, шаруа, солдат депутаттары облыстық Кеңесінің мүшесі әрі юстиция комиссары болатын. Оны қалада контрреволюциялық төңкеріс жасаған Орал казактарының Әскерлік үкіметі (Войсковое правительство) абақтыға жапты. Өзінен жауап алған Әскерлік үкімет тергеушісіне Бақытжан Бисәліұлы казактар

төңкерісінің заңсыздығын әшкерелеп жауап берді. Оны ә дегенде ату жазасына кесу ұйғарылған еді, алайда билік оның өлкедегі беделін ескермей тұра алмады... Содан ол жылға жақын жеке камерада қамаулы жатып, түрмеден 1919 жылғы қаңтардың соңына қарай, Қызыл Армия Оралды ақтардан азат еткенде ғана шықты.

Қаратаев абақтыдан азат болысымен совет өкіметін сөзбен де, қарумен де қорғауға білек сыбана кірісті. Облыстық кеңестің қазақ бөлімін басқарды, қазақ жігіттерінен ерікті атты әскер бригадасын ұйымдастырды. Сарбаздарды Аткарскиде әскери өнерге оқытты. Қаратаев бригадасы атанған жасағымен Шығыс майданы құрамындағы төртінші армияның құрамына енді. Чапаев дивизиясында қазақ бригадасында саяси бөлім бастығы болды. Қоршауда қалған Орал қаласын азат етуге қатысты. «Қаратаев жолдас алғашқы қазақ қызыл гвардияшылары мен қызыл партизандарының бірі еді», – деп жазды ол қайтыс болғанда, 1934 жылғы 27 тамызда, «Актюбинская правда» газеті. Ол азамат соғысының от-жалынын кеше жүріп, болашақ қазақ автономиясының мәселелерін көтерген ұйтқы топ ішінен табылды. Ресей Федерациясының Халық Комиссарлары Кеңесі 1919 жылғы 24 шілдеде оны Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитетінің мүшесі етіп бекітті.

Осылай, хан тұқымы, ақсүйектер өкілі кедейлер мүддесін күйттеген өкімет жағына ойланбастан шықты да, советтер үшін жан аямай күресті. Кезінде оны сондай көзқарасы үшін алаш қайраткерлері ұнатпаған-тын. Ол жайында шетелден Мұстафа Шоқаев та жағымсыз сөздер жазды. Большевик Қаратаев та алаштықтар ұстанымын қабыл алған емес. Алайда оның бұл әрекетінде түсінуге болмайтындай еш оғаштық жоқ болатын. Қаратаевтың дүниетанымы осы жолға оны саналы түрде алып келді...

Ол Әбілқайыр ханнан тікелей тараған бұтақтан. Әбілқайыр хан – Нұралы хан – Қаратай хан – Бисәлі сұлтан – Дәулетжан сұлтан – Бақытжан сұлтан... 1860 жылы дүниеге кел-

ген кішкене Бақытжан үлкен әкесінің тәрбиесінде болған. сондықтан да ол Бақытжан Бисәліұлы болып жазылған. Әуелі ауыл мектебінде, сосын Орынбор гимназиясында оқуға да, 1886 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1890 жылы, аты арнайы ойып жазылған кіші алтын медальмен бітірген. Жоғары оқуды бітіргеннен соң империя астанасына, Правительствующий (билік айтушы, басқарушы) сенатқа қызметке қалдырылады. Бір жылдан кейін Кутаиси қаласына тергеуші болып кетеді. Содан еліне 1897 жылы ғана оралады.

Бұл кезде 1891 жылы қабылданған Дала ережесі күшіне еніп болған. Сол Ережеге сәйкес қазақтың көшпенді тұрмысына жаңаша қысымдар жасала бастаған. Бақытжан Бисәліұлы еліндегі қызметін халыққа заң тұрғысынан жәрдем беруден бастайды, сосын біртіндеп ағартушылыққа, қоғамдық-саяси жұмысқа зер салады. Патша үкіметінің жоспарлы түрде жүзеге асырып келе жатқан отарлау шаралары салдарынан жердің тарылуы, күнкөрістің қиындауы, дінге, оқуға қысым көрсетілуі империя астанасында, империяның бодандығындағы гүржілер елінде жұмыс істеп келген көзі ашық азаматты қиналтпай қоймайтын. Ол императордың жалпақ елдегі буырқануды бәсеңдету мақсатымен берген 1905 жылғы «17 ақпан рескриптіне» (халықтың мұң-мұқтажын жазып үкіметке хат жолдауға рұқсат етілуіне) сәйкес, петиция науқанына белсене қатысты. Жаз ортасында арнайы депутациямен II Николайдың қабылдауына кірді. Онда қазақтардың діни иланымын қорғауда бағытталған тілек және жобаланып жатқан өкілдік жиынға – Мемлекеттік думаға – қазақ халқының өкілі де жіберілуін сұраған өтініш білдірді. Сол жылдың соңына қарай Оралда «бес облыс делегаттары съезін» өткізуге мұрындық болды. Желтоқсанда Оралда тұңғыш Қазақ саяси партиясын құрды. Әйгілі «17 қазан манифесі» жария болған тұста орталықта ұйысқан конституционалист-демократтар партиясының бағдарламасы қазақ партиясы ұстанымының негізіне алынып, оның жер-

су жөніндегі тараушасы қазақ мұңына лайықталып қайта тұжырымдалды. Алайда қазақ конституцияшыл-демократтарының бұлай етіп өзінше дербестік көрсетуі Питердегі орталық комитет мүшелеріне ұнамады, кадеттер олардың бұлай «еркінсуін» өз баспасөзінде қатты сынға ұшыратты.

Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев 1907 жылдың басында II Мемлекеттік думаға депутаттыққа сайланды. Астанаға аттанар қарсаңда ол баспасөзде, Орынбордағы «Орал» газетінің 1907 жылғы 7 ақпанда шыққан санында, өзінің ұстанымын – империя парламентінде қазақтар атынан өкілдік еткенде атқармақ болашақ жұмысында ұстанар көзқарасын танытатын мақаласын жария етті. Мақаласында ол орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аудартуда билік жасап жүрген зансыздықтарды әшкереледі. Қазақтарды туған қонысынан айыру, тіпті, тұрғын жайларынан қуу, кейде олардың малдарын да зорлықпен тартып алу, тиісінше, қарсылықтар тудырып, шиеленістер қантөгіске ұласып жатқанын көрсетті. Тыныш жұрттың заңды ашу-ызасын келтірген сондай оқиғаларды байыппен саралай келіп, орыс парламентіне депутат болып Питерге аттанғалы отырған осынау қазақ уәкілі «бұларды орыс халқына жаулық қарым-қатынаста болғандықтан емес, достық көңілден» айтып отырғанын атап жазды. Орыс халқын өздеріне дұшпан көрмейтінін, өйткені екеуінің де жауы бір екенін, қазақ пен орыстың ортақ дұшпанының аты – патшалық самодержавие боп тұрғанын айтты. Қазақ уәкілі былай ойлайды: жерсіз шаруалардың қолына ең алдымен Ресейдің өз ішіндегі жеке адамдарға, кабинетке, монастырьларға бөлінген және басқа да алпауыттар иелігіндегі жер-су берілуге керек. Жер-су біткен, жалпы, күллі ел бойынша халық меншігі ретінде танылуға тиіс. Бұл – Қаратаевтың 1905 жылы қазақ кадеттері партиясының бағдарламасына қосқан тұжырымы еді. Бағдарлама сыналып, өзі партиядан қол үзсе де, идеясын парламенттік жолмен жүзеге асыруға тырысатынын осы мақаласында байқатты. Және оны орындау жолын да нобайлады: «бұл үшін елдің барша

жоғарғы өкіметі халықтың өз қолына өтсін». Самодержавие биліктен кетпейінше, жер-су мәселесінің оң шешілмейтініне Қаратаев күмәнданбады. Ал ол үшін бүкіл халық бірігу керек, сондықтан да қазақ уәкілі жер үшін күресті Ресейдің барлық халқымен бірлесіп жүргізу ниетінде екенін сонау мақаласы арқылы ашық та батыл жария етеді.

«Орыс халқына ашық хатта» аян еткен осы сөздерінен Бақытжан Қаратаевтың саяси-қоғамдық жұмыстардағы ұстанымын айқын аңғаруға болады. Ол II Мемлекеттік думаның пленарлық мәжілістерінде, Мемдуманың өзі мүше болған аграрлық және басқа комиссияларында, арнайы мәселе көтеріп үкімет басшыларына барғанында бағдарламалық мақаласында жария еткен көзқарасынан айныған жоқ. Мемдума мінбесінен 1907 жылғы 16 мамырда сөйлеген әйгілі сөзінде ол қазақ депутаттарының орыс шаруаларының басына түскен жағдайды түсінетінін, жандары шын ашитынын ескертті. Түсінетіндіктен де, шаруалар ахуалын олардың тұрған аудандарындағы жерді пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жақсартуға ықыласы жоқ оңшыл депутаттарға өздерінің ұсағылары келмейтінін айтты. Мемлекеттік Дума есте ұстасын деп мына мәселелерге екпін қоя мәлімдеді: Ресей үкіметі «жүз отыз мың помещиктің мүддесін қорғау үшін» шаруаларды қазақ жеріне көшіруде, ата қоныстарын тартып алып, оларды ренжітуде... «қазіргі таңда осынау помещиктерді құтқару үшін қазақтарды жерінен ғана емес, тұрған үйінен, жалғыз баспанасынан күштеп шығарып жіберіп жатыр». Сондай әсіре әрекеттер салдарынан, Қаратаевтың II Дума мінберінен бар дауыспен жария еткен мәлімдемесіне қарағанда, қазақтар шаруалардың жерге деген мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында жеке иеліктердегі жерлерді күштеп бөліп алуды қалайтын барлық оппозициялық фракцияларға әрдайым бүйрегі бұра қарайды. Большевиктер көсемі В.И. Ленин назар аударған сол атақты сөзінен жарты ай өткенде, 1907 жылғы 3 маусымда, өкілетті жиын патша пәрменімен тарқатылды...

II Мемдумада Қаратаев мұсылмандар фракциясына кірген. Қазақ істерін заң жолымен шешуге тырысу әрекеттерін ол «3 маусым төңкерісінен» кейін де, III және IV Мемлекеттік думалардағы мұсылмандар фракциясы мен тобы арқылы жүргізді. Алайда үкімет қазақ даласына қоныстанушылар санын күрт арттырды. Шұрайлы жер-суынан айрылған халықтың шаруашылығы қатты күйзелді, күнкөріс жағдайы, тұрмысы қатты төмендеді. Мұндайда тек қана жер тістеп аман қалуға боларын, сондықтан көшпенді жұрттың тездетіп отырықшы өмірге көшуін Қаратаев сол шақта аса өзекті мәселе деп білді. Ол ауылдастардың заң пұрсат ететін мөлшерде, ұйысушылар санына қарай жер телімін кескізіп алып, сосын соны қауымдасып пайдалануын орынды көрді. Ішкі Россиядан көшіріп әкелінген шаруаларға беру үшін қазақтарды құнарлы жер-су аумағынан жаппай қуып жіберуді көздеген үкімет саясатына қарсы тұрудың жолы – әркімге тиесілі 15 десятиналық нормамен егістікке жарамды жерді бөлгізіп алып, қауым болып иелену. Мұндай әрекет белгілі бір ауылдар тобының егін егуге қолайлы алқапты игеруіне заң тұрғысынан ерік береді, ал телімдер арасындағы егістікке жарамайтын жерлерге мал жая беруге болар еді деп пайымдады ол...

Осы ретте атамекенді отарлаушылардан қорғап-сақтарлық тәжірибені Қаратаев өзі көрсетті. Ол 1910 жылы Орал облысында көшпенділердің сегіз ауылы үшін үкімет белгілеген нормамен жер бөлгізіп, отырықшылар поселкесін салды. Егін және мал шаруашылығын үйлестіре жүргізген бұл қалашықтың экономикалық өмірі және оны ұйымдастырушы Қаратаевтың саяси-әлеуметтік көзқарастары бертінде ғылыми тұрғыда зерттелді. Ойлап қарасақ, Бақытжан Бисәліұлы 20-шы ғасырдың басында, патша үкіметінің озбыр отаршылдығы үдеп бара жатқан шақта, қолданыстағы заң ауқымында халықтың көшпенділік өмір салтын өзгертуге, мал басын азайтып, оның өнімділігін арттыруға, егіншілікпен, саудамен айналысуға, білім алып, ғылымның қыр-сырын игеру-

ге баулу жолын нақты ісімен көрсеткен екен. Ол, сөз жоқ, тарихи зәрулікті өткір сезініп, ең алдымен қалың ел қамын жеген көреген қайраткер. Жұртшылықты оятуда мерзімдік басылымның айрықша пәрменді боларын анық ұққан қазақ зиялылары ұлттық газет-журналдар ашуды бірінші орыс революциясы жылдарынан қолға алғаны мәлім. Біршама нәтижелі жұмысты Бақытжан Қаратаев тындырды, ол 1911 жылы екі тілде шығатын «Қазақстан» газетін ұйымдастырушы болды. Өзінің қоғамдық-саяси және экономикалық ой-пікірлерін, көпшілікті толғандыратын өзге де өзекті мәселелер жайын сонда және одан кейін шаңырақ көтерген «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде, сондай-ақ тағар баспасөзінде жария етіп тұрды.

Жандармерия Бақытжан Бисәліұлын сенімсіз адам ретінде жансыздары арқылы әр басқан ізін аңдып жүретін. Алайда ол іс-әрекеттерін заң ауқымында жүргізіп, өзін аңдушыларға ешқандай ілік бермейтін. Жігерлі жас зиялылар ел тағдырын талқылайтын сиез шақыру жөнінде ақыл сұрағанда, олардың бастамасын қызу қолдай отырып, құрылтай өткізу үшін заңдылықты бұзбай, жергілікті өкіметтің рұқсатын алу қажеттігін ескерткен. Өкіметтің өз заңдарын өздері сақтамайтыны әдеттегі жағдай болғандықтан, әділеттілік жолындағы күресінде Қаратаев әдетте соған айрықша назар аударатын. Әсіресе, 1916 жылғы халық көтерілісінің тамыздығына айналған әйгілі патша пәрмені билік басындағылардың заңды сақтамаушылықтарынан туғанын және оны орындаудың да өрескел түрде, заңсыздықпен жүргізілгенін дәлелдеп, үкімет алдына тиісті талаптар қойған еді.

Монархия тарих сахнасынан кеткеннен соң Бақытжан Қаратаев ұлттық қозғалыстан алыстап, большевиктер партиясына мүше болды. Қазақ мүддесіне совет өкіметі сәйкес келеді деп санады. Оның революцияның алғашқы жылдарындағы қызметін академик Салық Зиманов заңгерлік тұрғыда зерттеуге алып, жан-жақты саралады. Ал әр кезеңдегі саяси-құқықтық көзқарастарын қадірменді академиктің

шәкірті профессор Сәкен Өзбекұлы егжей-тегжейлі қарастырды. Аталған ғалымдардың және өзге де зерттеушілердің жазғандарынан туатын жалғыз ғана ой сол, Бақытжан Қаратаев халқына әрдайым пайдалы болу жолында адал еңбек еткен үлкен қайраткер еді. Оның халық ұмытпайтын соңғы бір ерлігі – 1932 жылғы жазда Қазақстанның «жарты патшасы» Филипп Голощекинді ашаршылық қырғынын жасаған қылмысты саясатын бетіне басып, Ақтөбе вокзалы алаңындағы дүйім жұрт көзінше айыптағаны...

Қаратаев ғылыми-зерттеушілік жұмыспен айналысып, құнды еңбектер жазды. Оның өлкедегі азаттық қозғалыстары жайындағы тарихи шолуы бүгінде ғылыми айналымға енген. Орталық мемлекеттік мұрағаттағы «Қаратаев қорында» жинақтаулы жұмыстары, түрлі құжаттары мен материалдары революция тарихын зерттеушілерге өте пайдалы бола алады.

Қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі болғанмен, оның есімі мен қызметі күні бүгінге дейін өз деңгейіне лайықты бағасын алған жоқ. Оған кеңес өкіметі тұсындағы ұзақ жылдарға созылған бұрмалаулар себеп болды. Қаратаевтың кенжесі Зейнеп Бақытжанқызы әкесінің халыққа қызметін жұртшылыққа бұрынғы партия тарихы институтының ғалымдары қате түсіндіріп жүргені жайында жоғары орындарға әр жылдары әлденеше рет хат жазған еді. Сондай өтініштерінің бірі 1985 жылдың соңында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының аппаратына түсті. Хатта көтерілген мәселені тексерумен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты айналысып, 1986 жылғы 16 сәуірде жауап қайтарды.

Сонда сол тұстағы ең құзырлы ғылыми мекеме аса беделді басшысының қолымен: «Партия тарихы институты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тапсырмасына орай, Б.Б. Қаратаевтың қызының арыздарын талдаумен әлденеше рет шұғылданды», – дей келіп, оны «Қазақстанның Октябрь кезеңіне дейінгі феодал-бай интеллигенттері ли-

дерінің бірі, кадет партиясының мүшесі болған», – деп, өмір дерегін бұрмалаңқырай сипаттады.

Одан, айыптаған сарынмен: Қаратаев «1905 жылғы шілдеде қазақ бай-феодалдары мен кадеттерінің делегациясын басқарып, II Николай патшаның мұрагерінің тууымен құттықтауға барды. Қабылдау кезінде патшамен бірге суретке түсті», – деп хабарлады.

Дұрысында, патшаның қабылдауына мұрагердің жасқа толуын сылтауратып кіріп, қазақ өмірі үшін өзекті мәселелер көтерген болатын...

Ал оның жер-су мәселесіндегі ұстанымына: «Аграрлық мәселеде царизмнің отарлау саясатын қуаттады», – деген сөздермен, көпе-көрінеу бұрмаланған баға берді.

Қаратаевтың 1907 жылы II Мемлекеттік дума мінберінен патша үкіметінің қазақты жер-суынан күштеп айырып жатқан отаршылық іс-әрекеттерін бар дауыспен әшкерелегені, 1910-шы жылдары белгілі қазақ қоғам қайраткерлері Барлыбек Сыртанов пен Әлихан Бөкейхановқа переселен қорларын жасаудағы үкіметтің қиянаттары жайында күйініп хат жазып, көшпелі халықты отырықшы етуге бағытталған іс-әрекеттерге шақырғаны мәлім.

Нақты үлгіні оның өзі көрсетті, ауылдастарының басын қосып, поселке салды.

Алайда қазақ интеллигенттерінің көбі халықтың дала төсінде, салқын самал өтінде, кең жайлауда мал бағып, қымыз ішіп, көшіп-қонып жүре беруін көшпендінің өзгертуге болмайтын өмір салтына балаған.

Сондықтан да Қаратаев пен оның жақтастарының бастамасына қолдау көрсетпеді. Есесіне, 10-шы жылдары эволюциялық жолмен отырықшыланыуын серкелері қаламаған көшпенді халық большевиктер 30-шы жылдары революциялық тәсілмен малын сыпырып алып отырықшыландырғанда, шыбынша қырылып, ұлттық апатқа душар болды! Құрметті ғылыми мекеменің осыларды ойға алмай, бейғылыми тұжырым жасағанына қарның ашады...

Одан, Қаратаев «1918 жылғы 29 наурыздағы ақ казактар төңкерісі кезінде атқару комитетінің басқа мүшелерімен бірге тұтқындалып, 1919 жылғы қаңтарға дейін түрмеде болды», – деп хабарлай отырып, қызығы, мынандай сөздерімен өкініш білдіргендей болады: «Тұтқынға алынғандардың көпшілігі атылып кетті, бірақ ол тірі қалды». Демек, осынау партия тарихшыларының иланымынша, ол шын большевик болса, тірі қалмау керек еді... Өйткені... «Қаратаев Б.Б. совет құрылысына қатысса да, Коммунистік партияның мүшесі болса да, бұрынғы өткен жолы оның идеялық позициясына елеулі әсер етті. Мәселен, ол өз маңына күдікті, Совет өкіметіне жағынып, жабылып жүрген феодал-бай элементтерін топтастырды»...

Коммунистік идеология көрігін қыздырушы ғылыми мекемеге бұл пікірлері, нақты жағдайға сай келсін-келмесін, жарасып-ақ тұр. Аталмыш жауап-хатта осы екпінмен одан әрі: «Архивте бар құжаттар Б.Б. Қаратаевтың күрделі де қайшылығы мол өмір жолынан өткенін куәландырады. Совет өкіметін мойындап, РК(б)П қатарына өте тұрып, ол Коммунистік партия саясатының дұрыстығына шүбә келтірумен болды, екіжүзді позиция ұстағаны да сирек емес», – деп тұжырады.

Партия тарихы мекемесінің айтуынша, «оның совет құрылысына қатысуы екі жылдай ғана уақытқа созылды. Сосын ол мемлекет мекемелерінде жұмыс істеуден қол үзіп, жеке адвокатурамен шұғылданды, бұрынғы үстем тап өкілдерімен байланыс жасап тұрды, топтық күрестер мен өсектерге қатысты». Жауап хаттың түйіні ретінде одан әрі: «Ақыры Б.Б. Қаратаевтың өзі Коммунистік партиямен байланысын толық үзді», – делінеді...

Бұл қорытынды жасалғалы бері ширек ғасыр өтті. Тәуелсіздік келді. Аталмыш мекеме мұрағатқа айналды. Айтулы тарихи кезең күн тәртібіне басқа мәселелерді шығарды. Кеңестік дәуірдің тұғыры шайқалғанша жабық жатқан ұлттық мемлекеттілігіміздің Алаш-Орда сынды белесінің

қастерлі тарихы жаңғырды. Алаш зиялыларының есімдері ағарып, рухани өмірімізге орала бастады.

Осының бәрі кезінде алаш партиясына қосылмаған, Алаш-Орда жайында артына күрделі сыни еңбек қалдырған Бақытжан Қаратаевтың азаматтық тұлғасын жаңаша бағамдау жұмысын кешеуілдетіп келе жатқандай. Бұл іске енді, бәлкім, қайраткердің туғанына 150 жыл толып отырған биылғы мерейлі датаға орай назар аударылатын шығар. Өйткені ол патшалыққа қарсы өркениетті күрес жолына түскен күллі қазақ саяси күрескерлерінің шын мәнінде ізашары болған ерен азамат. Жекелеген алаштық қайраткерлермен арадағы көзқарас алшақтығына қарамастан, оның 20-ғасырдың алғашқы ширегіндегі белсенді саяси қызметімен алаш мұратына, алаш ісіне қосқан үлесі өлшеусіз зор.

8 қыркүйек 2010 ж.

5. Қазақ жер-суы үшін күрескен қайраткер

Революцияға дейінгі ұлт қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне шұқшия көз салуым өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан басталған еді. Бұл әуестігіме, әсіресе, «Социалистік Қазақстан» үшін Бірінші орыс революциясының 80 жылдығына орай мақала әзірлеу барысындағы ізденістерім ерекше серпін берді. Бүгінде жұртшылыққа кеңінен әйгілі Қоянды петициясын сонда мұрағат қорынан кезіктірген едім. Азаттық қозғалысының ғасыр басындағы көріністері 1905 жылы заман талабына сай жаңаша өрістеу жолына түскенін алғаш сол тілек-хаттан шамаладым. Мәселеге қызығушылығым арта түсіп, қозғалыс қайраткерлері мен олардың іс-әрекеттері жайында көбірек біліп алуға тырыстым. Білгендерім мен қорытқандарым кезінде белгілі дәрежеде мерзімді басылымдарда жарияланып тұрды. Соңғы он шақты жыл бедерінде тарихи-танымды туындылардан тұра-

тын «Рух-Сарай» атты топтамама арқау болып келе жатыр. Кейіпкерлерімнің бірі – қазақтың әділет, теңдік көксеген жиырмасыншы ғасыр басында ұлттық қозғалысы көшбасшыларының бірі болған Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев.

Мен бұл кісінің өмір жолын, ол бел ортасында жүрген оқиғаларды түрлі еңбектер, зерттеулер, естеліктер, қайраткердің өз жазғандары арқылы жан-жақты қарастырдым. Қарастыра келе, оның алғашқы революция жылдары қазақ мүддесі жолында аянбай күресіп, нақты істер тындырған үлкен күрескер болғанына көзім жетті. Осы жайында айтқым келеді.

Көзқарақты оқырманға көптен мәлім, Бақытжан Қаратаев Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетін есімі бетіне ойып жазылған алтын медальмен 1890 жылы бітірген. Жас маман Билік жасаушы сенатта қалдырылады. Сонда бір жылдай жұмыс істейді. Одан Кутаисиге тергеушілік қызметке жіберіледі.

Ол қоғамдық-саяси тыныс-тіршіліктің астанадағы буырқанысын студенттік шақтан білетін, біліп қана қоймай, араласып та жүрген, сонысы үшін полиция тарапынан бақылауда болып, ескерту алып та үлгерген. Ал Кавказда грузиндердің саяси қозғалысын өз ынтасымен қатар, қызмет бабына орай да жан-жақты таныды. Көптеген қоғам қайраткерлерімен тікелей таныс болды, империядағы ұлт мәселесін терең тани түсті.

Алты жылдан кейін туған өлкесіне, қазақ елінің батысына оралғанында, отарлық озбырлықтың мұнда бұрынғыдан да өрши түскен көрді. Ішкі губерниялардан шаруаларды қазақ жеріне әкеліп қоныстандыру үшін қазақты үйреншікті жер-суынан түрлі әдіспен ығыстыру әрекеттері көз алдында жүзеге асырыла бастады. Отар қамытын киген қазақтың соңғы наразылық көтерілістері Қаратаевтың бала кезінде, 1869–1870 жылдары империяның қарулы күшімен тұншықтырылған еді, содан бері іштен тынған халық енді ата қонысынан амалсыздан көшіп жатқан. Қаратаев мұндай заң-

сыздыққа ара түсе алмады. Бәлкім, ара түспек әрекеттерінің салдарынан болар, оған өлкеде білім-білігіне сәйкес қызмет тұтқасы ұстатылмады. Сондықтан жеке адвокаттық кәсіппен шұғылданып жүрді.

Империядағы революциялық қозғалыстың дүмпуі оны нақты саяси жұмысқа араластырды. Үкіметтің шегіністерге баруы нәтижесінде туған 1905 жылғы құжаттар – халықтан мұқтаждықтары көрсетілген петициялар қабылдау (18 ақпандағы), елде ождан бостандығын қамтамасыз ету (17 сәуірдегі) туралы патша рескриптері мен заң шығаруға кеңесшілік жасайтын жоғарғы мекеме құру жөніндегі ішкі істер министрі ұсынған жоба – ұлт қайраткерлерінің, соның ішінде Бақытжан Бисәліұлының да қоғамдық белсенділігін арттырды. Ол Орал облысы қазақтары тарапынан министрлер кабинетіне петиция берілуін ұйымдастырды. Халық бастан кешіп жатқан рухани қыспақ пен жер таршылығы баян етілген, болашақ Мемлекеттік думада қазақ өкілдеріне де орын берілуі жайында ел өтініші тұжырымдалған талап-тілектерін зиялылар делегациясымен бірге 1905 жылғы жазда императордың қабылдауына кіріп те білдірді. Бұл әрекетті большевизм идеологтары тарих сахнасынан кеткендерінше «атқамінерлердің патшаға жағымпаздануы» деп бағалаудан танбады. Мәселен, Зейнеп Бақытжанқызы Қаратаеваның әкесінің қызметін жұртшылыққа дұрыс түсіндіруді сұраған хатына орай республика Партия тарихы институтының директоры Жоғарғы Кеңес Төралқасына 1986 жылғы 16 сәуірде қайтарған жауабында: «Қаратаев Б.Б. Қазақстанның Октябрь кезеңіне дейінгі феодал-бай интеллигенттері лидерлерінің бірі, кадет партиясының мүшесі болған. 1905 жылғы шілдеде қазақ бай-феодалдары мен кадеттерінің делегациясын басқарып, II Николай патшаның мұрагерінің тууымен құттықтауға барды. Қабылдау кезінде патшамен бірге суретке түсті», – деп жазды...

Алайда, шынтуайтына келгенде, Қаратаевтың зиялылар өкілдерімен патша алдына барып өтініш білдіруі империя-

дағы жалпы наразылық қозғалыстарын үстемелей түсіп, әйгілі 17 қазан манифесінің тууына өз деңгейінде ықпал етті, сөйтіп, шақырылмақ Мемлекеттік думаға қазақ арасынан да депутаттар сайлануына олар қол жеткізді деп сеніммен айтуға болады. Аталмыш хаттағы патшаны мұрагерінің туған күнімен құттықтауға Қаратаевтың «қазақ бай-феодалдары мен кадеттерінің делегациясын басқарып» барғаны хақындағы тіркеске мұқият назар салсаңыз – республика партия тарихшыларының әсірелеу мен бұрмалауға тарих сахнасынан кетер алдында да оң иығын беріп тұрғанын аңғарасыз: делегация II Николайдың қабылдауына кірген шақта кадет партиясы әлі ұйымдаспаған болатын.

Конституцияшыл-демократтар партиясы 17 қазан манифесімен қатар өмірге келді. Қазақ зиялылары бұл саяси оқиғаға үлкен үміт арта қарады.

Тарихта айтылатын «бес қазақ облысының өкілдері» Орал қаласында Бақытжан Қаратаевтың бастауымен бас қосып, сондай саяси ұйым құру қажеттігі жайында ақылдасты. Олар, бірақ, тарихи еңбектерде әсіренткі баға беріп айтылып жүргендей, партияны құрумен шұғылданған жоқ.

Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы 1905 жылғы желтоқсанның екінші жартысында Орал қаласында өңір аймақтары өкілдерінің жиналысында құрылып, оның Бақытжан Қаратаев бастаған Орталық комитеті сайланды.

Сондай ұйымның 1906 жылдың басында Семейде ұйымдасуы ықтимал еді, бірақ «бес қазақ облысы өкілдерінің» Оралдағы съезіне қатысушы Әлихан Бөкейханов Семейде өтпек жиналысқа бара жатқан жолында тұтқындалды. Дегенмен ол кадеттер партиясы мен оның бағдарламасы жайында өзі Мемлекеттік думаға депутат болып сайланғаннан кейін, 1906 жылдың жазында, Петербургке жүрер алдында өткен жиналыста әңгімеледі. Бірақ онда партия құру немесе жұрт жалпы бағытын мақұлдап тұрған партияның бөлімшесі ретінде рәсімделу тұрғысынан ешқандай іс-әрекет жасалмағанды.

Сондықтан да Оралда 1905 жылы Бақытжан Қаратаевтың басшылығымен құрылған қазақ кадеттерінің ұйымы Қазақстан аумағындағы тұңғыш және жалғыз ұлттық саяси партия болды. Қазақ конституцияшыл-кадеттері өз партиясының бағдарламасына империя астанасында шаңырақ көтерген кадеттер ұстанымын негіз етіп алғанмен, оның кей бабын ұлт мұқтажына орайластырып, қайта тұжырымдады.

Жоғарыда аталған 1986 жылғы хатында Қазақстан партия тарихы институты Қаратаевты «аграрлық мәселеде царизмнің отарлау саясатын қуаттады» деп күстаналап, нақты жағдайды бұрмалаған еді. Ал іс жүзіндегі ахуал басқаша болатын.

Империя құрсауына түскелі қазақ елінде жер мәселесінің мейлінше өзекті болып кеткені Оралға партия құру жиналысына жиналған делегаттардың баршасына аян еді. Еділді, Жайықты алған орыс патшасы қазақтың атамекенін қусырып келе жатқалы талай жыл болған. Қазақ халқы орман-тоғай, шалғынды жер-судың көбінен айрылды. Жаулаушылар жайылымды тарылтып, қоныстарды бірінен соң бірін өз қарамағына алды. Үкімет өзінің заңдарымен қазақ жерін мемлекет меншігі етіп жариялады. Мемлекет меншігі деп тапқан шұрайлы аумақтарға ішкі жақтан ауган келімсектерді орналастырды. Ал тіршілікке қолайсыз өңірлерге ауысқан жергілікті халық күн өткен сайын кедейлене берді.

Сондықтан да қазақ партиясы байырғы ата-баба мұрасын өзіне қайтарып алу және оны сақтау жолында күреседі деп ұйғарылды. Бұл үшін бағдарламада аталмыш мақсат былай тұжырымдалды: «Қазақ халқының жері мен суы мәңгілік өзіне тән, қазақ жерінің заңды қожайыны – қазақ және оған ешкімнің ортақтығы жоқ».

Қазақ партиясы эне-міне депутаттар сайланғалы тұрған Мемлекеттік думада жасалуға тиіс империяның негізгі заңына осы ақиқаттың еш бұлтасыз жазылуы үшін күреседі. Қаратаев пен оның үзеңгілестері үкіметтің қазақ жеріне қарашекпендер мен мұжықтарды көптеп көшірудегі мақсатының

ішкі облыстарда жер тапшылығына байланысты туындап жатқан жанжалдан өз алпауыттарын құтқарып алу екенін бек түсінді. Мұны қазақ жер-суы есебінен жасаудың бұрыстығын, мұқтаждарды жермен қамтамасыз ету ісін өз аймағында да реттеуге болатынын атап көрсетіп, партияның бағдарламасына «орыс мұжықтарының жері өздерінің отырған жерлерінде көбейтілсін» деген талапты тұжырымдап қосты.

Алғашқы ұлт партиясын құрушылар «қазақ жері мәңгілік өз қарамағында қалсын, оны өздерінің рұқсатынсыз ешкім ешқашан ала алмайтын болсын» деген сенімде еді. Олар сол сенімдерінің негізгі заңға кіргізілуі үшін күресуге құлшынды. Байқалып тұрғандай, тұңғыш ұлттық партияны мақсатты түрде арнайы құрып отырған Қаратаев «патшалықтың отарлау саясатын қолдады» деудің қисынсыз жала екенін бұдан оңай аңдауға болады.

Рас, Санкт-Петербургтегі кадеттер партиясының көсемдері қазақ кадеттерінің жер-су хақында мұндай еркінсуін көтермеді, ащы сынға алды. Бәлкім, сондықтан да болар, Қаратаев Екінші Думаға депутат болып сайланып келгенінде, парламенттің кадеттер фракциясына емес, мұсылмандар фракциясына тіркелді.

Бірақ бұл өздерін «Халық бостандығы» партиясы деп атаған кадеттермен оның мүлдем ат құйрығын үзіскені деген сөз емес-ті, ол алға қойған мақсатын орындау үшін олармен де, октябристермен де, социал-демократтармен де қызметтес болып жүрді.

Ал Қаратаевтың II Мемлекеттік дума құрамында жұмыс істеген кезінде күйттеген басты шаруасы – қазақ халқының пешенесіне жазылған өткір де өзекті мәселені, бабалар аманат еткен атамекеніндегі шұрайлы жер-суын озбырлықпен орынсыз отарлаудан қорғауға тырысуы еді. II Дума мүшесі Бақытжан Қаратаевтың бұл ретте атқарған ісі оны сол тұстағы ұлт қайраткерлерінің ең озық ойлысы, ең шоқтығы биігі етіп көрсетеді. Парламенттік күрес жолында мүмкін

болғанның бәрін жасаған белсенді де беделді қайраткер екенін танытады.

Қаратаев өткір де дәл пайымдарымен билікке көп қолайсыздық туғызған болатын. Ол, Орал облысынан сайланып келген депутат, Екінші Мемлекеттік думаның мүшесі ретінде, жер мәселесін әрдайым жалпықазақ мәселесі етіп қойып отырды. Қазақ даласының әр облысынан сайланған өкілетті өкілдерді – Ақмоладан келген молда Шәймерден Қосшығұлов, Семейден келген болыс Темірғали Нұрекенов, Торғайдан келген заңгер Ахмет Бірімжанов сынды депутаттарды бастап үкіметке барды.

Бас министр Столыпиннің алдында қоныс аударушыларға беріліп жатқан Семей, Орал, Торғай облыстарындағы жерлерді қорғауға тырысты. Жерге орналастыру және жер өңдеу істерінің Бас басқарушысы князь Васильчиковке кірді. Осынау ауыл істері министріне олар кейінгі жылдары орын алып отырған жер-суға қатысты мәселелерді өздері өкілдік етіп отырған өңірлердегі ахуалмен байланыстыра әңгімеледі.

Қазақ даласына орталықтан ашқұрсак шаруаларды тоғыту ісін доғарса, переселен қозғалысын уақытша болса да тоқтата тұрса, ішкі губерниялардан қоныс аударушыларға жер беруден бұрын, бірінші кезекте, қазақ халқын жермен қамтамасыз етсе деген тілек айтты.

Думадағы қазақ қайраткерлерінің ұдайы ізденістері нәтижесінде, министрлер кеңесінің төрағасы Столыпин Дала облысы қазақтарын жерге орналастыру мәселесі бойынша Ішкі істер министрлігі жанынан комиссия құруға мәжбүр болды.

Переселен істерін қазақ халқының нақты мұқтаждықтары мен мүдделеріне үйлестіруді көздеуге тиіс бұл комиссияның алғашқы отырысы 1907 жылғы 24 наурызда өтті. Оған Қаратаев бастаған қазақ депутаттары да қатысып, өз жер-суларын қорғайтын сөздер айтты. Жергілікті халықтың әдеттегі өмір салтын, шаруашылық қалпын өрескел бұзып жатқан қоныс аудару мәселесін реттеуді төтесінен қойды.

Содан бір апта өткенде олар кадеттерде болды.

Қаратаев Екінші Думаға мүше болғаннан кейін, конституцияшыл демократтармен ескі байланысын жаңғыртқан болатын. Халық бостандығы партиясының төрағасы Петрункевич орталық комитеттің бірінші сәуірдегі отырысында оны серіктерімен бірге тыңдады.

Қаратаев пен серіктері сол жолы кадеттік орталық комитетке Орал, Торғай, Семей облыстарында үкіметтің переселен саясаты салдарынан орын алған қазақтың ауыр ахуалы жайында айтты.

Қазақ депутациясы көтерген бұл мәселе жөнінде кадеттер партиясының орталық комитеті таяудағы күндердің бірінде арнайы мәжіліс құрмаққа уәде етті...

Князь Васильчиков қуынушы Қаратаевқа алдына алғаш келгенінде жиырмасыншы ғасырда мал соңында көшіп жүрудің қалыптағы құбылысқа жатпайтынын айтқан. Сондықтан көшпенділерді отырықшы ету керек деген, яғни үкіметтің переселен саясатын өте дұрыс деп есептейтінін аян еткен.

Алайда, Қаратаевтың иланымынша, үкіметтің сол тұстағы саясаты қазақтарды отырықшы етуге емес, керісінше, құнарсыз шөл далаларда мәңгі босып, көшіп жүруге итермелейтін еді...

Премьер-министр Петр Столыпин Думаға алғаш алтыншы наурызда келгенінде, «патшаның қалауымен жасалып отырған өзгерістердің бәрі Ресейді құқықтық мемлекетке айналдыруға тиіс» деген-ді.

Үкіметтің міндеті ретінде шаруалардың мұқтаждықтарын заңды жолмен шешу тәртібін көрсету ойластырылып қойғанын айтқан. Шаруаларға жағдай жасау үшін, үкімет оларға мемлекеттің жерлерін бөліп беретінін, жерді шаруалардың емін-еркін сатып алу мүмкіндігін арттыруға Шаруа банкі жәрдемдесетінін әңгімелеген.

Шаруалардың общиналардан шығу мүмкіндігін қамтамасыз ету, олардың жеке қожалық құру және хуторлық иелікке көшу мүмкіндіктерін жеңілдету үшін арнайы заңдар

жасау жобалануда деген. Солардың бәрі үкімет тарапынан Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік кеңестің қарауына ұсынылатынын айтқан.

Осындай хабарламасын премьер Столыпин «Ұлы Мәртебелінің үкіметі таза орыстық үкімет болуға тиіс, солай болады да», – деп аяқтады.

Оны Кутаиси депутаты Церетели, Думаның басқа да солшыл мүшелері қатты сынады. Үкіметтің Бірінші Думаны жер-су мәселесіне бола қуғанын еске алды. Жерді мәжбүр ету жолымен бөліп алу жайында мәселе қойылған кезде, үкімет баса-көктеп, помещиктердің мүддесін қорғап шыға келді деді. Сол әдетін Екінші Думада да жалғастырып тұрғанын айтты.

Одан соң фракциялар өкілдері өз мәлімдемелерін жасады.

Соларды талдай келе, Дума мінбесіне үшінші рет көтерілген Столыпин солшыларды «мемлекеттілігімізге қарсы тұрушылар» деп бағалады. Олар «радикализм жолын, мәдени дәстүрлерден азат болу жолын таңдағысы келеді. Түсініңіздер, оларға ұлы сілкіністер керек, ал бізге ұлы Россия қажет!» деді. (Соңғы тіркес саясаткерлердің талай буыны аузынан тастамаған қанатты сөзге айналып кетті.)

Үкіметтік бағдарламаны қостаған октябрист-депутат Теревенков сөзінде: «Мен қоныс аударушылық қозғалыс тек егінші халық мүддесі үшін емес, сонымен бірге шет аймақтарды отарлау үшін өрістетілуге тиіс деп санаймын, – деген пікір білдірді. – Біз өзіміздің шет аймақтарымызды өз адамдарымызбен қоныстандырып болмайынша, ол жерлерді өз қарамағымызға нық бекітіп ала алмаймыз... – Яғни үкімет басы қажет деп айтқан ұлы Россия үшін отарларды орыс қонысы ету керек. – Сондықтан да Мемлекеттік дума қоныс аударту қозғалысын ретке келтіру үшін барлық шараны жасауға тиіс, өйткені шаруаларды Дала өлкесіне көшіріп, қоныс аударту – жер мәселесін шеше отырып, дикандарды жермен қамтамасыз ете отырып, сонымен бірге, Россияға оның шет аймақтарын мәңгі тиесілі етіп бекітіп береді».

Осындай отаршылдық пайдасын дәріптеген тұжырымдардан кейін сөз кезегі Қаратаевқа тиді.

«Мырзалар, бұл мінберден қазақ халқының атынан ешкім сөйлеген жоқ, – деді ол. – Соған қарамастан, біздің мемлекетіміздегі әбден шиеленіскен аграрлық мәселені шаруаларды Дала облыстары аумағына, атап айтқанда, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстары аумағына көшіру арқылы шешіп тастамақ болуда. Аграрлық дағдарыстың шешіміне шаруаларды Орта Азияға қоныстандыру жолымен қол жеткізуге біздің оң жақ орындықтарда отырған бауырларымыз айрықша құмарлық көрсетті».

Осынау «оң жақ орындықтарда отырған бауырлардың» көзқарастарын жер өңдеу мен жерге жайғастыру жұмыстарының бас басқарушысы князь Васильчиков пен Министрлер Кеңесінің төрағасы Петр Аркадьевич Столыпин парламентте жөнсіз қорғап отырғанын атап айтты.

Одан кейін: «Бірақ қазіргі уақытта Мемлекеттік дума мүшелерінің ешқайсысы мыналарды сұраған жоқ, – деген сөздермен Дума мүшелерінің назарын өзекті мәселеге аударуға бұрмақ болды, сосын: – шындап келгенде білуге де тырысар емес, – деп үстемелей түсті де, бар дауыспен: – шаруаларды көшіріп апарып қоныстандырарлықтай артық жерлер қазіргі сәтте азиялық облыстарда бар ма, ол жаққа шаруаларды қоныс аудартуға есіл-дертіңмен жаныңды салып кірісерліктей дайындығың бар ма, табиғи-тарихи, шаруашылыққа жарамдылық, топырақ пен ауа райы жағынан Дала облыстарының барлық бөлігі түгелдей зерттелді ме, жоқ па? – деген сауал тастап, ойын өрбіте берді. – Ешкім мына мәселені ойлап басын қатырған жоқ: осы қоныс аударту шаруалардың өздерінің де, қазақтардың да шектен шыға қиналуымен астаып кетпес пе екен, осы қоныс аударту туземдік қазақтардың қожалықтарының күйреуімен және қожырауымен астасып кетпес пе екен? – дей келе, – Жергілікті халық мүддесімен үйлестірілмеген қоныс аудару, қалай болғанда да, әділдік ретінде құрметтеле алмайды. Ол әрқашанда күштінің әлсіз-

ге зорлықпен күш көрсетуі ретінде ғана бағаланады», – деген ойын батыл аян етті.

Содан соң үкіметтің «қазіргі таңда... шаруаларды әлден-ақ тек көшіріп апарумен ғана» емес, «сонымен бір мезгілде бұл ведомство қазақтарды олардың бауыр басқан ұяларынан, олардың үйлерінен топ-тобымен қуып шығарып жіберумен» шұғылданып отырғанын нақты мысалдар келтіріп әшкереледі. Үкіметтің «помещиктік мүддені... қорғау мақсатында жеріне шаруаларды көшіріп апарып қоныстандыру арқылы қазақтарды жәбірлеп отырғанын» шегелеп көрсетіп, «жекеменшік иеліктердегі жерлерді мәжбүрлеу жолымен иеліктен шығарып алуды қалайтын барлық оппозициялық фракцияларға қазақтардың әрқашан тілектестікпен қарайтынын» жария етті.

1907 жылғы 16 мамырда жасалған бұл батыл мәлімдеме жарты айдан кейін орын алған «3 маусым төңкерісіне» – патша пәрменімен Думаны қууға ұласты...

Қаратаевтың аграрлық мәселедегі ұстанымы большевиктер көсемі Лениннің назарына іліккені мәлім. Ол өзінің «Социал-демократияның 1905–1907 жылдары болған бірінші орыс революциясындағы аграрлық бағдарламасы» атты мақаласында Бақытжан Бисәліұлының Думадағы сөзінен үзінділер келтірді.

Дума тарқағаннан кейін, патшалықтың Оралдағы әкімшілігі оны, үкімет бағытына кереғар көзқарасына бола, қабылдаудан қашқақтады. Бірақ Қаратаев қазақ жер-суын қорғау әрекеттерін жалғастыра берді.

III Мемлекеттік думаға Мұсылмандар фракциясы арқылы «Қазақтарды жерге орналастыру туралы» арнайы заң жобасын енгізу әрекетін жасады. Ол сәтсіз аяқталған соң, шұрайлы жер-судан мүлдем айрылып қалмаудың тиімді жолы ретінде, үкіметтің заңдары ауқымында отырықшылыққа көшу жолын ұсынды. Оны көзі ашық, оқыған интеллигенция өкілдері «Айқап» журналында жарияланған мақалаларында қолдады.

Жер-суды қолда ұстап қалудың сенімді жолын Бақытжан Қаратаев 1910 жылы алға тартты. Бір болыс қазақтарына жер үлесін кестіріп алды да, отырықшылық қалыпта егін салып, мал бағудың жаңа үлгісін нақты ісімен өзі көрсетті. Бұл жайында баспасөз арқылы: «Енді Шідерті болысының қазақтары шүкір етеді: ортамызға қарашекпендерді кіргізбедік, пайдалы жерімізді өзіміз алып қалдық», – деп хабарлап, сол үлгімен халықты «қала салып отырықшы» болуға, «көшпелі атақтан құтылып, шаһарлы отырықшы атануға» шақырды. Өйткені, деді ол, «көшпелі болып жүре берсек жерден, судан айырылатұғын көрінеміз».

Алайда қазақ интеллигенциясының екінші беделді тобы бұл бастаманы қолдамады. Сол жылдары мүмкін болған эволюциялық жолмен отырықшылыққа көшпеген қазақ елінің большевиктік солақай реформалар кезінде қандай қасіретке душар болғаны баршаға белгілі...

Бақытжан Қаратаевтың жер мәселесіндегі көзқарасы мен атқарған істері оның империя ішіндегі қазақ мүддесін мейлінше ұтымды жолдармен қорғауға тырысқан аса көрнекті тұлға болғанын айғақтайды. Ол ағартушылық жұмыстармен, баспасөз ісін жолға қоюмен, қазақтың діни иланымын қорғау істерімен шұғылданды.

Алда тұрған міндеттерді айқындау үшін жалпықазақ съезін шақыру жайындағы бастаманы қолдады. Бұл мәселеде де зиялылардың екі жарылғаны мәлім. Ақыры, қазақ съезі монархия құлағанша жиылмады...

Қаратаев кеңес өкіметін мақұлдады, оны орнатушылардың қатарынан табылды. Оралда совдеп мүшесі, юстиция комиссары болғаны үшін ақтардың түрмесінде отырды. Қазақ жастарынан әскери жасақ құрды, әйгілі Чапаев дивизиясы атты әскер бригадасының саяси комиссары және командирі болды. Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Лениннің қолынан Қазақ революциялық комитетінің мүшесі екенін куәландырған мандат алды. Қазақстан Кеңестерінің I және II съездеріне делегат болды. Жасы ұлғайған шағын-

да ғылыми-зерттеушілік жұмыстармен айналысты. Орал губерниясындағы революциялық қозғалыс, Алаш-Орда тарихы, Әліби Жангелдиннің әйгілі жорығы туралы елеулі еңбектер жазды, Орал қаласын ақтардан азат ету, Чапаевтың қаза табуы жайында құнды естеліктер қалдырды.

1934 жылы Ақтөбе қаласында дүниеден көшті.

Оның бір ұлы (Шәміл, ол кеңестік ірі әскери қайраткер болды, саяси қуғын-сүргін жылдары репрессияланды) – қызылдардың, енді бір ұлы (Мұрат) Алаштың әскері қатарында қызмет етті. Екеуі де, әкесі Бақытжан Бисәліұлы тәртізді, қазақтың музыкалық мұрасын жинаушы Александр Викторович Затаевичке ән-күйлер жаздырған болатын.

Қаратаевтың өмірі мен қызметіне кеңестік кезеңде орын алған ресми көзқарасты шет-жағалай айта кеттік, ал тәуелсіздік дәуірінде түрлі зерттеулер жүргізіліп, бертінде ғылыми конференция өтті. Дегенмен, есімін сіңірген еңбегіне сай ардақтау ісі әлі де өз кезегін күтіп тұр...

16 сәуір 2013 ж.

6. Чужой среди своих

К 155-летию первого казахского юриста, члена II Государственной Думы Бахытжана Каратаева

Будучи убежденным большевиком, Бахытжан Каратаев не принял алашордынскую автономию в декабре 1917-го, однако на склоне лет вышел из рядов ВКП(б). О противоречиях и исканиях этого выдающегося политика рассказывает писатель Бейбут КОЙШИБАЕВ.

– Бейбут Орынбекович, о Бахытжане Каратаеве написано много, но обычно вокруг известной личности роится много и мифов, и домыслов. А что в известной нам биографии ближе к правде?

– Прежде всего Бахытжан Каратаев приходится хану Абулхаиру не правнуком, как пишут, а пра-пра-правнуком. От брака Абулхаира с ханшей Бопай родились пятеро сыновей и дочь. От старшего их сына Нуралы (впоследствии он стал ханом Младшего жуза) и калмычки с Поволжья родился также будущий хан Каратай. Причём Каратай и сам женился на калмычке. У них родился султан Бисалы, отец султана Даулетжана и дед Бахытжана Каратаева. Таким образом, последний приходится Абулхаиру, говоря по-казахски, немене (ұл – сын, немере – внук, шөбере – правнук, шөпшек – пра-правнук, немене – пра-пра-правнук). Юный султан Бахытжан воспитывался у деда, поэтому считался сыном Бисалы.

Во-вторых, до сих пор ничего не писали о его сыновьях. Шамиль и Мурат окончили реальное училище в Уральске, затем – военное в Оренбурге. А в годы революции они оказались в двух противоборствующих политических лагерях. Шамиль в составе казахской советской кавалерии участвовал в освобождении Западного Казахстана от белых, был комиссаром Казахского национального кавалерийского полка. В 1929 году возглавлял этот национальный полк во время переезда центральной власти из Кзыл-Орды в новую столицу – Алма-Ату. Служил военкомом Южно-Казахстанской области, в этой должности был репрессирован и расстрелян в 1938 году. Расстрелян в 1937 году по приговору «тройки» также и старший сын Бахытжана Бисалиевича Габбас (1893 г.р.) с формулировкой – «за подпольную националистическую деятельность». Подробности его трудовой биографии, к сожалению, пока нам мало известны. Мурат Каратаев участвовал в национально-освободительном движении «Алаш», сражался в рядах алашординской милиции и погиб в годы гражданской войны. При этом, заметьте, его отец не принял идеи этого движения.

Младший брат Бахытжана Бисалиевича Магзам Каратаев (юрист с дипломом Императорского Санкт-Петербургского

университета) до революции работал в Казани и Уральске. Трудился в правоохранительной системе и в советское время, расстрелян в тридцатые.

Еще один брат, Арон, получил образование при царизме, дослужился до начальника городской полиции Уральска – обер-полицмейстера. С падением старого режима ушёл в отставку, занялся частным хозяйством. Однако в 1928 году это хозяйство конфисковали, а его самого отправили в ссылку в местность Ащibuлак Алматинского округа. Его дочь Шахзада, жена известного общественного деятеля и учёного Тельжана Шонанова, вместе с мужем расстреляна в 1938-м.

Среди прославивших свой род ближайших родственников Бахытжана Бисалиевича – внук хана Каратая, певец и композитор Мухит. Его дело и талант были продолжены домбристом и педагогом Лукпаном Мухитовым. Другой его сын, Губайдулла Мухитов, тоже певец и композитор, помог Затаевичу записать песни отца. Кроме того, он был деятелем Западной Алаш-Орды, офицером алашской милиции, за что подвергался гонениям. Знаменитый исполнитель песен Мухита – его внук Шайхы Каратаев – наставник Гарифуллы Курмангалиева. Кюйши был и Кубыш Мухитов, профессор Алматинской консерватории. Шынтас Каратаев – автор знаменитой «16 кыз»; другой родственник, один из организаторов оркестра национальных инструментов им. Курмангазы Камбар Медетов, в 30-е годы возглавлял филармонию.

Указывая дату смерти Бахытжана Каратаева – 24 августа 1934 года, не пишут, от чего он умер. На самом деле он погиб вследствие жестокого голода, который он перенёс вместе со своими земляками. Кроме полуголодного существования и болезни его подкосили постоянные переживания за свой народ: известно, что с трибуны Госдумы он открыто критиковал российскую переселенческую политику, вытеснявшую казахов с их лучших земель, а позднее и Голощекина – за организацию голодомора.

– Как свободомыслие отразилось на судьбе Каратаева?

– После переворота от 3 июня, когда Госдуму разогнали, а казахов лишили права избираться в её депутаты, ему, к примеру, отказал в приёме губернатор Уральской области. Он попал в списки неблагонадёжных, за ним установили круглосуточную слежку. Лишившись возможности получить место в правительственных органах, Бахытжан Бисалиевич занялся общественной деятельностью. Он, как и прежде в Госдуме, пытался законодательно защищать права казахов, активно сотрудничая с мусульманской фракцией Думы по разработке законопроекта, касающегося землепользования казахов. Когда проект провалили, он занялся переводом казахов Джамбейтинской и Чидертинской волостей на осёдлость, приобщением их к земледелию и новому ведению скотоводства. В 1910 году он добился выделения соотечественникам земельного участка согласно правительственной норме. Однако эта инициатива Каратаева, эволюционный переход к осёдлости, не была поддержана.

Мы знаем, что позднее большевики сломали хребет кочевому скотоводству, и во главе этой жестокой реформы стоял Голощёкин. Когда в лютом 1932 году Каратаев прилюдно обвинял его в организации голода, Голощёкин, может быть, и думал о мести. Во всяком случае, он не стал заботиться о больном и голодающем старом большевике, как не заботился и о вымирающем народе. Вину за эту трагедию, унесшую 4 миллиона жизней, Голощёкин переложил на «классовых врагов», якобы умышленно допускавших перегибы в животноводстве, в том числе и на Каратаева...

– *Чем занимаются сегодня потомки Бахытжана Каратаева?*

– Из его детей до наших дней дожила Зейнеп Бахытжановна, мне довелось ее застать. Она проживала в Алматы и почти всю жизнь упорно отстаивала честное имя отца. Ведь, несмотря на то, что он не воспринял идеи алашевцев и встал на сторону большевиков, как потомка ханов его не жаловали в советское время. С другой стороны, ещё будучи студентом

университета в Санкт-Петербурге, он находился под наблюдением жандармерии, документальные подтверждения этого ещё в 70-е годы прошлого века выявил исследователь Мустафа Исмагулов. То есть при обоих режимах он был как бы чужим среди своих. Хотя с ним при его жизни считались и побаивались: Зейнеп Бахытжановна рассказывала, что во время учёбы на рабфаке в Оренбурге её не раз исключали как дочь «буржуя». И всякий раз приезжал отец и восстанавливал её на учебе.

В Актюбинске в 1993-м скончалась её старшая сестра Софья, которая прожила до 90 лет. Их дети, а также потомки старшего сына Каратаева, Габбаса Бахытжановича, ныне живут в Алматы и Актобе.

– Действительно ли Бахытжан Каратаев служил в Чапаевской дивизии?

– После переворота в Уральске, учинённого войсковым правительством казачества в марте 1918 года, Каратаев (комиссар юстиции) вместе с другими членами Уральского совдепа попал в плен к белым и сидел в тюрьме до начала 1919 года. Там он вёл дневник, где есть запись о том, что большевики – сила, уничтожающая все старое, отжившее, которое уйдет с исторической сцены, уступив место строителям новой жизни – созидателям.

Когда Уральск освободили, Каратаев возглавил казахское отделение областного совета и создал из джигитов добровольную кавалерийскую бригаду. Организовал их обучение в Аткарске. Бригада эта так и называлась – каратаевской, она влилась в четвертую армию Восточного фронта. Каратаев служил начальником политотдела бригады в составе 25-й стрелковой дивизии Чапаева.

В краеведческом музее Актобе есть посвящённая Бахытжану Каратаеву экспозиция, где представлены его документы и личные вещи. Издаются его труды, труды современников о нём, к 150-летию в Алматы прошла научная конференция. Думаю, нам остаётся ещё изучить истоки и причины непри-

ятия Бахытжаном Каратаевым идей Алаш-Орды и вместе с тем – его место в национально-освободительном движении в целом. Также надо бы подумать над увековечением памяти этого выдающегося казахского интеллигента.

– *А как вы думаете, почему Бахытжан Каратаев не принял идей Алаша, ведь мы знаем, что они были прогрессивными, как и сами алашевцы?*

– В конце 1905 года он создал и возглавил в Уральске Казахскую конституционно-демократическую партию. Она была как бы филиалом центральной кадетской партии, но в её программе было сказано, что хозяином земли, объявленной государственной, является казахский народ и партия будет бороться за возвращение её исконному, историческому владельцу. За этот пункт в Петербурге Каратаева жестоко раскритиковали члены ЦК кадетской партии.

Как следствие, он сблизился с социал-демократами, хотя с отдельными кадетами сохранил нормальные отношения. Избираясь депутатом в 1907 году во вторую Госдуму, вошёл в состав мусульманской фракции, как и другие депутаты-казахи (лишь Мухамеджан Тынышбаев записался в кадетскую фракцию).

И в последующие годы он больше выражал себя как социал-демократ. Активно способствовал созданию демократической газеты на казахском и русском языках «Казахстан», изданию её сначала в Урде, а затем в Уральске в 1911–1913 годах. К примеру, чего стоит одна только публикация о забастовке рабочих на золотодобывающих приисках, о печально знаменитом Ленском расстреле 1912 года.

Да, он был лидером национально-освободительного движения, но в некоторых вещах расходился с соратниками. В частности, Каратаев призывал воспользоваться государственной нормой в 15 десятин земли и получить участки сразу на целые волости, чтобы люди могли осесть на плодородных землях, но этот призыв не поддержали. В 1914 году он был сторонником немедленного созыва общеказахского

съезда, но другие лидеры посчитали эту затею опасной, неосуществимой.

После февральской революции, на общемусульманском съезде в Москве, он стоял за прекращение участия Российской империи в мировой войне. По сути, это была большевистская позиция, и в мае он вступил в партию большевиков. Он считал, что она принесет казахам подлинное национальное освобождение, поэтому с тех пор не участвовал в общеказахских съездах. И в декабре 1917 года не воспринял алашординскую автономию, продолжая работать в советах.

Как я уже сказал, в 1918–1919 годах Каратаев сидел в белогвардейской тюрьме, а после – в рядах Красной армии с оружием в руках утверждал советскую власть. 24 июля 1919 года получил мандат члена Военно-революционного комитета по управлению казахским краем за подписью самого Ленина. В том же 1919 году участвовал в переговорах правительства Западной Алаш-Орды, которые возглавлял Джанша Досмухамедов, пытаясь склонить его к признанию советской власти. Когда-то Каратаев напутствовал в большую жизнь юного Джаншу, выпускника реального училища: по его совету Досмухамедов выучился на юриста в Императорском Московском университете (ныне МГУ имени М.В. Ломоносова) и дослужился в Сибири до генерала юстиции.

И лишь в 1926 году, убедившись в антинародной сущности политики большевиков, Бахытжан Каратаев вышел из рядов партии. Думаю, ему было очень нелегко в 66 лет признать свои заблуждения. Уже на склоне лет он написал об истории Алаш-Орды, где так же критически оценивал её деятельность.

Беседовала **Алипа Утешева**
15 декабря 2015 г.

СЕРӘЛІ ЛАПИН

Ориенталист Лапин ♦ Өмірдерек ♦ Жете танылмаған тұлға

1. Ориенталист Лапин

Қазақтан шыққан тұңғыш шығыс сәулет өнері тарихын зерттеуші, ағартушы әрі адвокат Серәлі Лапиннің туғанына 120 жыл болды.

Орыс және қазақ халықтарының ертеден қалыптасқан достық қарым-қатынастарына мысал іздегенде біз ең алдымен аузымызға Абай, Шоқан, Ыбырай секілді әйгілі бабаларымызды аламыз. Ал байыптап қарасақ, өткен ғасырда солармен қатар әлденеше ондаған азаматтың ұлы достық іргетасын қалауға хал-қадерінше үлес қосқанын көруге болады. Осы ретте бүгінгі ұрпақ назар аударуға тұрарлық қызықты тұлғаның бірі Серәлі Мұңайтпасұлы Лапин екенін айтқымыз келеді.

1895 жылы Россия шығыстанушыларын елең еткізген екі кітапша жарық көрді. Екеуі де Самарқанда шықты. Екеуінің де авторы – Самарқан облыстық басқармасының тілмашы Серәлі Лапин. Кітапшаның бірі – «Самарқан қаласының тарихи ескерткішіндегі жазулардың аудармасы», екіншісі «Орыс-өзбек қалта сөздігі. Түркістан өлкесіндегі отырықшы түземдіктермен күнделікті тұрмыстық әңгімеге арналған 4000 сөз, өзбек тілінің қысқаша грамматикасы қоса тіркелген» деп аталады.

Алғашқы еңбегінде Лапин: «Бұл жазулардың дені бүгінде оқылуы қиынға түсетін көне емлелермен (сюльси және зюльфи) араб тілінде жазылған... өз бетімше тәржімалаған

кезде мен мүмкіндігінше түпнұсқадан ауытқымауға тырыстым, тек сөзбе-сөз аудару орыс тілінде логикалық және стилистикалық қисынсыздықтарға ұрындырған жағдайларда ғана еркін кетіп отырдым»¹, – дей келе, Гури-Эмир («Әмірдің көрі (моласы, зираты)» мавзолейін, Шаһи-Зинда («Тірі патша»), Регистан («Құмдауыт жер») ансамбльдерінің мавзолейлері мен медреселерін безендірген ою тектес өрнекті жазуларды орысша сөйлетеді. Көненің көзі барша болашақ ұрпақ үшін қашанда қызықты дәуірдің хабаршысындай болып, көкірегінде сәулесі бар жанды өзіне тарта бермек, өйткені ежелгі дүние ескерткіші, Ф. Энгельстің сөзімен айтқанда, күллі кейінгі прогрестің негізі болып табылады. Серәлі Мұнайтпасұлының шағын кітабы зиялы қауым назарынан тап сондай себептермен қағыс қалмаса керек.

«Туркестанские ведомости» газеті 1895 жылғы 76-санында кітапқа рецензия жариялап, еңбектің өлке тарихына қызығушылық білдіретін адамдарға пайдалы болмағын атап айтты. Осы газеттің 1896 жылғы екі номерінен мен кітаптың жекелеген жерлерін сынаған мақалаларды да кезіктірдім. 13-санда «Библиографиялық заметка» деген тақырыппен берілген сынды Н.Ф.П., 20-сандағы «Тағы да Лапин мырзаның кітапшасы туралы» деген атпен редакцияға жолданған хатты В. деген авторлар жазыпты. «Ведомостарда» басылған пікірлердің бұлармен шектелмеуі мүмкін, зерттеушісі табылса, осы басылымнан да, «Түркістан туземдік газетінің» бетінен де қосымша мағлұматтар ұшыратуы ықтимал.

Жоғарыда көрсетілген инициалдардың иесі кімдер екенін іздестіріп байқап едім, алғашқысын ажырата алмадым, ал екіншісі – Вяткин боп шықты. Кәдімгі аты әйгілі шығыстанушы, Самарқан ескерткіштерінің аса көрнекті білгірі, 1908 жылы Ұлықбек обсерваториясын тапқан Василий Лаврентьевич Вяткин. Лапиннің аталмыш кітабы шыққан

¹ Туркестанские ведомости. 18 февраля 1896 г.

тұста ол даңқ тұғырына көтеріле қоймаған, бірақ шығыс қолжазбалары мен эпиграфикасын оқып, аударумен қатты шұғылданып жүрген болатын. Мұғалімдер семинариясын бітіріп келіп, ылғи Самарқанда тұрған, Бартольдтың басшылығымен Афрасиабтағы қазба жұмыстарына қатысқан Вяткин Лапинмен жақсы таныс болды деп жорамалдауға болады. Олардың жасы да шамалас. Вяткин де, Бартольд те 1869 жылы туған, Лапиннен бір жас кіші.

Бартольд әлденеше еңбектерінде Серәлі Лапинге сілтеме жасайды.

Қазақ совет энциклопедиясында мынадай қызық дерек бар: «1893–94 жылдары Орта Азияға ғылыми мақсатпен келген академиктер В.В. Бартольд, Н.И. Веселовский Лапиннен түркі тілдері бойынша дәріс алды» (7-том, 183-бет).

Тағы бір көңіл аударарлық жәйт – Василий Владимирович пен Серәлі Мұнайтпасұлы ИСПУ-ды бір жылда, 1891 жылы бітірген. Бартольд Императорлық Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде, Лапин заң факультетінде оқыды. Араб, парсы, т.б. тілдерді жете білгеніне қарағанда, Серәлі Лапиннің студент кезінде Василий Бартольдпен бірге шығыс тілдерінен дәріс тыңдап жүрген болуы ғажап емес. Әйгілі ғалымның еңбектерін, архивін, Лапинмен жазысқан хаттарын арнайы зерттеген кісінің жас ұрпақ үшін тағылымды тұжырымдарға келері сөзсіз.

Екінші кітап – Серәлінің 1895 жылғы сөздігі – Россия шығыстану ғылымындағы жаңа мектептің негізін салушы, Петербург Ғылым академиясының академигі Виктор Романович Розеннің ілтипатына ие болды. Розен ол туралы 1896 жылы «Императорлық Орыс археология қоғамы Шығыс бөлімшесінің жазбалары» деген ғылыми журналдың 9-санында рецензия жариялады. Аталмыш кітапшаның 4-басылымы 1914 жылы жарық көріпті. Ал 1900 жылы Лапин «Орыс-тузем (қазақ)» сөздігін шығарыпты (ҚСЭ, 7-том, 183-бет). Оның түркологиядағы қолтаңбасы Баскаков, Крымский, Чабров секілді ғалымдардың еңбектерінде аталған.

Сөздік («Карманный русско-узбекский словарь Сер-Али Лапина») «лингвистикалық сипаттағы түркологиялық еңбектердің ішіндегі» елеулілердің қатарында Бартольд қаламына² да іліккен (Шығармалар жинағы, 9-том, 594-бет).

Лапиннің бізге беймәлім басқа да еңбектері бар болуға керек, мәселен Бартольд Мавераннаһр тарихын зерттеген жұмысында Самарқан облысының 1896 жылға арналған анықтама кітапшасындағы «Лапин мырза келтірген басқа аңыздарға» да сілтеме жасайды (1-том, 143-б.). Ал оның «Самарқан ескерткіштері туралы жаңа мәліметтер» деген очеркіне қарағанда – Лапин өзіндегі Туһват әл-Хани қолжазбасын мұқият оқып, ашық жиегіне ойларын түсіріп отырған тәрізді. Онысына Веселовскийдің де назар аударғанын айта келіп, жазуларды Бартольд ғылыми айналымға қосқан (4-том, 39-бет).

Жалпы, Лапинде көне қолжазбалар көп болған.

1902 жылдың жазында Түркістан өлкесіне келіп қайтқан сапарынан кейін жазған есебінде Бартольд былай дейді: «Мен частный поверенный (Самарқан облысы губернаторының бұрынғы тілмашы) Сер-Али Лапиннің жиғандарымен таныстым: қолжазбаларды марқұм граф Н.Я. Ростовцев сатып алған көрінеді, Лапин мырзаның сөзіне қарағанда, граф қолжазбаларды оған көзінің тірісінде өзі беріпті. Қолжазбалар жетеу екен...» (8-том, 157-бет). ҚСЭ келтірген деректерге қарағанда Лапин «өзіне дейін белгісіз болып келген «Туһрат әл-Хани», «Шаһнама...» дастандары нұсқаларын шығыстану ілімінде тұңғыш рет Орта Азия және парсы тіліндегі қолжазбаларын тапты; Шаһи-Зинда, араб қолбасшысы ибн Куссам жайлы аңыздарды жазып қалдырды... «Шаһнаманы» Лапиннің парсы тілінен ауызша тәржімелеуі бойынша Молда Ораз қазақша жырлаған...» (ҚСЭ, 7-том, 183-бет). «Самарқандағы көне архитектуралық ескерткіштердің... салынған жылын (араб әріптерінің орналасу жүйесіне байланысты), салдырған адамдарды (мыс., Са-

² Бартольд В.В. Сочинения. Т. I–IX. Москва: «Наука». 1963–1977 гг.

марқандағы Шир-Дор – «арыстан таңбалы ғимарат», Тилля-Кари – «алтынмен, ділдәмен апталған» – медресесін Кіші жүз... Жалаңтөс баһадүр салдырған) және сонау жәдігерлерді тұрғызған сәулетшілердің есімдерін анықтады» (ҚСЭ, 12-т., 242-бет).

Серәлі Мұнайтпасұлының қоғамдық қызметі, Россия мен қазақ елінің достық байланысын күшейте түсуге тікелей сіңірген еңбегі де өз алдына бір төбе.

Ол Түркістан өлкесінде қазақ балалары үшін мектеп ашу ісіне араласты, әрі өзі ашысқан орыс-түзем мектептерінің кейбірінде сабақ та берді. 1900–1904 жылдары «Туркестанские ведомости», «Оренбургский листок» газеттері беттерінде қазақ, өзбек, қырғыз секілді түркі халықтарының атауларын дұрыс қолдану жөнінде мәселелер көтерді. Оның адвокаттық қызметінің пайдасын қарапайым халық 1905 және 1916 жылдары айқын сезінді. Осы кездердегі ұлт-азаттық көтерілістерге қатысқаны үшін өлім жазасына кесілген жергілікті халық өкілдерін (қазақ, қырғыз, өзбек) ақтауы Лапиннің заң қызметіндегі үлкен еңбегіне саналады. Ол Түркістан өлкесінде тұратын мұсылмандардың жинаған қаржысына Петербургте 1913 жылы мешіт салу ісіне де атсалысты (ҚСЭ, 7-т., 183-бет).

Бірінші орыс революциясы жылдары жергілікті халық оның кеңес, пікірлеріне зор ынта қойып құлақ түрді, ол берген ақылға сай әрекет етті. Серәлі олардың атынан талапнама жазып, үкімет орындарына жолдауға жәрдемдесті. «Шыққан тегі Перовск уезінің Кеңтүп облысының киргизі боп табылатын частный поверенный Сер-Али Лапин үйреткен... ойлар.. жазылған петиция Перовскіде Сырдария губернаторын әбігерге салды», – дейді Е. Федоров «Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыс очерктері» атты кітабында³.

Лапиннің қызметіне жасаған азын-аулақ шолуымызды осымен дөңгелентіп, енді оның жеке өміріне шамалы көз тастайық. Анықтамалықтың сараң деректерінен Серәлінің

³ Федоров Е. Очерки национально-освободительного движения в Средней Азии». Ташкент. 1925. С. 44.

1868 жылы Ақмешітте туғанын, кедей керуен-қосшының баласы екенін, жасында ою-өрнек өнеріне, өлең-жырға әуес болғанын, 1919 жылы Самарқанда қайтыс болып, Шаһи-Зинда мавзолейіне жерленгенін білеміз. Петербург университетін бітіріп, аудармашылық, зерттеушілік, тілмаштық, адвокаттық қызметтер атқарғанынан біршама хабардар болдық. Олардан басқа, кең жұртшылыққа беймағлұм мәліметтерді біз Серәлінің туған қарындасы, қазір тоқсанды алқымдаған Гүлэндәм қариядан естіген едік.

Көшпелі малшы Лапы деген кісінің қартайып көрген ұлы Мұнайтпас жасынан пысықтығымен, іскерлігімен танылыпты. Еті тірі жігіт біртіндеп өзіне жетерлік дәулет құрап, көзі ашық адамдарға жақын жүруінің арқасында белгілі бір дәрежеде абырой-беделге де ие болса керек. Балаларын қала тұрмысына тақалтып, оқытуға тырысқан көрінеді. 19 ұл-қызының ішіндегі оқу-білім қууға айрықша ынта танытқан баласы жалғыз Серәлі екен. Серәлі әуелі мұсылманша, одан орысша оқып барып империя астанасына аттанды...

Мұнайтпас Лапиннің тағы бір баласы тарихта өзіндік қолтаңбасын қалдырған, ол – кызы Ләтипа. Халық қолөнерінің шебері, СССР Суретшілер одағының мүшесі Ләтипа Қожықованың мемлекеттік тапсырмамен Ұлы Отан соғысы жылдары Ф. Рузвельтке арнап тіккен қазақтың ұлттық киімдері АҚШ-та, Рузвельт музейінде сақтаулы.

Ләтипа Мұнайтпасқызы бармағынан бал тамған шебер ғана емес, қазақ өнер шеберлерінің тұтас бір әулетінің басында тұрған қадірменді ана. Оның балалары: Қожахмет – ұлттық бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, кескіндемеші, карикатурашы, график; Құлахмет – қазақтың тұңғыш театр және кино суретшісі, ал Сұлтанахмет – белгілі кинорежиссер болды. Күйеуі Қоңырқожа патшалық оқу орындарында революцияға дейін білім алып, орыс-түзем мектептерінде орыс тілінен сабақ берген мұғалім. 37-жылдың репрессиясына ұшырағанға дейін Алматыда, Ағарту халкоматында қызмет атқарды. Ол нарком Жүргеновтің

тапсырмасымен 1934 жылы «Шаһнаманы» іздеуге шығады. Серәлі қайтыс болғаннан кейін әркімнің қолында кеткен бұл қолжазбаның қалай табылғаны жөніндегі Гүлэндам Мұнайтпасқызының естелігі өте қызық...

Серәлі Мұнайтпасұлының үлкен қызы Рабиға Смольныйдағы асыл текті қыздар институтында, ұлы Мерәлішер Царское Селодағы ағылшын спорт мектебінде оқыды. Бұл біздің ғасырдың 10-шы жылдары-тын, сол кезде Рабиғамен Санкт-Петербург Әскери-медициналық академиясының студенті Санжар Аспандиаров танысады...

Олар 1913 жылы үйленді. Серәлінің бұл күйеу баласы ұзамай революционер, мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым болғаны тарихтан мәлім.

XIX ғасырда қазақтан шыққан жоғары білімді оқымыстылардың бірі, тұңғыш сәулет өнерін зерттеуші, түркологияға да алғашқылардың қатарында үлес қосқан заң қызметкері С.М. Лапиннің туған-туысқандары мен жақындарының бірқатарына, өзі дүниеден озған соң жиырма шақты жыл өткенде, жеке басқа табыну зұлматы тоқайластырған ортақ тағдыр тақсыреті түскенін айту артықтық етпес.

Қызы Рабиғаның өмірлік жолдасы, тарих профессоры, СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы президиумы председателінің орынбасары Санжар Аспандиаров сталиндік репрессиялық машинаның пышағына Алматыда ілікті. Осында «халық жауы» белгісімен таңбаланған белгілі мәдениет қайраткері Темірбек Жүргеновтің қоластында істейтін талай азаматтың қатарында, қарындасы Ләтипаның ері Қоңырқожа Қожықов қамалды. Ташкентте қарындасы Гүлэндамның жұбайы, партия және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов тұтқынға алынды. Олар сол беті қайтпас сапарға кетті...

Ал Рабиға мен Гүлэндам «халық жауларының» әйелдері ретінде сталиндік лагерьлердің бар сұмдықтарын бастан кешті...

Өткен ғасырда және үстіміздегі жүзжылдықтың бастапқы жылдарында өмір сүріп, еңбек еткен, шама-шарқынша елі-

не пайдалы болуға тырысқан ұлттық интеллигенттердің бірі жөніндегі шағын әңгімемізді осымен тамамдай келе, халқымыздың тарихына бейтарап қарай алмайтын әрбір жас азамат одан тиісті тағылым алып, ой түйер деп сенеміз.

23 мамыр 1988 ж.

2. Өмірдерек

ЛАПИН Серәлі Мұңайтпасұлы (1868, Түркістан өлкесі, Сырдария обл., Перовск уезі., Кеңтөбе бол., 4-а., қазіргі Қызылорда обл., Сырдария ауд., Қоғалыкөл а. – 1919, Түркістан өлкесі, Самарқан қ., Шаһи-Зинда кешені, қазіргі Өзбекстан) – қоғам қайраткері, адвокат, ағартушы, түрколог, шығыстанушы.

Л. – кедей керуен-қосшы Лапының өз еңбекқорлығы мен белсенділігі арқасында бедел, дәулет жиған, бірнеше рет болыс басқарушысы болып сайланған баласы Мұңайтпастың екінші ұлы.

Ауыл молдасынан мұсылманша сауат ашып, Ақмешітте орыс-тузем мектебінде оқыған, Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясын (1889), Императорлық Санкт-Петербург университетінің (ИСПУ) заң факультетін бітірген (1891).

Л. 1889–1892 ж. Түркістан семинариясында орыс оқушыларын жергілікті тілдерге жаттықтыратын репетитор, 1892 жылдан Самарқан облысы әскери губернаторы жанында аудармашы, 1901 жылдан үзілістермен 1917 жылға дейін Самарқан облысында адвокат болды.

Л-нің семинария қабырғасында оқып жүрген кезінде түркістантанушылар үйірмесіне қатысуы оның шығыс тарихы мен мәдениетін, оның ішінде сәулет өнері тарихын зерттеумен шұғылдандуына жол ашты.

Л. араб, парсы, т.б. шығыс тілдерін білген. Гури-Эмир, Регистан, Шаһи-Зинда кешендеріндегі, Көкілташ медресесі

және т.б. көне архит. ескерткіштердегі арабтың көне сьюльси және зюльфи емлелерімен өрнектелген көркем жазуларды (эпиграфикаларды) оқыды, оларды орысшаға аударып, ғылыми айналымға қосты, жәдігерліктердің тұрғызылған уақытын, оларды салдырған адамдардың, сәулетшілердің есімдерін (мыс., Регистан ансамбліндегі Шер-Дор, Тилля-Кари медреселерін Жалаңтөс батырдың салдырғанын) анықтады. «Шаһнама», «Туһрат әл-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын тауып, шығыстану ілімі айналымына қосты. Л. ауызша тәржімәлап берген Фирдоусидің «Шаһнамасын» Ақмешіт өңірінде Молда Ораз қазақша жырлаған. Сол нұсқаны Т. Жүргеновтің тапсырмасы бойынша Қ. Қожықов елден тауып, Алматыға әкелген, оны Тұрмағамбет Ізтілеуов Фирдоусиден жасаған өз аудармасында («Рүстем-дастан», 1936) негізге алған. Л. араб қолбасшысы ибн Куссам, Шаһи-Зинда (Тірі Патша) жайында ел аузында айтылып жүрген аңыздарды жазып қалдырды. Халық ағарту ісіне (өлкеде қазақ мектебін ашуға, онда сабақ беруге) атсалысты.

Л-нің 1895 ж. Самарқанда жарық көрген «Самарқан қаласының тарихи ескерткіштеріндегі жазулардың аудармасы» және «Орыс-өзбек қалта сөздігі. Түркістан өлкесіндегі отырықшы туземдіктермен күнделікті тұрмыстық әңгімеге арналған 4000 сөз, өзбек тілінің қысқаша грамматикасы қоса тіркелген» деп аталатын кітапшалары Ресей шығыстану ғылымына елеулі үлес болып қосылды. Л-нің аталған сөздігі 1914 жылға дейін төрт рет қайта басылған.

Түркі халықтарының (қазақ, өзбек, қырғыз, т.б.) атауларын дұрыс қолдану жөнінде «Түркістан ведомостары», «Орынбор парақшасы» беттерінде әлденеше рет мәселе көтерді (1900–1904). Оның шығыстану, түркітану саласында өзіндік қолтаңбасын көрсеткен жұмыстарына кезінде әйгілі ғалымдар В.Л. Вяткин, В.В. Бартольд, Н.И. Веселовский, В.В. Розен назар аударып, пікір білдірді. Бартольд пен Веселовский 1893–1894 ж. Түркістан өлкесіне ғылыми сапармен

келген кездерінде Л-нен түркі тілдері бойынша дәріс алған. Л-нің түркологиядағы орнын бертінде, 20-ғ-дың орта тұсында А.Е. Крымский, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, Г.Н. Чабровтар өз еңбектерінде атап өтті.

Л. ИСПУ-де оқып жүрген шағында студенттік үйірмелерге, С-Петербургтегі жерлестік ұйымның, мұсылмандық қайырымдық қорының жұмыстарына қатысуы арқылы саяси істерге саналы түрде араласа бастады. Ташкент пен Самарқанда қызмет істеген уақыттарында жергілікті халықтардың патша әкімшілігінің отаршылдық қанаулары мен орыстандыру әрекеттері салдарынан экон. және рухани қыспаққа түсіп зардап шеккенін тікелей көріп, олардың мүдделерін қорғау жолдарын түркістандық зиялы қауым өкілдерімен (М.Бехбуди және т.б.) бірге қарастырды.

II Николайдың 1905 жылғы 18 ақпан рескриптіне орай Петровск (Ақмешіт, Қызылорда) уезі қазақтары атынан патша үкіметіне талап-тілек (петиция) жазып жолдауға ұйтқы болды. I-орыс революциясы жылдарындағы толқуларға, сондай-ақ 1916 ж. көтерілісіне қатысқаны үшін сотқа тартылған көптеген адамдарды адвокат ретінде қорғап, қатаң жазадан арашалап қалды.

Халықтың түбегейлі мүдделерін терең білетін қорғаушысы ретінде танылған Л-ді зиялылар Мемл. Дума депутаттығына кандидаттыққа, кейін, түркістандықтардың мұң-мұқтажын жеткізетін өкілі болуға ұсынған. Л. 1908–1910 ж. С-Петербург қаласында тұрып, 3-Мемл. Думаның Мұсылман фракциясының ұйымдастыру бюросында қызмет етті. Осында Б. Қаратаев, Е. Оразаевпен бірге 1908 ж. сәуірде мұсылмандардың діни істері мен діни мекемелері туралы, қазақтарды жерге орналастыру жөнінде 1908 ж. маусымда заң жобаларын дайындады. Жер-су хақындағы қазақ мүддесін қорғайтын заң жобасын Думадағы түрлі фракциялардан 60 депутат (мұсылман, октябрист, кадет, трудовик) қолдады, бірақ Жер өңдеу және жерге орналастыру бас басқармасы қарсылық көрсеткендіктен, Мемл. Думаның талқылауына салынбады.

Қазақтың шұрайлы жерлерін мұғажыр (переселен) мұқтаж-дықтары үшін кесіп алу жалғастырыла берді. Л. мұндай ахуалда халық мүддесіне қызмет етудің мүмкін бір жолы ретінде, Түркістан генерал-губернаторының рұқсатымен, қазақ арасында сауда-эконом. серіктестік құрды (1910–1913). 1912 ж. С-Петербург оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық студенттерге көмек көрсету қоғамының жұмысына қатысты. Қоғамның жиналысында Түркістан халық-ағарту ісінің жай-күйі туралы баяндама жасады (1913). С-Петербургте мешіт салу ісіне атсалысты (1913). Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде патша үкіметінің ағарту және діни салаларындағы саясатын сынады (1914).

Л-нің саяси күреске араласу белсенділігі монархия құлағаннан кейін ерекше арта түсті. 1917 ж. наурызда Ақмешіт халық өкілдері кеңесінің төрағасы, сәуірде Ташкентте өткен Бүкілтүркістан мұсылмандарының 1-съезі төралқасының мүшесі, шілдеде мұсылман халықтарының өзін-өзі діни қағидалар негізінде билеуін мұрат етушілерді біріктіретін «Улема жамияти» («Ғұлама қоғамы», «Дін иелерінің кеңесі») ұйымының төрағалығына сайланды. Ұйымның қыркүйектегі съезі Түркістанның болашақ саяси құрылысы жайында қаулы алды. Соған сәйкес, қарашада болған жұмысшы және солдат депутаттарының өлкелік 3-съезінде Л. сөз сөйлеп, Түркістан өлкесіндегі өкімет билігінің халықтардың сандық үлесіне сәйкестікпен үйлесімді құрылуы керектігін мәлімдеді. Алайда жергілікті халық өкілдерінің орынды талап-тілектерін ескермей, бар билікті жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі өз қолына алды. Сондай ахуалға байланысты Қоқан қаласына шақырылған Төтенше 4-өлкелік мұсылмандар съезінде Түркістан автономиясын жариялауға қатысты. Түркістан мұхтарияты Уақытша ұлттық кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қоқандағы Түркістан автономиясы мен Ташкенттегі Кеңес өкіметі органдары арасындағы текетіресті бейбіт жолмен шешуді көздеген Л. 1918 ж. 17 қаңтарда өлкелік халық ко-

миссарлары кеңесіне жолдаған мәлідемесінде екі тараптың бірлесіп халық мүддесіне жауап беретін ортақ билік органын құруы керектігі туралы ұсыныс білдірді. Алайда большевиктер Қокан (Түркістан) автономиясын қарулы күш қолданып қантөгіспен құлату жолын таңдады.

Сонда Л. саяси күресін жалғастыру мақсатымен әуелі Бұхар әмірлігіне өтті, бірақта кеңес ықпалы Бұхараға да тегеуіріндеп еніп келе жатқандықтан, одан кетуге мәжбүр болды. Сөйтіп, Ташкент арқылы, I-дүниежүз. соғыс тұтқындарын қайтарумен шұғылданып жүрген неміс комиссиясының көмегімен, Германияға барды. Большевизммен күресуге жәрдем сұрады. Тиісті қолдау таппай, 1919 ж. Самарқанға оралды. Көп ұзамай, белгісіз жағдайда қайтыс болды.

Әдеб.: Сафаров Г. Колониальная революция. Опыт Туркестана. М., 1921; Федоров Е. Очерки национально-освободительного движения в Средней Азии. Ташкент, 1925; Бартольд В.В. Соч. Т.2. М., 1964; Библиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период), под ред. А.Н. Кононова, М., 1974; Қойшыбаев Б. Ориенталист Лапин//Жазықсыз жапа шеккендер. А., 1990; Валиди З. Воспоминание. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры. Книга 1. Уфа, 1994; «Айкап». А., 1995; Шоқай М. Таңдамалы. 2-т. А., 1999; Германов В.А. История Туркестана в условиях политического террора 20–30-х годов. Ташкент, 2000; Туркестан в начале XX века, Ташкент, 2000; Әзіретбергенова Э. Сералы Лапин және 1917 жылғы қос төңкеріс//Қазақстан жоғары оқу орындары жүйесінің қалыптасуы мен дамуы тарихының мәселелері: Абай атындағы Алматы университетінің 75 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. А., 2003.

2004 ж.

3. Жете танылмаған тұлға

Серәлі Лапин патшалық Ресей тұсында жоғары заңгерлік білім алған, заман талабына сай халқына адал қызмет етуге

тырысқан қазақ жастарының алдыңғы сапында болды. Оның есімі тарихқа қоғам қайраткері, адвокат, ағартушы, түрколог, шығыстанушы ретінде жазылып отыр. Ендеше, осынау тамаша азаматтың өмір жолына шамалы шолу жасайық.

Ол Ресей империясы кезіндегі әкімшілік бөлініс бойынша Түркістан өлкесі, Сырдария облысының Перовск үйезіндегі Кеңтөбе болысына қарасты № 4 ауылда (қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданының Қоғалыкөл ауылында) Лапы баласы Мұңайтпас деген дәулетті мал иеленуші кісінің отбасында 1868 жылы дүниеге келеді. Лапы керуен-қосшы болып қызмет еткен кедей екен, ал оның ұлы еңбекқорлығы мен белсенділігі аркасында байлыққа, беделге қол жеткізген көрінеді. Бірнеше рет болыс басқарушысы болып сайланып, ел басқарыпты.

Көзі ашық азамат ретінде ол ұрпақ болашағын ойлап, өз ауылында мектеп ашқан. Мектепте сабақ беруге орталық қалалардан мұғалімдер алғызған. Ауыл балаларының да, өз ұл-қыздарының да оқу оқып, білім алуына зор мән берген көрінеді. Үш әйелінен он тоғыз ұл-қыз көріпті. Серәлі екінші ұлы екен. Әкесі өзінің осынау ойлы, ынталы, білімқұмар, өнерпаз баласының бетінен қақпай, заманына сай тәрбие алуына жағдай жасап отырса керек. Тиісінше Серәлі әке қамқорлығын толығымен ақтады. Ол әуелі ауыл мектебінде мұсылманша сауат ашып, одан Ақмешіттегі орыс-тузем мектебінде, сосын Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясында оқыды. Содан, 1891 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің (ИСПУ) заң факультетін бітірді.

Лапиннің қызмет тізімінде мынандай белестер бар: ол 1889–1892 жылдары Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясында орыс оқушыларын жергілікті тілдерге жаттықтыратын репетитор, 1892 жылдан Самарқан облысы әскери губернаторы жанында аудармашы, 1901 жылдан үзілістермен 1917 жылға дейін Самарқан, Сырдария облыс-

тарында адвокат болды. Осы жұмыстарды атқара жүріп, Серәлі Мұнайтпасұлы еліміздің тарихында ең алдымен шығыстанушы, одан ағартушы және қоғам қайраткері ретіндегі өзіндік елеулі орны бар тұлға болып қалыптасты.

Ол Ташкент мұғалімдер семинариясы қабырғасында оқып жүрген кезінде түркістантанушылар үйірмесіне катысқан. Осы кезеңнің Серәлі үшін оның шығыстың тарихы мен мәдениетін, әсіресе сәулет өнерінің тарихын зерттеумен шұғылдандуына белгілі дәрежеде ізашарлық рөл атқарғанын мойындау ләзім. Жеткіншек шағында молда алдын көргенінің де көп пайдасы тиді.

Серәлі Лапин араб, парсы, т.б. шығыс тілдерін білген. Ол зайырлы шығыстану ғылымында тұңғыш рет Гури-Эмир, Регистан, Шаһи-Зинда кешендеріндегі, Көкілташ медресесі және т.б. көне архитектуралық ескерткіштердегі арабтың көне сьюльси және зюльфи емшелерімен өрнектелген көркем жазуларды (эпиграфикаларды) оқыды, оларды орысшаға аударып, ғылыми айналымға қосты. Жәдігерліктердің тұрғызылған уақытын, оларды салдырған адамдардың, сәулетшілердің есімдерін (мысалы, Регистан ансамбліндегі Шер-Дор, Тилля-Кари медреселерін әйгілі қазақ қайраткері және жауынгері Жалаңтөс батырдың салдырғанын) анықтады. Серәлі Мұнайтпасұлы, сондай-ақ, «Шаһнама», «Туһрат әл-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын тауып, шығыстану ілімі айналымына қосты.

Орайы келгенде айта кетейік, Серәлі Мұнайтпасұлының ауызша тәржімәлап беруіне сүйеніп, Молда Ораз Ақмешіт өңірінде Фирдоусидің «Шаһнамасын» қазақша жырлаған. Сол нұсқаны Қазақ автономиялық республикасының Ағарту халық комиссары Темірбек Жүргеновтің тапсырмасы бойынша, ұлт қозғалысының белгілі қайраткерлерінің бірі, 30-шы жылдары мәдениет тарихымен шұғылданып жүрген Қоңырқожа Қожықов ел ішінен іздестіріп тауып, Алматыға әкелген болатын. Наркомпросқа қызметке шақырылып, Жүргенов тікелей берген тапсырыс бойынша Фирдоусиді ау-

даруға кіріскен ақын Тұрмағамбет Ізтілеуов сол қолжазбаны негізге алып, 1936 жылы «Шаһнаманың» бір үзiгiн – «Рүс-тем-дастан» жырын қазақшалаған.

Лапин Шаһи-Зинда (Тiрi Патша), араб қолбасшысы ибн Куссам жайында ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткiзiлiп айтылып жүрген аңыздарды ел аузынан жазып алып қалдырды. Халық ағарту iсiне (өлкеде қазақ мектебiн ашуға, онда сабак беруге) атсалысты. Ал оның 1895 жылы Самарқанда жарық көрген «Самарқан қаласының тарихи ескерткiштерiндегi жазулардың аудармасы» және «Орыс-өзбек қалта сөздiгi. Түркiстан өлкесiндегi отырықшы туземдiктермен күнделiктi тұрмыстық әңгiмеге арналған 4000 сөз, өзбек тiлiнiң қысқаша грамматикасы қоса тiркелген» деп аталатын кiтапшалары Ресей шығыстану ғылымына елеулi үлес болып қосылды. Серәлiнiң аталған сөздiгiнiң қайта басылымы 1914 жылға дейiн төрт рет жарық көрген екен.

Ол түркi халықтарының (қазақ, өзбек, қырғыз, т.б.) атауларын дұрыс қолдану жөнiнде «Түркiстан ведомостары», «Орынбор паракшасы» беттерiнде 1900–1904 жылдары әлденеше рет мәселе көтердi.

Оның шығыстану, түркитану саласында өзiндiк қолтаңбасын көрсеткен жұмыстарына кезiнде әйгiлi шығыстанушы ғалымдар В.Л. Вяткин, В.В. Бартольд, Н.И. Веселовский, В.В. Розен назар аударып, пiкiр бiлдiрдi. Бартольд пен Веселовский 1893–1894 жылдары Түркiстан өлкесiне ғылыми сапармен келген кездерiнде Лапиннен түркi тiлдерi бойынша дәрiс алған. Лапиннiң түркологиядағы орнын бертiнде, 20-ғасырдың орта тұсында А.Е. Крымский, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, Г.Н. Чабровтар өз еңбектерiнде атап өттi.

ИСПУ-де оқып жүрген шағында студенттiк үйiрмелерге, Санкт-Петербургтегi жерлестiк ұйымның, мұсылмандық қайырымдық қорының жұмыстарына қатысуы арқылы Серәлi Лапин саяси iстерге саналы түрде араласа бастаған болатын. Ал Ташкент пен Самарқанда қызмет iстеген уақыттарында ол патша әкiмшiлiгiнiң отаршылдық қанаулары мен

орыстандыру әрекеттерін жіті айырып біле алды. Соның салдарынан жергілікті халықтардың экономикалық және рухани қыспаққа түсіп зардап шеккенін тікелей көріп, олардың мүдделерін қорғау жолдарын іздеді. Ол ұлт мүддесін, ұлттың мұң-мұқтаждарын есімі мен беделі күллі Түркістан өлкесіне әйгілі діни қайраткер Махмұдқожа Бехбуди және т.б. түркістандық зиялы қауым өкілдерімен бірлесіп қарастырды. Император ІІ Николайдың бірінші орыс революциясы дүмпуінен туған 1905 жылғы 18 ақпан рескриптімен бірге ел-жұрттың мұң-мұқтаждарын білдірген тілек-хаттарын үкіметке жолдауына пұрсат етуіне орай, Перовск (Ақмешіт, Қызылорда) үйезі қазақтары атынан патша үкіметіне талап-тілек (петиция) жазып жолдауға ұйтқы болды. І-орыс революциясы жылдарындағы толқуларға, сондай-ақ отаршылдық озбырлықтың шектен шығуына қарсылықтан туған әйгілі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін сотқа тартылған көптеген адамдарды адвокат ретінде қорғап, қатаң жазадан арашалап қалды.

Өлкедегі зиялылар Лапинді халықтың түбегейлі мүдделерін терең білетін қорғаушысы ретінде таныды. Сондықтан да оны алғашқы Мемлекеттік думаға депутат етіп сайлау үшін кандидаттыққа ұсынды, кейін оған, қазақ секілді бұратаналарды сайлау және сайлану құқығынан айырған әйгілі «3 маусым төңкерісінен» кейін, түркістандықтардың мұң-мұқтажын Думаға жеткізетін өкіл болуды тапсырды. Соған байланысты ол 1908–1910 жылдары Санкт-Петербург қаласында тұрып, 3-ші Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясының ұйымдастыру бюросында қызмет етті.

Осында 2-Мемлекеттік Думаның мүшесі Бақытжан Қаратаевпен, Елжан Оразаевпен бірге 1908 жылғы сәуірде – мұсылмандардың діни істері мен діни мекемелері туралы және 1908 жылғы маусымда – қазақтарды жерге орналастыру жөніндегі заң жобаларын дайындады. Жер-су хақындағы қазақ мүддесін қорғайтын осы заң жобасын Думадағы түрлі фракциялардан 60 депутат (мұсылман, октябрист, кадет, тру-

довик) қолдаған болатын, бірақ үкіметтің Жер өңдеу және жерге орналастыру бас басқармасы оған негіз етілген қағидалармен келіспейтіндіктерін білдіріп, қарсылық көрсеткендіктен, жоба Мемлекеттік Думаның талқылауына салынбады. Қазақтың шұрайлы жерлерін мұғажыр (переселен) мұқтаждықтары үшін кесіп алу жалғастырыла берді.

Сонда Лапин мұндай ахуалдан әлі де сағын сындырмай, халық мүддесіне қызмет етудің одан басқа, қолданыстағы заңдар ауқымында орындалуы мүмкін бір жолы ретінде, Түркістан генерал-губернаторының рұқсатымен, қазақ арасында сауда-экономикалық серіктестік құрды (ол 1910 жылы ашылып, түрлі кедергілерге байланысты кең қанат жая алмай, 1913 жылы жұмысын тоқтатты). 1912 жылы Санкт-Петербург оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық студенттерге көмек корсету қоғамының жұмысына қатысты. Қоғамның жиналысында 1913 жылы Түркістан халық-ағарту ісінің жай-күйі туралы баяндама жасады. Санкт-Петербургтегі құрылысы Романовтар Үйінің патшалық құруының 300 жылдығына аяқталған мұсылман мешітін салу ісіне атсалысты. 1914 жылы Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, патша үкіметінің ағарту және діни салаларындағы саясатын сынады.

Серәлі Мұңайтпасұлының саяси күреске араласу белсенділігі монархия құлағаннан кейін ерекше арта түсті. 1917 жылғы наурызда ол Ақмешіт халық өкілдері кеңесінің төрағасы, сәуірде Ташкентте өткен Бүкілтүркістан мұсылмандарының I-съезі төралқасының мүшесі, шілдеде мұсылман халықтарының өзін-өзі діни қағидалар негізінде билеуін мұрат етушілерді біріктіретін «Улема жамияти» («Ғұлама қоғамы», «Дін иелерінің кеңесі») ұйымының төрағалығына сайланды. Ұйымның 1917 жылғы қыркүйекте өткен съезі Түркістанның болашақ саяси құрылысы жайында қаулы алды. Соған сәйкес, Ташкентте 1917 жылғы қарашада болған жұмысшы және солдат депутаттарының өлкелік 3-ші съезінде Лапин сөз сөйлеп, Түркістан өлкесіндегі өкімет билігінің халықтардың сандық үлесіне сәйкестікпен үйлесімді

құрылуы керектігін мәлімдеді. Алайда большевиктік депутаттар советі үкіметті өздері құрмақ-тын. Советтік үкімет құрамына мұсылмандарды енгізуді ерте деп білетін. Сол себепті жергілікті халық өкілдерінің орынды талап-тілектерін ескермей, бар билікті өз қолына алды.

Осындай ахуалға байланысты Лапин Қоқан қаласына Төтенше 4-ші өлкелік мұсылмандар съезін шақыруға, сөйтіп онда Түркістан автономиясын жариялауға атсалысты. Түркістан мұхтарияты Уақытша ұлттық кеңесінің мүшесі және төрағасы болып сайланды. Ал мұхтариятты большевизм мойындамады. Түркістан мұхтариятының іргесін нығайтып, кеңейте бастауын ұнатпады. Сөйтіп, Қокандағы Түркістан автономиясы мен Ташкенттегі Кеңес өкіметі органдары арасындағы текетірес өрши түскен шақ орын алды. Автономия өкіметі тағдырлы мәселені бейбіт жолмен шешуді көздеді. Сондай ниетпен Серәлі Лапин 1918 жылғы 17 қаңтарда өлкелік халық комиссарлары кеңесіне арнайы мәлімдеме жолдады. Мәлімдемесінде екі тараптың бірлесіп, халық мүддесіне жауап беретін ортақ билік органын құруы керектігі туралы ұсыныс білдірді. Алайда большевиктер Қоқан (Түркістан) автономиясын қарулы күш қолданып қантөгіспен құлату жолын таңдады.

Сонда Серәлі Мұнайтпасұлы Лапин өзінің саяси күресін жалғастыру мақсатымен әуелі Бұхар әмірлігіне өтті, алайда кеңес ықпалы Бұхараға да тегеуіріндеп еніп келе жатқандықтан, одан кетуге мәжбүр болды.

Астыртын түрде Ташкентке келіп, бірінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарын еліне қайтарумен шұғылданып жүрген неміс комиссиясының көмегімен Германияға сапар шекті. Сыртқы істер министрлігі арқылы ел үкіметімен байланысып, большевизммен күресуге жәрдем сұрады. Өз ойына тиісті қолдау таппай, 1919 жылы Самарқанға оралды. Содан көп ұзамай, белгісіз жағдайда қайтыс болды.

Ол кеңес өкіметін қабыл алмады. Алайда оның күйеу баласы Санжар Аспандиаров (Асфендияров) Түркістан Авто-

номиялық Кеңес Республикасы қайраткерлерінің бірі болды. Саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1937 жылы атылды. Рәбия Серәліқызы «халық жауының» әйелі ретінде ұзақ жылдар сталиндік лагерь тозағында болып оралды.

Жалпы, Лапиндер отбасы ішінде жазықсыз қудаланып, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар көп. Серәлі Мұңайтпасұлының інісі Әбдірахман – Түркістан республикасы үкіметінің Германияға оқуға жіберген жігіттерінің бірі. Ол саяси репрессиялардың ұлт зиялыларына – алаш қайраткерлеріне қарсы бағытталған алғашқы толқынында қамалып, көп жыл лагерь дәмін тартып қайтты. Қарындастары Ләтипа мен Гүләндамның ерлері Қоңырқожа Қожықов (Ходжиков) пен Сұлтанбек Қожанов (Ходжанов) «үлкен террор» жылдары атылды. Ләтипа мен Қоңырқожаның үлкен ұлы Қожахмет те сталиндік лагерь азабын көрді. Ал Гүләндам он шақты жыл әйгілі АЛЖИР-де («Отан опасыздары әйелдерінің Ақмола лагерьі») болды.

Орайы келіп тұрғандықтан айта кету жөн: бұл әулеттің талай мүшесі (Серәлінің қызы Рәбия, інілері Жағыфар мен Әбдірахман, қарындастары Ләтипа мен Гүләндам, келіні Қадидиша) Қазақ ағарту институтында (Кирипрос) жұмыс істеген көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, 1921 жылы Ташкенттің «Коллизей» театрында өткен «Шығыс кештерінде» «Біржан-Сара» халық спектаклін ойнаған. Осы өнерпаздардың (ұжым боп түскен көркем суреті жайында Түркиядағы Зәки Валиди өз естеліктерінде жазған) жетекшісі Дінмұхамед (Дінше) Әділов 1925 жылы Қызылордада Ұлт театрын (қазіргі М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры) ұйымдастырып, басқарды. Жағыпар бұл тұңғыш кәсіби театрдың есеп-қисабын жүргізді, қолөнер шебері Ләтипа сахнаны жасаулаушы болды. Ал үйірменің ең жас қатысушылары Үрия Тұрдықұлова мен Құрманбек Жандарбеков көрнекті сахна шеберлері, өнер қайраткерлері дәрежесіне көтерілді.

10 мамыр 2004 ж.

АХМЕТ БІРІМЖАНОВ

Бірінші орыс революциясы дүниеге әкелген Мемлекеттік думаның қазақ мүшелері ішінен Ресей империясы парламентінде еліміздің ұлттық мүддесін қорғауды мақсат еткен тұңғыш мәселені бұдан 110 жыл ілгеріде Торғай облысынан сайланған депутат Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов көтерген еді.

Ресей империясындағы халықтар тағдырына тікелей әсер етіп жатқан өте өткір де өзекті жер-су мәселесі Мемлекеттік думаның алғашқы екі шақырылымында да билікке жағымсыз сипатта қарастырылғаны мәлім. Ахмет Бірімжанов Торғай облысынан депутат болып келген I Думада бұл шаруамен тікелей шұғылдану үшін арнайы Аграрлық комиссия құрылды. Комиссияға әр бес Дума мүшесінен бір адам енгізіледі, сөйтіп аграрлық комиссия мүшелерінің жалпы саны 99 адам болады деп белгіленді.

Алайда Мемдумаға депутат сайлау кешігіп басталған өңірлерден келіп жатқандар көбейіп, аграрлық комиссияның құрамы 99 адамнан тұру керек деген шешімнің дұрыс болмайтынын байқатты. Соған байланысты 19 Дума мүшесінен құрылған комиссия 1906 жылғы 30 маусымда болған 36-шы пленарлық мәжілісте «Аграрлық комиссияға қосымша сайлау өткізу туралы» ұсыныс жасады. Сөйлегендер қазірдің өзінде империяның әр киырынан келген 27 депутат Дума мүшелігіне тіркелу алдында тұрғанын, Сібір мен Түркістаннан тағы 25 депутат сайланады деп күтілуде екенін айтып, Аграрлық комиссиядан оларға қосымша орындар бөлінуін талап етті.

Осы кезде мінбеге Мемдума мүшесі Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов көтерілді. (Бұған дейін оның Торғай облысының қазақ болыстарынан 1906 жылғы 28 мамырда депутат болып сайлану үдерісі заңға сәйкес, дұрыс өткендігі МД-

ның 13 маусымдағы мәжілісіне расталған, ол, сондай-ақ, шаруаларды қазақ жеріне қоныс аудартудағы заңсыздықтарға байланысты үкіметке жолданбақ бір топ МД мүшелерінің депутаттық сұрау салуына қол қойып та үлгерген болатын.)

«Аграрлық комиссияны құру кезінде Мемдума Думаның бес мүшесінен комиссияға бір өкіл енгізуді негізгі ереже етіп алуын мен де табанды түрде талап етемін», – деп мәлімдеді Мемдума мүшесі Бірімжанов. Оның ойынша, алғашында 99 адамнан тұрады деп белгіленген құрам өзгеру керек, себебі, есептеуіне қарағанда, империяның барлық жерінде сайлау өтіп болған соң МД мүшелерінің жалпы саны 524 адам болады. Демек, аграрлық комиссия құрамы 103-104 адамнан тұруға тиіс. Бүгінге дейін комиссияға 91 адам сайланды, енді комиссияны толықтыру үшін бұрын көзделген мөлшерге жеткізетін 8 орын емес, жаңа есеп бойынша 13 орын берілуге тиістігін ескеру керек. Қалған орындар Сібірге, Орта Азияға және Кавказға берілмек, бірақ қазақтар тұратын Дала облыстары туралы Дума қаулысында ештеңе айтылмайды. Мұны түзету жөн. «Мен, қазақтар тұратын шет аймақтар өкілі ретінде, бес артық орыннан үш орынды, немесе, ең кемі екі орынды Жетісу, Семей, Торғай, Орал облыстары және Астрахан губерниясының Бөкей ордасы кіретін қазақ облыстарына бөлуді өтінемін», – деді ол. Сонымен қатар, Бірімжанов Бөкей ордасындағы 500 мың, Орал облысында 400 мың адамдық дала халқы бар екеніне, олардың тұтас облыс бола алатынына назар аударды. Қазақ облыстары Сібірге жатқызылды ма, әлде Орта Азияға қосылды ма, мұны Мемдума анықтаса деген тілек білдірді. Егер екі тарапқа да қосылмаған болса, онда аталған аймақтарды жеке бірлік деп қарап, Сібір және Кавказ өкілдеріне бөлгендей территориялық принцип қабылданса деген ұсыныс айтты.

Дума әр бес Мемдума мүшесінен бір Аграрлық комиссия мүшесін сайлау және бұл шаруаны жаңа депутаттардың Думаға келіп жетуі барысында үздіксіз жүргізе беру жайында шешім қабылдады. Бұл Дума тарқатылардан бір апта бұрынғы жағдай еді. Әйгілі 3 маусым төңкерісінен кейін

Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов бұрынғы заң саласындағы қызметіне қайтып оралды.

Ол 1871 жылы Торғай үйезінің Тосын болысында дүниеге келген-тін. 1891 жылы Орынбор ерлер гимназиясын, 1896 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітіргеннен соң, Орынбор округтік сотында төрт жыл қызмет атқарған. Троицк және Орынбор үйездерінде сот тергеушісі, Ақтөбе округінің 2-ші учаскесінде мировой судья (империяның сот жүйесіндегі бірінші буынның судьясы) болды.

1907 жылғы 12 ақпанда Торғай облысы қазақтарының уәкілдері (выборщиктері) оны Мемлекеттік думаның екінші шақырылымына да депутаттыққа сайлады. II Думада ол Мұсылман фракциясына тіркелді. Әскери-далалық соттарды жою және жергілікті соттарды өзгерту жөніндегі комиссияларға мүше болды.

II Дума тарқатылып, қазақ халқы сайлау құқтарынан айрылғаннан кейін, Бузулук қаласында сот тергеушісі болып істеді. Монархия құлаған соң Уақытша үкіметтің жүйесінде – алғашында Торғай үйезінің, сосын Қостанай үйезінің комиссары болды. Қазақтың елдігін жаңғыртуды көздеген қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене атсалысты.

Торғай облысы қазақтарының 1917 жылғы сәуірде Орынборда, тамызда Ақтөбеде өткен съездеріне қатысты, жаңа сот жүйесінің жобасын әзірлеу жөніндегі комиссия құрамына енді. Қыркүйекте Орынборда Торғай облысының комиссары Әлихан Бөкейхановтың ұйымдастыруымен өткен Торғай облыстық біріккен мұжық-қазақ съезіне де қатысты. I Жалпықазақ съезінде Құрылтайшы жиналысқа Торғай облысынан депутаттыққа ұсынылды, II съезде «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің мүшелігіне сайланды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының заң орындарында жауапты қызметтер атқарды. Заң комиссариатының алқа мүшесі, Жоғарғы сот мүшесі болды. Осы қызметінде жүргенінде науқастан 1928 жылы Ленинградта (Санкт-Петербуркте) қайтыс болды.

28 ақпан 2016 ж.

ШӘЙМЕРДЕН ҚОСШЫҒҰЛОВ

*Қосшығұлов және XX ғасыр басындағы қазақтың
саяси-құқықтық ойы ♦ Өмірдерек*

1. Қосшығұлов және XX ғасыр басындағы қазақтың саяси-құқықтық ойы

Қосшығұлұлы Шәймерден, азан шақырылып қойылған аты Шаһмардан, ел арасында – Шәйке молда, орыс ресми құжаттарында – Кошегулов Шаймардан (1869, кей дерек бойынша 1874 жылы Ақмола облысының Алтай теміржол стансасы маңында дүниеге келіп, 1932 жылы Омбы облысының Марьяновка теміржол стансасы маңында өмірден озған) – діни қызметші, ағартушы, қоғам қайраткері.

Бұқарада оқып, арнайы діни білім алғаннан кейін, Көкшетау қаласының мешітінде қызмет атқарды, медресесінде дәріс берді. Әйгілі дінбасы Науан хазіреттің шәкірті әрі үзеңгілесі болды.

Патша үкіметінің жергілікті әкімшілігі жүргізген діни-рухани отарлау шараларына наразылық білдіріп, 1903 жылы үндеу-хат жазып таратушылардың бірі. Соған байланысты бас қосып ақылдасуға шақырып, ұлт зиялыларына, соның ішінде ұлы Абайға (жандармдар Абай ауылына тінту жүргізіп тауып алған) хат жолдады. Тұтқындалып, Якут облысына айдалды.

1-ші орыс революциясы дүмпуімен (1905 ж. 17 сәуірдегі дінге еріктілік жария етілген патша пәрменіне байланысты) айдаудан босанды.

Мұсылмандардың Бүкілресейлік II съезінде (1906 ж., қаңтар, Санкт-Петербург) мұсылмандардың халықтық саяси

партиясын құру қажеттігін қолдады, партияның бағдарламасын жасау жөніндегі комиссия құрамына енді, III съезінде (1906 ж., тамыз, Нижний Новгород) партия жұмысын жүргізетін орталық комитеттің мүшесі болып жабық дауыспен сайланды.

Бірінші Мемлекеттік Думаға (орыс тілін білу дәрежесі жетімсіз деп танылып, сайлау нәтижесі бекітілмеген), Екінші Мемлекеттік Думаға (оның орыс тілін білу дәрежесі мұнда да дау туғызған) депутат болып сайланды. 2-Мемлекеттік Думада мұсылмандар фракциясына тіркелді. Сот ісінде қазақтың әдет-ғұрып құқығын қолдануға қарсы болып, шариғатты басшылыққа алуды жақтаған. Санкт-Петербургте «Серке» газетін шығаруға атсалысты.

Дума қуылғаннан кейін Көкшетау өңірінде діни және ағартушылық жұмыстармен шұғылданған. Кеңес өкіметі кезінде молда ретінде ұдайы қуғындалып, саяси қыспақта болған. Ашаршылықта көз жұмды.

Ұзақ уақыт отар ахуалында езгіде келе жатқан қазақ арасында XX ғасыр басында ұлттық саяси-құқықтық ой ұшқындары заманалық өркениетке сәйкестеніп, жаңаша мазмұнда дами бастады. Бұл дамудың өзіндік ерекшелігі – Ресей империясы орнатқан отарлық езгіге зиялы қауым тарапынан қарсы әрекеттер жасала бастауында еді.

Жиырмамыншы жүзжылдықтың қарсаңы мен басталар шағында қазіргі Қазақстанның сол кездегі аумағында тұратын халықтардың өмірі, экономикасы мен әлеуметтік қарым-қатынастары ірі өзгерістерге ұшырағаны мәлім.

Ішкі Ресейдегі құл иеленушілік – шаруалардың басыбайлылығы жойылғаннан (1861) кейін қазақ жеріне бақ-дәулет іздеп, күнкөріс қамымен көшіп келушілер саны арта түскен. Одан, патша үкіметінің қазақ жер-суын мемлекет меншігі деп жариялауына (1891) орай, сырттан келіп қоныстанушыларға – орыс шаруаларының қазақ арасына кіріп өз қожаларға

лығын құруы арқылы жаңа жер игеруіне кең жол ашылды. Осылай ету арқылы патшалық билік орталықта шиеленісе түскен шаруалар қозғалысын әлсіретуден үміттенген-ді. Сол оймен «қазыналық жерлерді» (қазақ жер-суын) жеке адамдарға бөліп беру туралы заң шығарды (1901). Қоныс аударту басқармасын құрып, қазақтардан тартып алынған жерлерді «қоныс аудару қоры» есебіне алды. Қазақстан жерінің асты-үстіндегі байлықтарға түгел тұзақ салынып, бәрін орыс және шетел капиталы биледі. Қазақтың жер қойнауы және дәстүрлі шаруашылығы өнімдері арсыздықпен таланып, қанаушылық жолмен сыртқа тасып әкетіле берді. Өстіп, Қазақтар Ресей өнеркәсібін өркендету үшін арзан шикізат өндіріп алатын тау-кен және ауылшаруашылық базасына айналдырылды.

Және, әсіресе сорақысы – қазақтардан барлық орман-тоғайлар, құнарлы, шұрайлы жерлер, ірі сулардың (Жайық, Ертіс, т.б.) жағалаулары, егіншілікке қолайлы ата-қоныстары тартып алынды. Қазақтар шөл және шөлейт аймақтарға ығысуға мәжбүр болды. Шөбі шүйгін жайылымдар мен шабындықтардан айрылудың жайыла көшіп мал бағуды кәсіп еткен халықтың шаруашылық жүргізу қалпына қиғаштықтар, теріс өзгерістер енгізіп, шаш-етектен зиян тигізгені өз алдына, тұрмыс жағдайын күрт төмендетті, әлеуметтік тыныс-тіршілігіне, рухани өміріне өлшеусіз зор зарар келтірді. Кедейленген, қайыршылыққа ұшыраған көшпелілер жатаққа айналды, оларды түрлі кәсіпшіліктер жалдап, арзан жұмыс күші ретінде, ауыр жұмыстарға салып пайдаланды. Қазақ еліне тереңдей енген Ресейдің капиталистік экономикасы, осылай, жергілікті халықты аяусыз қанап, езу жолымен даму бағытын ұстанды. Патшалық қазақтың ұлттық мемлекеттілігін (1459–1847) біржолата жойып, орнына – ел басқарудың ресейлік жүйесін орнатты. Халықты жер-суымен бөлшектеп, бірнеше орыс губерниясы мен генерал-губернаторлықтарына қарату және сан алуан әкімшілік шараларын жүргізу арқылы, біз қарастырғалы отырған ХХ ғасыр басындағы

кезеңге дейін-ақ империялық күштер Қазақстанды Ресейдің басыбайлы отарына айналдырып үлгерген-ді.

Осы кезеңде қазақтың ұлы Абай сынайтын теріс мінез-құлықтары шегіне жете шарықтаған. Ірі қоғам қайраткерлерінің бірі Бақытжан Қаратаев атап айтқандай, осы кезеңде қазақтың «бас адамдары» пәре алмай бірде-бір істі шешпейтін дәрежеге дейін азғындаған. Парақорлық ұлттық сот жүйесін – әдет құқығымен жұмыс істейтін билер сотын да жайлаған болатын.

XX ғасырдың басында бой көрсеткен алғашқы саяси-құқықтық идеялардың тууына осынау отарлық қамыт басқа салған құқықсыздық пен надандық ахуал түрткі болған еді.

(Бұл жерде біз саяси-құқықтық идея деп өмірдегі нақты жағдайдың, объективті ақиқаттың көріністері мен құбылыстарын пайымға салып түсінуге ұмтылушылықты айтып отырмыз).

Саяси-құқықтық идея, сөз жоқ, қоғамда орын алып тұрған нақты саяси ахуал және адамның өз құқығын қорғап әділдікке жету мүмкіншілігі жоқ жағдайды ақылға салып парықтаудың түрі болып табылады. Оның дүниеге келуі мен дамуының басты себебі – қазақ қауымы сол шақта бастан кешіп отырған экономикалық, әлеуметтік, рухани кемсітушіліктердің шектен шыға шиеленісуінде жатқан-ды.

Ойлы азаматтарды бұған қандай амал қолданбақ керек деген өзекті мәселе толғантты. Соның нәтижесінде зиялы жұртшылықтың басын қосып кеңес құру, ортақ мүддені айқындау және сол мақсатта бұқараның көзін ашу жөніндегі саяси мұрат өмірге келді.

Саясат аясына көз салуға шақыратын осындай идеяны көтеріп, тарату әрекеті бірінші кезекте діни қызметшілер арасында бой көтерді. Содан бірнеше жыл ғана бұрын, жаңа ғасыр қарсаңында (1897), Әндіжандағы дін қызметкерлері «кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс – ғазауат» жариялап, отаршылдардан елді азат етуді мақсат еткен көтеріліске шығуға

пәрмен еткен болатын. Түркістан өлкесінің байырғы тұрғындары (қазақ, қырғыз, өзбек, т.б.) атсалысқанмен, көтерілістің бұқаралық сипат ала алмай, тез арада қатыгездікпен басып-жаншылуы көкірегі ояу барша оқығанға, дінбасыларға көрнекі саяси сабақ берді. Газауаттың бостандыққа жету жолы бола алмайтынын көрсетті. Содан барып саяси тұрғыда ояну кезеңі басталды.

Отаршылдардың озбыр зорлық-зомбылығы қалжыратып, шарасыздықтан маужыраған халықты саясатқа сергіту, осы орайда саяси күрес амалдарын түрлендіру әрекеттері ХХ ғасырдың бас кезінде белсендірек жүргізілді. Солардың ішінде 1903 жылы қазақтың белгілі зиялыларын ел мұқтажын талқылайтын басқосуға жинамақ болған, өзекті саяси-құқықтық идеялар мен ойлар тұжырымдалған жасырын үндеу-хат (прокламация) жазып, гектографпен көбейтіп, халық арасына таратқан Көкшетау мешітінің діни қызметкерлері айрықша дараланады.

Әкімшіліктен құпия әзірленген үндеу-хатта империя үкіметінің қазақ жеріндегі зымиян мақсат көздеген ағарту ісі талданған.

Онда қазақ балаларына арнап ашылған ресми ауыл мектептеріндегі залалды бағыт сыналады. Ғасырлар бойы қолданылып келген араб әліпбиін оқытуға тыйым салып, оны, тіпті, ұмытқызуға тырысушылықтың, балаларды тек орыс әріптерімен оқып-жазуға үйрету шараларының астары әшкереленеді. Отаршыл билік тарапынан жергілікті халыққа балаларын мұсылмандық ілім негізінде оқытуға рұқсат берілмей отырғаны, сондай-ақ қазақтардың өз тілінде жазған өтініштерін әкімшілік буындарының ешбірі қабылдамауы да нақты мысалдармен талданады.

1902 жылы Ақмола облысында шаруа бастығы (крестьянский начальник) деп аталатын жаңа лауазыммен басшылық жасайтын шенеуніктер тағайындалғаны жайында айтылып, осы шаруа бастықтары институтының енгізілуіне орай белен алған қатерлі іс-дағдыға тоқталады. Солардың озбыр

әрекеттерінің салдарынан қазақтардың дәстүрлі қожалықтары жаңа күйзеліске ұшырағанын нақты мысалдармен көрсетеді.

Айтылған келенсіздіктің бәрі қазақ мүддесіне қастық жасаудың салдары, бұлар үкімет тарапынан саналы түрде жүргізілуде деп қорытылады үндеу-хатта. Ол – қазақтарды орыстандыру, дін-исламнан айырып, шоқындыру, тұрмысына кәдімгі орыс тіршілігін таңып, мұжықтандыруға бағытталған арамза саясат нәтижесі деген ой айтады прокламация авторлары. Сөйтіп, елін де, жерін де алған отаршылдардың жымысқы пиғылына жұртшылықты қарсы тұруға үндейді.

Әкімшілікті прокламацияның саяси идеясы шошытады.

Жандармерия шарқ ұрып, қазақ даласына лезде тарап кеткен астыртын үндеу-хатқа байланысты елге сыйлы әлденеше ондаған зиялылардың үйлеріне тінту жүргізеді. Кітапханаларын, жеке бастарының жазбаларын, сақталған хаттарын тәркілейді, өздерін тергеуге алады. Көпшілігін түрлі әкімшілік жазаға тартады. Бірқатарын өзге өлкелерге жер аударады.

Басты айыпкерлер деп табылған Наурызбай Таласов пен Шаһмардан Қосшығұлов бірі Енисей губерниясына және екіншісі Якут облысына айдалады.

Көкшетаудағы ел-жұртқа аса қадірді дінбасы Наурызбай Таласовты халық айрықша құрметтеп, Науан хазірет деп атап кеткен болатын. Ол ХІХ ғасырдың 60–70-ші жылдары шамасында, жас кезінде, басына түскен үлкен қиыншылықтарға мойымай, Бұхараға оқуға аттанған еді. Өзінің қабілеттілігі мен дарынының арқасында сол жақта мектеп, медресе тауысқан. Он бес жыл оқыған. Діни ілімді терең игеріп, жоғары мектепте дәріс беріп жүрген.

Сол уақыттарда оған туған жерінен хабаршы келеді. Түркістан өлкесінде ғұлама ғалым ретінде шыққан атақ-даңқынан хабардар көкшетаулық жерлестерінен. Олардың хабаршы жеткізген өтінішін ол әуелде жүре тыңдаған, алайда оған жерлестері қайта-қайта арнайы елші аттандырады. Сөйтіп, елге шақыртып алады.

Сонда Наурызбай Таласов Бұхарадан Көкше өңіріне оралған бетте халықты мұсылманша сауаттандыру ісін қолға алады. Медресеге оқуға келген ынталы шәкірттері ішінен өзінің жолын ұстанатындар көптеп шығады.

Асқан білімді, өмір тәжірибесі мол осынау дінбасының аталған үндеуді жазуға жігерлендіруші, негізгі саяси ойды тұжырымдаушы тұлға болуы мүлдем табиғи жәйт еді.

Науан хазіреттен дәріс алып, оның лайықты ізбасары бола білген, білімін Бұхарада жетілдірген діни қызметші және медресе мұғалімдердің бірі – Шаһмардан (Шәймерден) Қосшығұлов болатын. Жоғарыда аталған прокламация соның қаламымен жазылған еді. Патшалық биліктің сұрқия саясатын әшкерелеуді көздейтін саяси идеяны ол аталмыш үндеу мәтініне қарапайым да түсінікті тілмен тоқыған. Қосшығұлов, сондай-ақ, өзіндік пікірі бар зиялы азаматтардың тізімін жасап, олардың бір жерде бас қосып кеңесуге шақырылуын тікелей ұйымдастырып, жүргізді.

Діни қызметшілерді толғандырып тұрған, күллі елдің көзі ашық азаматтары үшін өзекті мәселе бойынша Шәймерден мұғалім өз қолымен кемеңгер ақын және ағартушы Абай Құнанбаевқа да хат жазған. Оның хатын жандармдар ұлы ойшыл Абайдың ауылын, хәкім Абайдың өзі мен қасындағы адамдардың қойын-қонышын еш қысылмастан тінтіп жүріп тауып алады...

Шәймерден Қосшығұлов айдаудан бірінші орыс революциясының дүмпуімен босанып, еліне оралған. Келе салысымен революциялық оқиғалар жаңаша жандандырған мұсылман қозғалысына, онымен астаса өріс алған қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына атсалысады.

Патша үкіметінің қыспағы мен қуғын-сүргіні оның ел ішіндегі беделін арттыра түскен. Халық оны сүйіспеншілікпен Шәйке молда деп атап кетеді.

Қосшығұлов 1906 жылғы қаңтарда Петербургте өткен кезекті II Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болады. Съезде мұсылмандардың халықтық саяси партиясын құру

қажеттігі жайында пікір білдірушілер қатарында тұрады. Партияның бағдарламасын жасау жөніндегі комиссия құрамына сайланады.

Таңдап сайлаушылар 1906 жылы жазғытұрым Қосшығұлов Шәйке молданы Бірінші Мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлайды. Алайда әкімшілік оның орыс тілін білу дәрежесі жетімсіз деп танып, сайлау нәтижесін мақұлдамайды. Сол тұста Дума да тарқатылады.

Бірінші Мемдума қуылғаннан кейін, 1906 жылдың тамызында, Нижний Новгородта болған III Бүкілресейлік мұсылмандар съезі өткен. Соған Қосшығұлов делегат болып барды. Съездің төралқасына сайланды. Съезде ағымдағы саяси ахуал, оқу және дін істері жөнінде болған талқылауларға атсалысты. Қаралған мәселелер бойынша қабылданған тиісті қаулылар мәтіндерінің ақырғы редакциясын жасауға, жалпы, ағымдағы саяси сипаты бар талқылауға белсене қатысты.

Съезд мұсылман партиясын ұйымдастырып, оның жұмысын жүргізу үшін орталық комитет құрып, жасырын дауыспен мүшелерін сайлады. Шәймерден Қосшығұлов бір ауыздан сайланып, Бүкілресейлік мұсылман партиясы орталық комитетінің құрамына енді.

Бүкілресейлік мұсылман партиясы бағдарламасының мемлекеттік, қоғамдық, ағартушылық, діни, экономикалық тыныс-тіршілікке қатысты іргелі мәселелерін қозғайтын тармақтары Шәйке молда Қосшығұлұлының көзқарастарына сәйкес-тін. Ал сонау ұжымдық саяси ойдың негізгі арнасы Ресей мұсылмандарының діни істер бойынша еркіндікке, христиандармен теңдікке қол жеткізу, балаларды міндетті түрде оқыту және бастауыш кластарда сауат ашуды әуелі ана тілінен бастау, мұсылман халықтарының барлық саяси, азаматтық, діни құқтарын шектейтін ереже, тәртіптерді жойып, заңдылық ретпен орыс халқының құқтарымен теңгеру мәселелеріне саятын.

1907 жылы Қосшығұлов Екінші Мемлекеттік Дума депутаты болды. Сайлау қорытындысын бекітерде оның орыс

тілін білу дәрежесі тағы да даулы мәселеге айналады, дегенмен бұл жолы оның депутаттығы мойындалады.

Шәймерден Қосшығұлұлы ІІ Мемдума жұмысына қатысу үшін Санкт-Петербургке аттанады. Думада ол өзге де қазақ депутаттары секілді мұсылман фракциясына тіркелді. Солармен бірге ұлт мүддесіне, өз саяси ұғымына сәйкес түрлі жұмыстар атқарды. Осында «Үлфат» атты татар газетіне қосымша етіп қазақша «Серке» газетін шығаруға атсалысты.

Ел ішін дендеген паракорлықтың халық сотын да шырмағанына, сөйтіп, әділет сынды қасиетті ұғымның қадірі кеткеніне жанын ауырғандығы болар, бәлкім, мұсылмандық ілімді тәп-тәуір білгендіктен шығар, әйтеуір, Қосшығұлов қазақ арасындағы сот жүйесінің әдет құқығы негізінде жұмыс істеуіне қарсы болды, шарифат құқығын басшылыққа алуды дұрыс деп есептеді.

Ол бұл тұрғыда Думадағы көптеген мұсылман қайраткерлерімен бір сапта еді. (Бірқатар қазақ азаматтары, соның ішінде зайырлы жоғары білім алған Бақытжан Қаратаев, Серәлі Лапин секілді заңгерлер де ел ішінде шарифат сотының жұмыс істеуін қалайтын.)

Дума қуылған соң елінде діни және ағартушылық істермен шұғылданған. Кеңес өкіметі тұсында молда ретінде ұдайы түртпектеліп, саяси қыспақта болған.

Белгілі қарт қаламгер Жайық Бектұров ақсақал өзімен аталас болып келетін бұл кісіні жас кезінде бірнеше рет көргенін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазған еді.

Қағылездеу, тез-тез сөйлейтін кісі еді деген. Оның Файзырахман дейтін ұлы болғаны, содан әкесі жайында елуінші-алпысыншы жылдары көптеген әңгіме жазып алғаны және өзге де адамдардан ел арасында кең танымал болған Шаһмардан-Шәймерден-Шәйке молда Қосшығұлұлы туралы көп естігені, оның Омбы жағына ГПУ қуғынынан қашып барғаны жайында оқырманды хабардар еткен болатын.

Солардың бәрі өз зерттеушісін күтіп жатса керек.

2003 ж.

2. Өмірдерек

ҚОСШЫҒҰЛОВ Шәймерден, Шаһмардан, Шәйке молда, Қошегулов Шаймардан (1869/1874 ж.ш.т., Ақмола обл. Алтай т.ж. ст-сы маңы – 1932, Ресей, Омбы обл. Марьяновка т.ж. ст-сы маңы) – қоғам қайраткері. Науан хазіреттен дәріс алып, білімін Бұхара медресесінде жетілдірген. 1903 ж. Көкшетау у-нде Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күреске шақырған үндеу хат таратқаны үшін Сібірге айдалып, 1905 ж. бірінші орыс революциясы дүмпуімен айдаудан қайтқан. 1906 ж. қаңтарда Санкт-Петербургте өткен Бүкілресейлік мұсылмандардың екінші съезіне делегат болды. Съезде мұсылмандардың халықтық саяси партиясын құру қажеттігін қуаттаған. Партия бағдарламасын жасау жөніндегі комиссия құрамына сайланды. 1906 ж. I Мемл. думаға Ақмола облысынан депутат болып сайланды. Алайда комиссия орыс тілін білмейді дегенді алға тартып, оны Дума мүшелігіне тіркемеген. 1906 ж. Нижний Новгородта болған Бүкілресейлік мұсылмандардың үшінші съезіне қатысып, оның төралқасына сайланды, съездің ағымдағы саяси ахуал, оқу және дін істері жөніндегі қаулыларын әзірлеуге қатысқан. Съезде құрылған «Ресей мұсылмандар одағы» ұйымының ОК құрамына сайланды. 1907 ж. II Мемл. Думаға депутат болды. Мұсылмандар фракциясының құрамына енді. «Серке» газетін шығаруға атсалысты, діни және ағартушылық жұмыстармен шұғылданды. Кеңес өкіметі тұсында молда ретінде ұдайы қуғын көріп, саяси қыспаққа ұшыраған.

Әдеб.: Политическая жизнь русских мусульман до Февральской революции. Оксфорд, 1985; *Бойович М.М.* Члены Государственной думы. Созыв II (Портреты и биографии). СПб, 1907; *Бектұров Ж.* Шәймерден Қосшығұлұлы//Ана тілі, 18.03.1993; *Қойшыбаев Б.* 1905 жыл. А., 1993; *Озганбай О.* Государственная Дума России и Казахстан. А., 2000.

2004 ж.



II МД мүшесі
Бақытжан
Қаратаев



I және II
МД мүшесі
Шаймерден
Қосшығұлов



Бақытжан Қаратаев пен Темірғали
Нүрекенов II Мемлекеттік дума депутаты
анкетасын толтыруда. *С.-Петербург, Таврия
сарайы, ақпан 1907 ж.*



I және II МД мүшесі
Ахмет Бірімжанов



II МД мүшесі
Темірғали
Нүрекенов



II МД мүшесі
Мұхамеджан Тынышбаев



Студент, кайраткер,
кеңес қызметкері
Бақытжан Қаратаев



Түркістан мұғалімдер
семинариясының тү-
легі Серәлі Лапин



Жақып Ақбаев



Шығыстанушы,
қоғам қайраткері
Серәлі Лапин

Серәлі Лапин зайыбы Зура
Ахмерова және ұл-қыз-
дары Мерәлішер, Рәбия,
Рахиямен бірге. *Маргелан.*
XX ғ. 90-жж. 2-жартысы



Қонырқожа Қожықов



Ахмет Байтұрсынов



Кеңес өкіметінің уәкілі Қонырқожа Қожықов ел ішінде. XX ғ. 20-жж.



Орал өңірінде Кеңес өкіметін орнатуға белсенді түрде атсалысқан Бакытжан Қаратаев тілектестер ортасында. XX ғ. 20-жж.



Дәрігер Зиба
Сұлтанбеккызы
Қожанова



Халел Досмұхамедов

Әскери-медициналық
академия түлегі Халел
Досмұхамедов



Елеусін Бұйрин

Құдайберген
Жұбанов



Абылай Серғазиев



ҚССР 2-Кенестер
сьезінің делегаты
Бакытжан Қаратаев



Б. Б. Каратаев
1923

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

*Көзқарас эволюциясы • «Әділет» және Ахаң тағылымы •
Байтұрсынов оқулары • Саябақ • Тіл білімі антологиясының
алғашқы кітаптары жайында*

1. Көзқарас эволюциясы

Ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов өз кезі үшін көрнекті қоғам қайраткері де болған-тын. 1928 жылы Алматыда жаңадан ашылып жатқан Қазақ университетіне (қазіргі ҚазПИ) профессорлық қызметке шақырылып, Қызылордадан көшіп келгенде ол өмірбаянына былай деп жазды:

«1919 жылдың мартында совет өкіметі жағына шығып, Москваға кеттім. 1919 жылғы 24 июльде РСФСР Халық Комиссарлар Советі мені Қазақ Әскери-революциялық комитетінің мүшесі етіп тағайындады.

7-Бүкілроссиялық Советтер съезінен 8-Бүкілроссиялық Советтер съезіне дейін ВЦИК-тің мүшесі, 1-Бүкілқазақ Советтер съезіне дейін Қазвоенкомның мүшесі болдым.

1920 жылғы 4 апрельден 1926 жылдың соңына дейін большевиктер партиясында болдым, Советтердің, 1-Бүкілқазақтық съезінен – 2-Бүкілқазақтық съезіне дейін ҚАССР Ағарту халық комиссары лауазымында істеп, ҚазЦИК мүшесі болдым, Советтердің 2-Бүкілқазақтық съезінен 3-Бүкілқазақтық съезіне дейін ҚазЦИК-тің мүшесі, сондай-ақ Қазнаркомпрос жанындағы Академиялық орталық председателі болдым. 1923 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қа-

зақ ғылыми-әдебиет кеңесінің председателімін. 1923 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақ ғылыми-әдебиет кеңесінің председателі және Академиялық орталықтың мүшесі болып келемін».

Осы сараң деректерден-ақ Байтұрсыновтың Қазақ республикасының шаңырағын көтеріскен мемлекет қайраткері екенін аңғару қиын емес. Түсінуді, мұқият талдау, айқын көз жеткізуді тілейтін жәйт – оның советтік қоғамды құру ісіне атсалысуға келу жолы. Ал бұл жолда баршамыздың санамызға халыққа дұшпандықтың ұйымдасқан түрі ретінде сіңген «Алашорда» атты қалтылдақ өткел жатыр. Байтұрсынов сонау күмәнді қозғалыста әлгі қылкөпірді салушылардың көсемі болыпты деседі. Ресми тарихтан да, белгілі әдеби-мемуарлық шығармалардан да құлаққа құйылып, көкіректе жатталып қалған мағлұматтар бойынша, «Алаш» дегеніміз – «ұлтшыл, қазақтың басына қайтадан хандықты орнатқысы келген, Қазақстанды Россиядан бөліп әкетуді мақсат еткен партия». Ендеше, ақыл-парасатының биіктігімен танылған, халқының ар-ожданы атанған Ахаңның сондай кертартпа ұйымның дем берушілерінің бірі болғаны қайран қалдырмай қоймайды. Тағы бір қайран қалатының – ол жоғарыға келтірілген өмірбаянында қызметінің сол бір кезеңі жөнінде ешбір бүкпесіз: «1917 жылдың соңынан 1919 жылға дейін Алашорда ұйымында істедім», – деп жазады...

Осы бір ауыз сараң сөйлемнің астарына үңілмес бұрын Ахмет Байтұрсынұлының одан бұрынғы өткен жолына шағын шолу жасайық.

Университет оқытушысы өзінің өмірбаянын: «Мен Торғай уезінің Тосын болысындағы № 5 ауыл қазағының баласымын, – деп бастаған. – 1886 жылдан 1891 жылға дейін екі класты Торғай орыс-қазақ училищесінде оқыдым. 1891 жылдан 1895 жылға дейін Орынбор орыс-қазақ мектебінде оқыдым, 1895 жылдан бастап Торғайдың әр жерінде, әртүрлі бастауыш училищелерде – ауылдық мектептерде, екі класты мектептерде істедім». (Қосымша бір дерек: Торғай

облысының 1897 жылғы адрес-календарында Ахмет Байтұрсыновтың Ақтөбе уезі Ақтөбе болысының № 2 ауылындағы Арынғазы мектебінде мұғалім екендігі көрсетілген.)

«1909 жылы, Қарқаралы екі класты училище меңгерушісі боп жүрген кезімде, Семей губерниялық жандарм басқармасының бастығы үкіметке қарсы насихатпен айналысты деген айыптау бойынша тұтқындап, Қарқаралыдан Семей түрмесіне айдады». Сәбит Мұқанов «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» атты кітабында «Шыңғысұлы Тәттімбет дейтін жандармда қызмет қылатын адам «патшаға қарсы» деп көрсетіп, Ахметті... абақтыға» жапқызғанын жазған.

«Түрмеде сотсыз, тергеусіз 1909 жылдың июлінен 1910 жылғы 21 февральге дейін отырғызды да, қазақ облыстарында тұруыма 2 жылға тыйым салып, үш күннің ішінде Семейді тастап кетуге міндеттеп, түрмеден шығарды. Тұруға Орынбор қаласын таңдадым да, Семейден 23 февральда шығып, Орынборға 1910 жылғы 9 мартта келдім». (Аханның белсенді ғылыми-ағартушылық, журналистік қызметі осы тұстан бастап айрықша жанданады.)

«1913 жылы «Қазақ» газетінің ашылуын ұйымдастырдым. оның редакторы ретінде қызмет атқардым. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде бірнеше мәрте әкімшілік жолымен айып тартып, тұтқындалдым, сондай-ақ Қарқаралы станицалық приставының почта абыройын төгетін мағлұматтарды баспасөзге шығарды деп айыптауына байланысты ісім сотқа берілді.

1917 жылдың соңына дейін редактор боп істедім».

Бұдан ары Аханның «Алашорда» ұйымындағы қызметі басталады... «Алашорда» тарихының 30-жылдардан кейін зерттелмегенін қазіргі таңда тарихшылардың өзі мойындап жүр. Ал «халықтар әкесі» мен оның жер-жердегі сенімді уәзірлері ол жылдарда кейінгі ұрпаққа объективті шежіре қалдыруды көздей қоймаған-тын. Тек қана күстаналау. тұқырту тұрғысында баяндалып жүрген сол күрделі де кайғылы, әрі маңызды кезеңнің себеп-салдарын әділ ашып беру

– тиісті ғылыми мекемелер үлесінде, біздің қарастырмағымыз – рухани өмірімізге қайта оралған халық ұлының жеке басына, көзқарасына қатысы бар кейбір деректер ғана.

Монархияның құлауын ел бостандыққа жеткендей көңілмен қарсы алды. Революция әперген азаттықты баянды ету ұранымен әр аймақ өз съезін өткізіп жатты. Сондай серпіліс ахуалындағы Торғай облысы қазақтарының 1917 жылғы 2–8 апрельде болған съезін «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов кіріспе сөз сөйлеп ашты.

Байтұрсынов өз сөзінде ел өміріне ірі өзгеріс туғызған сол сәтте бірігудің аса қажеттігін, жаңа қоғамдық құрылыс пен жеңіп алынған бостандықты нығайту үшін үкіметті қолдап, жер-жерде реттілік пен тыныштық сақтау керектігін атап айтып, жиналысты құттықтады. Делегаттар оны съезд председателі етіп сайлады.

Осы съезд құлатылған өкіметтің өкілі деп, Торғай облысының әскери губернаторы Эверсманға сенімсіздік көрсетті, сұранса да сөз бермей, залдан шығарып жіберді. Сондай-ақ, сол съезде Орынбор орта оқу орындарының бірер оқытушысы мен Торғай облыстық басқармасының тілмашына жергілікті жандарм басқармасында агент болды деген айып тағылды. Тілмаштың қызмет бабын пайдаланып ірі пара алып тұрғандығы да айтылып, бәрі де қоғамға жат адамдар ретінде съезд қаулысымен аласталды.

Патша тақтан кеткеннен кейінгі революциялық көтеріңкі көңіл-күйге сай өткен осынау тұңғыш қазақ құрылтайында бірқатар бұрынғы патша чиновниктерінің қазақтарды майдандағы қорғаныс жұмыстарына алуда қолданған жазалау шаралары мен басқа да қылмыстары ашып айтылып, оларды сотқа беру жөнінде шешім қабылданды. Осы съезде күллі қазақ халқының мұң-мұқтажын анықтап, ортақ іске жұмылдыру мақсатымен жалпықазақ съезін шақыруды қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру бюросы құрылды. Оның құрамына Ахмет Байтұрсынов та кірді.

Көзделген съезд сол жылы 21–28 июльде өтті.

Онда Ахаң председателдің орынбасары болды. Съезд 12-мәселе етіп қазақ саяси партиясы жөнінде мәселе қарады. Қарарда қазақ ішінде жеке саяси партияның болғаны дұрыс екені атап айтылып, партияның демократиялық федеративті-парламенттік республикаға негізделетіні көрсетілді де, оның программасын жасау Петроградта өтетін мұсылман съезіне сайланған делегаттарға тапсырылды.

А. Байтұрсынов редактор боп істейтін «Қазақ» газеті 1917 жылғы 5 октябрьде жеке саяси партия программасын жасау жөніндегі съезд тапсырмасының әлі орындалмағанын хабарлай отырып, құрылтай жиналысына делегаттар сайлау жұмыстарына әр саяси партия өз кандидаттарының тізімін даярлап жатқандықтан, жер-жердегі қазақ комитеттері партияның атын «Алаш» деп атап, науқанға атсалыса беру керектігін жариялады. Ұзамай Құрылтай жиналысына сайлау жүргізу жөніндегі Торғай округтік комиссиясы облыстағы социалист-революционерлер, социал-демократиялық жұмысшылар және қазақтың «Алаш» партияларының кандидаттық тізімдерін тіркеді. Соңғы тізімге Ахаң да кірген.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 ноябрьде шыққан санына, ақыры, партия программасы жарияланды. Соңына программаны жасаған алты адам қол қойыпты, ішінде Ахмет Байтұрсынұлы бар. Программа он тармаққа бөлінген. Бірінші параграфта – Россияның демократиялық федеративті республика болуға тиістігі, сайлау правосы тегіне, діни иланымына, жынысына қарамай, баршаға бірдей берілу керектігі, депутаттарды тікелей, тең және жасырын дауыспен сайлау қажеттігі айтылса, екінші және одан кейінгі басқа параграфтарда болашақ қазақ автономиясының жөн-жобасы баяндалған. (Қазақ автономиясы дала облыстарынан қосылып, басқа халықтармен қатар Россия федерациясына кіреді... Басқару, сот органдарында істейтін адамдардың адал және халыққа пайдалы болуына партия қол жеткізуге тырысады... Басқармалар мен милицияда істейтіндер жөніндегі мәселені халық шешеді... Партия халық үшін дәулет пен мәдениет жа-

сауға ұмтылады... Партия кедейлерді – жолдас, қанаушыларды – жау деп санайды және солай атайды... Дін мемлекеттен бөлінуге тиіс... Сот алдымен айыптау, тергеу жұмыстарын жүргізбей тұрып тұтқындай алмайды, соттай алмайды. Судьялар жергілікті тілді білу керек, ұлттық құрамы әртүрлі жерлерде сот сол жерде көпшілік боп есептелетін тұрғындар тілінде жүргізілуге тиіс... Салық әркімнің байлығының дәрежесіне және дүние-мүлкінің жағдайына қарап алыну керек: дәулетті – көбірек, кедей – азырақ төлейді... Халыққа білім беру – баршаға ортақ, барлық оқу орындарында тегін оқытылады. Бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүргізілуге тиіс... Барлық мұғалімдер мен профессорлар сайланып отырады... Жұмысшы заңдары жұмысшы мүддесін көздеуге тиіс... Халықты қорғау үшін қазіргіден өзге негізде ұйымдастырылған әскер болуға керек... Құрылтай жиналысында жер заңын жасағанда бірінші кезекте туземдіктер мүддесі ойластырылуы қажетті.) Осы жөн-жобадан зайыр аңғарарымыз – оны жасаушылардың бірі болған Ахаң – қателессе де, көзжұмбай ұлтшылдықтан аман екен...

Автономия жариялау мәселесі 1917 жылғы 5–13 декабрьде өткен екінші жалпықазақ съезінде талқыланғаны мәлім. Сонда делегаттардың көпшілігі автономияны тездетіп жариялап жіберу туралы ұсынысқа қарсы дауыс берді. Бұл көпшіліктің ойы бойынша, ең алдымен, дала облыстарының қазақтан басқа халықтарының қазақ автономиясына көзқарасын анықтау қажет-тін, осылардың жуан ортасында Ахмет Байтұрсынов тұрды.

Съезд 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрды, 15 мүшесін сол жолы сайлап, 10 орынды қазақ арасында өмір сүріп жүрген орыс және басқа халықтардың өкілдеріне қалдырды... А. Байтұрсынов халық кеңесінің құрамына ұсынылған жоқ, ол оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланды. Өмірбаянында: «1917 жылдың соңынан... Алашорда ұйымында істедім», – дегенде, ол осы съезден кейін жаңа мазмұнмен басталған қызметін

айтса керек. Алайда дүбірлі он сегізінші жыл ол таңдаған бағыттың сергелдені көп екенін, халықтың мұңын жыртамыз деген ұйымның халықтан оқшауланып бара жатқанын көрсетті. 1918 жылдың көктемінде халық кеңесінің мүшелері бастаған делегация Москваға барып қайтты, сол тұста «Алашорданың» басшылары төте желі арқылы В.И. Ленинмен сөйлесті. Совет өкіметінің қазақтарға автономия беру жобасын жасайтыны, бірақ оның жергілікті жұмысшы, шаруа депутаттары Советтерінің негізінде жарияланатыны айқындалды. Ал «Алашорда» қайраткерлері жергілікті Советтермен тіл табыса алмаған, себебі олар таптық көзқарастың мәнін түсіну дәрежесіне жеткен жоқ еді, сондықтан да олар орыс буржуазиясының құшағына біржола құлағандай-тын. Алайда «бөлінбейтін, біртұтас Россия» идеологтары Уфа, Самарада өткен Құрылтайшы жиналыстарында «қуатты мемлекеттерін» бұратаналарға автономиялық құрылым берем деп бышырата алмайтындықтарын мәлімдесе, Сібір үкіметінің басшысы әйгілі адмирал А.В. Колчак 1918 жылдың күзінде арнайы указымен «Алашорданы» таратып жіберді. Мұндай жағдайды көріп-біле тұра Ахаң сынды ойлы адам өзінің адасқанын ұқпауы, тыным таппай дұрыс жолды іздемеуі мүмкін емес-ті...

Ахмет Байтұрсынұлы совет өкіметі жағына өзі шығып қана қойған жоқ, халқына шын ниетімен қызмет етуге ден қойған бұрынғы үзеңгілестерінің де тарихи тура бағытқа түсуіне жәрдемдесті. Қазақ революциялық комитетінің 1919 жылғы 15 сентябрьде өткен мәжілісінде оған, совет өкіметі жағына қарату мақсатымен, «Алашорданың» батыс бөлімшесімен келіссөз жүргізу тапсырылды. Түрккомиссияның Түркістан майданы мен Бірінші армия Әскери-революциялық советтерінің қатысуымен өткен Қазревкомның 1919 жылғы 27 октябрьдегі мәжілісінде А. Байтұрсынов ақтарға қызмет етіп жүрген қазақтарды совет өкіметі жағына тартудың шарттарын түйіндеп айтты... Декабрьдің соңына қарай «Алашорда» батыс бөлімшесінің әскері ақтарға қарсы

соғыс ашып, Елек корпусын талқандады, ақгвардияшылардың штабын ірі әскери шенділермен қоса тұтқындап, қару-жарақ қоймасын қолға түсірді, сөйтіп, күнәсін қанмен жуу арқылы, совет өкіметінің қоластына өтті.

Советтердің 7-Бүкілроссиялық съезінде ВЦИК мүшесі болып сайланғаннан кейін Ахмет Байтұрсынов Қазвоенревком председателі С. Пестковскиймен бірге тағы да Владимир Ильичпен кездесті. Ленин қазақтар арасында түсінікті тілде пәрменді үгіт-насихат жүргізудің маңызына тоқтала келе, нақты кеңестер берді, дәулеттілердің малын жарлыларға алып беруге асықпау керектігін айтты. Көсемнің осы ақылының күш беруінен болар, кейін, «Кіші Октябрь» науқаны көтерілгенде, А. Байтұрсынов конфискацияны жұтқа балады...

«Алашорда» қозғалысына қатысқан ниеті түзу азаматтарды совет өкіметі жағына шығару аяқталған соң, ВЦИК-тің кешірім туралы белгілі декретіне бір жыл толғанда, қазақ халқын қандай жолдың бақытқа бастарына анық көзі жеткен Ахмет Байтұрсынұлы большевиктер партиясы қатарына өтуге өтініш берді...

20 қаңтар 1989 ж.

2. «Әділет» және Ахаң тағылымы

А. Байтұрсыновтың 130 жылдығына арналған конференциядағы сөз

Қазақстанның «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы – қайта құру жылдары туған алғашқы ерікті қоғамдық ұйым. Ол Мәскеуде өрістеген «Мемориал» қозғалысынан 1988 жылы бастау алған еді. Мемориал сөзінің шығу тәркіні, италиялықтар тілінен тәржімалағанда, естелік жазба деген ұғым беретіні белгілі. Қозғалыстың да көздегені осы сөзбен дәл бедерленген-ді. Ол өткендегі қасіретті есте сақтау мақсатын көрсететін. Қазақстандық ұйым да «Мемориал» үлгісімен дүниеге келді. Оны құруға публицистермен, ғалымдармен

бірге саяси репрессиялар құрбандарының жазықсыз жапа шеккен ұрпақтары қызу атсалысты. Олардың қатарында бүгінгі дөңгелек мерейкүніне орай ғылыми-іс-дағдылық конференция өткізіліп отырған ардақты ұлт қайраткерінің фамилиясын алып жүрген Шолпан Ахметқызы Байтұрсынова да болған еді.

Қоғам өзінің алғашқы құрылтайында мән-мағынасы мемориалдан гөрі кеңірек, көпшілікке түсініктірек әділет деген сөзбен аталды. Мәселе ХХ ғасырдың алғашқы жартысында орын алған көл-көсір қайғы-қасіретті түмшалаған қара жабуды сыпырып ашу, ащы шындықты айқындау, одан оны әрдайым есте тұту шараларын жасау, сосын сондай қасіреттерге апарған бұрмалаулардың тағы орын алмауын қамтамасыз ететін жұмыстар жүргізу, белгілі бір оқиғаға, тұлғаға қатысты тарихи әділдіктің салтанат құруына қол жеткізу секілді ізгілікті істер кешенінде жатқан-ды.

Сондықтан да біздің қоғам азаматтарды трагедияға тұнған шыншыл тарихпен тәрбиелеу ісіне маңыз беріп келеді. Сондықтан да «Әділет» «үлкен террор» кезеңінде атылып, көзден таса, құпия көмілген боздақтар жатқан қорымдарды анықтауға, табылған зираттарға естелік тақталар мен ескерткіштер қоюға мұрындық болды, атылған боздақтардың аты-жөні мен сақталған өмір деректерін анықтап тізген азалы кітаптар шығаруға көңіл бөлді.

Осы ретте атқарылған бірқатар жұмыстар Ахмет Байтұрсынұлы есімімен байланысты болатын. Ахаңның 30-шы жылдары тұрған үйінде бұдан бірнеше жыл бұрын мұражайы ашылды, ол «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының сол кездегі президенті Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың тікелей араласуымен жүзеге асты. Ахаң және жалпы Алаш қозғалысына күні кеше шаңырақ көтерген Саяси қуғын-сүргін тарихы мұражайынан лайықты орын берілді.

Бұл музейдің тарихи тұрғыда кезеңделуі мен экспозицияларының орналасу тәртібі және мазмұны «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының қатысуымен, оның вице-президенті

Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейістің ақыл-кеңестері бойынша түзілді. Экспонаттар қатарын қоғамның басқарма мүшесі Шолпан Аманжолова бастаған саяси репрессияға ұшырағандардың ұрпақтары отбасылық жеке архивтерінің материалдарымен толықтырысты.

«Әділет» қоғамы жоғары сыныптардағы мектеп оқушыларын зерттеу жұмыстарына баулу мақсатымен үш жыл қатарынан «Тарихтағы адам. Қазақстан. XX ғасыр» деген тақырыппен байқау-бәйге өткізді. Жасөспірімдердің өздері тұратын аймақтарда сақталған деректер мен материалдар негізінде жазған іздеушілік-зерттеушілік еңбектері ішінен Ахаңның соңғы ұсталуына байланысты да бір қызық жұмыс түскенін айта кеткім келеді.

Ардақты ұлт қайраткері ақталғалы бергі он бес жыл бойы зерттеушілер жариялаған тергеу материалдарынан баршаға мәлім, естеріңізде болар, 1937 жылдың күзінде Ахмет Байтұрсынұлының пәтеріне әлдебір әйел келген де, НКВД-нің күйеуін жапон тыңшысы деп түрмеге жапқанын айтып, соған байланысты кеңес сұраған.

Сонда Ахаң оған өзінің саясатпен айналыспайтынын, ал жалпы, жапондар кеңес өкіметіне қарсы соғыс ашқысы келсе, оны қазақтан сұрамайтынына сенімді екенін айтқан еді ғой.

Ол әйел, ОГПУ тергеушісінің айыптау қорытындысындағы нұсқа бойынша, контрреволюциялық түркі партиясының Байтұрсыновқа байланыс үшін барған өкілі делінетін. Кей зерттеушілерде «бұл әйел Ахаңды арандату үшін жұмсалған агент емес пе екен?» деген ой туған. Алайда ондай пікірлердің жаңсақтығын байқауға қатысқан жас зерттеуші дәлелдеген. Ол аталмыш әйелдің нақақтан жапа шеккенін, оның саяси қуғын-сүргін азабын бастан кешкен қиын тағдырын сенімді құжаттармен ашқан.

Осы зерттеуді оқи отырып, кеңестік құпия ұйымның саяси қылмыс деп таңбаланған жасанды істер ұйымдастырудағы арсыздықтарында шек болмағанына көзің жете түседі.

Бұған таңырқауға да болмас. Кезінде ЧК-ГПУ-КГБ-леріңіз большевиктер бағдарламасының қалқаны мен семсері болды, ал большевизмнің ұлы көсемі Лениннің дәйектеуіне сәйкес, саясат пен мораль ымыраласпайтын ұғымдар ретінде қаралды.

Жаппай жазалауға ұласып жатқан тоталитарлық кезеңнің тәртіптері адамгершілікке, моральдық (ахлақи) сезімдерге қаяу түсірді. Кәдімгі өмір сүруге құштарлықпен түсіндіруге болатын адами ұғым сынға ұшырады. Оны әркім шама-шарқынша ұғып, өз әлінше ұстанды. Халық жаулары, отан опасыздары деп таңбаланғандардың кейбіреулері жанынан арын артық көрді. Екіншілер жендеттердің азаптауларына шыдай алмай, олардың алдын ала әзірлеген қағаздарына, іс жүзінде өзіне өзі жала жапқан көрсетімдерге қол қоя берді. Ал сонау саяси репрессиялар құрбандары мен олардың ұрпақтарының алыс-жақын туыстары мен таныстары бастарына түскен жағдайға орай түрлі әрекет жасады. Бірі олардан мүлдем безініп, өкіметке жағыну жолдарында жүрді, енді біреулері тағдырдың тауқымет-қияметін үн-түнсіз көтере берді.

Бүгінгі ұрпақ олардың ешқайсысын да кінәлауға тиіс емес. Сол кездегі қатыгез де сұрапыл заманға орай бой көрсеткен адам мінездеріне түсінушілікпен қарау – қай-қайсымыздың да парызымыз.

Дегенмен, басқа түскен сынға төтеп бергендерге, мәселен, тек халық жауының қызы болғаны үшін екі мәрте абақты қапасында болған, қиын сәтте туысқандарының қол ұшын беруден шошынып теріс айналуларын бастан кешкен, соған қарамастан, өзіне сор болған фамилияны өзгертпеген адамға құрметпен қарау жөн деп білеміз. Осы орайда түсіну қиын жәйт – жаппай қудалау жылдары туысынан безіп, қара таңбалы фамилияны қауіпсіз атқа ауыстырып алған, бостан заман туғанда оның ең ет-жақыны боп шыға келген адамдардың құбылмалы ұстанымы. Дұрысында, бұл да түсінікті, оған сұм заман кінәлі. Тек, ондайлардың ақталған атақты адамдар

арасынан туыс іздеуге келгенде, басқаны қаралап, орынсыз ғайбаттауға баруы түсініксіз ғой деп ойлаймын.

«Әділет» тарихи-ағарту қоғамына құқық қорғау мәселелерімен де айналысуға тура келді. Ахаңның қызы Шолпан Ахметқызы Байтұрсынова әкесінің мұраларына байланысты өз құқтарын қорғау үшін қуынғанында, оған тілші-ғалым Рабиға апай Сыздықовамен бірге «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының жауапты хатшысы Сәуле Рақымқызы Айтмамбетова қоғамдық қорғаушы болды.

Осы іс көрсеткен моральдық сабақ жайында бүгінгі жиында ерекше еске ала кету жөн сияқты. Өйткені ол ғылымда да, өмірде де жеткілікті мән берілмей келе жатқан біздің аса кесепатты мінез-құлқымыз жайында ойлануға жетелейді. Адамдардың сатқындық мінез-құлқын Ахмет Байтұрсынов патшалық әкімшілік тұсында аз көрмеген-ді.

Естеріңізде болар, орыс демократтары бостандық келді деп қуанған 1905 жылғы революциялық оқиғалар дүмпуімен туған алғашқы еркін ой серпілістерінің соңы Байтұрсыновтың тұтқындалып, айдалуына, жер аударылуына ұласқан. Сонда Ахаңның көңілі қалғаннан: «Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған, Айдай бер, қалса адамың қуылмаған», – деген сөзі көпке белгілі. Ол: «Қинамайды абақтыға жапқаны, Қиын емес дарға асканы, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен, Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны», – деп, өзін талауға түсірген қандастары жайында көпке сабақ рәуішті ой қорытқан.

Бұл жолдар біз әлгінде ауызға алған ахлақ мәселесі Ахаңды қатты толғандырғанын көрсетеді.

Өкінішке қарай, билікке жағыну үшін ар-ұятты, әділетті жиып қойып, нағыз халық ұлдарын сатып жібере беретін опасыз жандардың қай заманда да тасы өрге домалай беретіні мәлім. Тарихи ағарту істерінде, тәуелсіздік азаматтарын тарихпен тәрбиелеуде мұндай жәдігөйліктерді талдап, әшкереп отыру қажет-ақ. Алайда бұл – әлі шешімін таппаған өзекті мәселе.

Алғашқы орыс революциясы жылдары Қарқаралыда Ахаңмен үзеңгілес болған талай адамның қуғындалғаны мәлім. Мәселен, Байтұрсынов істейтін Қарқаралы мектебінің Аяғанов деген мұғалімі Петрбордағы ішкі істер министрі Дурновоның нұсқауымен жұмыстан шығарылғаны кеңестік кезде ашылған құжаттардан-ақ белгілі болған. Демек, империяның ішкі істерді басқаратын ұлығының кеңсесіне кезінде Ахметке қатысты да талай құжат түскен болуы ықтимал.

Тағы бір белесті айта кетейік. Ахаң большевиктік Қазақстанның алғашқы оқу комиссары болды, бірақ аталған қызметінде алты-жеті-ақ ай істеді. Сол кезде Түркістанның тұтастығын күйттеп, кеңеске қарсы қозғалыс ұйымдастырумен шұғылданған Зәки Валидиге қазақ елінің ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынұлы астыртын адамдар жіберді. Оның ұлт мүддесін күйттеген сол әрекетіне қатысты құжаттар да толық анықталған жоқ. Яғни, Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянында «ақтаңдақтар» әлі де жетерлік.

Рас, оның адал есімі халқына қайтарылғалы бері көп іс тындырылды. Дегенмен, өз заманында қазақ халқының ар-ожданы атанған осынау ардақты адамның өмір жолын тарихи құжаттар негізінде жаңғыртып, күрескерлік шежіресін мұқият түзетін уақыт жетті.

Көзі тірісіндегі, одан бергі қасаң тоталитаризм, одан жариялылық, тәуелсіздік кезеңдерін қамтитын жүз жылдық мерзімдегі Ахмет Байтұрсынов есіміне байланысты ұлт қозғалысының өмір көші хронологиясын күллі тарихи және ахлаки сабақтарымен өріп жасау ләзім. Бұл қазіргі мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының мақсатымен керемет үйлесер еді.

Осындай игі шаруаны «Әділет» қоғамымен бірге ұлы Шоқан атындағы тарих институты қолға алса және оны мемлекеттік бағдарлама ауқымында жүзеге асыруға жағдай жасалуы сұралса деген ұсыныс айтқымыз келеді.

5 желтоқсан 2003 ж.

3. Байтұрсынов оқулары

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында Алматыдағы Ахмет Байтұрсынов атындағы қоғамдық қор қала әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасымен бірге ұлы ұстаздың музей-үйінде дәстүрлі Байтұрсынов оқуларын өткізді. Осымен үшінші рет өткізіліп отырған бұл іс-шараға қала әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов, басқарма бастығы Кенжехан Матыжанов, белгілі ғалымдар Рабиға Сыздықова, Тұрсынбек Кәкішев, Айгүл Ісімакова, Өмірхан Әбдіманұлы, ғылыми-зерттеу институттарының, оқу орындарының қызметкерлері, Ахмет Байтұрсынұлының туыстары, жұртшылық өкілдері қатысты. А.Байтұрсынов музей-үйінің директоры Райхан Имаханбетова ұлы ұстаз шығармашылығын насихаттауға елеулі үлес қосып келе жатқан жекелеген ғалымдар мен журналистерге алғыс хат тапсырды.

Көзі тірісінде ұлтымыздың ар-ұятына баланған ұлы ұстаз жайында «үлкен террор» жылдарынан кейін жұрт жұмған аузын ашуды қойған. Ал стандартты заман бекем орныққалы дүниеде ондай жанның болғаны мүлдем ұмыттырылғандай-тын. Соның салдарынан мектеп қабырғасынан өткен пәлен ұрпақ сонау ұлы ұстаз түзген ілімнің жемісін қазақ тілі оқулығы арқылы татып жүргенін сезген де емес. Бұл орайда ғалымдарымыз да «екі елі ауызға төрт елі қақпақ» қойылғанына көндіккен-ді. Биік ғылыми атақтар мен лауазымдарға талайлар ұлы ұстаз еңбектерін айналып өтіп-ақ жететін. Бірақ мойындарында өтелмеген парыз барын ұлы ұстаз рухы әрдайым еске салып тұратындай еді.

Қазіргі таңдағы көрнекті тілші-ғалымдарымыздың бірі Рабиға Сыздықованың ұлы ұстазды терең тануға бет бұруы Хамит Ерғалиевтің ақындық сергек сезіммен білдірген талап-тілегінен басталған екен. Сахна шебері, ақын Шахан Мусинмен пікірлес, дос, ер көңіл Хамит аға оның от басы-

на келіп, Рабиғаны академия құрамына сайлануымен құттықтай тұра: «Егер сендер, тілші-ғалымдар, Ахмет Байтұрсыновты ақтап алмасаңдар, онда сендердің ғалымдықтарың түкке тұрмайды», – деп жіберіпті. Осы жәйт апайға терең ой салады.

– Докторлығымды, профессорлығымды, членкорлығымды салып жүріп, жабық корды қарауға пұрсат алдым, – деп еске алады Рабиға апай ахметтанудағы алғашқы қадамы жайында.

Ол шектеу мен тыйым салу тұтасып тұрған жылдарда Ахаңның бастауы сонау патша заманына кететін ғаламат жаңашылдық еңбегіне тұңғыш назар аударып, алғашқы зерттеуін жазды. Сонысы үшін қырағы құпия орган қызметкерлерінің назарына ілігіп, саясат пен ғылымды араластырмайтын сенімді де нық көзқарасын батыл танытуы арқылы ұлы ұстаз жайында түйген көзқарасын қорғап қалған еді.

Қайта құру жылдары билеуші компартияның өзі бүкілодақтық партконференция өткізіп, жазықсыз жазалаулар жылдарының бұрмалаушылықтарын әшкереледі, жазықсыз жапа шеккендерді жаппай ақтады. Жабық тақырып атаулы жойылды. Соның өзінде біздің республикалық орталық партия комитеті «қырағылықтан» танбай, Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді ақтау жөнінде арнайы комиссия құрып, оның қорытындысы шыққанша, сол тақырыпқа жазуға тыйым салғанды. Сол құзырлы комиссия, биік саяси орган атынан сөйлей тұра, Ахаңның ғылыми қызметін арашалағанмен, оның қоғамдық-саяси қызметі туралы тіс жармаған. Дегенмен ұлы ұстаздың есімін тірілтудің өзі үлкен шаруа еді. Міне, сол шақта, ұзақ жылдарғы ұмыттыру кезеңі бітіп, комиссия пұрсат етісімен, ұлт ұстазы, ұлттың ар-ожданы Ахмет Байтұрсыновты профессор Рабиға Сыздықова терең мақаласымен жұртшылыққа іс жүзінде бірінші болып танытты.

Содан бері ахметтану саласындағы едәуір жұмыс аткарылып келеді. Бірақ ғылым жетістіктері өз алдына, соларды

ел игілігіне айналдырып, тәуелсіздік азаматтарын тәрбиелеуге пайдаланудың өте маңызды шаруа екені рас. Бұл орайда алда көп іс әлі де атқарылуын тосып тұр.

Кешегі тоталитаризм заманында қарапайым еңбек адамы Кемал Жұманбаев ақсақалдың сонау 20-жылдар оқиғаларын еске ала отырып: «Ахаңның арқасында күллі молда кеңестік мұғалімге айналып, ағарту ісіне атсалысып еді», – дегенін естіген едім. Сол сөздерде, бүгін ойласам, терең мән бар екен. Ахаң жәдидшілдік жол үлгісімен қазақтың реформаланған әліпбиін түзуді, грамматика ережелерін тұжырымдауды патша уақытында бастағанмен, еңбегі мектепке енгізіле қоймаған, өйткені оған патша үкіметі мүдделі емес болатын. Тек кеңес өкіметінің еңбекшіл қауым мұңын жыртқан ұрандарына қарай, қаржыландырылуы төмен болғанмен, ұлттық мектептерді көптеп ашуға мүмкіндік туған. Сонда, мұғалім дайындау мәселесі шешіле қоймаған алғашқы кезеңде, шындығында, ескіше оқыған молдалар сан мың бұқараның сауатын Ахмет Байтұрсынов халық қызметіне қойған төте жазумен ашуға өлшеусіз көп еңбек сіңірген екен-ау.

Ахаң ғылыми тұғырын соққан қазақ тілінің маңызы қазіргі таңда күннен күнге артып келеді. Үш тұғырлы тіл жайындағы жаңа ұранның негізгі ұстыны мемлекеттік қазақ тілі екенін Президент Нұрсұлтан Назарбаев БАҚ өкілдерімен кездесуінде тағы да айшықтап айтты. Мемлекеттік тілімізді биік өркениет деңгейіне көтеру – ұлттың ұлы мұраттарының бірі. Ахмет Байтұрсынов оқулары халықты осынау ұлы мұрат жолында ұйыстыра түсу ісіне өзіндік үлесін қоса береді.

7 маусым 2008 ж.

4. Саябақ

– Бейбіт аға, Ахмет Байтұрсынов атындағы саябақ ашылды. Саябақтың ашылуына кімдер ұйытқы болды?

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңындағы жұмада «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы мен Қуғын-сүргінге ұшырағандар ассоциациясының мүшелері бірқатар дәстүрлі іс-шараларын өткізді. Әуелі Алматы қалалық әкімдігіндегі кездесуде болды. Одан, кеңестік дәуірде халқымызды ұлттық апатқа ұрындырған ашаршылық құрбандарына ескерткіш орнатылатын орынға гүл шоқтарын қойып, аруақтарға құран бағыштады. Содан кейін Ахмет Байтұрсынов атындағы саябаққа келді. Осы жерде саябаққа Ахаңның есімі берілгендігін куәландыратын үлкен ескерткіш тақта-тастың қойылуына арналған рәсім болды. Саябақтың емес, естелік тақтаның ашылуы деген дұрысырақ. Істің басы-қасында қалалық әкімдіктің ішкі саясат және тіл басқармаларының жігіттері жүргені мәлім. Ал негізгі ұйытқы, қозғаушы – Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің ұжымы, мұражай-үйді басқарып жүрген тарихшы қыз Райхан Имаханбетова мен Ахаңның ұрпақтары, туыстары болған көрінеді. Тақтаға мынандай сөздер жазылған: «Ахмет Байтұрсынұлы саябағы. Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ ұлттық ғылымының негізін салушы, көрнекті ағартушы-ұстаз, ақын-аудармашы, түркітанушы, лингвист-ғалым, қазақ халқының рухани көсемі. Бұл саябаққа А. Байтұрсынұлы есімі ғалымның 125 жылдық мерейтойы құрметіне берілген».

– *Саябаққа алаш арысының есімі 13 жыл бұрын берілген екен. Соншама жылдар бойы ешкім бұған қозғау салмаған ба?*

– Иә, 1998 жылғы 12 маусымда Алматы қаласының әкімі Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына байланысты, оның есімін есте қалдыру туралы шешім шығарған екен. Сол шешімнің бірінші тармағында «Ахмет Байтұрсынов көшесінің бойында орналасқан, Қабанбай батыр және Жамбыл көшелерінің арасындағы скверге Ахмет Байтұрсынов есімі берілсін» деп жазылған. Сол кезден бері осынау

аталған саябақ ресми түрде Аханның атында. Содан бері, шынында, 13 жыл уақыт өтіпті. Шешімнің жаңа атауына орай өтетін шараларды белгілеу, өткізу, жалпы, шешімнің орындалуын бақылау кімдерге жүктелетіні өзге тармақтарында нақтылап жазылғанмен, биылға дейін ұмыт қалдырылған болып шықты. Қозғау салса да, қилы қолбайлаулар мүмкіндік бермеген болу керек. Мұндай жәйт өмірде бола береді. Соғыс біткен жылы Әлия мен Мәншүкке арнап еңселі ескерткіш тұрғызу жайында кеңестік республика үкіметінің қаулысы шыққан, сол қаулы еліміз тәуелсіздікке жеткенге дейін орындалмаған күйі қалды. Саябақтың қазақ халқының аса ардақты зиялысының, Алаш қозғалысы қайраткерінің атында екенін жұртшылық енді осы естелік-тақтаны көріп білетін болады. Ештен кеш жақсы деген.

– *Биыл Әлихан Бөкейхановтың да жылы емес пе? Атаулы мерейтойға қандай игілікті шаралар жасап жатырмыз?*

– Иә, биыл ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың туғанына – 145 жыл. Ол басқарған тұңғыш қазақ автономиясының құрылған күні – ескі күнтізбекпен 12 желтоқсан, қазіргі календарьмен 25 желтоқсан – жыл сайын атап өтіп тұруға лайық дата. Биылға тек Әлекеңнің емес, қазақ тарихына есімдері өшпестей боп жазылған бірқатар тұлғаның мерей-жылдары дөп келіп тұр. Күллі түркі жұртының мүддесін қорғаған, большевизм қылмыстарын әлемдік деңгейге көтеріп әшкерелеген азаттық күрескері Мұстафа Шоқайдың туғанына – 125 жыл. Сондай-ақ, Мұстафаның соғыс тұтқындарына араша түсіп жүріп жұмбақ қазаға ұшырағанына 27 желтоқсанда 70 жыл болады. Жәнібек, Керей есімді қос сұлтанның басшылығымен Қазақ мемлекеттілігінің іргесі қаланғанына биыл – 555 жыл. Аз жылда керегесін кеңейтіп, Ертістен Еділге дейінгі кең даланы алып жатқан елеулі мемлекетке айналған Қазақ Ордасын «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» байланыс құралдары жоқ заманда тиімді, ұтымды жолмен нығайту, қорғанысын күшейту, басқаруды оңтайландыру жолдары ойластырыл-

ды. Сөйтіп, ұлан-ғайыр кеңістікті алып жатқан көшпенділер мемлекетінде жедел билік жүргізуді қамтамасыз ету мақсатымен, жалпықазақ ханы Тәукенің кезінде, үш өлкені басқаратын үш хан сайлау тәртібі енгізілді. Сол реформаға сәйкес 1710 жылы Кіші жүз ханы болып сайланған, сонымен бірге 1719 жылдан 1748 жылға дейін қазақтың аға ханы – ұлы хан болған Әбілқайырдың туғанына биыл – 330 жыл. Тарихта батырлығымен, мәмілегерлігімен айрықша із қалдырған, 1771–1781 жылдары Орта жүз ханы әрі қазақтың аға ханы – ұлы хан болған Абылайдың туғанына – 300 жыл. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы бірлесіп жүргізген Отан соғысына 1726 жылғы Ордабасы құрылтайы шешуші дем берді, оған биыл – 285 жыл. Биыл, сондай-ақ, құқтары шектеулі болғанына қарамастан, қазақ тыныс-тіршілігін өркениетке лайықтап дамыту жолында үлкен істер тындырған, Ресей патшалығы ішіндегі тұңғыш та соңғы қазақ автономиясы болған Бөкей ордасының құрылғанына – 210 жыл. Сонымен бірге, Ішкі Орданың соңғы билеушісі, прогресшіл реформатор Жәңгір ханның туғанына – 210 жыл. Патша өкіметінің тағын шайқауға үлес қосқан 1916 жылғы көтеріліске – 95 жыл. Большевиктің аштық саясаты душар еткен ұлттық апаттың қасіреті көл-көсір, оның ең қанқұйлы үшінші кезеңінің басталғанына биыл 80 жыл толады. Ашаршылық нәубетіне итерген тәркілеу, отырықшыландыру, ұжымдастыру сынды құрғақ ұрандармен жасалған солақай реформаларға наразылық танытып, жер-жерде кеңес өкіметіне қарсы көтерілген қарсылық көтерілістерін күшпен басып-жаншудың, көтерілістерге қатысушыларды соттаудың аяқталғанына да биыл – 80 жыл. Зұлымдығы мол болған осынау кеңестік империяны ыдыратуға, тоталитаризмнің көбесін сөгіп, демократияның өрістеуіне жол салған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне – 25 жыл. Осы даталардың бәрін ұмытпауға, азаттық жолында құрбан болған Алаш қайраткерлері мен кеңестік кезеңдегі ұлтын сүйген есіл азаматтардың аруағы алдында айрықша бас июге мүм-

кіндік беретін қасиетті мерейтой – Тәуелсіздіктің 20 жылдығы. Аталған даталар осы үлкен мереке ауқымында тиісінше ескерілетін болар...

Саябаққа А. Байтұрсынов есімі берілуіне байланысты өткен митингіден соң сұхбат жүргізген

Гүлзина Бектасова.

30 мамыр 2011 ж.

5. Тіл білімі антологиясының алғашқы кітаптары жайында

«Қазақ тіл білімінің антологиясы» деп аталған жаңа ғылыми жоба ауқымында алғашқы екі кітап жарыққа шықты.

Антологияны «Қазақ тіл білімінің мәселелері» деген атпен тұңғыш рет бір жинаққа топтастырылған әйгілі еңбектерімен ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов ашқан екен (Байтұрсынұлы А. «Қазақ тіл білімінің мәселелері». Құрастырған: Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 213. – 640 б.).

Қазақ кәсіби лингвистикасының негізін салған аса көрнекті ғалым Құдайберген Жұбановтың өз заманындағы тіл құрылысына қатысты ізашар зерттеулері мен күні бүгінге дейін маңызын жоймаған құнды еңбектері антологияның екінші кітабын құрапты (Жұбанұлы Қ. «Қазақ тіл білімінің мәселелері». Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 213. – 640 б.).

Ұлттық тіл білімінің бастауында тұрған, бірінің ісін бірі жалғастыра еңбек еткен, саяси қуғын-сүргінге ұшырап, «үлкен террор» құрбаны болған қос тұлғаның баға жетпес мұралары осындай жолмен оқырман назарына ұсынылып отыр. Құнды жәдігер, мазмұнды ескерткіш. Әрқайсысы 40 баспа табақтан тұратын сүбелі ғылыми басылымдар.

Біз өз кезінде халқымыздың ар-ожданы ретінде бағаланған ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының жинағымен танысып отырмыз. Жинақты филология ғылымдарының док-

торы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Ғарифолла Әнес құрастырған екен, ол кітапқа алғысөз жазып, топтастырылған еңбектерге түсініктер беріпті. Мұнда Ахаңның тарихи мұрасы төрт бөлімге жүйеленіп орналастырылғанын көреміз.

Алғашқы бөлімнен оқушы үш кітапшадан тұратын «Тіл-құралмен» танысады. «Тіл-құралдың» авторы кіріспеде – «Сөз басында» – адам өміріндегі тілдің маңызын айта келіп, «...әр жұрт баласын әуелі өз тілінде жазуға үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін» ғана басқа тілдерге оқыта бастайтынын, сол тәрізді, «...тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізде оқытып, сонан соң басқаша оқыту» орынды болмағын атап өтеді. Сондықтан да бастауыш мектептерде «басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету» қажет деп көрсетеді ұлы ұстаз еңбегіне берген алғысөзінде. Сол қажеттікті өтеу үшін Ахаң «Тіл-құрал» деген атпен қазақ тілінің грамматикасын жасады. «Тіл-құралдың» бірінші кітабында – қазақ тілінің фонетикасын, екінші кітабында – морфологиясын (этимологиясын), үшінші кітабында синтаксисін тұңғыш рет түзіп, түрлеп, талдап, ұғындырды.

Бәріміз білетіндей, Ахмет Байтұрсынұлы Орынбор мұғалімдер мектебін бітіргеннен кейін, Дала өлкесінің түрлі елді мекендеріндегі ауылдық, болыстық мектептер мен қалалық орыс-қазақ училищелерінде ұстаздық етумен шұғылданған болатын. Содан соң, өз сөзімен айтқанда, «14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігі» нәтижесінде, қазақ жазуын реформалауды қолға алды. Араб әріптерінің таза қазақы дыбыстарды беретіндерінен артығын алып тастап, қазақ тіліндегі жіңішке дыбыстарды сөздің алдына белгі (дәйекші) қою арқылы жазуға болатын жаңа емле жасап шықты. Қазақ тіліндегі «43 дыбысты 25 белгімен», яғни 24 араб әрпі және дәйекші қолданып таңбалау жолымен қазақ жазуына орфографиялық революция жасады. Сөйтіп,

ұлы ағартушы жоғарыда аталған «Тіл-құралға» дейін, 1912 жылы, «Оқу құралы» деген атпен «қазақша алифба» – қазақ әліппесін, әліпбиін үйрететін кітап шығарған еді. Бұл оқулықтың революцияға дейін де, революция кейін де – Ахаңның әуелі республиканың ағарту халық комиссары, сосын Академиялық орталық басшысы, қазақ университетінің филология профессоры болып жүрген кездерінде – әлденеше рет қайта басылымы болғаны мәлім. Яғни жиырмамыншы ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ балалары сауатын осы «Оқу құралымен» ашты.

Бұл ретте Ташкент мұғалімдер семинариясын бітіріп, Қарнак мектебінде ұстаздық қызметте жүрген Қоңырқожа Қожықовтың Түркістан өлкесі оқу бөлімінің рұқсатымен осы 1912 жылы шығарған «Әліппе» кітабын да айта кету орынды. Жәдидшілер қозғалысының өрістеуіне орай, құранды үйретуге негізделген мектеп-медреселерде, ауылдардағы мешіттер мен мектептерде қазақ балаларының іс жүзінде қазақша сауат ашуына жәрдемдесу үшін жазған сонау кітабында Қ. Қожықов бір дыбысты бір әріппен белгілеу әдістерін жүйелеп көрсеткен және «қазақ әліппесінен соң құран әліппесін оқыса», балалардың «осы екі әліппе арқылы басылымдар жазуын тану» мүмкіндігі ұлғаятынына сенім артқан. «Әліппенің» хрестоматиялық бөліміне әркім білуге тиіс түрлі мағлұматтарды, әңгімелерді, өлеңдерді топтап берген.

Алайда зерттеушілер бұл оқулықтың сол кезгі ағартушылық істерде алған орнын қарастырып көрген жоқ. Және бір жылда жарық көрген осынау жаңашыл қос еңбек – Байтұрсыновтың «Оқу құралы» мен Қожықовтың «Әліппесі» өзара салыстырылып зерттелген емес. Оны айтасыз, «төте жазуын» әлем таныған Ахмет Байтұрсынұлының тілтану саласында алатын орны зор еңбектері түбегейлі зерттелмек тұрмақ, әлі күнге дейін түгенделмеген көрінеді. Жиналғандарының өзін көпшілікке танытуда, антологияны құрастырушының пікірінше, көптеген олқылықтар, ең бас-

тысы, «мұраға деген шыншыл көзқарастың болмауы, зерттеушілердің асыл түпнұсқаға сүйенбеуі» орын алып тұр. Ол осы өзі құрастырып отырған антологияда да «ғұлама ғалымның қазақ тілі хақындағы ғылыми танымға төңкеріс жасаған «Тіл-құралын» ерекше форматта – салыстыра, сараптай отырып, ғылыми басылым ретінде» жариялай алмағанына өкініш білдіреді.

Ахаң аталмыш еңбектерін революцияға дейін жазған. Қазақ республикасы шаңырақ көтерген жылдары түзетіліп, толықтырылып, бірнеше мәрте басылып шыққан. Антологияға «Тіл-құралдың» 20-шы жылдардың ортасындағы басылымдары енгізілген екен. Бұлар, жоғарыда айтқанымыздай, жинақтың бірінші бөліміне енген. Ал «Оқу құралы» мен оны балаларға оқыту үдерісін жеңілдетуді көздейтін, мұғалімдерге арнап жазылған методикалық «Баяншы» кітабы және «Тіл-құралды» оқып-үйренуге көмекші болмақ, «сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын... «Тіл-жұмсар» еңбегі «Әліппе. Емле. Әдістеме» атты үшінші бөлімді құрап тұр. Құрастырушы «өн бойында ғұлама тілшінің тілдік түсінік-пайымы басым» болғандықтан, ұлы ұстаздың «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу кітабында осы «Қазақ тіл білімінің антологиясына» кіргізген екен. Ол жинақтың екінші бөлімінде. Төртінші бөлімге Байтұрсынұлының жазу мәселесіне байланысты мақалалары, сөздері мен латын емлесіне көшу мәселесін талқылаған өз республикамыздағы және Бакудегі құрылтайларда (бірінші бүкілодақтық түркітанушылық съезде) араб әліпбиін жақтап жасаған баяндамалары топтастырылған.

Сонымен, аталмыш антология ұлттық тілтану ғылымының іргесін қалаған ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының басты еңбектерін алға тартып отыр. Иә, бұлар – қазақ балаларының әлденеше буыны сауатын ашқан, ана тілінің табиғатын танып, түйсінген, ұлттық рухта тәрбиеленген тарихи оқулықтар. Ахаң 1929 жылы жаманатты болғаннан кейін, түрі өзгерген. Бірақ мазмұны, асыл тіні ұлы ұстаздың түзген

қалпында қалған. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы оқулығының тамыр тартқан ізашары. Тіліміздің ғылыми жүйеге түсуі бастауындағы ескерткіштер. Сондықтан да бұлардың түпнұсқалығымен қымбат жәдігерлер екені анық.

Ахаңның жаманатты болуы дегеннен шығады, репрессияға ұлы ұстаздың өзі ғана емес, оның халық болашағы үшін жасаған еңбектері де, яғни осынау антологиялық жинаққа кірген туындылардың да ұшыратылғаны мәлім. Тоталитаризм жылдары сауат ашқан сан мың бала қазақ дыбысының, сөзі мен сөйлемінің жүйесін және түрлерін Ахаң түзген ілім негізінде жазылған грамматика бойынша таныды. Бірақ ұлы ұстаздың есімін де, еңбегін де білген жоқ. Бұл жәйт шәкірттер түгіл, жалпақ көпшілікке де беймәлім болды. Оның есімін тек зерделі азшылық қана білетін, алайда саяси репрессия науқандары шегендеп қойған тыйым салушылыққа көндіккендіктен, білетінін ашық айта алмайтын.

Көрінбейтін жазалағыш семсері төбеден төнген қасаңдық дәуірлеп тұрған жылдары сол азшылықты елең еткізген бір ғаламат оқиға болды: қас-қабағына емінткен қаһарлы орталықтан «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі. Қазанға дейінгі кезең» атты анықтамалық жарық көрді. Сол кітап революциядан бұрынғы жылдарда қазақ тілін ғылыми жүйеге келтірген, алайда қазақ елінде «халық жауы» атандырылып, аты біржолата ұмыттырылғандай болған ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсыновты тіл білімі тарихында ерекше орны бар тұлға ретінде атап көрсетті.

Бірақ еңбектері қапасқа тығып тасталған Ахаң сынды ұлы ұстаз жайында ауыз ашатын адам қазақ білімпаздары арасынан табылмады. Біздің жасқаншақ элитаның бұндай қадам жасауына аталмыш биобиблиографиялық анықтамалықтың дерегі аздық ететін. Тіпті, оны жасаған, жинастырып, редакциялап ұсынып отырған А.Н. Кононов – беделді орыс лингвисті, түркі грамматикасы саласынан әлденеше еңбек жариялаған әйгілі зерттеуші-шығыстанушы, түркітанушылардың Кеңестік комитетінің төрағасы, КСРО Ғылым

академиясының академигі болса да. Әліптің артын баққыш оқымыстыларымыздың әділет туы астына жиналуына билеуші партияның қайта құру саясаты да, партконференцияның тиісті қарарлары да аздық етті. Оларға республикада жаңа саясат арайында арнайы комиссия құрылып, оның тиісті қорытынды жасауы қажет-тұғын.

Содан кейін ғана ұлы ұстаздың керексіз деп шашып тасталған ғылыми-құнды мұрасын жинастыру басталды да, тәуелсіздіктің бірінші жылы ішінде алғашқы жинақ шығарылды. Бірер дүниесі одан бергі жылдары басылып жатты. Ақыры, міне, қолымызға арнайы ғылыми жоба ауқымында жүйеленіп жарық көрген сүбелі жинақ тиіп отыр...

Жоғарыда көрсеткеніміздей, тіл білімі антологиясының тұңғыш томы ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұвқа тисе, одан кейінгі томды өзінің ғылыми-шығармашылық мұрасымен Құдайберген Қуанұлы Жұбанов алып отыр.

Құдайберген Қуанұлы Ахаң түзген «Оқу құралымен» ауыл мектебінде сауат ашқан ұрпақтардың алғашқы толқыны қатарына жатады. Сонымен қатар ол ауыл мешітінде құран тілін үйренген. Одан Електе орыс-қазақ училищесін, Орынбор қаласында «Хұсайыния» медресесін тамамдаған. Мектепте, педагогикалық техникумда мұғалім болған. Ленинград (Санкт-Петербург) Тірі шығыс тілдері институтын бітіріп, КСРО Ғылым Академиясының Шығыс тілдері институты мен Тіл және ойлау институтының аспирантурасында түркі тілдері және жалпы тілтану мамандықтары бойынша оқыған. Өз қолымен толтырған анкеталық жазбаларына қарағанда, ол араб, парсы, неміс, түрік, грузин, чуваш, коми, моңғол, орыс және түркі тілдерін еркін меңгерген.

Профессор Қ. Жұбановтың тіл ғылымы саласында істеген нақты еңбек жолы бес-алты-ақ жылмен өлшенеді екен. Ол 1928–1929 оқу жылында Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінде салыстырмалы түркітану кафедрасының ғылыми қызметкері болған. Одан, Мәскеу аспирантурасынан

оралған соң, 1932 жылдан бастап 1937 жылғы қарашада тұтқындалғанға дейін ҚазПИ-дің (қазіргі Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогика университетінің) профессоры, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметінде істеді. Бұған қоса ғалым бірнеше қоғамдық лауазым міндеттерін атқарды. 1933 жылдан – Ағарту халық комиссариатының алқа мүшесі, әдістеме, бағдарламалар және оқулықтар секторының меңгерушісі, сондай-ақ Мемлекеттік терминологиялық комиссияның төрағасы әрі «Мемтерминком бюллетенінің» бас редакторы болды. 1936 жылдан – КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы лингвистикалық секторының меңгерушісі, Ғылыми кеңесінің мүшесі, Төралқасының мүшесі және «Қазақ тілінің академиялық сөздігі» басылымының бас редакторы еді. Ал 1935 жылдан – Қазақстан ұлттық мәдениет институты ғылыми кеңесінің мүшесі және жаңа (латын) емлесінің Бүкілодақтық орталық комитетінің мүшесі болып жүрген. Осындай жауапты жұмыстарды атқара жүріп, ғылыми ізденістерін еш бәсеңдетпеді. Ол қазақ кәсіби лингвистикасының негізін салған аса корнекті ғалым болды.

Құдайберген Қуанұлының ғылыми-шығармашылық мұрасын антологияның арнайы томына жинақтап беріп отырған филология ғылымдарының докторы Ғ.Әнес «оның тіліміздің фонетикасы мен грамматикасын жаңаша сипаттаған, толық аяқталып бітпеген еңбектерінің өзі бүгінгі ХХІ ғасыр ғылымының биігінен қарағанда тылсым-тұнығы кез келгенді бойлатпас классикалық туындылар» деп бағалайды. Ғұлама ғалымның ғұмыры «орыс және әлемдік лингвистиканың озық дәстүрлерін толық игеріп, қазақ тіл білімі мен түркологияда жаңалығы мол кемел зерттеулер жазып жүрген шағында» үзілді. «Үлкен террор» науқаны тілтану профессорының өзін құрбандыққа шалуы аздай, күллі мұрасын жоқ етті. Бүгінде қолданыста жүргендері, құрастырушының ойынша, Құдайберген Жұбановтың өзі көзі тірісінде, емле, терминология, методология салаларынан әртүрлі басылымдар беттерінде

жариялап үлгерген жұмыстар ғана. Солардың өзі «теориялық және практикалық маңызы зор тілдік мұралар» ретінде, қазіргі таңның өзекті мәселесін – мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту, латын емлесіне көшу сынды міндеттерді орындау қызметіне қойыла алады.

Осы уақытқа дейін орыс, қазақ тілдерінде бірнеше рет басылған ғылыми мұраны антология томына топтап құрастырушы бұрынғы басылымдарда жол берілген «олқылықтардың орнын толтырып, мұраны асыл, табиғи қалпына келтіруді» алдына қойған басты мақсаттарының бірі ретінде атайды. Мұра төрт бөлімге (I. Қазақ тілінің грамматикасы. II. Алфавит. Орфография. Терминология. Методика. III. Әдебиет. Мәдениет. Өнер. IV. Соңғы жылдары табылған еңбектер) жүйеленіп, түсініктермен жабдықталған. Бесінші бөлімге қосымшалар ретінде профессордың өмір жолы мен еңбектері жайындағы түрлі деректер берілген.

Құрастырушы Ғ. Әнес қазақ тілтануының дамуын антологияның екі томының авторлары атымен шартты түрде екі кезеңге бөлген. Оның пікірінше, Ахмет Байтұрсынұлы байырғы алашордашы ретінде саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1929 жылы ОГПУ түрмесіне жабылысымен, тілтану саласында «байтұрсынов кезеңі» аяқталды. Сол жылдан бастап «ұлы ұстаз, ағартушы-ғалымның нұрлы ілім-біліміне зорлық-зомбылықпен тыйым салынды». Одан кейін тарих сахнасына ұлт коммунистерінің жаңа буынымен қанаттаса, 1932 жылы Құдайберген Қуанұлы шыққан. «Жұбанов кезеңі» (1932–1937 жж.) де ғылымның өркен жаюына септесе қоймайтын идеялық айтыс-тартыстарға толы болды.

1934 жылы ГУЛАГ жүйесінің лагерінен босанып, Алматыға Ахмет Байтұрсынов оралды. Алайда Алаш азаматтарын жау көруден танбағандар Ахаңның ілім-білім саласында қызмет істеуіне де, ғылымдағы өзіне тиесілі орнын алуына да мүмкіндік бермеген. Құрастырушы сол дәуірді еске салады. Сонау қиын шақта профессор Жұбановтың тағдыр талқысына ұшыраған ұлы ұстазға материалдық және

моральдық жәрдем көрсетіп тұрғанын айта келіп, кей жұмыстарында оның еңбектеріне берген артық-кем бағасына сол заман тұрғысынан түсіністікпен қараудың, бұл екі тарланның ұлттық мүдде жолындағы сабақтас, тілектес тірліктеріне көбірек көңіл бөлудің жөн болмағын алға тартады.

Сондай-ақ, құрастырушы қайта қалпына келтіріп антологияға енгізген Жұбанов мәтіндерінен «мarr ілімінің» әсері байқалуы ықтималдығын ескертеді. «Осы екі мәселеге ойлы көзбен қарай білген оқырман, әсіресе жас буын зерттеушілер ғұлама ғалым мұрасының тереңіне бойлай алмақ», – дейді ол.

Құрастырушы ескертіп отырған екі мәселенің алғашқысы өте түсінікті, оның жолын, үстем саяси ахуалды ескеру керектігі орайында, өзі атап көрсеткен. Ал екіншісін дәл ұғу үшін сәл шегініс жасауға тура келеді.

Жұбанов студент және аспирант кездерінде КСРО Ғылым академиясының академиктері – шығыстанушы В.В. Бартольд, түрколог-шығыстанушы А.Н. Самойлович, тілтанушы А.В. Щерба, шығыстанушы, кавказтанушы, филолог, тарихшы, этнограф және археолог Н.Я. Марр, лингвист және археолог И.И. Мещанинов, сондай-ақ академияның корреспондент мүшесі лингвист В.А. Богородицкий, лингвист, түрколог-шығыстанушы С.Е. Малов, лингвист, шығыстанушы, әдебиеттанушы Е.Д. Поливанов, т.б. белгілі ғалымдардың біразынан тікелей дәріс алды, енді бірқатарының еңбектерін зерделеп оқыды.

Академик Самойлович революцияға дейін студент Мұстафа Шоқайды ғылыми жұмысқа тартқан, Мұстафаға сирек кездесетін түркістандық фольклор үлгілерін жинатқызып, оларды өзінің қазақтың ерлері мен әйелдеріне қатысты жазған ғылыми мақалаларына пайдаланған ғалым. Құдайберген Жұбанов оның түркологиялық семинарында оқыды. Самойлович – «үлкен террор» құрбаны.

Ал академик Бартольд революцияға дейін Түркістан өлкесіне жасаған зерттеушілік сапарында Самарқанда жер-

гілікті чиновник әрі ориенталистикамен шұғылданушы Серәлі Лапинмен танысып, одан белгілі дәрежеде шығыс тілдерінен сабақ алған. Сондай-ақ, екеуінің арасында едәуір қызу ғылыми айтыс туып, ақыры, кейбір артық кеткен тұсы үшін Серәліден кешірім сұрауға мәжбүр болған адам еді. Революциядан кейін Қазақстан үкіметіне Алматының (Верныйдың) көнетүркілік аты Алматы екендігін жазып берген ғалым. 1934 жылы қайтыс болды.

Осы жылы академик Марр да дүниеден өтті. Күллі кеңестік тіл ғылымына, тиісінше, белгілі дәрежеде Жұбанов көзқарасына да ықпалын тигізген оқымысты.

1923 жылы Н.Я. Марр ғылыми жұртшылыққа өзі жасаған «Тіл туралы жаңа ілім» жайын жария еткен еді. Онда тілдердің шығу тарихын қозғайтын, тіл тамырын генетикалық емес, әлеуметтік-таптық құбылыстардан іздейтін, сол кездегі ғылым қарастырмаған, дәлелі жоқ қисындар көп болатын.

«Жаңа ілімді» кеңестік ағарту саласының А.В. Луначарский, М.Н. Покровский секілді беделді қайраткерлері қолдады. Тіпті ақын Валерий Брюсов оны өзінің соңғы өлеңдерінің біріне қосты.

Ал Мәскеу университетінің ректоры, кейін бас прокурор болып, «қылмыскердің жасалған қылмысты өз мойнына алуы – дәлел біткеннің төресі» деген құқықтық қисынымен кеңестік түрмелердегі қинаулар мен азаптауларға шамшырақ болған А. Я. Вышинский 1927 жылы «Тіл туралы жаңа ілімді» оқу үдерісіне енгізуді талап етті.

Академикке Бас хатшы И.В. Сталиннің өзі қолдау көрсетіп, партияның XVI съезінде ғалымдар атынан сөйлеушілер қатарына қосты.

Марр теориясы «шынайы марксистік» деп табылды. Жекелеген қарсылықтарға қарамастан, «марризм» тіл білімінің зерттеушілері арасында кең қанат жайды. Тіпті осынау ілімнің авторы дүниеден өткеннен кейін де, тілтанудағы бірден бір дұрыс бағыт ретінде, он бес жыл бойы, марризмнің айдарынан жел есіп тұрды.

Сондықтан да қазақ тілшілерінің, оның ішінде осы академиктен де дәріс алған Жұбановтың 30-шы жылдары кей жұмыстарында «Марр ілімі» ауқымында пайымдауға баруы мүлдем табиғи жәйт болатын. Академик Марр Сталиннің 1950 жылы шыққан «Марксизм және тілтану мәселелері» атты еңбегінде тұңғыш рет ресми түрде қатаң сынға ұшырады.

Сөйтіп, бір кезде өзі бас боп мемлекеттік қолдау көрсеткен «Тіл туралы жаңа ілімнің» концепциясын көсемнің өзі жоққа шығарды. Ол Марр «жан-жүрегімен марксист» болғысы келді, бірақ бола алмады деп мәлімдеді. Сталин бұл академиктің ойлауды тілден бөліп қарайтынын теріс деп біліп, адамдардың өзара қарым-қатынастарын тілсіз-ақ, ойлаудың көмегімен жасауларына болады деп есептейтінін сынады. «Тіл туралы жаңа ілім» авторы ойлауды тілден бөліп тастаймын деп, «идеализм батпағына» белшесінен батқан деп қорытты. Біраз уақыт дәуірлеген «марризм» тіл білімі төріндегі орнынан осылай, оның авторы өмірден өткеннен соң араға он бес жыл салып барып ысырып тасталды.

Ал содан жиырма шақты жыл бұрын, ғылымдағы өзге бағыттардың бәрі күштеп жойылып, лингвистерден «Тіл туралы жаңа ілімді» толығымен мойындау талап етіліп жатқан шақта, бұл жалған ілімге қарсы шығуға батылдық еткендер саусақпен санарлық еді.

Сол санаулылардың қатарында кеңестік әлеуметтік-лингвистиканың және тарихи фонологияның негізін салушылардың бірі, шығыстанушы және лингвист Н.Я. Поливанов бар болатын. Ол 1929 жылы Коммунистік академияда баяндама жасап, академик Марр ілімінің дәлел-дәйегі жоқтығын және мүлдем қате ұғымды дәріптейтінін сенімді түрде ашып көрсетті.

Алайда Поливанов, сол сыни сөзінің артынша, жаңа ілімнің басты насихатшыларының бірі лингвист В. Б. Аптекарь мен академияның жаңадан ғана сайланған толық мүшесі, әдебиеттанушы әрі өнертанушы В. М. Фриче бастаған марр-

шылардың әшкерелегіш жауап-сынына ұшырады. Тыңдаушылар арасында тілшілер аз, саясатшылдар көп болғандықтан, әрине, Поливанов жеңіліске ұшырады.

Содан бастап оны мақсатты түрде қудалау өрістеді. Ақыры, сол 1929 жылы, Поливанов Орта Азияға кетуге мәжбүр болды. Самарқанда, Ташкентте, Бішкекте жұмыс істеді. Марризм сарбаздары оған еш жерде тыныштық берген жоқ. Сөйтіп, 1937 жылы репрессияға ұшыратып тынды.

Поливанов 18 тіл білген, солардың ішінде қазақ тілін де меңгергенін өзі растаған. Ол түркі жазуларындағы емлелік революцияның негізгі түрлерін қарастырған ғылыми жұмысында Ахмет Байтұрсыновтың «төте жазуын» өте жоғары бағалап, оны данышпандық жоба деп атаған еді.

Алайда, баршамызға мәлім, бұл данышпандық жобаның ғұмыры қысқа болды. Саяси құбылмалы ойындар жүргізіліп, аз жылда түркі тілдерінің жазулары латындандырылды. Одан, тілтанушылық ірі кезеңдердің басты тұлғалары болып табылатын Байтұрсынов, Жұбанов сынды тілші-ғалымдарға «халық жауы» қара таңбасы басылғаннан кейін, кирилдендірілді...

...Қазақ тіл білімі антологиясының қолға тиген алғашқы екі кітабы оқырманды артта қалған осындай күрделі белестерге ойлана қарауға жетелейді. Өткенімізді байыппен саралай отырып, қазіргі таң мен келешектегі міндеттерімізді айқындауға септеседі.

Жақын болашақта тағы да емле ауыстыру науқаны қарсаңында тұрған қазақ халқына Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ұсынып отырған бұл қос томның берері көп. Оларды осындай қалыпта, танымды етіп шығаруға күш салған филология докторы Ғарифолла Әнестің еңбегі үлкен құрметке әбден лайық.

12 қаңтар 2014 ж.

ЕЛЕУСІН БҰЙРИН

Елеусін Бұйраұлы (Бұйрин, Бюйрин) – қазақ журналистикасы тарихының төрінен орын алатын есім. Бұл кісі патша заманында бұратана тірлігіне шекесінен қарайтын әкімшілік қыспағына төтеп беріп, 1911–1913 жылдары ұлт мұнын жоқтайтын демократиялық газет шығарып тұрды.

Газеттің аты «Қазақстан» еді. Біздің бүгінгі тәуелсіз Отанымыздың тарихи атауы. Ол кезде империяның ресми орындары үшін біздің еліміз «киргиз өлкесі» болатын. Ол кез түгіл, теңдік әперді дейтін кеңес өкіметі де халқымыздың төл аталымын өзіне бірден қайтарып бере қоймады. Көпшілікке мәлім, бұл тек 1925 жылы ғана жүзеге асты, яғни қазақ намысын жыртқан «Қазақстан» газеті жабылғаннан кейін араға бір мүшел салып барып, қазақ елі Қазақстан атана бастады.

Ал еліміздің басты газеті осынау қымбат атауды мандайшасына саяси тіркеме жалғап шығару үшін тағы он шақты жыл керек болған-ды.

Демек, отарлаған жерінің халқын мұжықтандыру ісіне жан-жақты күш-жігер жұмылдырып жатқан қатыгез, тасбауыр империялық идеология доңғалағы астынан бас көтеріп, тәуелсіздігін аңсаған қайран елінің атымен атой салу, білген жанға – ерліктің ерлігі, сол тұстағы, монархия түнегінде тұншыққан халқына деген сүйіспеншіліктің ерен көрінісі.

Шығарушыларының сөзімен айтсақ, «Қазақстан» газеті: «...Бізді бір тілек, бір ниетке жиятұғын зат... – біздің басшымыз! ... – біздің достар алдындағы көркіміз! Дұшпандарға қарсы құралымыз! ... – білмегенді көрсететін ұстазымыз! – ... қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шамшырағымыз!»

Газеттің күллі ауыртпалығын негізінен бір өзі көтеріп жүрген Бұйриннің редакциялық мақалаларды өзі жазып

тұрғанына күмән жоқ, ол: «Заман өзгереді, заман шаруаны, адамды өзгертеді. Өзгермесе, жаңаға ыңғайланбаса, ол кейін қалады. Заманымыз өзгеріп отыр, біз де өзгерейік», – дейді алғашқы нөмірде. Жария болғалы сексен алты жылдан асса да, бүгінгі таңда да өткірлігін жоғалтпай тұрған сөз.

Екінші нөмірдегі: «Халіміз келсе, бір адамды бір адамнан артық еткен ғылым мен өнер үйреніп, өзімізден ілгері кеткен халықтармен қатарласуға талап етелік», – деген пікір түйісі де ғасыр басындағы Елеусін Бұйраұлын ғасыр соңындағы бізбен замандас етпей ме?

Оның редакторлығымен жарық көріп тұрған «Қазақстан» газеті көтерген әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілік мәселелері кей қырларымен қазіргі таңдағы зәруліктерге үндесіп жатыр.

Бір ғана мысал. 1912 жылғы Лена қырғынының мәнісін газеттің қалай түсіндіргеніне назар аударыңызшы: «Бұл күнде халық екіге бөлінген: бір жағы – ірі байлар, фабрик-завод иелері. Олардың өздері жұмыс істемейді, мың-мыңдап жұмысшы жалдайды да, оларды арзан жалдап, күніне 12-14 сағат жұмыс еткізеді. Жұмысшылар жұмысты аз уақыт істеп, өздерінің еткен еңбектерін алғысы келеді. Байлар оған көнбейді. Бұған риза болмаған жұмысшылар істі тастап жатып алады. Лена істі оқиғасы осындай топтардың тартысынан туған». Езілуші жұрт хақында оқырманын ойландыратын танымды баян...

«Қазақстанның» мазмұны, шығуы мен жабылуының жай-жапсары ғылыми еңбектерде айтылып жүр, оның редакторы Елеусін Бұйрин жөнінде 60-шы жылдары тарихшы Мұстафа Ысмағұлов, кейінгі жылдары Ермекқали Нығыметов, Зейнолла Тұрарбеков, журналист-зерттеуші Сағыбалды Даумов, тағы басқалар жазды. Сонда да біз бұл тақырыпқа қайта оралуды жөн көрдік. Оның басты себебі – басылымның тұңғыш деген сөзбен аса бір қымбат байланыстылықта болуында. Біреуін жоғарыда айттық, газет еліміздің тарихи атауын республика болып ресми иеленуінен он төрт жыл

бұрын жарқ еткізіп, айдай әлемге паш етті. Одан басқа көңіл қоярлық жәйт – «Қазақстан» газеті біздің еліміздегі тұңғыш тәуелсіз ұлттық үнпарақ болып табылады.

«Қазақстан» – ел камын ойлаған қазақ азаматтарының өздерінің серіктесіп, қаржы жинауы арқасында шыққан газет.

Елеусін Бұйрин, Бақытжан Қаратаев, Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қарашев, Сейітқали Мендешев, Мәжит Шомбалов іспетті ұлт зиялылары бас болып, ондаған мұғалім, дәрігер, басқа да қызметкерлер үлес қосып жинаған қаржыға 1910 жылы Бакуден, тағы бір дерек бойынша – Астраханнан баспахана құрал-жабдықтары сатып алынған. Баспахана әуелі Бақыдан, яки Хажы-Тарханнан Ордаға (Хан Ордасына, Ханская ставкаға) тасымалданып, әуелі сонда орнатылды. Біраз уақыт жұмыс істеп, «Қазақстанның» алғашқы сандарын шығарған соң, Оралға көшірілді. Мұнда баспахана газет тоқтатылғанға шейін жұмыс істеді.

Күллі редакциялық-баспагерлік шығын, патша әкімшілігінің цензуралық шұқшию жолымен түрлі сылтау тауып, әлсін-әлсін салып отырған айып сомалары серіктестік жинаған жеке адамдардың қаражатымен өтеліп жүрді. Осындай тауқыметтермен алғашқы демократиялық тәуелсіз газет үш жыл бойы жарық көріп тұрған еді.

Әрине, қазақ баспасөзінің көшбастаушы басылымы санатында 1870–1878 жылдары Ташкентте шығып келген «Түркістан уәлаятының газеті» орынды аталады, дегенмен оның «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде империя мүддесін күйттеу үшін ашылған ресми газет болғанын да ойға алып қойған жөн. Омбыдағы «Акмолинские областные ведомости» газетінің қосымшасы «Дала уәлаятының газеті» де (1888–1902) осы сипатта болатын.

Демократиялық бағыттағы баспасөз ісін қазақ оқығандары бірінші орыс революциясы жылдары қолға алғанмен, оң нәтижеге жете алмаған еді. «Серке» газеті 1907 жылы Петроградта «Үлфат» атты татар газетінің қосымшасы ретінде алғашқы саны жарыққа шығысымен тұтқындалды. Сол

жылы Троицк қаласында көрінген «Қазақ газеті» басылымы бір санын шығарып жабылды. Осынау сәтсіз тәжірибелерден соң ашылып, алуан қиындыққа қарамастан, оқырмандарымен едәуір ұзақ мезгіл жүздесіп тұрған «Қазақстан» газетінің – дербес, тәуелсіз ұлттық басылымның – халықты оятуда ұстанған бағдары тізгінін ұстаған азаматтың отансүйгіштік сезімімен үндес болғаны түсінікті болуға керек.

Елеусін Бұйраұлы 1875 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданында дүниеге келген. Қазан мұғалімдер семинариясын бітіріп, Астраханда сабақ беріп жүрген жерінен қазақ үшін газет шығару шаруасының қара жұмыстарын мойынға алып, оны абыроймен атқарды. Қазақ журналистикасының алғашқы тарландарының бірі. Ақын. аудармашы. «Ызың» атты өлеңдер жинағы 1912 жылы «Қазақстан» газетінің баспаханасынан жеке кітап болып басылып шыққан. Елеусін Абайды жоғары бағалаған. Оны «Қазақ жазба әдебиетінің тауы» деп атаған. Ұлы ақынның өлеңдерімен газет оқырмандарын таныстырған.

Патша әкімшілігі өкіметке қолайсыз газетті ақыры жауып тынған соң, Елеусін Бұйрин ұстаздық қызметімен шұғылданды. Төңкерістен кейін кеңес жұмысына араласты. Хұқық қорғау органдарында адвокаттық қызмет атқарды, ағарту халық комиссариатында істеді.

Ұлт кадрларын қуғындаудың алғашқы толқыны, тәркілеу мен ұжымдастыру тұсындағы, алапат аштық қарсаңындағы ахуал оны Алматыдан Сталинабадқа – Душанбеге – көшіп кетуге мәжбүр етті. Сонда, архив мекемесінің қарапайым қызметкері қатарында, 1933 жылы дүние салды.

Елеусін Бұйраұлының өзіне көзі тірісінде қандай қыспақ келтірілгенін біз әзірге толық білмейміз, дегенмен, анығы, 30-шы жылдардың саяси қуғын-сүргін зобалаңы ол қайтыс болғаннан кейін де оның отбасын айналып өтпеген көрінеді.

Жалпақ елде орын алған жаппай қудалау нәубеті ұзамай Бұйрин шаңырағының басына түсті: Мәскеуде оқып жүрген балалары Нижний Тагил маңындағы алтын кенішіне жер ау-

дарылды. Бесіктен белі шығар-шықпас шақта жетім қалған қызы Қадиша бірер жылдан кейін, буыны қатар-қатпаста, Жезқазған шахтасына жұмысқа кіруге мәжбүр болды. Сөйтіп, нәубетке мойымаудың, өзін-өзі танытудың қиын да ұзақ жолына қаршадай қызбала 1944–1945 жылдары беттейді.

Табанды қыз 1953 жылы екі жылдық заң мектебін бітіреді де, бірер жыл Тау-кен институтында хатшы болып жұмыс істейді. 1958 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірген соң, ұзақ жылдар бойы Қазақстан Ғылым академиясының Зоология институтында қызмет атқарды. Сонда аспирант болды. Аға лаборант, кіші, аға және жетекші ғылыми қызметкер, лаборатория меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Бүгінде Қадиша Елеусінқызы Бұйрина-Егізбаева – биология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану академиясының академигі. Қазіргі таңда ол жоғары оқу орнында болашақ мұғалималарға дәріс береді – Қыздар педагогикалық институтында оқытушы, биология саласындағы мол білімін жастарға риясыз беріп жүрген профессор, қадірменді ұстаз. Соғыс аяқталғаннан кейін «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен, Жеңістің 50 жылдығында орай мерекелік медальмен марапатталған.

Қадиша апайдың әкесі, қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі Елеусін Бұйринды биылғы татулық және еске алу жылына байланысты тағы бір жадымызға оралта отырып, ол шығарған «Қазақстан» газетінің бірінші саны шыққан күнді (1911 жылғы 10 наурызды) – ал ол жаңа стильге аударғанда 22 наурызға дөп келеді екен – ұлттық демократиялық баспасөздің туған күні етіп белгілеу жайындағы ұсынысымызды ортаға салуды парыз санап отырмыз.

Жыл басы – Наурыз мейрамының демократиялық баспасөз күнімен бірге тойлануында жүрек тебіренерлік символикалық мән бар. Қолдайық!

28 сәуір 1997 ж.

ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВ

Алғашқы «Әліппе» авторы ♦ Тұлға

1. Алғашқы «Әліппе» авторы

Ұлт қайраткерлерінің қазақ мемлекеттілігін жаңғыртуға үлес қосқан алғашқы легін ауызға алғанда көп айтыла бермейтін, бірақ орны өз алдына бір төбе тұлға қатарында Қоңырқожа Қожықов бар. Ол – қазақ ұлт-азаттық қозғалысының белсенді қатысушысы, Алаш қозғалысындағы көрнекті тұлға.

Қожықов ұлт мүддесі жолында ХХ ғасырдың басында белсенді қызмет атқарған ағартушы, қоғам қайраткері, ғалым болып табылады.

Ол патшалықтың орта оқу орнында (Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясында) орыс оқуын тауысып, Перовск, Қарнак, Әндижандағы империялық орыс-тузем мектептерінде мұғалім, мектеп меңгерушісі болған. Мұғалім ретінде, қазақ балаларын қазақ тілінде сауат ашқызу мәселесін ұдайы назарда ұстаған және сол мақсатта алғашқы қазақ әліппесін жасаған. Жаңашыл педагог.

Өлкеде шәкірттерді зайырлы ғылым негіздеріне тақалта-тын жаңа тәсілмен оқытуды көздейтін жәдидшілер қозғалысының өрістеуі Қоңырқожаға үлкен ой салады. Соған орай ол бірінші кезекте құранды үйретуге негізделген мектеп-медреселерде, ауылдардағы мешіттер мен мектептерде қазақ балаларының сауат ашу тәжірибесін зерттейді. Зерт-

тей келе, ағарту ісіндегі көп кемістіктің қазақ тілінде арнайы жазылған сауат ашу кітабы жоқтығынан екеніне көзі әбден жетеді. Сондықтан да, хал-қадерінше, сол жоқтың орнын толтыруға тырысады.

«Біздің қазақ балалары мектепте аз болса екі жыл, үш жыл, озса онан да көп оқып, зордан хат танып, қағаз жазатын болып шығады... Мұның себебі... қазақтың өз тілінде сауат мектептеріне жазылған әліппе кітабының болмағандығы. Әр істің өзіне лайық аспап-сайманы болмаса, жараксыз барып жаулау мүмкін бе. Қолдарында қазақша кітаптары болмаса, қазақша жазуды балаларға молдалар не қылып үйретер?» – дейді Қоңырқожа Қожықов құран мен оның ұғымдарын оқытатын молдаларға – мұғалімдерге – 1912 жылғы 27 наурызда жазған арнауында.

Ол өзінің педагогикалық таным-түйсігі жетегімен жазып шыққан қазақша сауат ашу кітабында арабша мәтіндердегідей дауысты дыбысты таңбаламастан тастап кетпей, әр дыбысты жеке әріппен белгілеу жолын ұсынады. Мысалдар келтіріп, бір дыбысты бір әріппен белгілеу әдістерін жүйелеп көрсетеді. Содан соң, шәкірттер «күніне бір сыңфтан алып тұрса, үш аптада әліппені тамам қылып, жазуды түсініп қалса керек» деген ой айтады. Осынау өзі қолданысқа тартып отырған «қазақ әліппесінен соң құран әліппесін оқыса», балалардың «осы екі әліппе арқылы басылымдар жазуын тану» мүмкіндігі ұлғаятынына сенім артады. Шәкірттерді зайырлы кітаптармен тезірек бауырластырудан үміттенген сондай мақсатпен, әркім білуге тиіс түрлі мағлұматтар, әңгімелер, өлеңдерді топтап, әліппенің хрестоматиялық бөліміне береді.

Өзінің ұсынып отырған әліппесі «тәжірибе-дүр», «көрмеген жердің ой-шұқыры көп деген сөз бар емес пе», сондықтан, мұғалімдердің сабақ беру үдерісінде кездестіруі ықтимал кемістіктерді, олардың оқулықты «жатсынатын жерлері» жайындағы сын-ескертпелерін қабыл алып, ескеруге әзір. «Егерде біздің алашқа ұсынған жәдидіміздің не

артық, не жетпеген жерлері болса», ой-пікірлерін тікелей, не хат арқылы білдіргендерге «көптен көп алғыс айтамыз» дейді әліппе авторы.

Ағартушы Қоңырқожа Қожықов қазақ мектептеріне арналған «Әліппе» кітабын бастыруға Түркістан өлкесі оқу бөлімінің рұқсатын алған еді. Сөйтіп, қолжазбасын Орынборға апарып, ондағы белгілі қаламгер, саяси қайраткер және баспагер Фатих Каримидің баспасынан 1912 жылы шығарды.

Карими алғашқы орыс революциясы жылдары Петрбор мен Төменгі Новгородта өткен мұсылман съездеріне қатысушы, сонда ұйысқан жалпыресейлік мұсылман саяси партиясы орталық комитетінің мүшесі, Орынбор мұсылмандары губерниялық жиналыстарының тұрақты төрағасы ретінде халық мұң-мұқтажын терең білетіндігімен және баспагерлігімен, әрі «Құсайыния» медресесіндегі ұстаздық қызметімен қоса, «Уақыт» атты татар тіліндегі қоғамдық-саяси газеттің редакторы лауазымымен отар елді оятып, рухани жаңғыртуға елеулі үлес қосуы арқылы кең танылған тұлға болатын.

Баспагер Фатих Карими Қожықовтың қазақ мектептеріне жәдидтік оқу тәсілін енгізуге шешуші ықпал ететін әліппесін баспаханасында тездетіп бастырып берді. Ол бұл авторды бұрыннан білетін. Бұдан ертеректе, 1910 жылы, Қоңырқожаның жәдид үлгісімен жазылған «Романов нәсілінен хұкімранлық қылған падишаһлардың тарихлары һәм Ақтабан шұбырынды заманынан бері қарай қазақ халқының ахуалы» деген рисәләсін шығарған еді. «Әліппеден» кейінде тағы бір жұмысын – бір-екі автормен бірігіп құрастырған жаңа «Русие патшалығында Романов нәсілінен хұкімранлық қылған падшалардың тарихлары» атты кітабын Романовтар әулетінің патшалық құруының 300 жылдығы қарсаңында бастырды.

Баспадан кітап шығару шаруасымен Орынборға арнайы келген осынау түркістандық қазақ азаматының сол шақта Орынборда тұрып жатқан Ахмет Байтұрсыновпен – болашақ

«Қазақ» газетінің редакторымен, сондай-ақ, ұзамай жарық көрмек «Оқу құралының» авторымен және өзге де қандастарымен бірлесіп білдірген басқа өтінішіне де Фатих Карими түсінушілікпен құлақ асты. Түсінушілікпен құлақ асқаны сол, қазақтардың Орынбор губерниясындағы мұсылман қауымы сайлаушыларына арнаған ашық хатын газетке жариялауға жәрдем етті.

Ашық хатта 1907 жылғы «3 маусым төңкерісінен» кейін «азаматтық сезімдері жетілмеген бұратаналар» ретінде жалпыресейлік парламентке депутат сайлау құқынан айрылған Дала және Түркістан өлкелері қазақтарының өкіліне татар-башқұрт бауырлар өз араларынан бір орынды қиып берсе деген өтініш білдірілген еді.

Фатих Карими басқаратын «Уақыт» газетінің редакциясына Қоңырқожаның түркістандық жерлестерінен ашық хат мазмұнын қуаттаған жеделхаттар келіп жатты. Алайда, озық пікірлі татар азаматтары өтінішке қолдаушылық көрсеткенмен, сайлаудың түрлі басқа шарттарына сәйкестік шаралары жасалмағандықтан, бастама оң шешімін таппады. Қожықов Түркістанға оралып, ағартушылық және басқа да қоғамдық жұмыстармен шұғылданды.

Ол монархия құлағаннан кейін Түркістан өлкесінде айрықша өрістеген ұлттық қозғалыстың алдыңғы шебінде жүрді. Түркістан (Қоқан) автономиясын құрушылар қатарында болды. Мұхтарияттың халық кеңесінің жауапты хатшысы болып сайланды.

Большевиктердің қарулы күші Қоқан үкіметін жойғаннан соң Ташкентке келіп, совет өкіметі тұғырнамасында еңбек етті. Ағарту мәселесімен айналысты, Түркістан Орталық Атқару Комитетінің түрлі комиссияларында жұмыс істеді. Әулиеата, Жетісу үйездерінде жер реформасын жүргізуге, босқын қазақтарды жер-суға орналастыруға атсалысты. Орта Азиядағы ұлттық межелеу науқанында қазақ комиссиясының жұмысына қағысты. Біртұтас Қазақстанның алғашқы кеңестер құрылтайы кезінде үзілісте бас қосқан делегаттар

арасында республика астанасының атын өзгерту жайында ой тастады. Оның баршаға ұнаған нақты ұсынысын Қазөл-кекомның екінші хатшысы, Қазақстан Кеңестері Ақмешіт құрылтайының рухани жетекшісі Сұлтанбек Қожанов съезд мінберінен жария етіп, бірауыздан қабылдануына мұрындық болды.

Қожықов Алматыда профессор Санжар Асфендияровпен бірге Ұлттық мәдениет институтын құрысты. Сол институттың ғылыми хатшылығына тағайындалды. Кеңес Одағы Ғылым академиясының Қазақ филиалында істеді. Өлкетану мұражайын, көркемсурет галереясын, көркемсурет училищесін ашу істеріне ұйытқы болды. Көне жәдігерлік ескерткіштерін есепке алатын ғылыми экспедицияларды басқарды. Маңызды ескерткіштерді мемлекет қорғауына алуды ұйымдастырды. Зерттеулер жазды. Орталық кітапханада шығыстанушы ғылыми қызметкер лауазымымен зерттеушілік жұмыстар атқарды. Арнайы іссапарларға шығып, ел ішінен сирек те құнды кітаптар, қолжазбалар жинастырумен шұғылданды. Олардың мазмұндарына ғылыми сипаттамалар жасады. Асфендияровтың редакциялауымен баспаға әзірленген «Қазақстанның өткені» атты әйгілі екі томдық жинаққа мұрағаттардан материалдар тауып, сұрыптап, құрастыру жұмыстарының бел ортасында жүрді. Сондай мазмұнды да пайдалы қызмет үстінде саяси репрессия науқанының құрбандығына ұшырады.

Артында төрт ұлымен қалған жары Ләтипа Қожықова тағдырдың күллі тауқыметіне төтеп беріп, ошақ отын сөндірген жоқ. Ол сахнаны безендіруші және ұлттық киім-кешек үлгілерін жасап тігуші ретінде бүгінгі Әуезов атындағы қазақ драма театрында іргесін қаласа отырып он бір жыл, одан тап сол кәсіби мамандығымен Абай атындағы опера және балет театрында жиырма екі жыл бойы еңбек етті. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерін әлемге танытқан өнерпаздар көшін бастап, алғашқы қарлығашы ретінде танылды. Балаларының төртеуі де қазақ өнеріне өзіндік бедер салған

белгілі де қадірлі адамдар (Қожахмет – алғашқы кескіндемеші, карикатурашы, график-суретші, Құлахмет – тұңғыш театр және кино суретшісі, график, Нұрахмет – мүсінші, Сұлтанахмет – атақты кинорежиссер) болды.

Қожықовтар қазақ мәдениеті мен өнері тарихында өзіндік орны бар ерекше әулетке айналды. Осынау өнердегі Қожықовтар әулетінің өнегелі істерін жаңғыртып, әулет мүшелері жасаған құнды мұраны халық игілігіне жаратып насихаттауда Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы басқармасының мүшесі, Қоңырқожа мен Ләтипаның немересі Сәуле Құлахметқызы Қожықова елеулі жұмыстар атқарып келеді. Ол Ләтипа, Қожахмет, Құлахмет Қожықовтардың Қастеев атындағы көркемсурет мұражайы қорында сақтаулы туындыларынан жылжымалы көрме ұйымдастырып, Қызылорда, Түркістан қалалары жұртшылығының назарына ұсынды. Қызылорда облыстық өлкетану мұражайында Қожықовтарға арнап ашылған арнайы тұрақты зал экспозицияларына қоюға өзі сақтап келген құнды шығармалар мен ата-әжесі тұтынған тарихи бұйымдарды сыйға тартты. Бүгінде Қызылорда қаласының бір көшесіне Қоңырқожа Қожықов есімі берілген.

«Үлкен террор» жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған тарихи тұлғалардың есімдерін мұражайлар мен көшелерде жаңғыртудың тәрбиелік мәніне зор мән бере отырып, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы жергілікті басқару буындарына әр кезде тиісті ұсыныстар жасап келеді. Қожықовтарға қатысты өтініштердің Қызылорда облысының басшы буындары тарапынан қолдау тапқанына қанағаттанғандық сезім білдіре отырып, осынау өнегелі әулет басы, алаш азаматы Қоңырқожа Қожықовтың ұлт мүддесі жолында атқарған істерін есте қалдыру және жас азаматтарымызды тарихпен тәрбиелеу ісіне пайдалану тұрғысында еліміздің екі ірі мегаполисіндегі мәдениет ведомстволары да тиісті шараларға көңіл бөлсе деген тілегімізді білдіреміз.

4 желтоқсан 2008 ж.

2. Тұлға

«Қоңырқожа Қожықов – қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым» атты дөңгелек столда жүргізуші ретінде айтылған кіріспе сөз

Қадірлі қауым, біз Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында бас қосып отырмыз. Бүгінгі дөңгелек стол отырысы Үлкен террор жылдары атылған 25 мың қазақстандық боздақ қатарында шейіт болған қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым Қоңырқожа Қожықовтың туғанына 130 жыл толуына байланысты ұйымдастырылып отыр.

Қоңырқожа Қожықов – халқына сіңірген еңбегі күні бүгінге дейін өз дәрежесіне сай бағаланбаған тұлға.

Қазіргі басқосуымызда біз оның өмірі мен қызметінің әр қырын ашуды мұрат ететін баяндамалар мен жаңа зерттеулер, тың ой-пікірлер тыңдайтын боламыз. Тақырыпты жанжақты қарастыра келе, біз оның өмір жолын нақты деректер арқылы жаңғыртармыз және келер ұрпаққа үлгі етіп тартарлықтай тағылымды тұстарын, сондай-ақ тарихтан алар орнын белгілі бір дәрежеде айқындап калармыз деген үміт бар.

Воскрешение имен национальных деятелей, преданных забвению тоталитарным режимом, делается не просто как дань исторической справедливости, но и во имя укрепления духа нации. Никто и ничто не должно быть забыто, – этот девиз из советских времен и сегодня актуален. Никто из служивших народным интересам не должны быть забыты.

Имя Коныр-Ходжи Ходжикова достаточно давно присутствует в интеллектуальном пространстве казахского общества, но оно не признано в полной мере, поскольку нет заметного исследования его роли в отечественной истории. Попытаться восполнить этот пробел и есть задача данного круглого стола.

Ходжиков – воспитанник Туркестанской учительской семинарии, которую в Ташкенте долгие годы возглавлял известный миссионер и ученый Остроумов.

Вопреки замыслу хозяев этого учебного заведения, Ходжиков не стал слепым исполнителем воли колонизаторов. Учительствовал в ряде городов и сельской местности края, в годы первой русской революции за свои проявленные крайние взгляды попал под надзор полиции.

Был сторонником джадидского движения. Это революционное направление в мусульманском религиозном образовании, предусматривал преподавание в мектебах и медресе наряду с богословием и основ светских наук. Ходжиков ратовал за внедрение в казахскую среду новометодных школ, за создание учебников для них, сам написал первый букварь для казахов.

Недовольный «третьеиюньским переворотом» 1907 года, лишившего избирательного права в Госдуму туземное казахское население империи, он, заручившись поддержкой казахов Туркестанского края, в 1912 году, в Оренбурге, вместе с Ахметом Байтурсуновым вел переговоры с татарской интеллигенцией на предмет уступки на выборах в Четвертую Госдуму одного места для общеказахского депутата из Оренбуржья.

После свержения монархии принимал активное участие в мусульманском движении, как демократ, протестовал против захвата большевиками власти в Туркестане и оказался среди организаторов чрезвычайного четвертого съезда мусульман края в Коканде. Он избирается членом Народного Совета Туркестанской автономии. После подавления и разгона национальной автономии он переходит на сторону советской власти и до насильственной изоляции его от общества в годы большого террора, активно работает в различных учреждениях.

В секретном докладе об Алаш-Орде, поданном одним видным коммунистом в апреле 1924 года Генсеку Сталину, есть

секретное приложение, где в 8-пункте написаны следующие сведения о нем: «Конгрходжа Ходжиков. Из киргизской аристократии «ходжа». Бывший член Кокандского автономного правительства. Видный алаш-ординец, помощник Чокаева. В 1913 г., при праздновании дома Романовых, написал брошюру на киргизском языке с портретами царей. Был комиссаром временного правительства Керенского в одном из районов Ферганы. В 1921 г. был членом и потом зам. Наркомзема, руководил земреформой в Джетысуйской области и, говорил всем, что «бьем успешно» русских. В 1922 г. руководил землеустройством и состоит теперь в Управлении Землеустройства. Ходжиков живет в одной квартире с Ходжановым. Этот Ходжиков, Ходжанов, Асфендияров, Тохтобаев – женаты на дочерях известного Лапина и правят они киргизским населением сообща, прежде всего по этому родственному признаку. Ходжиков выбирался не раз в члены Турчика – и является одним из руководителей ЦК Кошчи. В 1921 г. по рекомендации Ходжанова и Асфендиярова даже входил в партию, но потом его вычистили. Сейчас руководит Ходжановым именно этот Ходжиков. (Он очень опытный человек.) Когда к Ходжанову приходят работники, он прежде всего посылает их к Ходжикову согласовать вопросы, часто ему передаются для отзыва всякие правительственные и даже партийные протоколы».

В то время, когда Сталин читал эти секретные данные о туркестанских работниках, Ходжиков принимал участие в работе по национально-территориальному размежеванию Средней Азии. Он был знатоком края и вел активную работу в казахской подкомиссии Территориальной комиссии Средазбюро.

После воссоединения казахских земель, именно он подал идею о переименовании новой столицы республики в Кзыл-Орду и возвращение исторического имени народа – Казах. Они были озвучены на съезде советов Ходжановым и оформлены соответствующими постановлениями.

В Казахской республике в 1925–1937 гг. Ходжиков с большой самоотдачей работал в сфере науки и культуры.

Он – глава семьи, глава династии Ходжиковых, оставившей в истории искусства и культуры республики неизгладимый след.

Его жена Латифа Мунайтпасовна Лапина-Ходжикова – народная умелица, певица, участница восточных вечеров в Ташкенте, она стала одним из основателей национального театра в 1925-м в Кызыл-Орде, оперного – в 1933-м в Алматы. В 1936-м участвовала в первой Декаде искусства Казахской Республики в Москве. Как замечательная мастерица-прикладница, изготовляла по государственному заказу подарочные национальные художественные изделия. Была членом Союза художников СССР.

Старший сын Кожа-Ахмет репрессирован вслед за расстрелянным отцом, он был первым казахским художником-графиком. Клеймо сыновей врага народа довлели и над другими детьми Коныр-Ходжи Ходжикова, но они сумели доказать в жизни иное: Кул-Ахмет Ходжиков стал первым художником театра и кино, Нур-Ахмет – скульптором-монументалистом, а самый младший Султан-Ахмет Ходжиков – знаменитым кинорежиссером. Все они работали в Алматы.

Сегодня за круглым столом можно было бы поделиться мыслями об увековечении их имени, выработать соответствующие предложения. Скажем, одному из учебных заведений культуры дать имя Ходжиковых, назвать одну из улиц этой фамилией.

Это к слову, в порядке размышления. А теперь продолжим работу круглого стола по программе.

Қазір негізгі баяндамаға кезек береміз...

В завершение работы у круглого стола следует отметить, что доклады, содоклады и все выступившие ораторы вносили определенную лепту в воссоздание образа этого замеча-

тельного борца за счастье народа, работника культуры, науки, образования.

Высказано единодушное мнение о том, что Ходжиковы имеют историческое место в истории культуры.

Конырқожа (Конгрходжа) Ходжиков, глава семьи, – просветитель, педагог, автор первого Букваря для казахов, один из основателей и ученый секретарь научно-исследовательского института национальной культуры, работал в секторе истории Казахского филиала АН СССР, в отделе редких рукописей национальной библиотеки. Собирал редкие восточные рукописи, участвовал в экспедициях по изучению древних памятников, писал научные статьи, поднимал вопрос об их государственной защите.

Его жена Латифа была в рядах основателей национального и оперного театров. Старший сын Кожа-Ахмет – художник, репрессирован вслед за отцом, Кул-Ахмет – первый художник театра и кино, Нур-Ахмет – скульптор, младший Султан-Ахмет – кинорежиссер.

В ходе обсуждения выработались следующие предложения:

- 1) одного из учебных заведений культуры назвать именем Ходжиковых;
- 2) назвать именем Ходжиковых одну из улиц;
- 3) присвоить имя просветителя Конырходжи Ходжикова одному из общеобразовательных школ;
- 4) издать материалы этого круглого стола.

21 мамыр 2010 ж.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ

Құжаттар сөйлейді... ♦ Доктор Досмұхамедов

1. Құжаттар сөйлейді...

Ұлы Қазан революциясынан бұрын жоғары білім алған санаулы казак дәрігерлерінің бірі, Алаш қозғалысының белгілі қайраткері болған Халел Досмұхамедов туралы кейінгі уақыттарда мерзімді басылымдар беттерінде біршама жазылып келеді. Сталиндік «үлкен террор» жылдары жазықсыз жазадан құрбан болған бұл аяулы азамат сонау хрущевтік «жылымық» кезінде-ақ ақталған болатын. Алайда рухани тыныс-тіршілігімізді идеологиялық сүзгісімен тұмшалап, тұншықтырған тоталитаризм, ұзаққа созылған тоқырау тоңы оның адал есімін қалпына келтіруге әлденеше ондаған жылдар бойы мүмкіндік бермеді...

«Денсаулық» журналының өткен жылғы 6-шы санында Х. Досмұхамедовтің «Тамыр дәрі хақында» атты 1913 жылы жазылған мақаласы басылған еді. Қарт дәрігер Зиба Сұлтанбекқызы Қожанованың биыл жарияланған (№ 3) естелігінде өз көзі көрген алғашқы казак дәрігерлері қатарында Халел Досмұхамедұлы да аталды. З.С. Қожанова Халел ағаны еске түсіре отырып, бізге өзінің семьялық архивінде сақталған бірқатар құнды құжаттарды ұсынды. Төмендегі әңгіме негізінен соларға сүйене отырып әзірленді.

1.

Зиба Сұлтанбекқызы сақтап келген құжаттар арасында Х.Д. Досмұхамедовтің 1930 жылғы 10 наурызда жазған автоөмірбаянының көшірмесі бар. Соңында мынандай сөздер жазылыпты: «Күйеуімнің тұтқынға алынардан аз ғана

бұрын жазған автоөмірбаянына мынаны қоса аламын: ол 13. IX.1930 ж. тұтқындалды, 7.VII. 1939 ж. Алматы қаласында түрмеде өлді. С. Досмұхамедова. 20 сәуір 1958 ж.». Бұл жылдардың астарына кейінірек оралармыз...

«Х.Д. Досмұхамедовтің қысқаша өмірбаяны» деген тақырыппен үшінші жақтан орыс тілінде жазылған ғұмырнама былай басталыпты: «Досмұхамедов Халел Досмұхамедұлы 1883 жылғы 24 сәуірде Қазақстанда Гурьев округі, Қызылқоға ауданында туған. Әкесі қарапайым қазақ (түпнұсқада – киргиз), көшпенді малшы, шешесі қарапайым қазақ әйелі (казачка). Бастапқы білімді жергілікті орыс-киргиз (орыс-қазақ) мектебінде алды, орта білімді Орал қаласындағы реальды училищеде алды, оны 1903 жылы бітірді. Сол жылы Ленинград (бұрынғы Петербург) Әскери-медицина академиясына түсті, осында үздік белгілі емші дәрежесімен 1909 жылғы 17 қарашада толық курсты аяқтады».

Осы жерде оқырмандарды мына екі көне құжатпен таныстыра кетелік (Зиба Сұлтанбекқызы ұсынған түпнұсқадан тәржімаланып отыр).

Бірі – Пермь губерниясындағы Чердынъ уездік земство управасы 1909 жылғы 31 тамызда берген № 4381 куәлік.

«Осыны көрсетуші, Императорлық Әскери-медицина академиясының курсын тамамдаған Халел Досмұхамедұлы Досмұхамедов Чердынъ уездік земствосында уақытша қызмет атқарып, 1909 жылғы 8 мамырдан 31 тамызға дейін Морчан учаскесінің дәрігері лауазымында істеді, – деп жазылған онда. – Морчан учаскесі қабылдау бөлімімен бірге енді ғана ұйымдасып жатқандықтан, тап осы мезгілде дәрігердің таза медициналық қызметі сыртында көп қажыр-қайрат пен іскерлік талап етілген-ді, міне. осы сәтте Досмұхамедов мырза өзіне жүктелген міндетті табыспен орындап, учаскелік дәрігер лауазымын дербес алып жүруге сөзсіз дайындығын дәлелдеді. Әскери ведомствода қызмет етуге міндетті болғандықтан, Досмұхамедов мырзаның уездік земствода қалып жұмыс істеуге мүмкіндігі жоқтығына Уездік управа өте қатты өкінеді».

Қуәлікке Управа төрағасы, Управа мүшелері және хатшысы қол қойып, земствоның мөрі басылған. Бұл құжат – біздің бүгінгі ұғымымызға түсіргенде – диплом алдындағы практикада берілген өндірістік мінездеме болса керек. Ұзамай Халел академияны бітіріп шықты. Қазіргі оқырманға ғасыр басындағы құжаттардың қалай толтырылатынын білу қызғылықты болғандықтан, Досмұхамедовтің жоғарғы оқу орнын бітіргенін куәландыратын дипломының да мазмұнына көз жүгіртейік...

«Диплом. Осыны көрсетуші Халел Досмұхамедұлы Досмұхамедов-Машақов, 1983 жылғы 24 сәуірде туған, мұсылман дініндегі қазақтың ұлы, Императорлық Әскери-медицина академиясында 1906 жылы жартылай курстық сынақтан қанағаттанарлықпен өтіп, академияда ғылымдардың толық курсын тыңдаған соң, осы академияның Сынақ комиссиясында 1909 жылғы сәуір, мамыр, қыркүйек, қазан және қараша айларында сынға салынды және бұл ретте төмендегідей табыс көрсетті:

Гистология және эмбриология бойынша – *қанағаттанарлық.*

Физиология бойынша – *өте қанағаттанарлық.*

Жалпы және эксперименттік патология бойынша – *қанағаттанарлық.*

Гигиена және эксперименттік патология бойынша – *қанағаттанарлық.*

Гигиена және медициналық жәрдем – *өте қанағаттанарлық.*

Бальнеотерапия мен гидротерапия қосылған фармакология және дәрі-дәрмек түрлері мен оны қабылдау жөніндегі ілім бойынша – *өте қанағаттанарлық.*

Жеке патология және ішкі сырқаттар терапиясы бойынша – *өте қанағаттанарлық.*

Жүйке және жан аурулары туралы ілім бойынша – *өте қанағаттанарлық.*

Хирургиялық аурулар патологиясы мен терапиясы бойынша – *өте қанағаттанарлық.*

Офтальмология бойынша – *өте қанағаттанарлық.*

Деомургия және механургия бойынша – *қанағаттанарлық*.

Балалар аурулары жөніндегі ілім бойынша – *өте қанағаттанарлық*.

Топографиялық анатомиясымен коса оперативті хирургия бойынша – *өте қанағаттанарлық*.

Соттық-медициналық ағза ашу және сот-медицина актіні жасау бойынша – *өте қанағаттанарлық*.

Жалпы терапиямен коса диагностика бойынша – *қанағаттанарлық*.

Жан және жүйке ауруларының клиникасы бойынша – *қанағаттанарлық*.

Тері, венералық және мерез ауруларының клиникасы бойынша (осы аурулар туралы іліммен коса) – *өте қанағаттанарлық*.

Құлақ, тамақ және мұрын ауруларының клиникасы бойынша (осы аурулар туралы іліммен коса) – *қанағаттанарлық*.

Гинекологиямен коса теориялық акушерлік (академиялық акушерлік клиника) бойынша – *өте қанағаттанарлық*.

Көз клиникасы бойынша – *өте қанағаттанарлық*.

Терапевтік клиника бойынша – *өте қанағаттанарлық*.

Хирургиялық клиника бойынша – *өте қанағаттанарлық*.

Акушерлік және әйел аурулары клиникасы бойынша – *өте қанағаттанарлық*.

Осыларға орай және Императорлық Әскери-медицина академиясы жайында Жоғары дәрежеде 1890 жылғы 29 мамырда бекітілген ереже негізінде Досмұхамедов-Машақов мырза 1909 жылғы 17 қарашада үздік белгілі емші (лекарь с отличием) атағына, осы атаққа чиндер жағдайы мен чинге бекіту, сондай-ақ әскери қызметке қатысты (Зандар жин., тт. III, IV және IX) берілетін хұқықтар мен артықшылықтармен қоса ие болды.

Куәландыру үшін осы диплом Досмұхамедов-Машақов мырзаға тиісті қолдар қойылып, академиялық мөр басылып берілді. Академияда болған кезінде Досмұхамедов-Машақов мырза 1907 жылғы 1 қаңтардан 1908 жылғы 1 қыркүйекке

дейін статский советник Адиунгтің, 1908 жылғы 1 қыркүйектен бастап теңіз ведомствосының стипендияларын алып тұрды, осы үшін ол заңмен белгіленген мерзім бойы әскери немесе теңіз ведомстволарында басшылықтың тағайындауына сай қызмет етуге міндетті.

С-Петербург қаласы, 1910 жылғы қаңтардың 12-күні.

Императорлық Әскери-медицина академиясының бастығы, еңбек сіңірген профессор, академик, құпия кеңесші (тайный советник) А. Данилевский.

Сынақ комиссиясының төрағасы, еңбек сіңірген профессор, құпия кеңесші Н. Круглевский.

Академия кеңсесінің басқарушысы, статский советник В. Худяков».

Дипломның біздің қолымызға тиген көшірмесін 1912 жылғы қарашаның 5-і күні Орал округі Лбищенск уезіндегі 2-ші учаскенің мировой судьясы растап, қолын қойып, мөрін басыпты.

2.

«Оқуды бітірген уақыттан бастап 1920 жылға дейін Қазақстанда селолық учаске дәрігері болып қызмет атқарды. Учаске дәрігері қызметінде жүріп, талай мәрте обаға қарсы күреске қатысты, учаске мектептерінде мектеби-санитарлық дәрігер болды». Өмірбаянындағы осы қысқа жолдар Халел Досмұхамедұлының он бір жылдық ғұмырын камтиды.

Рас, бұл сараң деректерді байыта түсетін мәліметтер өмірбаянның орта тұсына түскен екен, онда: «Патша өкіметі құлатылған соң, 1917 жылғы сәуірде, қазақтардың облыстық съезінде Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. 1917 жылғы желтоқсанда Күлліқазақ съезінде, Алашорда Халықтық-Революциялық Кеңесінің мүшелігіне сайланды. Мұнда Совет өкіметі орнағанға дейін земстволық мәдени-ағарту істерін меңгерді», – деп жазылыпты.

Әсіре-тапшылдықпен уланған ұрпақтың пәлен жылдар бойы Халел Досмұхамедовтен шошынып келу сыры оның

осы бір кезеңдегі қызметінде жатыр. Ал іс жүзінде, қазіргі жаңаша ойлау саясаты аясында байыппен бағдарлар болсақ, аға ұрпаққа қазақтың мемлекеттілігін қалпына келтіру жолындағы революциялық істері үшін, осы орайда алға тартылып, белгілі себептерге байланысты жүзеге аспай қалған тарихи альтернативасы үшін, сол шаруаға қатысы бар қазақ зиялылары қатарындағы Халел Досмұхамедұлына да құрмет сезімімізді білдіріп, басымызды ию – парызымыз.

Оның ғұмырындағы бұл кезең өз алдына жеке және жан-жақты әңгіме етуге әбден лайық. Біз мұны енді ғана ұққандаймыз.

Қазір біз оқырман назарын Халелдің оқу бітіргеннен кейінгі әскери қызметін көрсететін құжатқа аударғымыз келеді.

Ғалым-дәрігер және қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлының өмір жолының бастауын ғана емес, патша өкіметі тұсындағы тыныс-тіршіліктің көпшілікке беймәлім бір қырын сипаттайтын танымдылығын ескере отырып, 1913 жылғы мамырдың 20-сы күні толтырылған осы құжатты бәріміз бірге оқып көрелік.

Орал казак әскері 2-ші әскери бөлімінің кіші дәрігері, емші Халел Досмұхамедов-Машақовтың ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ

I. Чині (шені), аты, әкесінің аты және фамилиясы. *Емші Халел Досмұхамедов-Машақов.*

II. Қызметтегі лауазымы. *Кіші дәрігер.*

III. Ордендері мен айырым белгілері. *Жоқ. Романовтар Үйі патшалық құруының 300 жылдығы естелігіне Императорлық қола медаль.*

IV. Қашан туды. *1883 жылғы сәуірдің 24-і.*

V. Қандай тектен шыққан және қай губернияда туған. *Қазақ (киргиз) даласы, Орал облысының адамы.*

VI. Қай діннен. *Мұсылман (магометанского).* Қайда тәрбиеленді. *Императорлық Әскери-медицина академиясында.*

VIII. Қызметте алатын қаржысы. Жалақы... 720 сом. Қосымша... 264 сом. Тамактануға... 96 сом. Пәтерге... 72 сом. Қызметші жалдауға... 50 сом. Отын мен шыраққа... 25 сом.

IX. ҚЫЗМЕТ ЕТУІ. Қызметке қашан кірісіп, алғашқы офицерлік чинге өткізілді, келесі чиндерге өткізілуі және одан арғы қызмет; әскери, азаматтық және сайлау бойынша; қызмет орны мен лауазымның бірінен екіншісіне ауыстыру не жылжыту, не себепті екенін: басшылық еркімен бе, әлде өз тілегімен бе, қоса түсіндіру; жаңа қызмет орнына қашан кетті және қашан келді; наградалар, чиндер, ордендер, айырым белгілері; Жоғары мәртебелі рескрипттер. Жоғары мәртебелі пәрмендер.

Әскери міндеттерді атқарудан босатылған: *Орал облысы Вице-Губернаторының № 6618 куәлігі.*

Императорлық Әскери-медицина академиясында ғылымдар курсың тамамдаған соң үздік белгілі емші дәрежесінде танылған... 1909, қараша, 17.

Академияда әскери ведомство стипендиясын пайдаланғандықтан, екі жыл он бір ай әскери қызмет жасауға міндетті.

Академия туралы 1890 жылғы 29 мамырдағы ереженің 19-шы бабы негізінде екі жыл сегіз ай Мемлекеттік қызметке есепке алынады.

Әскери ведомство бойынша азаматтық чиндер туралы № 51 Жоғары әмірмен 2-ші Түркістан атқыштар батальонының кіші дәрігер қызметіне бекітілді... 1909, қараша, 29.

2-ші Түркістан атқыштар батальонының тізіміне тіркелді... 1910, ақпан, 9.

Батальонға келіп жетті... 1910, наурыз, 5.

Әскери-медициналық ведомствоның 1910 жылғы 11-ші наурыздағы № 34 бұйрығымен қызмет мүддесі үшін – Орал казак әскерінің 2-ші әскери бөліміне кіші дәрігерлікке ауыстырылды, штат бойынша ақысын және басқа да ережеде ескерілген қосымша төлемдер үстіне алған күшейтілген жолсапар қаражатын қайтару бірге жүргізіледі... 1910, наурыз, 11.

Батальон тізімдерінен шығарылды.. 1910, сәуір, 1.

Өзі қызмет етіп жүрген жеріне кетпей тұрып, 2-ші Түркістан атқыштар батальонына командировкаға жіберілді.

Қызмет ететін жеріне кетті де, командировкаға келгендер қатарынан шығарылды... 1910, сәуір, 8.

Тиісті мерзімде келді де, өзінің тікелей міндеттерін атқаруға кірісті. 1910, сәуір, 18.

Практикалық жетілдіруден өту үшін Орал әскери ауруханасына I жылға командировкаға жіберілді, бұйрық № 678-1910... 1910, шілде, 1.

Командировканың мерзімінің бітуіне байланысты, өзінің тікелей міндеттерін орындауға және Калмыков қабылдау бөлімінің меңгерушісі жұмысын қоса атқаруға кірісті... 1911, шілде, 1.

2-ші бөлімнің аға дәрігері лауазымын уақытша атқару міндеттелді... 1911, тамыз, 11.

Аға дәрігер лауазымын тапсырып, тікелей міндеттерін атқаруға көшті... 1912, наурыз, 2.

Тама-Құдық алқабынан қазақ территориясына оба індетінің ауысуына қарсы шара қолдану үшін командировкада болды, бұл уақыт Заңдар жинағының III т. 607 бабына – 1896 жылғы пенсия жөніндегі уставка сәйкес – әрбір күн 12 күнге есептеледі... 1912, шілде, 28. 1912, тамыз, 7.

Х. ҚЫЗМЕТТЕН ТЫС ТҰРМЫСЫ.

а) Уақытша демалыстарда: қашан жіберілді, қай мерзімге, уақытында келді ме, егер кешіксе, қанша уақытқа, әрі кешіккен мерзімі дәлелді себепке саналды ма...

б) отставкада: қашан шықты, қашан қызметке қайта оралды.

Екі айлық демалысқа жіберілді, еңбекақысы сақталады... 1910, қаңтар, 2 – 1910, наурыз, 2.

Белгіленген мерзімнен он күн ерте келді. 1910, наурыз, 5.

Әскери ведомство бойынша азаматтық чиндер туралы шыққан Аса жоғары бұйрықпен, өтінішіне сай, қызметтен босатылды... 1913, мамыр, 5-күн.

XI. Бойдақ немесе үйленген, кімге; балалары бар ма, балаларының туған жылы, айы, күні; балалары мен әйелінің діні.

Сагира Жұмағалиқызы Тоқтыбаеваға үйленген. 1909 жылғы 12 маусымда туған қызы Рабига мен 1912 жылғы 3 тамызда туған ұлы Әділхан бар. Әйелі, ұлы мен қызы мұсылман (магомедтан) дінінен.

XII. Оның ата-анасының, немесе үйленген әйелінің әулетінен келе жатқан яки сатып алған үй-қора, дүние-мүлкі бар ма. *Белгісіз.*

XIII. Жаза яки сөгіс алды ма. *Жоқ.*

XIV. Жауға қарсы жорықтарға... қатысуы... *Жоқ.* Ұрыстарда алған жаракаты.. айрықша тапсырмалар... *Алған жоқ.*

Түркістан әскери округіндегі қызмет Әскери ведомство бойынша берілген 1887 жылғы № 201, п.34 бұйрық негізінде үш күн – төрт күнге есептеледі.

Бұл чиновниктің қызметінде мүлтіксіз үздік қызмет белгісін алу хұқынан айыратын немесе қызмет мерзімін ұзартатын жағдай болған жоқ.

Түпнұсқаға тиісті қолдар қойылған.

Аға адъютант, подесаул (*қолы*)

Аңғарған боларсыздар, Халел Досмұхамедұлы жоғарыда келтірілген құжаттарда қос фамилиямен жазылған. Неліктен Машақов? Әулеттік шежіреге қарағанда, Машақ – үлкен әкесі екен. (Ал ол Байұлы Беріштің Байсейітінен тарайтын ұрпақтан көрінеді.)

Патша өкіметі кезіндегі атқарған ресми қызметтерінде қосарланған ататекті қолданғанмен, жазған мақалалары мен еңбектерінде, Совет өкіметі тұсындағы қызметтерінде Халел фамилиясын тек өз әкесінің атымен ғана жазған.

3.

Сакталған құжаттарға қарағанда, Халел Досмұхамедұлы Орал казачество әскеріндегі қызметтен босағаннан кейін – 1913–1919 жылдары ресми түрде Темір уезінің учаскелік дәрігері лауазымында істеді.

Өңір ақтардан тазартылып, Алашорданың Батыс бөлімшесі таратылған соң, 1920 жылғы қаңтардан 27 маусымға дейінгі аз мерзімде Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің қарамағында болды.

Ал одан бергі кезеңнің бір белесі өмірбаянда былай жазылған:

«Мамандығын жетілдіру үшін 1920 жылы Орта Азия университетінің медицина факультеті клиникасына ординатор ретінде кірді және сонымен бір мезгілде Ташкент қаласындағы Қазақтың халыққа білім беру институтының оқытушысы, әрі мектеби-санитарлық дәрігері болды.

Денсаулығының әлсіздігі салдарынан және қазақ халқын ағартуға бағытталған ғылыми-педагогикалық қызметке өзін біржолата арнасам деген тілегіне сай, 1921 жылы САГУ-ден шықты да, Түркеспубликаның Қазақ (Киргизская) Ғылыми Комиссиясының төрағалығына кірісті. Мұнда негізінен қазақ халқы арасында педагогикалық жұмыс мәселелерімен шұғылдану қарастырылған.

Қазақ Ғылыми Комиссиясында Досмұхамедовтің басшылық жасап және тікелей тығыз араласуымен мектеп бағдарламалары, ғылыми терминология жасалды, қазақ мектептері үшін бірқатар оқулықтар мен оқу құралдары тәржімаланды және жазылды. Оның өзі жаратылыстану және педология саласында еңбек етті. Оның осы педагогикалық және ғылыми қызметінің нәтижесі – жоғарыда аталған пәндер бойынша жазылған бірқатар оқулықтар болды (қосымшаны қараңыз), бұларды Қазақ Ағарту халық комиссариаты мектептер үшін ұсынған».

4.

Ғұмырнама жолдарын осы тұста тағы бір үзе тұрып, сілтеме жасалған қосымшаға назар аударып көрейік.

«Х.Д. Досмұхамедовтің ғылыми-әдеби еңбектерінің тізімі» деп аталатын бұл қосымша бес бөлімшеден тұрады.

Алғашқысы «Бастырылған ғылыми-педагогикалық және ғылыми-әдеби еңбектер» деп аталып, 18 жұмысты бір тізбеге біріктірген. Оның алтауы 1922–1928 жылдары қазақ тілінде басылған табиғаттану, зоология, адам анатомиясы мен физиологиясы, оқушы гигиенасы туралы оқулық кітаптар.

«Қазақ өлкесіндегі халық арасында обамен қалай күресу керек» деген орысша еңбегінің 1-ші басылымы 1918 жылы,

2-ші басылымы 1924 жылы шыққаны көрсетіліпті. Ал қалған он бір жұмыс дәрігер Халел Досмұхамедұлының ғылыми-әдеби бағытта да өнімді еңбек еткеніне куә болып тұр.

Бұлардың арасында қазақ тілі заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан зерттеу (1923), ғылыми терминология жөніндегі баяндама (1922), қазақ тіліне латын әліпбиін пайдалану хақындағы ғылыми жоба (1924), Нәзір Төреқұловтың қазақ орфографиясы мен терминологиясы жайындағы кітабына орай жазылған ғылыми-сын мақала (1926) бар.

Сондай-ақ кіріспесіне арнайы ғылыми зерттеу мақалалар жазып, бірнеше жинақ («Халық ақыны Мұрат Мөңкеұлы», 1924; «Аламан», 1926, «Исатай-Махамбет», 1925) берген. Шернияз шешен туралы сыни өмірбаяндық очерк (1925) шығарған. «Қазақ халық әдебиеті мен оның маңызы» (1928), «Бұқарадағы Көгілташ медресесінің салынуы жайлы аңыз» (Бартольдтың құрметіне шығарылған жинақтағы этнографиялық очерк, 1927), «Самарқандағы Тіллә-Қара және Шер-Дор медреселерін салушы Жалаңтөс батырдың ата тегі» (1928) секілді еңбектерін орыс тілінде жазған.

Тізбенің екінші тараушасында Вагнердің адам организмі мен өсімдіктер құрылымы жөніндегі екі жұмысын тәржімалап бастырғанын (екеуі де – 1924) көрсетіпті.

Жеке бөлімге баспаға әзірленіп болған еңбектерін: «Қазақ махаббат әндерінің жинағы, қазақ махаббат әндерінің мазмұны мен жасөспірім шақтағы қазақты қалыптастырудағы мәні туралы кіріспе мақаламен бірге» және «Жалпы түріктердің, соның ішінде қазақтардың есімі, әкесінің аты жанама аты және аталуы туралы ғылыми-тарихи зерттеу» деген аталымдармен тіркепті.

Келесі бөлімде: «Қазақ оқушысының физикалық дамуы», «Жаратылыстану бойынша терминологиялық орысша-қазақша сөздік» деген еңбектерінің дайындалып жатқаны айтылған.

«Менің редакциялағандарым» деп аталған бесінші бөлімде: «Кенесары-Наурызбай, халық ақыны Наурызбайдың та-

рихи поэмасы, Кенесары Қасымов қозғалысы жайлы менің тарихи очеркім мен поэмаға түсініктемем қоса берілген» (1923), «Қазақ ақыны Абайдың шығармалары, менің түсініктемем қоса берілген» (1928), «Қазақ халық поэмасы «Қыз Жібек» (1933) деп басталған бірнеше кітаптың тізімін бере отырып, Туркнаркомпрос (Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты) жанындағы Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің органы «Сана» журналының сол тізбе жасалғанға дейінгі шыққан сандары мен жаратылыстану жөніндегі «Білім бастауының» тоғыз кітабын редакциялағанын келтірген.

«Бұлардан басқа, «Еңбекші қазақ», «Ақжол» газеттері мен «Сана» және «Шолпан» журналдарында жарияланған санитария, мектеп ісі және қазақ этнографиясы жайлы танымал мақалалар мен Туркнаркомпрос пен Қазнаркомпросқа басуға ұсынылған ғылыми-педагогикалық қолжазбаларға рецензиялар бар» деген жолдармен аяқталған осынау тізімнің соңына «10.III.1929 жыл» деген дата қойылыпты...

Бүгінгі зерттеушіге осының бәрін мұқият зерттеп, талдау ләзім...

5.

Өмірбаянында Халел Досмұхамедұлы 1923–1926 жылдарды екі-ақ сөйлеммен қамтыпты. Онда 1923 жылы біліктілігі сыналғанын, бірінші категориялы ғылыми қызметкер ретінде орталық өлкетану мекемесі тізіміне енгізілгенін, сонымен қатар Мемлекеттік баспаның ғылыми-редакторлық бөлімін меңгергенін, қазақ тіліндегі барлық ғылыми және педагогикалық басылымдарды рецензиялап, редакциялағанын айтқан екен. Сол жылдарды толықтыра түсетін бірер құжатпен танысайық.

Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау комиссариаты 1924 жылғы 20 қарашада № 1056 қағазымен Халел Досмұхамедұлы Досмұхамедовке мынадай мазмұндағы куәлік беріпті: «Бұл куәлік Денсаулық сақтау Халық Ко-

миссариатының Емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі және Коллегия мүшесі доктор Х.Д. Досмұхамедовке берілді, ол 1922 жылғы 12 қарашадан қазіргі кезге дейін Денсаулық сақтау Халық комиссариатының Коллегия мүшесі».

Тағы бір құжат. Түркістан Республикасы Денсаулық сақтау Халық комиссарының 1924 жылғы 24 мамырда берілген № 145 бұйрығы сақталған екен, онда Коллегия мүшесі Досмұхамедовтің сол жылғы 18 сәуірден оба эпидемиясына қарсы күресу жөніндегі Орталық Комиссиясының төрағасы болып тағайындалғаны айтылған.

Оқу комиссариаты 1925 жылғы 12 қыркүйекте 2083-ші нөмірмен тіркеп берген куәлігінде Халел Досмұхамедовтің Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі екені жазылыпты. Ал Қазақстан Мемлекет баспасының күншығыс бөлімі 1925 жылғы 29 қыркүйекте № 1343 хатымен Х.Д. Досмұхамедовтің сонда қызмет істейтінін куәландырган.

Қазақ Республикасының Орта Азиядағы өкілдігі Халел Досмұхамедовке 1928 жылғы 3 қаңтарда № 885 куәлік қағаз, 6 қаңтарда № 887 аттестация берген көрінеді.

Екеуіне де Қазақ АССР-нің Орта Азиядағы толық өкілетті өкілі Темірбек Жүргенов қол қойған.

Бұл құжаттар Халел Досмұхамедұлын жаңа жауапты қызметтерде пайдалануға септескен тәрізді.

Сол жылы оны Наркомпрос (Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасының Халық ағарту комиссариаты) Жоғары педагогикалық институт ректорының орынбасарлығына тағайындап, педология курсын оқытуға шақырады.

Арнайы комиссия шешіміне сай, педология доценті атағын беріп, бекітеді.

Халел Досмұхамедов өмірбаянының соңында мынандай мәліметтер хабарланған: «1927 жылғы 21 наурызда Қазпедвуз жанындағы Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі Комиссиясының төрағасы болып тағайындалды,

бұл комиссия құрамына үш факультет кіретін ҚазМУ-ді бес жылда ұйымдастыру жоспарын, оқу жоспарын, кіріс-шығыс қаржысының жобасын жасады...

1928 жылғы 3 шілдеден 1929 жылғы 1 қазанға дейін Ұйымдастыру комиссиясының мүшесі ретінде ҚазМУ-дің проректоры болды. Қазіргі уақытқа ҚазМУ-дің профессоры, Ғылым академиясы жанындағы Өлкетану орталық бюросының корреспондент мүшесі, Қазақстанды зерттеу қоғамының мүшесі, Рабпрос одағының ғылыми қызметкерлер секциясының мүшесі».

Бұл 1930 жыл болатын.

Осы жылы доктор Досмұхамедов Қазақстан диктаторы Филипп Голощекин қозғалысқа келтірген репрессиялық машинаның көмейіне ілігіп, тұтқындалды.

Сотталып, жер аударылды.

Ақыры, «үлкен террор» оны бұл дүниеден біржолата алып кетті...

15 қаңтар 1991 ж.

2. Доктор Досмұхамедов

Патша заманында бірқатар қазақ қыз-жігіттері жоғары медициналық білім алған болатын. Іштерінде 19-шы ғасырдағы алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Мұхамеджан Қарабаевтан бастап, 20-шы жүзжылдық басында оқыған Есенғали Қасаболатов, Әбубәкір Алдияров, Иса Қашқынбаев, Асылбек Сейітов, Гүлсім Асфендиярова, Аққағаз Досжанова, Санжар Асфендияров, Халел Досмұхамедов сынды азаматтар бар. Міне, солардың көпшілігі қараңғы, мешеу отар ел ішінде денсаулық сақтау жұмыстарын жүргізумен қатар, белгілі дәрежеде ағартушылықпен шұғылданды, азаттық қозғалысына қатысты. Мәселен, дәрігер Халел Досмұхамедұлы көрнекті қоғам қайраткері деңгейіне көтеріліп, 1917 жылғы 25 желтоқсанда (ескі күнтізбе бойынша 12 желтоқсанда) шаңырақ көтерген тұңғыш қазақ автономиясы үкіметінің – «Ала-

шорда» Халық Кеңесінің мүшесі болды. Енді осынау аяулы халық ұлының өмір жолына көз жүгіртейік.

Ол қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында 1883 жылғы 24 сәуірде дүниеге келген. Әуелде ауыл молдасынан хат таныпты. Одан жергілікті орыс-қазақ мектебінде оқып, он бір жасында Орал қаласындағы әскери-реалды училищеге кіреді.

Орта білім беретін осынау оқу орнын бітірген соң, 1903 жылы Санкт-Петербург Әскери-медицина академиясына оқуға түскен. Академияны 1909 жылы алтын медальмен тамамдайды.

Сосын, медицина қызметінің офицері ретінде, алдымен Пермь губерниясында, кейін 2-Түркістан, 2-Орал атқыштар батальонында әскери кіші дәрігер қызметін атқарады. 1913 жылы әскери қызметтен босайды да, Орал облысы Темір үйезіне бөлімше дәрігері болып орналасады.

Әскери дәрігер ретінде де, азаматтық дәрігер ретінде де, ол әлсін-әлсін ел ішін жайлап кететін жұқпалы дертке – оба індетіне қарсы күреске белсенді түрде атсалысты. Сонысы үшін билік тарапынан арнайы марапатталып, қола медаль алды.

Халел Досмұхамедов баспасөз арқылы халыққа пайдалы дәрігерлік кеңестер беріп, ауруға қарсы тұру мәселелерін тұрақты түрде насихаттады. Бұл орайда, 1913 жылдан 1918 жылға дейін «Қазақ» газетінің тұрақты авторы болған кезде, емдік шөптер, түрлі жұқпалы аурулар жайындағы маманның түсіндірмелерін, ақыл-кеңесін жария етіп тұрды. Кәсіби, әлеуметтік-саяси тақырыптар бойынша мақалалар жариялап, өзіндік ой-пікірін білдірді. 1916 жылы «Қазақ халқы ішіндегі обамен қалай күресу керек» деген кітабын орыс тілінде шығарды. Бұл кітапта қатерлі індетке қарсы күрестің сол уақыттағы әдіс-тәсілдері түгел қамтылып, жан-жақты түсіндірілді.

Ғылыми медицина ілімімен қаруланған Халел Досмұхамедұлының кәсіби тұрғыда толысып, халыққа патшалық тұ-

сында көрсеткен қызметі осындай істермен бедерленді. Бұдан кейін оның өмірбаянының екінші кезеңі – азаттық үшін күрес жолы басталды.

Монархия құлағаннан кейін Халел жаңа жағдайда ерекше серпін алған ұлт қозғалысына белсене атсалысты. Дәлірек айтқанда, қоғамдық-саяси жұмыстарға ол алғашқы орыс революциясы жылдарында-ақ ат басын бұрған-ды. Сол шақта империя астанасында дәрігерлік білім ала жүріп, қилы толқуларға куә болған. Түрлі партиялардың іс-әрекеттеріне жіті назар аударып, студент кезінде саяси білімін де жетілдірді. Баспасөзге (қазақ жеріндегі татар және орыс газеттеріне) өз түйгенін, пікірін жазып тұрды. 1905 жылы Орал қаласында Бақытжан Қаратаев басқарған Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы құрылған болатын, Халел соның Орталық комитетіне мүше болып сайланды. Қазақ кадеттері қатарында ол Бірінші Мемлекеттік думаға депутат сайлау науқанын жүргізуге белсене атсалысты. Міне бұлардың бәрі оның Ресейдегі Ақпан революциясынан соң туындаған жаңа саяси мүмкіндіктерді ұтымды түрде пайдалануға ұмтылған күрескерлер қатарына алаңсыз да батыл шығуын қамтамасыз еткен еді.

Халел Досмұхамедұлы 1917 жылғы сәуірде Орал облысы қазақтарының съезін ұйымдастырушылардың бірі, облыс қазақтары атқару комитетінің төрағасы болды.

Мәскеуде мамыр айында өткен Бүкілресей мұсылмандары съезіне делегат болып сайланды, съездің төралқасы құрамына кірді.

Шілдеде Орынбордағы бірінші жалпықазақ съезін басқарды. Желтоқсан айында өткен екінші жалпықазақ съезінде «Алашорда» Халық Кеңесінің мүшелігіне сайланды.

1917 жылы Бүкілресейлік Құрылтайшы жиналыс депутаттығына кандидат ретінде ұсынылды.

1918 жылы Орал облыстық земство басқармасының төрағасы болды. Сол жылғы мамырдағы Орал қазақтарының кезекті съезінде жарияланған «Ойыл уәлаяты» атты

аймақтық мемлекеттік құрылымның (қыркүйектен – «Алаш-орданың» Батыс бөлімшесі) үкімет мүшелігіне енді. 1918 жылы «Алашорданы» тану жөнінде Кеңес өкіметімен келіс-сөз жүргізген делегацияның мүшесі болды.

Батыс Алашорда үкіметі құрамымен 1920 жылдың басында кеңес жағына шыққаннан кейін, Халел Досмұхамедұлының өмірінің жаңа кезеңі басталды.

Ол Ташкентте ашылған Орта Азия университетіне оқытушылыққа жіберіледі. Мұнда университеттің медицина факультетінің хирургиялық емханасында ординатор, Түркістан денсаулық сақтау халық комиссариаты алқасының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі қызметтерін істеді. Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтында да сабақ берді. Түркістан республикасы халық ағарту комиссариаты Білім комиссиясының мүшесі, кейін төрағасы болды. Білім комиссиясы Түркістан халықтарының оқу-ағарту, мәдени және ғылыми мұқтаждарын өтеу жолында көп жұмыс атқарды. Халел осы орайда шығарылған «Сана» журналының редакторы лауазымында істеді. Сондай-ақ Орта Азия мемлекеттік баспа алқасының, кейін Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі, Қазақ мемлекеттік баспа басқармасы меңгерушісінің орынбасары қызметтерін де атқарды.

Осылар секілді қилы қызметтерді атқара жүріп, Халел Досмұхамедұлы оқу-білімді, ғылымды заман талабына сай дамытуға, ғылым жетістіктерін насихаттауға үлес қосты, халық ағарту саласында қажымай-талмай еңбек етті. «Табиғаттану», «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі» (қазақша-орысша жаратылыстану сөздігі), «Оқушылардың денсаулығын сақтау», «Дене бітімі және оның жұмысы туралы әңгімелер», «Сүйектілер туралы» және тағы басқа оқулық кітаптары мен ғылыми еңбектерін шығарды.

Ол уақыт талабына сай, ояну, өркендеу жолына түскен қазақ қоғамының қажетілігін өтейтін өзге ғылым салаларында да еңбек етті. Қазақ халқының тілі мен әдебиетіне,

тарихына қатысты материалдар жинады. Қазақ тілі дыбыс жүйесінің өзекті мәселесі болып табылатын сингармонизм заңын зерттеді.

Махамбет Өтемісов, Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, Ығылман жырау, тағы басқалардың шығармаларын жарыққа шығарды. Халық ауыз әдебиеті мұраларын жинап жариялады. «Мұрат ақын сөзі», «Исатай-Махамбет», «Аламан» жинақтары, «Шернияз шешен», «Бұқарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана», «Тіллә-Қары мен Ширдор медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі», «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы», «Алаш не сөз», «Диуани лұғат ат-түрік», «Кенесарының соңғы күндері», «Қазақ әдебиетінің тарихы» тәрізді еңбектері жарық көрді.

Баспасөзге белсене атсалысып, «Шолпан», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Сәуле» секілді газет-журналдарға үзбей мақалалар беріп тұрды.

Ол Ресей Ғылым академиясы Орталық өлкетану бюросының, Денсаулық сақтау халық комиссариаты коллегиясының мүшесі болып сайланды. Түркістан халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда откен қазақ білімпаздарының, Мәскеудегі Бүкілресейлік денсаулық сақтау қызметкерлерінің съездеріне қатысты.

Астана Алматыға көшірілгеннен кейін Ташкенттегі оқу орны негізінде жаңа тұрпатта шаңырақ көтерген Қазақ педагогика институтының доценті, проректоры қызметін атқарды. Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі комиссияны басқарып, университеттің профессоры, бірінші проректоры болып тағайындалды.

Қысқасы, Халел Досмұхамедұлы өткен ғасырдың 20–30-шы жылдарында қазақ халқына қалтқысыз қызмет еткен қазақ зиялыларының көрнекті өкілі еді.

Ол бірнеше салада жемісті еңбек еткен жан-жақты, ірі ғалым, ұстаз, ағартушы, қоғам қайраткері болды. Тек медицина, гигиена салаларынан ғана емес, жалпы табиғаттану, био-

логия, анатомия, физиология, зоология, ботаника, сондай-ақ тіл, әдебиет, тарих ғылымдары бойынша да өз заманындағы қоғам сұранысын өтейтін елеулі жұмыстар жазды.

Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым өмірінің соңғы он шақты жылы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азапты кезеңге айналды.

Ол ұлттық қозғалыс қайраткерлерін репрессиялаудың екінші толқынында тұтқындалып, жер аудару жазасына кесілді. Саяси себеппен жер аударылып барған Воронеж қаласында денсаулық сақтау және гигиена институты мен балаларды емдеу-сақтандыру амбулаториясында қызмет істеді. «Үлкен террор» жылдары сонда қайта қамалып, әуелі Мәскеу, одан Алматы түрмесінде отырды. 1939 жылы 24 сәуірде ату жазасына кесілді. Бірақ үкім орындалардан бұрын, сол жылдың 19 тамызында түрме ауруханасында қайтыс болды.

Халел Досмұхамедовты КСРО Жоғары сотының Әскери алқасы 1958 жылы 11 ақпанда, сондай-ақ Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер алқасы 1958 жылы 28 ақпанда ақтады. Бірақ оның адал есімінің рухани өмірімізге қайта оралуы оңайшылыққа түспеді. «Халық жауының» атын атауға тыйым салған Кеңес өкіметінің пәрмені ондаған жылдар бойы күшінде тұрды. Тіпті, есімі алғашқы қазақ дәрігерлері жайындағы өмірбаяндық жинаққа кіргізілгені үшін кітаптың бүкіл таралымын жойып жіберген жағдай да орын алған еді.

Қайта құру саясаты өріс алған 1988 жылы күллі алашордалықтар қатарында тағы бір ақталғаннан соң ғана оның есімі шындап тірілді. Еңбектері қайта жарық көрді, шығармашылық мұрасы жинақталып, зерттелді. Туған жеріне ескерткіш қойылды. Алматы және Атырау қалаларындағы көшелерге, оқу орнына – Атырау университетіне есімі берілді.

Бүгінде Халел Досмұхамедов – халқымыз мақтаныш тұтатын қастерлі тарихи тұлғалардың бірі.

10 сәуір 2012 ж.

ТӨРЕҚҰЛ ЖАНҰЗАҚОВ

Фурманов, Жанұзақов және Біз

Тәуелсіз қазақ елінің оңтүстік астанасы Алматыдағы әсем көшелердің бірі күні бүгінге дейін Фурмановтың атында...

Идеологиялық құрсаудан құтылу тарихымыздың большевиктік насихат жасап берген жасанды жамылғыларын айыра білуге, кезінде әлдебір сипатта орын алған, билеушілер саясатына қажет мазмұнда бұрмаланып баяндалған қалыпта «тарихқа» айналған оқиғалардың шындығын ашып, «халық қамын ойлаушылықтың» астарын көрсетіп айтуға мүмкіндік туғызды.

Әлдебір үстем саясатты емес, кәдімгі жүрекке жылы әділдікті мұрат тұтқан адам, кешегі партия-кеңес заманының көлгірлігіне алданудың қандай рухани жұтандыққа апарғанын білетін, өзін ендігәрі тоталитарлық қысымнан азат сезінетін тәуелсіздік азаматы әрбір жаңадан тазаланып жатқан «ақтаңдаққа» сергек қараса керек.

Бүгінгі күн тұрғысынан қайта таразылануға, еңбегі әділ бағасын алуға тиіс тұлғаның бірі – Төреқұл Жанұзақов. Түркістан Республикасының Орталық Атқару Комитеті жауапты іс атқаруда ерекше сенім артқан тұлға, 1920 жылғы Түркатком Айрықша Комиссиясының төрағасы Төреқұл Жанұзақовтың Жетісу облысында босқын қырғыз-қазақтарды орналастыру жөнінде атқарған қызметі зор.

Кешегі қызыл дәуірдің зор патриотизмінің қайнар көзі, кейінгі буынның теңелуге тиіс үлгісі ретінде «алғы шеп», «оң қанат» деп аталатын кастерлі орынды ұстап келген шығармалары қатарындағы мектеп классикасы – атақты

большевик-жазушы Дмитрий Фурмановтың әйгілі «Бүліншілік» романында бұл қайраткерге қара бояу келістіріп-ақ жағылған тәрізді.

Жалпы, талай буынның көзқарасын қалыптастыруға атсалысқан осы кітаптың көлгірлік пен жасандылыққа толы «ерлікке» тұнып тұрғанына – оны мұқият қайта оқыған кім-кім де оп-оңай көз жеткізе алады. Біз белгілі деректі шығарманы талдап жатуды міндетімізге алмаймыз. Біз тек жоғарыда аталған бір ғана тағдыр жөнінде сөз қозғаймыз. Езілген халқына қызмет етпек болған сол қайраткердің ісі қалай бұрмаланғанына шағын шолу жасаймыз.

Сонымен, Төрөкүл Жанұзақов – Түркістан Республикасы Орталық Аткару Комитеті (ТуркЦИК, Турцик, Түркатком) құрған Айрықша Комиссияның төрағасы. Бұратаналарды соғыстың қара жұмыстарына алу жайында жарияланған белгілі патша жарлығы мен соған байланысты орын алған қанды оқиғалар салдарынан 1916–1917 жылдары Қытайға қашуға мәжбүр болып, құлаған монархияны халық өкіметі алмастырды деген хабар тиісімен жөңкіліп кері оралып жатқан Жетісу облысының босқын қырғыз-қазақтарын туған жеріне орналастыру ісін жүргізу жөніндегі Түркатком Айрықша Комиссиясының төрағасы.

Тарихтан мәлім, Фурманов Ташкентке 1920 жылғы наурыз айында келіп жағдаймен танысқаннан кейін, қасына он-он бес серігін ертіп, Түркістан майданы Р.В.С. (әскери-революциялық кеңесінің) уәкілі мандатымен Жетісуға аттанады. Верныйға 1920 жылғы сәуірдің алғашқы жартысында жетеді.

Ол мұндағы ұлттық кадрларды өзіне тең күрескер санай қоймады. Ұлттық кадрлардың қай-қайсысына да сыни тұрғыда қарайды. Тіпті, бір кездері Самара жақта өзімен майдандас жолдас болған Жетісу обләскериревкомының төрағасы Юсуповтың өзін шын мәнінде үзеңгілес-күрескер санатына қоспайды. Фурмановтың түркістандықтардың бәріне сенімсіздікпен қарағанына, қайткенде оларды әшкерелейтін дәйек

іздеумен шұғылданып жүргеніне аталған әйгілі шығармасы куәлік етеді. Соны тек байыптап, тарихи құжаттармен салыстырып оқысаңыз болғаны.

Дмитрий Фурмановтың 1920 жылғы 15 сәуірде – Алматыға (Верныйға) жеткеннен соң бірнеше күн өткенде – күнделігіне түсірген мына жазбасына назар аударайық: «Заговор. Материал получился настолько недвусмысленным, что приходится подозревать определенный заговор. В центре стоит, видимо, Рыскулов. Агенты разосланы всюду. Одним из ближайших его агентов является его зять Джиназаков. Они оба активные участники в восстании 16-г. и руководили этим восстанием. На Рыскулова имеются пока что данные довольно туманного характера: он бай, имеет сотни голов скота, поделил его между своими ближайшими, он получает от Джиназакова денежную сумму. Нечист. Джиназаков определенный подлец и уголовный преступник. За уголовные дела он был уже под арестом и сидел. Теперь раскрывается такая картина, что совершенно никому невозможно верить...»

Аңғарғанымыздай, жинаған материалы оны әлдеқандай астыртын сөз байласу бары жайында күдіктенуге мәжбүр етеді.

Түркатком төрағасы Тұрар Рысқұлов оның ұғымында – жер-жерге агенттерін қаптатып жіберген бай... Оның өзіне аса жақын тұтатын агенттерінің бірі – Джиназаков (Жанұзақов). Екеуі де 16-шы жылғы көтеріліске белсене қатысқан, сол көтеріліске жетекшілік жасаған (бұл жерде Фурмановтың 16-шы жылғы ұлт-азаттық көтерілісті жақтырмай атап отырғаны көзге ұрады).

Жанұзақов Рысқұловтың жәй ғана сыбайласы емес, күйсеу баласы, пәре жинап беретін оң қолы...

Әзірге Рысқұлов жайындағы деректер бұлдырлау: ол жүздеген бас ірі қарасы бар бай, оны жақындарына бөліп беріп қойған. Таза адам емес.

Ал Жанұзақов – барып тұрған оңбаған, қылмыскер.

Қылмыстық істері үшін ол тұтқында да болып, түрмеге отырып шыққан. Қазіргі анықталып жатқан жағдайдың сұмдықтығы сондай, ешкімге сенім артуға мүлдем болатын емес...

Дәлел? Қолында күш тұрған көлгір-большевикке дәлел не керек, қиыннан қиыстырып, өз ертегісін елге таңады...

Мәселе мынанда болуы ықтимал: 1920 жылғы қаңтарда Тұрар Рысқұлов бастаған жергілікті ұлт коммунистері үшінші төтенше партконференцияда Түркістан ұлттық мемлекеті мен Түркі халықтарының Коммунистік партиясын құру бағдарламасын қабылдайды. Бәрі лениндік ұлт саясаты ауқымында, кеңес өкіметінің төңкерістен кейін іле-шала мағлұм еткен «Шығыс халықтары құқықтарының декларациясы» шеңберінде. Алайда олары, бәрібір, жана тұрпатты отарлаушылар пиғылымен үйлеспейді. Сол себепті бұлар ұлт серкелерінің «ұлтшылдығын» әшкерелеуді мақсат етеді...

Тағы бес күннен кейінгі жазба: «20 апреля. В ночь на 19-е получена была шифрованная телеграмма от тов. Альтшуллера. Он говорит, что выехать не может, хотя работа и подходит к концу. Учинена отчаянная слежка со стороны джиназаковской шайки, которая намерена применить террористические акты по отношению к девяти товарищам, в том числе к тов. Альтшуллеру и Полеесу. Во главе всего стоит сам Джиназаков, а практическое исполнение берет на себя Мус(ульманское) бюро. В контакте с ними: Ревком, Чека и Ревтрибунал»

Бәлкім, Ташкентте Түркбюро мен Түркмайдан қайраткерлері құлақ күйін келтіріп жібергендіктен де шығар, Фурманов жол бойы өзіне жау ойлап табумен болған.

Сұлбасы «әлемдік революцияны» аңсаушылар пиғылымен сызылып қойылғандықтан болса керек, Түркістан Республикасы деген – мемлекет-ау, оның жоғарғы органы тағайындап, Жетісуға арнайы тапсырмамен жіберген қайраткермен сәл-пәл болса да есептесу керек-ау деп қысылмастан, ол әуелі Жанұзақовты жауыз, оңбаған ретінде өзіне алдын ала пікір қалыптастырып алады.

Ұлтшыл-жау оған өзінің тапқыр да батыр екендігін көрсету үшін керек. Апама жездем сай – «гастрольдік» сапармен Верныйға келе жатқан жол бойында – Пішпекке қалдырған жолдастары да қолдан жау жасау жағынан алдарына жан салмайды, оған әлгі жеделхаттары куә: үйездегі күллі кеңестік басқару органы Түркатком өкілі Жанұзақовпен бірге – «шайка»...

«Получив такую телеграмму, мы, естественно, не могли дальше медлить и ждать только указаний центра, который, кстати сказать, хранил по этому поводу гробовое молчание». – дейді Фурманов өз жазбасында. Алайда Орталық (яғни Ташкент) өзінің Жетісуға жіберілген сенімді өкілін большевиктік әскери билік тарапынан Верныйға келген кезбе гастролер-большевик «шайка» деп айыптап жатса – бірден қалай келісе қойсын...

Гастролер-большевик әрекетке кіріседі. «Я вызвал начсобротдела (айрықша бөлімнің бастығы) т. Кушкина и начальника дивизии т. Белова. Все мои товарищи были на ногах: Никитченко, Муратов, Верменичев, Колосов, Рубанчик и Гарфункель. Вызвали к гостинице две пары лошадей. Настроение у всех было повышенное. Переживания напоминали октябрьские дни, когда мы по ночам, в душевной комнате, изображая собою Штаб Октябрьского переворота, были все время настороже, держали наготове взведенные револьверы и срочно разрабатывали планы дальнейшей борьбы...» – Фурманов Алматы қонақүйінің ауасы тар бөлмесінде, құдды 1917 жылғы 25 қазан төңкерісін басқарған Смольныйдағы штабта жұмыс істеген большевиктердікіндей сезіммен, оқтаулы қаруларын қолға ұстаған күйі ширғып, іс-әрекет жоспарын құрып отыр – мұның бәрі 20 сәуірдегі жазба.

Ол екі күннен кейін күнделігіне былай деп жазады: «22 апреля. Джиназаков. Джиназаков – это не простой смертный, а манап. Именитый, богатый манап. Его отец где-то в Аулие-Атинском уезде до сих пор имеет огромные табуны коней, исчисляемые несколькими сотнями голов. Таракул

Джиназаков, раздавая киргизам деньги Туркцика, собственно говоря, о советской власти совершенно не заикается, он раздает их как Джиназаков, как манап...»

Дұшпан образы дайын: Таракул Джиназаков (Төрөқұл Жанұзақов) қасқыр терісін жамылған түлкі – ол Түркаткомның ақшасын, кеңес өкіметі жайында ауыз ашпастан, манап ретінде, өз қаржысындай үлестіреді...

Фурманов бет-жүзін көрмей-ақ, алдын ала жек көріп, жиренгені сондай, аты-жөнін де дұрыс жазбаған бұл жігіт жайында Алматы мұрағатында бірлі-жарым сараң дерек сақталған.

Пішпектен 1920 жылғы сәуір айының соңына қарай Алматыға, Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетіне телеграмма келеді: «Выезжаю Верный 26 апреля о чем сообщить тов. Шигафутдинову. Предкомиссии Джанузаков». Комиссия төрағасы Жанұзақов Бішкектен Алматыға қарай 26 сәуірде шығатынын айтып, бұл жайында облыстық әскери комиссар Багаутдин Шагабутдиновке хабарлауды сұрайды.

Оған ревком басшыларының бірі мынандай бұрыштама соққан: «Сообщить тов. Шигабутдинову. Товпредс. (қолы ажыратылмады)». Одан кейін орындаушы жазуы тұр: по телефону сообщ. Шигабутдинову, в дело». Тіркеу № 2428, 27 сәуір 1920 ж.

Алматыға келгеннен кейін Жанұзақов Жетісу обләскери-ревкомына мынандай хат беріпті: «Р.С.Ф.С.Р. Особая комиссия Турцика по устройству беженцев киргиз Семиреченской области. 29 IV 20 г. № 113 г. Верный.

В Семиреченский облвоенревком.

Мною в Верном оставляется один уполномоченный с двумя сотрудниками – поэтому прошу под канцелярию отвести для них одну комнату с канцелярскими принадлежностями и дать в ихнее распоряжение одного делопроизводителя из канцелярского состава реввоенсовета.

Председатель Особой Комиссии Джанузаков».

Ыңғайы, оның тапсырмасы шапшаң орындалған.

Сондай-ақ, жаңадан жасақталған кеңсе өз жұмысын Түркатком Айрықша Комиссиясы төрағасының нұсқау-ережесін машинкаға бастырумен бастаған секілді.

1920 жылғы 3 мамырда обләскериревкомның № 50 қаулысымен рәсімделгені жөнінде белгі соғылған бұл құжат Төрөқұл Жанұзақовтың дүниетанымын, қайраткерлік ауқымын тәп-тәуір танытады. Фурманов суреттеген Таракул Джиназаковтың «совет өкіметін ауызға алмайтын манаптық» «қасиеттері» ойдан шығарылғанына күмән қалдырмайды.

Мұқият зер салайық:

«План и программа работы среди киргизского населения. Я как представитель киргизского населения и знающий его быт, нравы и традиции, считаю нужным вкратце характеризовать его жизнь и отношение его к Советской власти и согласно этому предложить программу для работы среди киргиз.

Все мероприятия и издаваемые декреты вследствие того, что не доходят до массы на ее родном языке, не имеет реального влияния к эволюцированию ее жизни – соответственно принципам советского строительства. В этом отношении – (*түсініксіз сөз, ыңғайы* – кроме) объяснения, разъяснения путем устных и печатных, не принимаются никакие меры со стороны местных советских органов и таким образом остается неизвестным для массы законы и декреты.

Киргизы по укладам своей исторической жизни не знакомы капиталистическим образом товарного производства, индустриальной промышленностью, вследствие этого классовым антогонизмом, могущим при удобном случае вылиться в открытую классовую борьбу. Манапство, бекство и богатство у киргиз считается Божьим даром, а не продуктом эксплуатации.

События 16, 17 и 18 годов, вызванные стихийными, революционными, военно-вооруженными и чувствами отомщения причинами, застало киргизское население неподготовленными, оно в силу своей неподготовленности и низкости

культурного уровня не могло противостоять (*түсініксіз сөз*) знание и опыт, и вследствие масса препятствий, чинимых со стороны лиц, незнающих киргиз, не дали им возможность принять активное участие во всех явлениях революции. В силу отсутствия классового воспитания не могли ориентироваться в политических и новой формы экономических требований революции.

Все это вместо взятое служило причиной морального упадка, экономического разорения и вместе с тем внесло некоторой ломки, вызывая в них неудержимое желание приспособиться к новой реальной, культурной и прогрессивной жизни из патриархальной исторически сложившаяся.

Исходя из этого и в целях урегулирования на социалистических началах сознательное и инстинктивное движение киргиз, в сторону от невежества к культуре, от состояния бедняка к классу, от политической спячки к революционности, от экономической зависимости к самостоятельности (*түсініксіз сөздер, ыңғайы* – предлагаю взять к руководству – Б.Қ.) следующий (*түсініксіз сөздер, ыңғайы* – план мероприятий для ведения – Б.Қ.) работ среди киргиз».

Одан әрі: «Киргиз (*бұл атау осы мәтінде қырғыз және қызақ халықтарына бірдей қолданылған – Б.Қ.*) халқы арасындағы партияның бұқаралық саяси жұмысы туралы» деген тарауда міндеттерді алты тармаққа түйіндейді де, оларды жүзеге асырудың нақты шаралары ретінде он бес тармақтан тұратын партиялық жұмыс жоспарын, он үш тармақтан құралған «киргиздарды экономикалық жағынан жағдайластыру жөніндегі» ұсыныстарын тұжырымдайды.

Халық арасында кеңес құрылысының баяу даму себебін талдай келіп, он бір тармақтан тұратын нақты жүзеге асыруға тиіс іс-шараларын белгілейді.

Жоспардың саликалы, сауатты адам қолынан шыққаны, сол кездің талабы мұқият ескеріліп жасалғаны оқыған кісінің күмәнін қалдырмайды. Бірақ Жетісу обләскериревком мәжілісінде осы жоспарды бекітіскен Түркмайдан Р.В.С.

уәкілі Фурмановқа құжат авторының лениндік-большевиктік көзқарасы қызық емес, оған мұсылман қызметкерінің сол кезгі ұрандар аясында өз елінің қамын жейтіні керексіз. Ол күнделігіне 1920 жылғы 22 сәуірде түсірген жазбасында жоғарыда көрсеткеніміздей, өзінің «лениндік-большевиктік тұрғысынан», Жанұзақовты даңқы асқан дәулетті манап, әкесі де әлі күнге дейін шіріген бай, кеңестік Түркістан Республикасының ақшасын, кеңес өкіметі туралы жұмған аузын ашпастан, жұртқа өз байлығын үлестіргендей таратады деп сипаттайды.

Мұндай «дерек» Фурмановқа қайдан түскені «Бүліншілікте» айтылған: Әулиеатада тұратын көзі ашық оқығандардың бірі Қарабай Әділбеков Алматыға келіп, өзіне жолығады. Төрекұл Жанұзақовтың әкесі байлықты жылқы ұрлау жолымен жинағанын, Төрекұлдың да әкесінен өтетін пәрекор, дұшпан екенін, оны тұтқындау қажеттігін әңгімелейді. Алайда қолында айтқандарын дәйектерлік ешқандай нақты құжат жоқ екен, сондықтан оны Фурманов қажетті дәлелдер тауып беруі үшін Әулиеатаға қайтарады.

Большевик-қаламгер аталмыш кітабында осы деректі арқау етіп, адамдардың рулық тартыста біріне бірі қандай жала жабуға дейін баратынын сөз етеді. Өздерінің әр мәліметке сақтықпен қарауға бел буғанын, арызды мұқият тексеріп пайдалану қажеттігіне көздері жеткенін айтады.

Кім-кімді де тәнті ететін пайымдар. Алайда әйгілі қызыл комиссардың «сақтанғанының» және «арызды мұқият тексеріп пайдалануға бел буғанының» «нәтижесі» – Жанұзақовқа берілген жоғарыдағы мінездеме болып шыққан...

Ақыры Фурманов Жанұзақовпен кездеседі. Оның өзіне келгенін хатшысы хабарлағаннан кейін кірсін деп шақыртады да күтеді. Сосын оның кабинетіне кірген кезіндегі бейнесін, өзімен алғашқы танысуын былай суреттейді: «Он вошел. В легком черном суконном пальто. Широкополая черная шляпа. Напоминал по одеже не то журналиста, не то адвоката. Черноволос, стрижен коротко. В щелках – черные

ниточки глаз. На губах, бороде – черное поле, весь накругло черный, как жук. Снял шляпу, протягивает руку через стол:

– Здравствуйте, товарищ...»

Жанұзақов әскери уәкілге мамырдың алғашқы күндері жолығады, оның кабинетіне Айрықша Комиссияның жұмысын жолға қою, өзінің бағдарламалық жұмыс жоспарын обләскериревком мәжілісінде бекіткізу сапарымен Алматыға келгенінде кіреді. Қызметіне келтіріліп жатқан кедергілер жайында айтады. Танысқан бетте Фурманов оны «жұмысынды облыс орталығына келмей бастадың» деп кінәлайды.

Жалпы, большевизм қайраткерлерінің көбісіне тән болған екіжүзділік Фурмановтың да басты қасиеті екен... Мұның өзі де облыс орталығына жетпей-ақ, бір топ серігін Пішпектегі Жанұзақовтың қызметін тексеру үшін жолда қалдырған еді. Ташкенттен бұл өңірге одан ертерек жіберілген Түркатком өкілі Жанұзақов Алматыға Айрықша комиссияның бөлімше бастығын аттандырып, өзі Бішкекке (Пішпекке) аялдаған-ды. Пішпек өңіріндегі шаруасын ретке келтірген соң, енді міне, Алматыға да жеткен болатын.

Алайда Жетісудағы жергілікті заңды өкімет түгіл, күллі Түркістан Республикасының Ташкентте орналасқан жоғарғы билік органына шекесінен қарайтын, қызыл революцияны Түркістан өлкесіне найза ұшымен әкелген большевизм майданының әскери-революциялық кеңесі өкіліне өзіне тиімсіз бірдененің байыбына бару міндетті емес еді. Мәселені өз мүддесіне қарай бұрмалай салатын. Әрі оған, әсіресе, ұялу деген сезім жат-тын.

Мәселен, Фурманов күнделігіне 1920 жылғы 11 мамырда Төрөқұл Жанұзақовтың тұтқынға алынғаны туралы дерек түсірген. Оның 9 мамырда, жексенбіде қамалғанын, пәтеріне тінту жүргізілгенін, бірақ өзінің мұны сол оқиғадан соң, 3-4 сағаттан кейін естігенін жазып қалдырыпты.

Ал Фурмановтың әйелі әрі жауынгер серігі Анна Фурманова бұл оқиға жайында былай деп жазады: «Буржуазным контрреволюционным националистам удалось поставить

во главе центральной комиссии по оказанию помощи беженцам своего ставленника – Джанизакова. Этот матерый контрреволюционер чувствует, что Фурманов быстро разоблачит его и раскроет все нити его заговора. Тогда он прибегает к излюбленному оружию предателей – выступает на заседании ревкома с клеветническим заявлением о том, что в Семиречье готовится контрреволюционный переворот, что этот переворот подготавливает якобы Фурманов и его товарищи, прибывшие из Ташкента. Одновременно Джанизаков и его сподручники распространяли провокационные слухи о том, что советская власть притесняет мусульман. В ответ на это открытое выступление классовых врагов Фурманов отдает приказ об аресте Джанизакова». (Байқағанымыздай. Жанұзақовты Түркаткомның Айрықша комиссиясына төраға етіп, Анна Фурманованың ойынша, «буржуазиялық контрреволюцияшыл ұлтшылдар» қойған. Өзін Фурмановтың әшкерелейтінін сезген «матерый контрреволюционер» ревком мәжілісінде оған жала жапқан мәлімдеме жасайды. Тап жауының бұл ашық қарсылығына жауап ретінде, Фурманов Жанұзақовты тұтқындауға бұйрық береді.)

Ал большевик-жазушы Фурманов өзінің әйгілі қаһармандық «Бүліншілік» романында Жанұзақовтың «қарулы көтеріліс әзірлегені» жайындағы хатын Айрықша бөлімнің қолға түсіргенін, сосын тұтқындағандарын айтады, бірақ кейін Айрықша бөлім «қолға түсірген хаттын» жалған құжат болып шыққаны анықталғанын да әңгімелейді...

Осынау келтірілген жолдардан бір өтірікті екінші өтірік ашып тұрғаны анық байқалады:

1) Фурмановтың еркінен тыс мойындаған шындығына қарап, өздерінің жоспарлаған харам ойын жүзеге асыру үшін қажет «айғақты» большевиктердің қолдан ұйымдастыра салуы – ежелгі әдеті екеніне көзіміз жете түседі. Жанұзақовтың тұтқындалғанын болған істен 3-4 сағат өткен соң естідім деуі де жәй ғана жұртшылықты адастырып, алдаусырату: әйелі – қасында хатшысы болып бірге жүрген жауын-

гер серігі – Жанұзақовты тұтқынға алу туралы бұйрықтың Фурмановтан шыққанына куәлік етіп тұр;

2) Айрықша бөлімнің «қолына түскен хатының» жалғандығы анықталып, Жанұзақов Фурмановтың абақтысынан босанғаннан кейін, 24 мамырда ревком мәжілісінде сыни сөз сөйлеген.

Анна Фурманова мұны «әккі де зұлым контрреволюционерді» тұтқындауға 9 мамырда әмір берілгенге дейін болғандай етіп, жұртшылықты әдейі шатастырып отыр. Күйеуі Дмитрий Фурмановтың пәлен ұрпақ алданар «ерлігін» насихаттау үшін солай жазғаны күмәнсіз.

Шамасы, Түркстан Республикасы Орталық Атқару Комитеті Айрықша комиссиясының төрағасы Жанұзақовты да, өлкедегі «ұлтшыл» біткенді де әшкерелеуге осындай большевиктік көлгірлік өтімді екенін білгендігі болар.

Тағы да Фурмановтың күнделігінен:

«...Произвел у него обыск, а кстати обыскал и Качкинбаева (*обләскериревком төрағасының орынбасары – Б.Қ.*), который жил в смежной с Джиназаковым комнате и вещи у которого были смешаны с вещами Джиназакова.

...После ареста все всполошились, в первую голову, разумеется, мусульманские работники. Кроме того, накануне арестован начальник уездной милиции Седых, гнусная личность. Этот последний был, между прочим, в какой-то подозрительной близости с Юсуповым (*обләскериревком төрағасы – Б.Қ.*), хотя арестован и по другому делу.

В квартире Юсупова произведен обыск – ничего особенного не найдено.

В бумагах Джиназакова как будто так же серьезного материала не обнаружено.

Положение невероятно запутанное и грозное. Как будто приближается какое-то неминуемое событие... »

Қателесіппіз, ұят болды-ау демейді, облыс басшыларының үйлерін тінтуден күдікті түк таппаса да, бәрібір, жағдайды шиеленісулі және қаһарлы деп есептейді, қайдағы бір төніп

келе жатқан, болмай қалмайтын оқиғадан сескенеді, әлдебір катерді тосады...

Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетінің іс қағаздарында Ташкенттен келген мына телеграмма сақтаулы тұр: «Срочно сообщите кем и по какой причине арестован Джанызаков 3112 Наркомиссариат внудел (*қол қойған кім екені ажыратылмады – Б.Қ.*)».

Жеделхат мәтіні үстіне мынандай нұсқау-бұрыштама жазылыпты: «Сообщить: Джанузаков был арестован особым отделом, причину ареста особый отдел не сообщил, считает это секретом точка настоящее время Джанузаков освобожден, работает комиссии точка обо всем Семироблвоенревкомом донесено подробно Турцику. Зампредс.» (*Қолы ажыратылмады – Б.Қ.*). Одан төмен мынандай жазу түскен: «в дело № 1 – исполнено телеграммой 17 мая 20 г. за № 3303 Управдел.» (*қолы ажыратылмады – Б.Қ.*).

Осылармен танысқанда, Фурмановтың көздегені – Жетісудағы мұсылман қызметкерлердің бас көтерерлерін жалған жаламен әшкерелеп, тұқыртып кету болған деп ойламасқа шараң жоқ.

Түркаткомның Айрықша комиссиясы төрағасын 1920 жылғы 9 мамырда қамау және Жетісу обләскериревком төрағасының, төраға орынбасарының пәтерлерін тінту алдында, Фурманов Ташкенттегі Түркмайданның саяси бөліміне (1920 жылғы 7 мамырда 521-ші рет санымен) жеделхат жолдаған. Бұл туралы Түркмайдан Р.В.С. уәкілі кеңсесінен шыққан қағаздарды тіркеу журналына мынандай жазба түсірілген екен: «Ташкент Потуфк с разъяснением сколько жалованья получает Юсупов». Ал Жетісу облыстық ревкомы төрағасының алатын еңбекақысы қандай мөлшерде екенін Ташкенттен сұрастыру Фурмановқа не үшін қажет болғанын әркім өзі шамалай берсін...

Ал Фурмановтың Ташкентке сол жылғы 26 маусымда жіберген телеграммасында өзінің Кубаньға ауыстырылатыны принципті түрде шешілгені жайында хабар бар. (Фурма-

нов Кубаньға Алматыдан тамыздың басында аттанды – ол бұған дейін жаңа «ерлігін» жасайды: гарнизонда орын алған «бүлікті» басып, бір оқ шығармаған, қасықтай да қан төкпеген «бүлікшілерді» соттауды – он жетісін ату, бірталайын жер аудару жазаларына кесуді ұйымдастырып үлгереді. Бұл өз алдына кең қаралуға лайықты жеке де күрделі тақырып...)

Фурмановтың түрлі кедергілеріне қасақана, Төрөқұл Жанұзақов Алматыда өзінің қызметтік борышын адал орындайды. Ол Қытайдан кері ауған босқындарға жәрдем беру үшін қаржы жию айлығын 1920 жылғы 1 маусымнан бастап өткізу жөнінде обләскериревком шешімін шығартады. Сосын сол маусым айының ішінде Пішпекте Түркатком Айрықша комиссиясы уәкілдерінің мәжілісін өткізеді. Мәжілістің жұмысына қатысулары үшін, Фурманов өз кеңсесі бойынша бұйрық беріп, екі өкілін жібереді...

Сонымен, Дмитрий Фурманов 1920 жылы аз ғана уақыт Түркістан Республикасы аумағында, оның ішінде Алматыда үш айдай әскери-саяси қызмет атқарды. Жоғарыда бірер мысалын көрсеткеніміздей, ол мұндағы ұлт қайраткерлерінің халық мүддесін көздеген қызметін көзге іле қоймайды. Болашақ тоталитарлық мемлекеттің іргесін қаласушы, большевизмнің тамыр жайып, нығаюына атсалысушы қызыл комиссар солай етуге тиіс те болған шығар. Бірақ жалғандыққа тұнған «большевиктік классикадағы» деректердің ақ-қарасын бүгінгі тәуелсіздік ұрпағының бұдан былай айыра білгені жөн.

Әзірге, Алматының көне орталығындағы биік тұғырда Фурмановтың өр мүсіні мызғымаған қалпы тұр. Ал одан бір орам әріден өтетін, оның атымен аталатын көрікті көше бойында егемен елдің биік мәртебелі мекенжайлары орналасқан...

Қысқасы, Фурманов есімі большевизм істерін терістеу нәтижесінде жасалған барша тарихи өзгерістерге әлі де төтеп беруде.

1997 ж.

ЖАҚЫП АҚБАЕВ

Ақбаевтар тартқан қасірет

Өмірдерек

Жақып Ақбайұлы Ақбаев 1976 жылғы 7 қарашада Қарқаралы үйезі Берікқара болысының № 3 ауылында дүниеге келген.

Қарқаралы орыс-қазақ мектебінде төрт жыл, Омбы гимназиясында жеті жыл, Том гимназиясында бір жыл оқыған.

1898 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1903 жылы бітірген.

1903–1905 жылдары Омбы сот палатасының қызметкері (1904 жылдан палата хатшысы) болды.

1905 жылғы тамыз–қазан айларында Омбы қаласы 2-учаскесінің мировой судьясы боп істеді.

1905–1917 жылдарда патша өкіметінің қуғын-сүргінін бастан кешті. Саяси қызметі үшін мемлекеттік қызметтен шығарылып, полициялық бақылауда болды, бірнеше рет жер аударылды. адвокаттық жұмыстар атқарды, баспасөзге қоғамдық-саяси және ғылыми тақырыптарда мақалалар жазды.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін ұлттық қозғалысқа белсене қатысты. Алаш Ордасының (Алаш Үкіметінің – Халық Кеңесінің) мүшелігіне сайланды.

1920–1922 жылдары Семей губерниялық әділет және халық ағарту бөлімдерінде қызмет атқарды, Семей кеңестік халық сотының мүшесі болды.

1922–1924 жылдары кеңес абактысында (Алашорда қызметінде болғаны үшін) жатты.

1925–1927 жылдары Семей губерниялық атқару комитетінде, халық сотында әртүрлі қызметтер атқарды, адвокаттар алқасының мүшесі болды.

1928–1930 жылдары Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі боп істеді.

1930 жылғы 14 қыркүйекте ұлт қайраткерлеріне саяси айыптар тағу науқаны ауқымында қамауға алынып, 1932 жылы Воронежге

жер аударылады. Наукасы асқинуына байланысты 1934 жылы босатылған.

1934 жылғы 4 шілдеде Алматыда қайтыс болды.

Алаш қозғалысының белгілі қайраткерлерінің бірі – заңгер Жақып Ақбаевтың қызы Аргуня апаймен танысудың реті келген-ді. Былай болып еді.

1989 жылғы мамырда КСРО Жоғарғы соты пленумы қазақ ұлттық қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхановты 1937 жылғы репрессиялық жазадан ақтап, адал есімін қалпына келтірді. Маусым айында «Қазақ әдебиеті» газетінің қос бетіне оны ел мүддесіне қызмет еткен ірі саяси тұлға ретінде көрсетуді ниет еткен менің материалым берілді. Алайда таңертең саясаттың әсіре сақ күзетшілері баспасөз өнімдерін таратушы мекеменің құзырына газетті баспаханадан бергізбей қойғаны мәлім болды. Бұл сол тұста жеңімпаз болғанына шәк келтірілмейтін жариялылық, қайта құру, демократия сынды құндылықтарға да, партияның өткендегі қиғаштықтарды батыл айыптаған шешімдеріне де қиғаш кылық еді.

Сонда мен еліміздегі ең бірінші адам атына тиісті мазмұнда жеделхат салуға мәжбүр болдым. Ұзамай Үлкен үйге шақырылдым. Идеологияның маңызды буынында отырған кісі жеделхат ішінде газет тиражы ұсталғанына байланысты «арест» деген сөзді қолданғанымға кейістік білдірді, дегенмен басылымның ұсталып тұрған нөмірі тиісінше таратылатынын айтты.

Шынында, газет түс шамасында дүңгіршектерге түсті. Ал бір-екі күннен кейін редакцияға мені іздеген бір кісі – Аргуня Жақыпқызы Ақбаева келді.

Ол кісінің мені іздеуіне әлгі мақалада Бөкейханов еңбектеріне сүйеніп жазған бір дерегім – Жақып Ақбаевтың бірінші орыс революциясы кезіндегі насихатшылық жұмысын атағаным себеп болыпты. Қолында әкесінің фотосуреті мен «Мое жизнеописание» деп аталатын өмірбаяны бар, маған сол кісі туралы мақала жазып шығарсаңыз деген өтініш айта келіпті. Мен материалдарды алып қалдым.

Бірақ, қосымша дерек табуға қажетті зерттеу жұмысын жүргізуіме кірісер-кіріспестен, ол кісі редакцияға қайта оралып, менен әкесінің өмірбаянын қайтарып беруімді сұрады: Жақып Ақбаев туралы бір сенімді адамы (ол өзінің кім екенін маған айтпауын сұраған екен) жазатын болыпты. Бұл құжатты соған бермек көрінеді. Сұрағандарын қайтардым. Кейінірек ол жайында жазылған материал шықты. Мен оның авторының сол кезгі тәуір сыйлық иесі болуына көмектестім. Оған Ақбаевтың өмірбаянын өз есімін құпия ұстап сұратып алғызып берген адамның кім екені де ұзамай белгілі болды.

Содан кейін Ақбаевқа туыстық қатысы бар адам маған көрінбеген еді. Ойда жоқта биыл Жақып Ақбаевтың жұбайының сіңлісі Жәмилә Бекметева кезікті...

– Мен Жақып Ақбайұлының зайыбы Гүлбахор Хамиуллақызы Бекметеваның сіңлілерінің бірімін. Менің атам Мұхамед-Мұхтар Халиуллаұлы Бекметев – Гүлбахор апамыздың туған ағасы, – деді ол. – Ал біздің бабамыз, олардың әкесі Халиулла Хамитұлы Бекметев – Қарқаралы өңіріндегі ел сыйлаған құрметті кісілердің бірі санатынан көрінеді. Қарқаралыдағы «Көк төбелі үй» атанып, елге әйгілі болған шатыры көк түсті ғимарат сол кісінің үй-жайы екен. «Көк үйге» кезінде ұлы Абай да келіп жүрген. Бұл күнде сонау өткен заманның бөренеден қиып әдемілеп салынған ескерткіш-ғимараты ондағы ел-жұртқа жас өнерпаз балаларды тәрбиелейтін орда ретінде танымал, қожайынынан тәркіленіп алынған 1925 жылдан бері қоғам игілігіне қызмет көрсетуде. Гүлбәш апамыз – ол кісіні кішкентайынан еркелетіп үй-іші осылай атаған екен – сол «Көк төбелі үйде» дүниеге келген, сол үйден ұзатылды.

Жездеміз Ақбайдың Жақыбының кезінде елі үшін еткен еңбегі жөнінде ғалымдар терең зерттеп жазып жүр ғой. Сол орайда өзім кездестірген қызық дерек жайында айта кетейін. «Сарыарқа» газетінен Жақып Ақбаев атында интернат ашу жөнінде, одан оның атындағы медресе ашылып, оған 170 бала оқуға қабылданғаны туралы 1917 жылы жарияланған

хабарлар оқыдым. Алайда өмірі оңай болмаған. Мен оның да, туыстарының да кеңестік билік тұсында тартқан азаптары, кешкен қиын тағдырлары жайында сексеннің сегізіндегі құдағиымыз Кәmilә Ыбырайқызының өз аузынан естіп, жазып алғанмын.

«Біз көрген қиыншылықты енді ешбір адамның басына бермесін, – деген-ді ол кісі. – Қазан төңкерісі, кәмпеске, жазықсыз жазаға тартылулар, соғыс ландары – бәрі-бәрі бүкіл ел басына түскен қасірет еді ғой, сол кезеңдердің ауырлықтарын қалай ұмытарсың», – дей отырып, өз әулетінің бастан кешкен қиындықтарынан көп әңгіме айтқан-тын.

– Онда Жақып Ақбайұлының өзі мен туысқандары және олардың репрессиялануы жайындағы қарындасының әңгімесіне құлақ түрейік...

– Кәmilә Ыбырайқызы былай дейді: «Бабамыз Жандерке қажының үш ұлы болыпты, солардың үлкені Ақбай атамыз бен Айғанша әжеміздің шаңырағынан бес ұл, бір қыз өрбіген екен. Екінші ұлы – менің әкем Ыбырай. Ол 1872 жылы Қарқаралы үйезінің Берікқара болысындағы 3-ауылда дүниеге келген. Ал Жақып оның туған інісі, 1876 жылдың төлі. Мен ол ағатайымды Жақке деуші едім.

Жақкем айдаудан 1934 жылы ауыр науқас болып оралды, сол жылы көз жұмды. Әкем 1937 жылы ұсталып, атылған. Алматы түбіндегі Жаңалық деген жерге жерленген екен, жыл сайын 31 мамырда – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні басына барып, аруағына құран бағыштаймын».

Жалпы, 30-жылдарғы саяси репрессияға Ақбай тұқымынан төрт адам тікелей ұшырапты. Олар – Кәmilә апайдың әкесі Ыбырай Ақбаев, оның інісі Жақып Ақбаев және Абдулхамит Ыбырайұлы Ақбаев пен әкесінің ағасының баласы Мерғазы Бекұлы Ақбаев. Ал басқалары «халық жауларының» жақындары ретінде түрліше қудалау көріп, ауыр азап шекті ғой.

Ыбырай Ақбаевты кеңес өкіметінің жақтырмауы – бай болғандығынан, он жеті жыл болыс басқарушысы лауазы-

мымен билік құрғандығынан болса керек. Ескіше оқыған, көзі ашық кісі екен. Қолы ашық, мырза болған, жоқ-жітік, жетім-жесірге көп көмектескен десетін жұрт. Қазақтың талай белгілі тұлғаларымен жақын дос, сыйлас болыпты. Атақты зиялымыз, ұлт көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов екеуі құрдас, дәм-тұздас болған екен, бірін бірі қатты құрметтеп, сыйлаған көрінеді. Байтұрсыновтың Қарқаралы орыс-қазақ мектебін басқарып, бала оқытып жүрген шағы болса керек. Екеуі кездескендерінде қуана шүйіркелесіп, әдемі қалжыңдасады екен.

Кеңес өкіметі 1928 жылы Жақыптың ағасы Ыбырай Ақбаевтың бүкіл мал-мүлкін тәркіледі. «Ірі қарасының санын білмеймін, қойының өзі сол кезде он мың дейтін. Бүркітті деген жерде үлкен үйіміздің болғаны есімде. Кәмпескемен кетті ғой бәрі, – деп еске алған-ды Кәмилә апай. – Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысындағы басқармасы 1990 жылы берген ресми анықтамаға қарағанда. тәркілеу өткізілген жылы әкемді «кеңес өкіметінің өткізіп жатқан іс-шараларына әрдайым қарсы үгіт жүргізгені үшін РКФСР ҚК-нің 58-10, 3, 7 және 173-баптары бойынша қылмыстық жауапқа тартып» тұтқындаған көрінеді, 1929 жылғы 18 қаңтарда босатыпты».

– Одан кейін басқаша қудалау болмаған ба?

– Неге болмасын. Кәмилә апай: «Біздің өміріміз сондай аласапыран уақытқа тап келді ғой», – деп күрсініп. қудалаушылардың оларды көкорай шалғын, бәйшешек, жұпар иісі аңқыған Сарыарқаның кең даласына сыйдырмағанын айтқан болатын. Байларды түп-тамырымен құртамыз деген науқан басталып кеткен кез еді ғой деп, көп оқиғаны еске түсірді. «Ол бір шаласауат шолақ белсенділер билеген заман еді. Көп теперіш көрсетті. Ал солар біреуіміздің көршіміз, біреуіміздің жерлесіміз, енді біріміздің туысымыз болуы да мүмкін. Көпе-көрінеу жамандық жасаған озбыр да арам қылықтары үшін оларды енді алла кешірсін», – деген еді Кәмилә апай.

Сол шақтағы солақайлықтар салдарынан талай отбасы қайғы-қасіретке ұшырады. Мал-мүлкінен ғана емес, туған жерінен айрылды. Жер аударылған жағына кетіп бара жатқан жолда, одан айдауда жүріп көптеген адамдар жоқшылық пен қиыншылық өз алдына, уайымнан көз жұмды, неше түрлі кеселге душар болды. 30-жылдардың осындай қатыгез көріністерін Кәмилә апай қинала әнгімелейді. Оның әкесін 1929 жылы түрмеден босатқаннан кейін, күллі отбасымен Қостанай облысының Жетіғара деген жеріне бес жылға жер аударып жіберіпті. Сол жақта апайдың өзімен бірге туған екі інісі көз жұмды, жеңгесі – Қабыкеш есімді ағасының әйелі мен олардың екі қызы ауырып қайтыс болды.

Ал әкесінің тұңғышы Абдулхамит Ыбырайұлы Ақбаев (1900 жылы туған, 1918 жылы Семей гимназиясын, 1928 жылы Ташкентте Орта Азия университетінің заң факультетін бітірген) Алматыда қызмет істеп жүргенінде 1930 жылы қамалып, 1931 жылы отбасымен бірге Воронежге жер аударылды. Воронежде ол немере ағасы Жақып Ақбаевпен бірге болған екен.

«Жақкем айдаудан денсаулығына байланысты босатылды, босанғаннан екі ай өткенде Алматыда қайтыс болды, – деп еске алады Кәмилә апай. – Ал Абдулхамит ағам сонда «Алашорданың контрреволюциялық ұйымының жұмысына қатысы бар» деген айыптаумен, 1938 жылдың 17 қарашасында атылған екен».

Міне, апай осылай дейді. Осы орайда тағы бір маңызды жәйтті айтпай кетуге болмас. Дегенмен, тікелей саяси репрессияға ұшыраған Ақбаевтарды төрт кісі емес, бесеу деу әділ болмақ, олардың қатарында Зуфнун апайды айту ләзім. Ол кісі Ыбырай Ақбаевтың 1902 жылы туған қызы ғой, белгілі мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақовтың жары болған. Күйеуі 1937 жылы ұсталып, атылған соң, Зуфнун «халық жауының» әйелі ретінде, абақты мен айдалу азаптарын бастан кешті. Нұрмақов ақталған соң ұзақ жылдар Мәскеуде тұрған. Алматыға келіп, туысқандарының ортасында қайтыс болды.

– Ал Жақып Ақбайұлының балалары туралы не айтасыз?

– Апай Жақанның екі ұлы, бес қызы болғанын айтады. Ұлдары соғысқа қатысып, жараланып оралған екен. Кәміл-мұрат мектепте математика пәнінің мұғалімі боп істеді, 1960 жылы дүниеден озды. Кәмілшат жүргізушілерді оқытатын, 1975 жылы өмірден өтті.

Қыздарын – апаларымды мен де білетінмін. Үлкені сәби кезінде шетінеген екен. Ал одан кейінгі төрт қызын көрдім. Аргуня – химия ғылымдарының кандидаты болды, Қазақтың педагогикалық қыздар институтында кафедра меңгерушісі лауазымында ұзақ жылдар қызмет істеген, қайтыс болғанына биыл жеті жыл толады.

Аргуня апайымыздың мына әңгімесін еске ала кеткім келеді: 1922 жылы Алаш өкіметінің мүшесі болдың деп әкесі Жақып Ақбаевты абақтыға қамағанда, оның Қарқаралыда өз қаражатына салдырған үйін тартып алып, бала-шағасын далаға шығарып тастаған екен. Сонда шешелері, біздің апамыз Гүлбахор Халиуллақызы балаларын ертіп әкесінің үйіне – атақты «Көк шатырлы үйге» келеді.

«Үш жылдай нағашыларымызбен бірге тұрдық, – деп еске алатын еді Аргуня апай, – бір отбасы боп, бір қазаннан тамақтандық. 1925 жылы үлкен үйге өкіметтің көзі түсті, сөйтіп, түрткілеп-түрткілеп, бір үйге ұйлыққан екі отбасын өз үйін тастап кетуге, басқа маңнан пәтер жалдауға мәжбүр етті. Осылай, Жақып Ақбаевтың отбасы кеңес өкіметінен тек үй тұрғысында екі рет зорлық көрген. Өмір сүріп отырған басыбайлы үй-жайынан екі мәрте озбырлықпен шығарып тасталған, турасын айтқанда, баспанасынан биліктегілердің заңсыз әрекеттері салдарынан айырылған»...

Екінші қызы Наймания – филология ғылымдарының кандидаты еді, ұзақ жылдар Халық шаруашылығы институтында орыс тілінен сабақ берді. Өжет адам-тын, Кәміл апай оны әкесіне тартқан деп отырады. Ал әкесінің жолын қуған – Аспазия болатын, ол заң ғылымдарының кандидаты ретінде, әкесінің ғылыми зерттеулерін жалғастырған заңгер-ға-

лым еді. Қазақтардың ежелгі әдет құқығы жайында жазған құнды ғылыми еңбектері кезінде жарық көрді. Көп жыл бойы Қазақ университетінің заң факультетінде сабақ берді. Шәкірттері еліміздің шартарабында заң саласында істейді. Қыздардың ең кішісі Андромеда мектепті алтын медальмен аяқтап, Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген-тін, биология ғылымдарының кандидаты болды. Уақыт кімді аяған, Жақып Ақбаевтың зайыбы, менің Гүлбөш апам, сүйегі асыл скен жарықтықтың, ғасырға жуық жасап қайтты, бұл күнде олардың ұл-қыздары түгел о дүниелік болды. Ал немере-шөберелері, шүкір, өсіп-өніп жатыр...

Әлгінде айтылған деректерді бізге жеткізіп отырған адам – Жақанның туған ағасы Ыбырайдың қызы Кәмилә апай. Бұл кісінің жасы қазір сексеннің төртеуінде. Алматыда тұрады. 1998 жылы арнайы шақырумен еліне барып қайтты. Өзі туып-өскен Қарқаралы өңірін аралады. Еліміздің тәуелсіздігі жолындағы күрестің көсемдері, әйгілі қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков сынды үш арысты еске алу рәсіміне, әрі оларға туған жерінде ескерткіш қоюға орай Ақтоғай ауданында жасалған тойға қатысып оралды. Жылда 31 мамырды ерекше толғаныспен тосады. Осы күні жазықсыз жазаланған боздақтардың басына қойылған ескерткішке саяси репрессия құрбандарының ұрпақтарымен бірге барып гүл қояды, аруақтарға құран бағыштайды. Тағы бір жаңалықты айта кетейін, Жақанның немересі Жанна жақында Қарағандыға барып, атасына қойылған ескерткіштің салтанатты ашылуына қатысты. Сол жолы Қарқаралыға да жолы түсті, атасы Жандерке қажының басына тағзым етті, Гүлбөш әжесінің туып-өскен үйін көріп қайтты.

– Әңгімеңізге рақмет, осы еске алуымыз саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар аруақтарына біздің де тағзым етуіміз болсын.

2003 жс.

АБЫЛАЙ СЕРҒАЗИЕВ

Тоталитарлық дәуірдің қуғын-сүргіні елі үшін еңбек еткен талай азаматтың басын жұтқаны белгілі. Күні бүгінге дейін олардың көпшілігін жете танып үлгере алмай жатырмыз. Жұртшылық әзірге кеңірек біле қоймаған аяулы халық ұлдарының бірі – 20–30-шы жылдарғы көрнекті мемлекет қайраткері Абылай Серғазиев.

Соңғы кездерге дейін маған бұл есім беймәлім еді, Серғазиев жөніндегі көне құжаттарға үңілуге шымкенттік оқырманым Рахман Нәдіровтің хаты түрткі болды. Ол зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан, бүгінгі ұрпақ құрметіне әбден лайық аға ұрпақтың осынау ұмыт қалған өкілі, өзінің жерлесі туралы энциклопедия дерегін келтіре отырып, менің қалам тербеуімді өтінген-тін...

Сөз жоқ, тағдыры қызық тұлға – Қатта-Қорған үйезі революциялық комитетінің төрағасы, Самарқан және Сырдария облыстық атқару комитеттерінің төрағасы, басмашылармен күрес жөніндегі Төтенше Үштіктің төрағасы, Өзбек КСР Ішкі істер халық комиссары (1924–1925 жж.), Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кенесінің орынбасар-төрағасы, Қазақ КСР ХКК төрағасының бірінші орынбасары және Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы (1925–1929 жж.), Орта Азия экономикалық мәжілісі төрағасының бірінші орынбасары (1928–1935 жж.), БК(б)П Орталық Комитетінің Орта-азиялық бюросының (Средазбюро) мүшесі. Ұсталар алдында КСРО ХКК жанындағы Дайындау Комитетінің Иваново қаласындағы уәкілі қызметінде істеген.

Бұл деректер әркімге ресми анықтамалықтардан мәлім. Мен енді Қазақстан Республикасы Президентінің архивінен қосымша мағлұмат іздестірдім. Архивтің жауапты қызмет-

кері, жас ғалым Жұмажан Сүлейменов маған үлкен көмек көрсетті.

Өлкелік партия комитетінің бюро, секретариат мәжілістерінің хаттамаларын парақтағанда, қызықты деректерге кезіктім. Серғазиев Қазақстанның тыныс-тіршілігін әр қырынан қарастырған сан алуан талқылауларға қатысыпты. Өзі де әр саладан баяндамалар жасаған екен (мәселен, Қарақалпақ автономиялы облысына қызмет көрсетудің практикалық іс-шаралары туралы, Қызылорда қаласының тұрмысын түзеу жөніндегі өзі басқарған комиссияның жұмысы жайында, т.б.). Ірілі-ұсақты мәселе шешкен қаулыларды Қожанов, Мыңбаев, Жандосов, Садуақасов, Нұрмақов, Оразбаева, Голощекин, Ежов, Каширин, т.б. қайраткерлермен бірге қабылдасқан көрінеді. Бұлардың бәрін экономистер сүзе қарап, мұқият талдау жасаған жағдайда, қазіргі таңға, болашаққа кәдет пайдалы қорытындылар жасай алары даусыз.

Осынау президенттік архивтен (бұрынғы республикалық партархивтен) Серғазиевтің жеке парақшасы, суреті кезіге қоймады, есесіне, оның зайыбы Софья Хасанқызының хатын ұшыраттым. Нақақтан, заңсыз жазаланған марқұм ерін КСРО Жоғары сотының Әскери коллегиясы 1957 жылғы 26 қарашада ақтағаннан кейін СОКП Орталық Комитетіне берген өтінішінің көшірмесі біздің архивке алдырылған болып шықты. Мұнда белгілі өмірбаяндық деректерге қоса, Абылай Серғазиевтің 1937 жылғы 15 тамызда тұтқындалғаны айтылған. Тиісті жеңілдіктер көрсетілуін сұраған хатын Софья Серғазиева Мәскеу облысының Люблино қаласынан жазыпты...

Былтырлары «Аргументы и факты» газеті мәскеулік қосымшасының редакторы астаналық мэрия сыйлығына ие болды, мұндағы елең еткізерлік жәйт – журналистің Роза Серғазиева деген аты-жөні еді. Ол Абылай Серғазиевтің баласы Шәмілдің келіні болып шықты. Шәміл Абылайұлы ұзақ жылдар бойы Қазақстанның Мәскеудегі тұрақты өкілдігінде қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан екен.

Мен онымен Мәскеуде, Халықаралық жазушылар одақтары қауымдастығындағы көрнекті мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Сұлтанбек Қожановты еске алу кешінде таныстым. Ол өзінің бала кезінде көргендерін еске түсірді, Зиба Сұлтанбекқызы Қожанованың, басқа да сөйлеушілердің әңгімелерін бір өзгеше қырынан толықтырып, Қожанов жайында әсерлі, тамаша естелік айтты...

Абылайдың Түркістан Республикасындағы қызметі халқымыздың Тұрар, Сұлтанбек, Нәзір, Сұлтан, Абдолла, Санжар, Темірбек секілді ондаған аяулы ұлдарымен қоян-қолтық жүргені түсінікті. Келешекте зерттеушілердің бұл орайда небір ойда жоқ деректер тауып, тағылымды түйіндер жасай берері ғажап емес.

Бүгінде оған алғышарт жасалуда – Тәшкен архивтері қойнауларындағы құжаттар, өзбек ғалымдарының маңызды жұмыстары Нәзір Төреқұлов атындағы қордың президенті Ыбырай қажы Ысмайыловтың қолына жинақталып келеді. Қор іздестіріп тапқан материалдар ішінде Серғазиевке қатысты Түркеспублика Орталық Атқару Комитеті Төралқасының, ТР Халық Комиссарлары Үлкен Кеңесінің, ТүркОАК Үлкен Төралқасының, Кіші Төралқасының мәжілістері тіркелген журналдар (қаулылар), баяндамалар, мандаттар, Серғазиевтің өз қолымен толтырған Күллітүркістан Кеңестер съезі делегатының анкетасы (01.11.1922), РСФСР білікті кеңес қызметкерлерін Күлліресейлік есепке алу жөніндегі ВЦИК ұйымдастыру бөлімінің анкеталық парағы (24.04.1923), өмірбаян (06.11.1923), Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің Есепке алу-орналастыру бөлімінде толтырған жеке парақшасы (1924) бар. Соларға қарап отырып, Абылай Серғазыұлының өмірі мен қызметінің түркістандық кезеңін біршама толық тізбелеп шығуға болады.

Абылай Серғазыұлы Серғазиев Самарқан облысы Жизак үйезінің Пістелітау болысындағы 5-ауылда, малшы отбасында 1896 жылы дүниеге келген. 1904–1913 жылдары Самарқан орыс-тузем мектебінде және жоғарғы бастауыш

училищеде оқыды. Оқу бітірген соң ұсақ несие инспекциясында іс жүргізуші қызметіне қабылданды. Аз уақыттан кейін ұсақ несие инспекторы лауазымына өсірілді. 1916 жылы Тәшкен мұғалімдер семинариясын экстерн тәртіппен емтихан тапсырып бітіріп шықты да, әуелі Самарқан, одан Қатта-Қорған орыс-тузем мектептерінің меңгерушісі болып істеді, бұл шақтарда ұсақ несие жөніндегі жұмыстарын қоса аткарып жүрді.

Патша тақтан түскеннен кейін, Серғазиев Қатта-Қорған солдат және Жұмысшы депутаттары кеңесінің қаулысымен Қатта-Қорған қаласында милиция комиссары болды. Қазан төңкерісінен соң үйездік атком мүшелігіне сайланды. Төтенше комиссияның төрағасы болып тағайындалды. Одан Қатта-Қорған үйездік ішкі істер комиссарының орынбасары, бірнеше ай өте – үйездік комиссар болды.

1918 жылы Самарқан облыстық революциялық комитеті оны Қатта-Қорған үйездік қала ревкомының төрағасы етіп тағайындады. Келесі жылы Кеңестердің Самарқан облыстық съезінде облатком төрағасының орынбасары болып сайланды. Жарты жылдан кейін Түркістан Орталық Аткару Комитетінің (ЦИК) шешімімен Самарқан облыстық атқару комитетінің төрағасы (1920–1921 жж.) лауазымына бекіді.

(Осы қызметінде жүргенінде большевизмге наразы ұлттық қозғалысқа қатысушыларға жәрдемін тигізген. 20-шы жылдары Түркістанда астыртын қызметте болған Зәки Валидов «Естеліктерінде» Ұлттық бірліктің кезекті съезін Самарқанда өткізуге Серғазиевтің көмек бергенін жазған).

Түркеспублика Кеңестерінің VIII–XI съездерінде Абылай Серғазиев ТүркОАК мүшелігіне сайланды. Ішкі істер халық комиссары (1921–01.01.1923), ТүркОАК төралқа мүшесі, Азық-түлік халкомы коллегиясының мүшесі болды.

1921 жылғы 19 қазанда ТР ОАК Төралқасы (мәжіліске Сұлтанбек Қожанов төрағалық еткен, Нәзір Төреқұлов қатысқан) Серғазиевті Түркеспублика экономикалық кеңесі төрағасының орынбасары етіп бекітті. 1922 жылғы 27 ақпан-

нан қыркүйектің 27-сіне дейін ол Самарқан облысындағы басмашылармен күресу жөніндегі Төтенше Үштіктің төрағасы болды. Басмашылар қозғалысын басудағы еңбегі үшін маузер, күміс қылыш, алғыс грамоталарымен марапатталды. «Қызыл Ту» орденіне ұсынылды.

1922 жылғы 1 желтоқсаннан 1923 жылдың 1 тамызына дейін тағы да Сырдария облаткомының төрағасы болды. Сол жылғы тамыздың 8-нен 1924 жылғы 15 қаңтарға дейін Оқу-ағарту халкомы, одан Түркеспублика Халкомкеңесінің орынбасар-төрағасы боп істеді. Экономикалық кеңестің 25.03.1924 ж. қаулысымен Орта Азия коммерциялық банкі кеңесіндегі Түркеспублика өкілі болып бекітілді.

Ұлттық-территориялық межелеуден соң Өзбек КСР Ішкі істер халық комиссары болып тағайындалды. Арада аз уақыт өткенде, Сұлтанбек Қожанов Қазақстан партия ұйымына басшылық жұмысқа келгеннен кейін, ол да Қазақстан үкіметіндегі жоғарғы буынға қызметке шақырылды.

Ұдайы партия қатарында жүрді. 1917 жылы солшыл социалист-революционерлер қатарында болды (назар аударыңыз – Нәзір Төреқұлов та сол шақта солшыл эсерлер партиясына мүше еді). 1918 жылғы 25 қазанда большевиктер партиясына кірді. Ылғи, үйездік және өлкелік буындарда қызмет атқарған шақтарында, одан республикалық деңгейге көтерілген кездерінде, тиісті партия ұйымдарының атқару бюросы құрамына сайланып отырды. Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі болды.

Біз Абылай Серғазыұлы Серғазиевтің өмірбаяндық деректерін жаңғыртумен ғана шектеліп отырмыз. Оның кайраткерлік келбетін толық ашу, келешек ұрпаққа өмірі мен қызметін өнеге етіп тарту – алдағы шаруа.

2 сәуір 1997 ж.

МАЗМҰНЫ

Бакытжан Қарағасв	
Көтеріліс физиологиясы.....	3
Біргеіей тұлға	24
Өмірдерек.....	35
Өркениетті күрес ізашары	38
Қазақ жер-суы үшін күрескен қайраткер	48
Чужой среди своих.....	60
Сэрәлі Лапин	
Ориенталист Лапин.....	67
Өмірдерек.....	74
Жете танылмаған тұлға.....	78
Ахмет Бірімжанов	86
Шәймерден Қосшығұлов	
Шәймерден Қосшығұлов және XX ғасыр басындағы қазақтың саяси-құқықтық ойы	89
Өмірдерек.....	98
Ахмет Байтұрсынов	
Көзқарас эволюциясы	99
«Әділет» және Ахан тағылымы	106
Байтұрсынов оқулары	112
Саябақ	114
Тіл білімі антологиясының алғашқы кітаптары жайында	118
Елеусін Бүйрін	130
Қоңырқожа Қожықов	
Алғашқы «Әліппе» авторы	135
Тұлға	141
Халел Досмұхамедов	
Құжаттар сөйлесіді... ..	146
Доктор Досмұхамедов	159
Торекүл Жанұзақов	
Фурманов, Жанұзақов және Біз	165
Жақып Ақбаев	
Ақбаевтар тартқан қасірет	179
Абылай Серғазиев	187



Қойшыбаев Бейбіт Орыпбекұлы ТҮНЕКТЕП ОРАЛҒАН ЕСІМДЕР

Тұлға және тарих
Екінші кітап. ІРГЕТАС
Қазақ және орыс тілдерінде

ISBN 978-601-80519-6-8



Редакторы *Б. Хабдина*
Беттеген *Б. Дүйсен*

Басуға 14.03.2016 қол қойылды.
Нішімі 60x84 1/16 . Офсеттік қағаз.
Көлемі 12,0 б.т.+0,25 жапсырма.
Таралымы 1000 дана.
«Рух БГ» баспасы, 050031, Алматы.
Ақсай-36-32-41. Т.: (8727) 268 01 85



Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.
«Тастак РА» ЖШС 050005, Алматы,
Төле би, 266. «Тастак» СҮ, 3-қабат.
Тел./факс 8 (727) 374 83 42. E-mail:
ra_tastak@mail.ru, www.ra-tastak.kz

